Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ 130.2 (574) Қолжазба құқығында

КОШЕРБАЕВ ЖАНБОЛАТ АСЕТОВИЧ

Мультикультурализм қазіргі заманғы Қазақстан қоғамын дамытушы фактор:философиялық талдау

«6D020100 – Философия»

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
философия ғылымдарының
докторы, профессор
Г.Ж. Нұрышева

Шетелдік ғылыми кеңесші:
философия ғылымдарының
докторы, профессор
И.А. Рау

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2019

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ 3
1 МУЛЬТИКУЛЬТУРАЛИЗМНІҢ МӘДЕНИ–ӘЛЕУМЕТТІК, ТАРИХИ–ФИЛОСОФИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....11
1.1 Мультикультурализм – жаһандану дәуірінің постмодерндік парадигмасы.....11
1.2 Мультикультурализмнің теориялық, саяси–аймақтық, мәдени–әлеуметтік негіздері.....22
1.3 Мультикультурал қоғам қалыптасуындағы «Мен», «Өзге» және «Бөгде» концепциялары.....58
2 ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫНДАҒЫ МУЛЬТИКУЛЬТУРАЛИЗМ: ДАМЫТУШЫ ФАКТОРЛАРЫ, ПРАКТИКАСЫ, ДИНАМИКАСЫ.....72
2.1 Қазіргі Қазақстандағы полиэтникалықтық және мультикультурализмнің тарихи-мәдени, әлеуметтік факторлары.....72
2.2. Дәстүрлі ұлттық құндылықтардың мультикультурал Қазақстан жағдайындағы сақталу мен өркендеуі.....82
2.3 Қазақстандық мультикультурализмнің жалпы келбеті және оның «Рухани жаңғыру» аясындағы даму перспективалары.....94
ҚОРЫТЫНДЫ.....118
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....121

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертацияда «мультикультурализм» түсінігі, мультикультурализмнің жаһандану дәуіріндегі көріністері, теориялық, саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани негіздері, әлемде және Қазақстанда даму болашағы философиялық тұрғыдан талданды. Жаһандық үдерістің қазіргі таңда қарқынды дамып отырғаны белгілі. Бүгінгі дүние – тұтас елдердің, мәдениеттердің, қоғамдар мен экономикалардың интеграциясы үдерісі, олардың жиынтығы жаһандық қауымдастықты қалыптастыруда. Сондықтан, жаһанданудың – полимәдениеттілік факторының дүниежүзілік ауқымда диффузиялануының нәтижесінде XX ғасырдың екінші жартысындағы мәдениет универсумінде іргелі парадигмалық жаңарулар орын алып, жаһандық мәдениет құрылымының өзгеруіне, фрагментарлық пен маргиналдылық пайда болып, мономәдениеттің мультикультурамен алмастырылғандығына диссертациялық жұмысты баса назар аударылып, оның әлеуметтік-философиялық қырлары сарапталды.

Диссертацияда мультикультурализм құбылысы «Мен», «Өзге» және «Бөгде» концепттері арқылы қарастырылды. Мультикультурализмнің теориялық-практикалық негіздерін талдау барысында оның қазіргі Қазақстан мемлекетіндегі тарихи-мәдени, саяси-әлеуметтік, құндылықтық-этикалық қырлары бейнеленіп, бұл құбылыстың Қазақстан қоғамын ілгері дамытуға ықпал ететіні дәйектелді, оның «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясындағы перспективті жобалары концептуалды сараланды. Нәтижесінде, мультикультурализмнің қазіргі Қазақстан қоғамын дамытушы фактор екендігінің теориялық негіздері туралы нақты және тың тұжырымдар жасалды.

Тақырыпты зерттеудің өзектілігі. Зерттеліп отырған тақырыптың өзектілігі мына түрде негізделеді:

– қазіргі заманғы Қазақстанның полиэтникалық, алуан мәдениетті мемлекетке айналуы мультикультурализм құбылысының теориялық негіздерін ұғынуды, аталмыш үдерісті барынша толық рефлексиялауды, теориялық және тәжірибелік тұрғыдан сараптауды қажет етеді;

– «мультикультурализм» тақырыбына арналған ғылыми, теориялық зерттеулер әлемдік ғылыми кеңістікте жеткілікті болғанмен, Қазақстандағы мультикультурализмді талдау, қоғамды жаңа мәдени жағдайға келтіретін әлеуметтік тетіктерді айшықтау, полиэтникалық мемлекет құрудың теориясы мен практикасы арасындағы қайшылықтарды жеңудің жолдарын анықтау қажет. Тақырыпты зерттеудің өзектілігі осы мәселелерді концептуалды негізде талдау қажеттілігінен туындайды;

– мемлекеттік тұрақтылықты сақтаудың ішкі саясатта бірнеше ұстанымдары бар екені белгілі. Олардың ішінде, қоғамдық интеграция, ұлттық ынтымақтастық, полимәдени сұхбаттастық маңызды орын алады. Мультикультурализм – осы нәтижелерге жету құралы, ұлттық бірігу мүддесін ұлғайып келе жатқан этно-мәдени-нәсілдік көптүрлілікпен, этноұлттық саясаттағы беталыстармен үйлестіре алатын және қазіргі жаһандану заманына

ыңғайластырылған концепция. Ұсынылып отырған зерттеу осы үлгіні одан әрі жетілдіруді, мемлекеттік тұрақтылыққа қол жеткізудің сенімді жолдарын табуды көздейді.

– жаһандану дәуірінде ұлт және ұлтжандық мәселесінің маңызы мемлекеттік, әрі әлемдік кеңістік аясында арта түсуде. Ұлттық, азаматтық сана, қоғамдық санадағы ұлттық рухтың қуаты, бірегейлік мәселесі, жаһандану заманындағы мәдени, саяси, экономикалық, әлеуметтік интеграциялық құбылмалы өзгерістер аясындағы тұлғаның, ұлттың, жалпы адамзаттың бағдарларын айқындау міндеті замануи талаптардың бірі болғандықтан, оның теориялық негіздерін ашып беру осы жұмыстың өзектілігін арттыра түспек;

– мультикультурал үдерістің ұлттық мәдениетімізге ықпалын жаңаша рефлексиялау – заман талабынан туған сұраныс. Ұсынылып отырған зерттеу– жаңа замандағы жаңа мәдени бірегейлік талабына берілген жауаптың бір нұсқасы. Жаңа құндылықтар заманында өзінің төл мәдениетін сақтап қалуға ұмтылған халықтың ұлттық мәдениетінің ерекшеліктерін өркендету – біртұтас ұлттық мәдениет кеңістігін қалыптастыруға, оның әралуандылығына серпін беру.

– Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында атап көрсетілген сананың ашықтығы ашық қоғам ұстанымына сай келеді. Бұл құбылыс мультикультурал қоғамсыз жүзеге аспайды. Сондықтан да біздің еліміздің ұлттық және мәдени құрылымы көпжақты және әртүрлі мәдениеттерден тұратындықтан, мультикультурализмнің Қазақстандық келбетін ғылыми-теориялық тұрғыдан саралау – бүгінгі өзекті мәселелердің бірі.

Зерттеу жұмысы осындай өзекті мәселелерді ғылыми–теориялық тұрғыдан саралау қажеттігіне байланысты болып отыр.

Диссертация тақырыбының зерттелу деңгейі. Осы тақырыптың зерттелу деңгейін талдау екі бағытта жүргізілді. Бірінші бағыт – жалпы мультикультурализм құбылысы мен ұғымын, мультикультурализмнің адамзат тарихындағы көріністерін, сонымен қатар, оның даму перспективасы туралы теорияларды сараптау. Екінші бағыт – қазақстандық мультикультурализмнің жалпы бейнесін, оның Қазақстан үшін практикалық маңызын талдап, ғылыми ұсыныстар тұжырымдау.

Ғылыми тұрғыдан алғанда, «мультикультурализм» – бір мемлекет аясындағы түрлі этникалық топ азаматтарының мәдени, діни, нәсілдік ерекшеліктерін сақтауға және дамытуға бағытталған полимәдениеттілік философиясы.

«Мультикультурализм» ұғымы алғаш рет 1957 жылы, төрт тілде сөйлейтін және әртүрлі дінге сенетін Швейцария мемлекетінің саясатын сипаттау үшін қолданылды, кейіннен бұл ұғым өзінің аясын кеңейте түсті [1, 49–51б.; 2].

Негізінен, «мультикультурализм» термині мен теориясының авторлары Г. Маркузе, И. Берлин, Х. Гайсслер деп саналады. Диссертациялық зерттеуде сарапталған мәселелердің теориялық аспектілері философия, мәдениеттану,

әлеуметтану, саясаттану, дінтану, тарих, психология, экономика, құқық және басқа да ғылыми білімдердің салаларын қамтиды.

Мультикультурализм аясындағы мәселелерді талдау түрлі мәдениеттанулық теорияларға да сүйене отырып жүзеге асырылды. Олардың қатарында М.С. Каган [3], Н.С. Злобин [4], В.М. Межуев [5] сияқты ғалымдардың еңбектерін атап өтуге болады.

Мультикультурализмнің семиотикалық тұжырымдамаларын Ю.М. Лотман [6], жүйелілік-синергетикалық және мәдениет теориясы тұрғысынан Э.С. Маркарян [8] зерделеді. Бұл мәселені әлеуметтану ғылымы қырынан Б. Малиновский [9], Т. Парсонс [10] талдап, әлеуметтік акционализм бойынша П. Бергер мен С. Хантингтон [11;12;13], Э. Гидденс [14] өз пікірлерін білдірген.

Тақырыпты зерттеу барысында Ж. Бодрийяр [15], Ж. Делез [16], Ф. Гваттаридің [17] еңбектеріне сүйене отырып мультикультурализмнің постмодерндік теориясы, Э.Фромм [18], В. Райх [19], С. Жижектің туындыларындағы [20] психоаналитикалық негіздері, Ортега–и–Гассет [21] шығармаларындағы экзистенциалдық сипаты қарастырылды.

Мультикультурализм тұжырымдамасы – постмодерннің жаңа теориялық-мәдени бағытта құрылған үлгілерінің бірі. Сондықтан, жаһандық мәдениетке қатысты Ю. Хабермастың «Философский дискурс о модерне» [22], «Теория коммуникативного действия» [23,7б.] еңбектері, И. Валлерстайнның «Конец знакомого мира», «После либерализма» [24; 25], Лэштың «Постмодернизм как культурная парадигма» [26,83–87б.], В. Куреннойдың «Исследовательская и политическая программа культурных исследований» [27,14–79б.] және тағы басқа зерттеулерінде адамзат қоғамындағы мультикультурализм құбылысының әр түрлі қырлары қамтылған.

Қоғамдарды олардың мультикультуралистік негіздеріне байланысты жіктеумен, оның ішінде американдық үлгісін талдаумен ресейлік ғалымдар С.И. Некрасов, Н.А. Некрасова, В.В. Платошина айналысты [28]. Ал А. Борисов сынды ғалымдар мультикультурализмді идеология және саясат ретінде қарастырады [29].

Идеологияландырудың деңгейіне және кезеңдеріне байланысты Е.Ю. Литвиненко биллингвизм табиғаты мен мультикультурализмді біріктіре қарастырса, С. Бенхабиб мәдениеттер арасында қатаң шекара сақталатын мозаикалық немесе радикалды мультикультура түрлерін атайды. Н. Глейзер мультикультурализмнің қосымша, трансформациялық және афроцентризм сияқты формаларын ұсынады [32, 106–110б.].

Мультикультурализм проблемаларын зерттеуші А.И.Куропятник оны түсінудің үш түрін: демографиялық, идеологиялық және саяси түрлерін нұсқайды [33, 124–125б.; 34]. В.С. Малахов [35,57–62б.] пен Г.Д. Дмитриев «мультикультурализм» түсінігін мәдени қайшылықтар негізінде туындайтын ұлтшылдық, нәсілшілдік, этноцентризм сияқты сезімдерді жою мақсатында құрылған құрылым ретінде қарастырады [36].

Мультикультурализм құбылысындағы толеранттылықты зерттеумен М. Уолцер [37] айналысса, Ресейде Н.А. Высоцкая трансмәдениет жөнінде [38,3–22б.], С.Р. Дерябина Ресейдегі мультикультурализм табиғаты хақында [39,15–17б.], В. Галецкий мультикультурализмнің апологиясы турасында [40, 15–20б.], П. Житнюк «Мультикультурализм – игі нәтиженің елесі ретінде» деген еңбегінде құбылыстың замануи мәселелермен байланысы жөнінде зерттеді. Аталған зерттеулерде, сондай–ақ, иммигранттарды баспанамен және жұмыспен қамтамасыз ете отырып, олардың тұрмыс–салттары мен ұлттық мәдениетін сақтауға кедергі келтіру сияқты қоғамның ішкі мәдени қайшы қырлары ашылады.

Э.Кревекердің, И. Зангвилдың, М. Гордонның, М Новактың, Х. Каленның еңбектерінде «балқытушы қазан» концепциясы, С.А. Червонная мен М.И. Лапицкий сынды ресейлік зерттеушілердің еңбектерінде қазіргі заманғы қоғамдағы мультикультурализмнің әрқилы мәселелері қарастырылған.

Соңғы уақытта қоғамдағы мәдениетаралық сұхбат мәселесі отандық мамандардың назарында екені белгілі. Еуразиялық кеңістіктегі, атап айтқанда, еліміздегі мәдениетаралық, этносаралық түсіністіктің негізін талдау – үнемі өзекті тақырып. Оның басты себебі: еліміздің біртұтастығы – түрлі этнос өкілдерінің өзара ынтымақтастығымен, халық, ел-жұрт, ұлт ретіндегі қызметімен астасып отырады. Сондықтан, отандық ғалымдардың ұлттық мәдени-философиялық және жаһандық-жаңашылдық аспектілер тұрғысынан жүргізілген зерттеулері қарастырылды. Олардың қатарында А.Х. Қасымжановтың «Пространство и время великих традиций» [42], Д.К. Кішібековтың «Национальная идея и идеология» [43], М.С. Орынбековтың «Предфилософия протоказахов» [44], Ж.Ж Молдабековтың «Қазақтану және жаңару философиясы» [45], Ә.Н Нысанбаевтың «Қазақстан халқының рухани–құндылықтық әлемі» [46,14–21б.], А.М. Ержанова мен Б.Ғ. Нұржановтың «Культура, коммуникации, медиа» [47], К. Бұрханов пен С. Бөлекбаевтың «Казахстанский путь в дилемме: Восток или Запад?» [48], А. Қасабек пен Ж. А.Алтаевтың «Қазақ философиясының тарихы» [49], С. Мырзалының «Модернизация общества: взаимосвязь политики и морали» [50], Т.Х. Ғабитовтың «Қазақ мәдениетінің типологиясы» [51], С.Е. Нұрмұратовтың «Рухани құндылықтар әлемі: әлеуметтік–философиялық талдау» [52], З.Н. Исмағамбетованың «ХХ ғасырдағы батыс мәдениеті философиясы» [53], Ғ. Есімнің «Қазақ философиясы мен өркениетінің мәселелері» [54], А.Р. Масалимованың «Культурная антропология» [55], З.К. Шаукенованың «Идеологическое конструирование в Республике Казахстан: вехи эволюции и траектории развития в контексте Стратегии «Казахстан–2050» [56], А. Сағиқызының «Проблема гуманизма в философии Конфуция» [57], М.З. Изотовтың «Человеческий капитал как основа формирования инновационной культуры казахстанского общества» [58], Г.Ж. Нұрышеваның «Өмірдің мәні: философиялық–антропологиялық талдау» [59], С.Ж. Еділбаеваның «Білім беру: модерн және постмодерн кеңістігінде» [60], З.Н. Исмағанбетова мен А.Г. Қарабаеваның «Проблема идентичности и толерантности в условиях

модернизации казахстанского общества» [61], Г.С. Сұлтанбаева, А.Т. Құлсариева, Ж.А. Жұмашеваның «Интеллектуалдық әлеуеттен – интеллектуалдық ұлтқа» [62], Р.К. Кадыржановтың «Этнокультурный символизм и национальная идентичность Казахстана» [63], М.С Шайкемелевтің «Казахская идентичность» [64] еңбектері бар.

Диссертациялық зерттеудің нысаны – мультикультурализм феномені және оның Қазақстан қоғамын дамытудағы рөлі.

Зерттеу пәні – мультикультурализмнің жалпы теориялық мәселелері және оның қазіргі Қазақстандағы жағдайы.

Зерттеу жұмысының мақсаты – мультикультурализм үдерісінің мазмұнына, ерекшеліктеріне және болашағына әлеуметтік-философиялық талдау жасау арқылы мультикультурализм құбылысының қазіргі Қазақстан қоғамының дамуына ықпалын, қазақстандық мультикультурализмнің сипаты мен өзекті мәселелерін зерделеу.

Диссертациялық зерттеудегі мақсатқа жету жолында төмендегідей **міндеттер** қойылды:

– жаһандану дәуіріндегі мультикультурализмнің қалыптасуы мен дамуының өзіндік ерекшеліктерін мәдени-философиялық тұрғыдан талдай отырып, оның постмодернистік өлшемдерін зерделеу;

– отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектеріндегі мультикультурализмнің теориялық жақтарын талдап, оның мәдени-әлеуметтік негіздерін ашу;

– мультикультурализмді зерттеудің теориялық алғышарттары болып саналатын негізгі ұғымдар мен концепцияларды саралап, олардың философиялық мәнін көрсету;

– Қазақстандық мультикультурализмнің және көп ұлттылықтың құрылуының негізгі себептері мен алғышарттарын тарихи, мәдени, саяси-әлеуметтік тұрғыдан ашу;

– Қазақстан азаматтарының және қазақ ұлты өкілдерінің қазіргі замандағы азаматтық, этникалық бірегейленуінің, ұлттық рухани құндылықтарының мультикультуралды жағдайдағы өркендей түсуін зерделеу;

– Қазақстанның мультикультуралдық кеңістігінің рухани жаңғыру аясындағы өркендей түсуінің тұжырымдамасының негізгі бағдарларын ұсыну.

Зерттеудің теориялық негізі.

Жұмыстың теориялық негізі – мультикультуралистердің басты тұжырымдамалары мен идеялары. Атап айтқанда, Ж. Бодрийярдың, Ж. Дерриданың, Ф. Гваттари, Ж.-Ф. Лиотар, Ю. Хабермас, М. Фуко және И. Валлерстайнның; Еуропалық зиялылар: В. Миньоло, А. Аппадурай, Х. Баба және басқалардың; танымал зерттеушілер Э.А. Баграмов, Б.Н. Бессонов, А.А. Борисов, А.И. Куропятник, В.С. Малахов, Н.М. Мамедова, В.М. Межуев, О.А. Сергеева, К.Б. Соколов, В.О. Тишков, М. В. Тлостановалар еңбектері. Сонымен қатар, отандық философ, мәдениеттанушы ғалымдардың еңбектеріндегі идеялар басшылыққа алынды. Қазіргі заманғы этносаралық үйлесімділіктің,

ұлттық толеранттылықтың, діни конфессияаралық келісімділіктің негізгі тұжырымдамалары да қарастырылды.

Зерттеудің тәсілі және әдіснамалық негіздері.

Диссертациялық зерттеу жұмысы барысында индукция–дедукция, тарихи–мәдени сабақтастық қағидалары, жүйелі сараптама, компаративистика және аналогия, констелляциялық, салыстырмалы талдау, логикалық пен тарихилықтың бірлігі қағидасы, дерексізден (абстрактыдан) нақтылыққа өрлеу т.б. ұстанымдар мен феноменологиялық, аксиологиялық, герменевтикалық, психоанализдік, генетикалық әдістер кеңінен қолданылды.

Зерттеудің ғылыми жаңалықтары:

– Диссертациялық зерттеу жұмысы барысында индукция және дедукция, тарихи-мәдени сабақтастық қағидалары, жүйелі сараптама, компаративистика және аналогия, констелляциялық және салыстырмалы талдау, логикалық пен тарихилықтың бірлігі қағидасы, дерексізден (абстрактыдан) нақтылыққа өрлеу және тағы басқа ұстанымдар, сонымен қатар, феноменология, аксиология, герменевтика, психоанализ әдістері және басқалары кеңінен қолданылды.

Зерттеудің ғылыми жаңалықтары:

– қолданыстағы «мультикультурализм» ұғымының анықтамалары, мәні, негізгі сипаттамалары философиялық тұрғыдан талданды, оның постмодерндік парадигмаларының теориялық негіздері сараланды;

– мультикультуралистік дискурстың негізгі бағыттары, отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектеріндегі мультикультурализм теориясы мен практикасына берілетін сипаттамалар сыни тұрғыдан сарапталды;

– сұхбат идеясының негізінде жатқан және мультикультурализмнің табиғатын ашып беретін «Мен», «Өзге» және «Бөгде» ұғымдарының мәні жан-жақты зерделенді;

– Қазақстанның мультикультурал қоғам құру тәжірибесіне арналған пікірталастардағы өзекті мәселелер ашып көрсетіліп, оның тарихи-мәдени, саяси-әлеуметтік қырлары талданды;

– мультикультурал Қазақстандағы ұлттық құндылықтардың табиғаты мен болмысы, оның сақталуы мен өркендей түсуінің жалпы бейнесі ашып көрсетілді;

– қазақстандық мультикультурализмнің рухани жаңғыру аясында одан әрі даму бағдарлары көрсетіліп, одан әрі өркендей түсуінің жалпы жобасы ұсынылды.

Қорғауға ұсынылған ғылыми тұжырымдар:

1. Мультикультурализм – оң және теріс қырлары бар күрделі әлеуметтік құбылыс. Ол азаматтардың ауқымды мәдени еркіндікке ие болуына ықпал етеді немесе этнотоптарды бір-бірінен ажыратып, алшақтауға, интеграциялық қағидалардың жоғалуына әкелуі мүмкін. Мультикультурализм қазіргі мәдениеттегі постмодернизм негізгі шарттарымен толықтай сай келмесе де, кейбір ұстанымдары оның шынайы бейнесін ашып бере алатын парадигма болып саналады.

2. Мультикультурализмнің тарихи-идеологиялық алғышарты – ғылыми-техникалық прогресс туындатқан жаһандану. Мәдени алғышарты – постмодернизм. Теориялық негіздері: либерал, делиберал және коммунитаристік теориялар. Мультикультурализм – көпжақты құбылыс, оның теориялық негіздерімен қатар, саяси-әлеуметтік, терең астарлы тарихи-мәдени қырлары да бар.

3. «Мен», «Өзге», «Бөгде» концепциялары философиядағы қарым-қатынас пен байланыстың ішкі мәнін ашып беруге бағдарланады. Қазақ толеранттылығының тарихи тамыры – көшпелі өмір мен рулық-тайпалық жүйе. Дүниені, адамзат қауымын «Мен» және «Өзге» деп бөлмеу, мәдени сұхбатқа жетелейтін негізгі тетіктерді, төзімділік ұстанымын, ұлттық пен жалпыадамзаттық құндылықтардың үйлесімділігін, рухани-адамгершілік қағидаттарының басымдығын сақтау, дүниені синкретті қабылдау – номадтық құбылыстың негізгі атрибуттарының бірі.

4. Қазақстандағы мультикультурализм, түрлі этномәдени топтардың бейбітқатар тіршілік етуі Қазақстанның объективті күйі және мемлекеттік геосаясатының дискурсивті тәжірибесі. КСРО-дағы қоғамдық мәдениеттің прогрессивті этноәлеуметтік жетістіктерін Қазақстан халқының Ассамблеясы дәстүрлі сабақтастықпен жалғастырып отырғандығының дәлелі. Бұл отанымыздағы полиэтникалық пен мультикультурализмнің тарихи-мәдени, саяси-әлеуметтік қырларына негіз бола алады.

5. Мультикультурализмнің басты мәселесі – ұлттық мәдениеттердің прогрессивті жетістіктерін сақтау. Нағыз мультикультурализм тек ашық қоғамда іске асады. Республикамыздағы бүгінгі мәдени плюрализм Қазақстандағы этнотоптардың мәдени бостандығының табиғи жалғасы. Нағыз мультикультурализмнің жетілген үлгісі бүгінгі Қазақстанда іске асып отыр.

6. Қазақстандағы қазақ ұлтының тілі мен ділін, дәстүрлі мәдениетімізді қорғауға бағытталған арнайы шаралар қолға алынуы тиіс деп ойлаймыз. Бірінші кезекте ол өз жерінде қазақ этносының ұлттық құқықтарын қалпына келтіруден басталуы қажет. Рухани жаңғыру бағдарындағы сананың ашықтығы осы мультикультурализмді өркендетуді қолдаумен қатар ұлттық болмысты таза қалпында сақтап қалуды да қолдайды.

Диссертациялық зерттеудің практикалық маңызы – зерттеудің нәтижелері мен қорытындылары мына түрлерде көрініс табады:

– диссертация тұжырымдарын жаһандану үдерісінің философиялық мәселелерімен шұғылданып жүрген мамандар үшін нұсқаулық құрал ретінде ұсынуға болады;

– қоғамдағы этностардың өзара келісімін тереңдетуге, әлеуметтік мәселелердің алдын алуда да қолдануға болатын теориялық және тәжірибелік үлгі бола алады және жұмыстың нәтижелерін стратегиялық ғылыми зерттеу институттарында пайдалануға болады;

– жұмыс «Қазақстандағы мультикультурализм», «Ұлтаралық мәдени қатынастарды дамыту мәселесі» тақырыбындағы оқу курстары үшін теориялық және практикалық көмекші құрал ретінде де ұсынылады.

– еңбекте келтірілген тұжырымдарды, философиялық пайымдаулар мен түсіндірмелерді, салыстырмалы талдау нәтижелерін философия, тарих, әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, этика және тағы басқа пәндерді оқытуда қолдануға болады.

Зерттеу нәтижелерінің жариялануы және сыннан өтуі. Диссертациялық зерттеудің мазмұны және негізгі нәтижелері бірнеше ғылыми мақалаларда баяндалды. Оның ішінде Скопус (Scopus) базасына енетін нөлдік емес, импакт-факторы бар халықаралық ғылыми басылымда, ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті бекіткен тізімге енетін журналдарда, отандық, шетелдік халықаралық конференциялар басылымдарында жарияланды.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы және көлемі. Зерттеу жұмысы кіріспеден, екі тараудан, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

1 МУЛЬТИКУЛЬТУРАЛИЗМНІҢ МӘДЕНИ-ӘЛЕУМЕТТІК, ТАРИХИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Мультикультурализм – жаһандану дәуірінің постмодерндік парадигмасы

Адамзат эволюциясы және тарихы көп жағдайда соғыстар мен кикілжіңдерден құралатындығы да жасырын емес. Бірақ қазіргі өркениетті қоғам бұндай үдерістердің антигумандық сипатын жариялады. Соғыстардың шығу себептеріне назар салсақ, кейбірінің мәдениеттер қақтығысынан туындағындығының куәсі боламыз. Ал кейбірі геосаяси жағдайлармен байланысты болып шығады.

Мәдениеттер қақтығысының ішінде дін аралық жанжалдар да жетерлік. Мәселен, крест жорықтары, шындығында, «христианоцентризм» деп атауымызға болатын көзқарастан пайда болады. Тарих тағдыры, әрине, күрделі үдеріс. Бірақ қазіргі адамзаттың дамуының жаңа үлгісі әлем халықтарының бейбіт қатар өмір сүруін қалайды. Бұның алғышарты – мультикультурализммен келіп үндеседі. Себебі, адамзат бейбіт қатар өмір сүрмеудің мүмкін емес екендігін түйсінген сыңайлы. Бұл бір қырынан жаһандану идеологиясын туындатты. Жаһандану тек саяси үдеріс емес, табиғи эволюцияның өзі тағайындаған құбылыс іспеттес.

Қарқынды дамыған ғылыми-техникалық прогресс бүкіл дүниежүзінде әлеуметтік, мәдени және экономикалық ықпалдасуды, яғни, жаһандануды туындатты. Жаһандық ықпалдасу мәдени, экономикалық байланыстардың кеңеюіне, ақпарат ағынының үдей түсуіне байланысты адамдардың, әр түрлі қоғам мен мәдениеттердің арасында жаңа, пәрменді қатынастар орнатты. Нәтижесінде, этноэволюцияның жаңа белгілері пайда болды. Бүгінгі әлемдік мәдениеттің жалпы адамзаттық бірыңғай интеграцияланған жүйе екендігін көріп отырмыз.

Этноэволюция этникалық оқшаулану мен этноассимиляцияның арасындағы тепе-теңдік сақталғанда ғана құндылықтық сипатынан ауытқымай, өзінің шынайы мәнін сақтайды. Аталмыш феноменнің теориясы ретінде «мультикультурализм» пайда болды.

XX ғасырдың 60-жылдарынан бастап мәдени әралуандылық үдерісін бейнелеген «мультикультурализм» құбылысы жаһандану дәуірінің постмодерндік парадигмасына айналды. Жаһандану – ақпараттардың, нарықтардың, технологиялардың, телекоммуникациялардың интеграциясы. Жаһандану мен постмодерн ғылыми-техникалық үдерістің ажырамас салдары. Бір-біріне қарсы бағыттағы әркелкілік (гетерогенділік) пен біркелкіліктің (гомогенділіктің) тартысы осы постмодерн мен жаһандану құбылыстарының аясында орналасқан.

Жаһанданудың трансмәдени гомогенді немесе гетерогенді феномен болуына байланысты қазіргі заманның теориялық зерттеулерінде аталған құбылысты талдаудың екі бағытын қарастыруға болады. Олар: әлемнің гомогенденуіне алып келетін прогресс идеясының негізіндегі жаһандану

(универсализм); мәдени көптүрлілік идеясына негізделген жаһандану (мультикультурализм).

Жаһанудануудың гомогенді, әмбебап формада жүйелену мәселесіне қатысты дискурста жаһанданудың корпоративті нұсқасында немесе халықтық жаһанданууға жоғарыдан жаһандану немесе элитарлы жаһандану сияқты оппозициялық көзқарастар да пайда болды. Демек, антиглобалдық қозғалыстардың өзі жаһанданудың баламалы қалыпта болуын көксейді. Жаһанданудан туындайтын қайшылықтар аталған үдеріске тікелей қатысты емес. Бірақ, көп жағдайда бұлар әмбебаптанған жаһандану құбылысында интеграцияланады.

Осы тұста, біз, «жаһандану–мультикультурализм–постмодернизм» тізбегінің және осы триаданың арабайланысын ашып алуымыз қажет. Антиглобалистердің өзі әр тарапты: теоретиктер мен практиктер. Оның өзін бейтараптағылар мен радикалды қарсы шығушылар деп те ажыратуымызға болады. Бірақ антиглобалистердің ортақ келісімі – жаһандану жағдайындағы интернационализм пиғылы мен ұлттық болмысқа төнетін қатер фобиясы.

Бұл бағдар жаһанданудың мультикультуралистік сипатына мән бере бермейді. Жаһандану үдерісі табиғаты бойынша мультикультуралистік, өйткені, мәдениеттер сұхбаттастығы бірегей мәдениет емес, әрқилы мәдениеттер тоғысын қалайды. Мәдениеттер тоғысуынсыз жаһандану жүзеге аспайды. Жаһандану тек экономикалық қатынастардың бірлігі мен интеграциясы емес, өздігінен-ақ «мультикультуралданған қоғам» үлгісі болып шығады деп айта аламыз. Себебі, жаһандану интеграциясын саяси, мәдени, экономикалық, рухани деп ажыратсақ, онда, мәдени байланыстар қамтылады деген сөз.

Ал постмодернизм табиғаты да осы жаһанданумен байланысты. Ол постструктурализм ағымымен байланысты. Постструктурализм – XX ғасырдың соңғы кезеңінде пайда болған, шындықты семиотикалық тұрғыдан түсіндіруді басшылыққа алатын бағыт. Оның Гваттари, Бодрийяр, Деррида, Делез сынды өкілдері логоцентризмді жоққа шығара отырып, биліктің, құрылымның, әлдеқандай бір жүйелердің танымдағы үстемдігін мойындамайды. Мультикультурализм табиғаты нақ мұндай болмаса да, әртараптылық арқылы үндесе алады. Симулякр, қатыспау метафизикасы, шизоанализ, нарратив, ризома, хаосмос, эон, үстірттілік, метанаррацияның батуы, метанаррация, генеалогия, оқиға, симуляция, дискурс, постмодернистік сезімталдылық, трансгрессия және тағы басқа ұғымдар мен түсініктер жүйесін қамтыған бұл бағыттың мультикультурализммен байланысын ашып алуымыз керек.

Жаһанданудың мультикультуралистік теориясы өзінің антирепрессивтігімен және толеранттығымен танымал. Мультикультурализм теориясы жаһанданудан бастау алады. Мультикультурал қоғам қазіргі заманғы мәдениет жағдайында постмодернизмнің мәніне барабар. Постмодернизмнің мәні «өмірдің әртүрлі формаларындағы көптүрліліктің өсіп-жетілуі, көптүрліліктің сенімділігі мен заңдылығын қорғау, және осы көптүрлілікті сөзсіз бағалау және мойындау» [65].

Постмодерннің «ризомалық» мәдени кеңістігінде мультикультурал қоғамның әрбір мүшесіне бір уақытта бір немесе бірнеше топтарды таңдау құқығы берілетіні мойындалады.

Сонымен, мультикультурализм – әртүрлі адам құқықтары мен бостандықтары түйіскен, ең алдымен, жеке тұлғаның бостандығы, тұлғалық тұтастығын сақтауға тырысатын мемлекеттердегі этникалық азшылықтардың мәселелерін қарастыратын феномен. Мультикультурализм – мемлекеттің бірегейлігін қалыптастыруда азшылықтарды қолдаудағы «ақтаңдақтарға, теңбілдікке» мүмкіндік беретін саясат емес.

Тұрақтылыққа төнетін қатердің әлеуетін төмендететін және қоғамдағы ішкі «тәртіпті» әрбір индивидке таңдау құқығын беру арқылы көрсететін «бейтарап» немесе этникалық ерекшеліктерді «десаясиландыру» саясаты: осы қауымдастықта дүниеге келгенмен, сол немесе басқа да қауымдастыққа ену құқығын таңдай алу еркіндігі.

Мультикультурализм ғана универсализмнің ұстанымдарын негізге алады, яғни, ең бастысы, айырмашылықтарға емес, нені біріктіретініне назар аударуды көздейді. Мультикультурализм төзімділіктер мен толеранттылықтар үшін негіз ретінде оның шынайы табиғатын құрайды.

Мультикультурализм индивидтерге ол елдің заңын, басқалардың құқығын және адам құқығын бұзбайтын бірегейлік болған жағдайда ғана басқа мәдениеттермен теңдестік құқығын береді. Сонымен қатар, мультикультурализм – либералдық құндылықтарды кеңейту және бірінші кезекте, жеке адамның құқықтарына алаңдаушылық таныту саясаты. Мультикультурализм өзінің жеке элементтерінің ешқайсысына басымдық беруге жол бермейді. Ол көпшіліктің азшылықпен санасуын есепке алады, бірақ ол соңғылардың мемлекеттің бүтіндігін бұзбағанын қадағалайды.

Мультикультурализм қоғамды әртүрлі белгілеріне қарай құру құқығын береді, бірақ ол қоғам мен мемлекет құқығын сақтауды қадағалап отырады, сол немесе басқа да қауымдастықтардың мүшелерінің құқықтары бұзылмағандығын, соның ішінде қауымдастықтан шығу немесе ешқайсысына кірмеуге де еріктілік сақталады. Осылайша, мультикультурализм екіжақты ымыраға келушілік саясаты: топтық және мемлекеттік мүдделер арасындағы келісім, топтық және жеке адам арасындағы келісім.

Жаһандану – мәдени көптүрлілік, мәдениеттердің өзара ықпалдасуы. Адамзат тарихында қоғам әрдайым өзге мәдениеттермен ықпалдасып отырған. Ал бүгінгі жаһандану бұрын-соңды болмаған жаңа мәдени әртүрлілікті туғызып отыр. Жаһандану үрдісінің күшеюі локализацияның да күшеюіне алып келеді. Нәтижесінде, әлеуметтену мен субъективтілену үрдістері интеграция мен дезинтеграцияның диалектикалық өрнегін құрайды.

Локализацияның күшеюіне мысал ретінде батыстық емес қоғам тәжірибелерін, атап айтқанда, Тейлордың «мәдени модернити теориясы» немесе Геллнер, Рортидің мультикультурал дискурстарын атауға болады. Осыған орай, қазіргі заманғы мәдениеттердің арасында «бірін-бірі жойып жіберуді жоққа шығаратын креативті шиеленіс болуы мүмкін бе? «Қазіргі

таңдағы уақытшалық пен тұрақтылықтың диалектикалық тұрғыда бірге өмір сүруін қалай түсінуге болады?» деген сияқты сауалдар туындап отыр.

Постмодернизмді «жаһандану жалпы теориясы мен философиясындағы маңызды буындардың бірі» деп атауымызға болады, ал жаһандану болмай қоймайтын объективті реалдылық. Постмодернизм – жаһанданудың шарттарын, жаңаша онтология мен антропологияны белгілеп, түпнегіздерді, онтологиялық түпнұсқаларды жасырған «симулякрлерді, іздерді» анықтаған философия.

Мультикультурализм – жаһандану заманындағы ұлт өмірін, ұлтаралық қатынастарды мемлекет тұрғысынан барынша өркениеттендірудің және демократияландырудың басты шарасы. Нәтижесінде, мультикультурализм – ұлт және мемлекет саясатындағы «ең әмбебап ұстаным» ретінде ұсынылып, бір мемлекет шеңберіндегі түрлі мәдениеттердің өзара түсіністікте өмір сүруін ұйымдастыруда өзге ешбір оңтайлы балама болмайтын құбылыс.

Кей мамандар мультикультурализмді елді өркениеттік құлдыраудан құтқаруы ықтимал руханияттық болуы мүмкін екендігін де атап өтеді [60, 19б.]. Қазіргі таңда бұған дейінгі мемлекеттерді бұрынғыша «ашық» және «жабық қоғамдарға» ажыратып, индустриалды немесе постиндустриалды деп саралау, социалистік немесе капиталистік жүйе ретінде жіктеу артқа ығыстырылды.

Мәдени-әлеуметтік өзгерістердің күрделі жағдайында өмір сүрумен байланысты болғандықтан, мультикультурализм бүкіл әлем үшін маңызды мәселе. Ол өзгерістер кеңістік пен уақытты түсінуді, өмірдің мәні түсінігін өзгертетін, біздің туған мәдениетке деген көзқарасымызды қайта қарастыруға және басқа да мәдениеттермен байланысқа түсуге ықпал ететін өзгерістер. Мәдениетаралық сұхбат идеясы заманауи, өзгермелі әлем үшін маңызды болып саналады.

Әлеуметтену барысында тұлғаға бірнеше мәдениет ықпал ететін болады, өмірлік таңдау жасау үрдісі барысында тұлғаның өмірлік ұстанымдарының айқындалуы, зайырлылық қағидаларын және вестернизация ұғымдарын нарықтық қоғам жағдайында терең түсінуіне жағдай туады. С. Бенхабибтің айтуынша, бұл ұғым «мозаикалық мультикультура» деп аталады [31, 190–193б.].

Ғалымның пікірінше, қазіргі дүниеде бір ғана мәдениеттен тұратын қоғам әсте мүмкін емес: кез келген өркениет тарихында өзге бір мәдениеттің ықпалы болады. Келесі бір ғалым Б. Парекхтың пікірінше, кез келген мәдениетті қандай да бір ұйымнан бөлек алып қарастыруға болмайды. Себебі, ол топ өзара ықпалдас топтармен тығыз байланысты. Әрбір мәдениет аталмыш қоғамның әлеуметтік, экономикалық өмір сарынымен және азаматтардың өзіндік бірегейлік сезімімен байланысты. Мемлекеттер арасына өте мығым шекара қоя білгенімен, мәдени саналуандылықтың арасына шекара қою мүмкін емес.

Осы тұста, алдымен, біз, жаһандану мен мультикультурализм құбылыстарының арақатынасын ашып көрсетуіміз қажет. Ол үшін жаһандану құбылысына әлеуметтік философиялық тұрғыдан қысқаша талдау жасап өтуімізге болады.

Жаһандану – бір нарық, бір өндіріс жүйесінің және біртұтас мәдениет ұғымдарының дамуы, капитализмнің бүкіл әлемге инфраструктуралық визуалды медиа арқылы тарауы. Осыдан-ақ, ұлт ұғымының және жалпы бірегейліктің түрленетініне көз жеткізуге болады [68, 88–89б.]. Жаһанданудың маңызды нәтижесі мәдени постмодернизм қалыптасуының басты себептері болып есептеледі.

Бірінші бағыт, Э. Дюркгеймнің «аномиясына» ұқсас релятивизм және мультикультурализм; екіншісі, құндылықтардың диффузиялануына алып келетін тұтынушылық мәдениет. Жаһандану – постмодерндену мен гипертұтынушылық өзара тығыз байланысты құбылыс.

Саяси тұрғыдан алып қарағанда, мәдениет – кез келген этникалық топтың негізгі компоненті. Сол себептен, көпэтносты елдерді біркелкі мәдениет ұстанатын елге айналдыру әрекеті этноқұқықтық тұрғыдан негізсіз. Өткен ғасырдың 90-жылдарында бірқатар ғалымдар, мысалы Ф.О. Радтке мультикультурализмді ұлтшылдықтың бір түрі ретінде қарастырды. Бүгінгі өмір әлемдік мәдениетке «жаһандану» атымен енген әмбебап, локалды және индивидуалдылықтың арасына көпқырлы қайшылықтар әкелді. Бұл, бір жағынан алғанда, тұтастандырушы үрдіс: бұқаралық ақпарат, байланыс құралдары, көлік, нарық, қаржы, өндіріс, техникалық дамудың шығындары мен қауіптері, сондай-ақ, экологиялық, демографиялық мәселелер ғаламдық шеңберде ауқымданып келеді.

Екінші жағынан, қауымдастықтарының индивидуализациялануы тереңдеп, дәстүрлі қоғамның (индустриалды капитализм қалыптасқаннан бергі) сарқыншақтары жойылып, ортағасырларда, дәстүрлі қоғамдарда, Жаңа заман тудырған дәстүрлі емес әлеуметтік құрылымдарда маңызды рөл атқарған адам қауымдастықтарының формалары ыдырауда. Бұл үрдістер «постмодерн» мәдениетінен және осы кезең адамының бейнесінен көрініс табуда.

Постмодернизм – ғылыми–теориялық, философиялық, эстетикалық ойлардың жиынтығы. Постмодернизмнің басты ұғымдары – көпмағыналылық; дүниеге, бедел атаулыға күдікпен қарау; жанрларды біріктіру, адам рухының белгілі бір кезеңін (яғни, жұмақты аңсайтын күйзелуші кейіпкердің оған жету мүмкін еместігін) бейнелеу; оқиғалардың мерзімінің, уақытының, кеңістігінің анық болмауы, кейіпкерлерінің жас мөлшерінің, тіпті, есімдерінің аталмауы т.б.

Постмодернизм өзіне дейінгі мәдени дәстүрді, ережелерді мойындамайды: модернизм үшін дәстүр маңызды, ал постмодернизм одан бас тартады. Өзіне дейінгіні қабылдамау – басты шарт. Көркемдік әлем – мәтін ретінде ғана ұғынылады. Модернизм мен постмодернизмнің арасындағы айырмашылық көркемөнерлік қана емес, әлеуметтік және мәдени деңгейлерде ерекше көрініс табады.

Сондай-ақ, постмодернизм өнер мен қоғамды, көркем мәтін мен әлеуметтік мағынаны, өнер мәдениеті бойынша шығармаларды батыл түрде қайта қарастырады. Автор (субъект) көркемдік артықшылық болып табылмайды. Постмодернизмдегі «Мен»–нен туындайтын «шығармашылық еркіндіктің» мүмкін еместігі модернистік – жалғыздық, мұңаю, жатсыну

сезімдеріне алып келмейді. Постмодернизм модернистік жетістіктерді әлеуметтік ортада іске асырудың орнына оқырманның көркем шығарманың дискурсына қатысу, сынау және бірге құрастыру қатынастарын орнатады.

Постмодернистік эстетиканың басты мәселесі көркем шығарманың идеологиясы (поэтика, образдар жүйесі, мәнер, көркем тәсілдер) емес, мағынаны заттандырудың өндірісі. Мәтіндердің өз авторларынан тәуелсіздігінде алғашқылардың бірі Ролан Барт жариялаған атышулы «автордың өлімі» жатыр. Алайда мұны модернистік тұрғыда, автордың рөлін төмендету ретінде түсінуге болмайды.

Мәтін «бөтелкеден табылған қолжазба» іспеттес, «аяқталмаған» үзінді тәрізді болуы қажет. Ол өзін-өзі референт етуі тиіс. Тілдің шегі үнсіздік болып саналады, ал мәтін осынау шекке нұсқап тұрғаны абзал. Мәтіннің бейтараптығы, оның «көзге ұрар» мағыналылығы Борхес яки Умберто Экодағыдай «оқырманның егемен эстетикасымен»... үзілгені қажет. Мағына дегеніміз – Витгенштейн көрсеткендей, нысанда, сөзде немесе мәтінде емес, ойын мен семантикалық элементтердің өзара қарым-қатынастарының жемісі.

Үмітсіздік, бедерсіздік және дағдарыс – модерн әдебиетінің басты атрибуттары. Олар енді сабырлы оптимизммен немесе постмодернизмнің көңілді ойынымен алмастырылады. Модернистердің ішінен постмодернизмнің шекарасына Ницше жақын келді. Ол үшін ойынның, бидің, «көңілді ғылымның», жеңілтектіктің, үстірттіктің модусы байыптылықтан, іргеліліктен, моральдылықтан, ауыр қадамнан, үзіктіліктен әлдеқайда маңызды.

«Шындықты (мағынаны) жоғалту» постмодернизм үшін қайғылы немесе ақырзамандық (апокалипсис) оқиға емес, өзін-өзі өлтіру жайлы ойға салмақ салмайды. Шындық, бұл – факт. Постмодернистік жазушылар акцентті «шындықтан», «нысаннан» (және субъектіден) сигнификациядан мағынаны өндіру үдерісіне ауыстырады. Түпкі ой, кейіпкер, баяндаушы (автор) тәрізді дәстүрлі әдеби–көркемдік және әдеби–сыни тәсілдерді постмодернизм кекесінді сипатта мағынаны нашар дүние жасау тетігін ашуға, олардың мағына жасаудағы рөлін көрсетуге пайдаланады. Постмодернистік мәдениет – модернизмнің эстетикалық құбылысы ретіндегі «постиндустриалды», «ақпаратты», «желілі» қоғамға, жаһануға, медиамәдениетке жауап.

Постиндустриал немесе ақпараттық қоғамда экономиканың, мәдениеттің және өнердің арақатынасы түбегейлі өзгереді. Экономика қоғамның басым саласы болуын тоқтатады. Назар – тауар өндіруден мәдени өндіріске – белгілердің, рәміздердің, бейнелердің, қолдан жасалған дүниелерге, әсіресе, медиаөндірістің өнімдеріне қарай ойысады. Заманауи адам тіршілігінің сипаты мен мәнерін, нормалары мен құндылықтарын, идеялары мен елестетулерін тек осылар айқындай бастайды.

Мәдени өндіріс қоғамның басым саласына айналады. Экономикалық өндірістен өзгеше өзіндік ережелер мен шамалар енгізіледі. Мәдени өндірістің назары өнімнің өндірілуінен оның тұтынылуына ауыстырылады. Мәселе өнімнің қалай өндірілетіндігінде емес, оның қалай пайдаланылатындығында жатыр, деп түсініледі. Өнімнің тұтынылуы оны өндірудің тәсіліне айналады.

Яғни, тұтынушының өндіріс құрылымындағы және мәдениеттегі рөлі түбегейлі өзгереді [47, 22б.].

Әдеби шығармашылықты мәдени өндірістің түрі ретінде қарастырар болсақ, бұл – оқырманның осынау үдерістегі рөлі түбегейлі түрде өзгереді деген сөз. Оқырман жазушының өнімге айналдырған мағынасының енжар қабылдаушысы (реципиенті) емес, мағына өндірісі үдерісінің белсенді қатысушысы болып шығады. Демек, оқырман өз құқықтарында автормен теңесіп қана қоймайды, ол – күмәнсіз тарапқа айналады. Шығарманың авторлық мағынасы ешкімді қызықтырмайды, мәтін – оқырманның түсінуімен мағынаны өзі туындатады.

Жалпақ тілді әрі ұғынықты, оқырмандардың түсінбеушілігін туындатпайтын шығарманың мәдени өмірдегі алатын орны шамалы. Тек «көлегейлі», жұмбақты, аллегориялық мәтін ғана оқуға шақырып тұрады, «мәдениетті оқырманды» өзіне тартады [47, 22б.].

Постиндустриалды қоғамда өнердің дәрежесі мен рөлі күрт өзгереді. Модернизм өнерге қоғамды өркендету мен жақсартудың аса маңызды мәдени институты дәрежесін беруге тырысады. Модернизм көркемөнерлік қана емес, саяси да революциялық болмыстың асқақ туы, айқын рәмізі болды. Суреткердің әлемі – әсемдіктің, мінсіздіктің, руханилықтың ерекше кеңістігі, ал бұған күнделікті тірліктің бейрухани және бұзылған, лас та арсыз әлемі қарсы тұрады. Бірақ өнер мен өмірдің арасындағы айырмашылықтың өшірілуі адамның қаналуы мен теңсіздіктен, парықсыздық пен бейруханилықтан азат болуға, қиялдағы бостандыққа емес, симуляция қоғамын құруға алып келеді, ал онда әсіре шындыққа, армандағы ақиқатқа орын беріледі [15,16–22б.].

Симуляция – өнерден де әрі асқан жасанды дүние. Симулякрлер – өздерінің түпнұсқаларын жоғалтқан көшірмелер (белгілер), «еркін радикалдар», олар кез–келген «негіздемеге» сүйеніледі. Әдеби–лингвистикалық түсініктер енді рәмізді, мәтінді, дискурсты, нарративтілікті білдіретін белгіге, жаңа сөздік пен соны теориялардың басты мәніне айналады [15, 23–33б.].

Постмодернизм – постструктурализмнің теориясын, деконструктивизмнің әдеби-сыни талдауын бүгінгі өнердің көркемдік тұрғысынан тоғыстырды. XX ғасырдың алпысыншы жылдарының аяғында Францияда постмодернизмнің философиялық негізін қалаған постструктурализм пайда болды.

Постструктурализм – қазіргі батыстық гуманитарлық ойдың идеялық бағыты, XX ғасырдың соңында Батыс Еуропа мен АҚШ әдебиеттануында батыл әсер еткен эстетикалық ағым[69, 23б.]. Структуралистер дүниедегі тұрақтылықты анықтауға тырысса, постструктуралистер «структура» сөзінің өзін сынға ұшыратты. «Структураларды» іздеудің орнына олар иерархиялық жүйелеуді болдырмауға мүмкіндік беретін икемді зерттеу стратегияларын ұсынды. Постструктуралистер үшін әлем – мәдениеттің идеологиялық жазба түріндегі феномені. Сондықтан, әр тұлғаның санасы – мәтіндер жиынтығы.

Ж. Дерриданың айтуынша, мәтіннен басқа ештеңе жоқ, әр адам тек мәтіндер ішінде қарастырылуы мүмкін. Бүкіл әлем – шегі мен шеңбері жоқ мәтін ретінде қабылданды. Постструктурализмнің негізгі мәні – мәтінді нақты

түсіндіру немесе оны түсіну мүмкін еместігін көрсету. Ж. Дерриданың «түсіндірілмейтін мағына» түсінігі әр мәтіннің негізгі түбірі. Бұл ретте ол ұйымдастырушы, басты ұстаным ретінде қарастырылды. Постструктурализм, ең алдымен, батыс қоғамында болған және болатын заңды құбылыс, яғни, өзін–өзі ақтап шығу және заңдастыру үшін қолданылатын барлық позитивті ақиқаттарға әдіснамалық күмәндану приципін бекітті [67, 70–107б.] Жалпы алғанда, постструктурализм доктринасы адамзат білімінің табиғаты туралы позитивті түсінікке «эпистемологиялық күмәнданудың» көрінісі болды.

Осындай тарихи-мәдени көптүрліліктер қазіргі заманғы жаңа дүниедегі түрлі ұғымдардың, қауымдастықтардың, ұлт өкілдерінің өзара іс-қимылы мен өзара түсіністігін қажет етеді. Сондықтан, жаһандану дәуірінің әмбебап құралы, басты тәсілі – сұхбат болып саналады. Сұхбат – адамзат тарихының барлық кезендерінде кездесетін өзекті құбылыс. Қазіргі заман философиясында сұхбат мәселесі субъект–субъект қарым–қатынасындағы маңызды фактор.

Сұхбат өз кезегінде бірнеше тұрғыдан сипатталады. Сұхбат – түрлі мәдениеттердің, Шығыс пен Батыс, Батыс және батыстық емес мәдениеттердің ықпалдасу, бірігу формасы. Сұхбат барысы толеранттылық феноменін, гендерлік және этникалық мәселелерді, мәдениет пен философияның өзара қатынасын және тағы басқа «пәнаралық» қырларын қамтиды.

Мәдениеттердің көптүрлілігіне қатысты «мәдени полифонияның» өзгеруі жағдайында толеранттылықтың жандана түсетіні мәлім. Төзімді ойлау – тіршіліктегі айырмашылықты табиғи дерек ретінде қабылдау, ал сұхбаттасу – әрбір тұлғаның өзіндік, ішкі, төл қарама-қарсылығын, өз-өзін қабылдауы. «Өзгені» түсіну және қабылдау – көптүрлі мәдениеттің негізі.

Сондай-ақ, сұхбаттасудың келесі түрі – ерлер мен әйелдер арасындағы пікір алмасу – танымдық, интеллектуалдық, психологиялық негіздер арқылы бірін–бірі өзара толықтыратын қоғам мүшелерінің арасында гендерлік теңдікті сақтауға бағытталған. Гендерлік теңдікті дамытуға және қолдауға бағытталған интенциялар қоғамдағы үйлесімділікке ықпал жасап қана қоймай, қазіргі заманғы азаматтық қоғамның атрибуттарының жетілуіне ықпал етеді. Осының бәрі өзінің құрамындағы диалогиканы бекіте түсіп, мәдениеттің шарттарын әзірлеуді жандандырады және дүниетанымдық негіздерді (психологиялық, коммуникативтік аспектілерді), қазіргі заманғы сұхбаттың көп өлшемділігін пайымдаудың қажетті құралы болып саналады. Интермәдениет пен трансмәдениет аралығында, өзегінде этика жатқандықтан, философиялық ауқымдағы коммуникативтік этика жандандырылады [68, 24б.].

Ұғыну, түсіну сұхбатын әзірлеуде және іске асыруда белсенді рөлді философия атқарады. Мағыналық негіздерді іздеуде ол терістеудің шегінен тысқары шығады немесе баршаға ортақ негізді алуан түрлілік арқылы түсінуге бағытталады. Мұндай ізденіс қазіргі заманғы философиялық компаративистік тәсіл контексінде іске асады, яғни бұл – рационалды тәсілмен герменевтикалық тану арқылы «Өзгені» тану.

Постмодернизм «Сұхбат» түсінігін қалыптастырды, бірпікірліліктің орнына көппікірлілік пен мультикультурализмге деген плюралистік көзқарасты

бейнеледі. Иерархиялық тәртіптен бас тарту немесе өмірдегі приоритеттік жүйелерден бас тарту постмодерннің сұхбаттық болмысын көрсетеді және бәсекелестік парадигмасын жүзеге асыру плюралистік постмодернге себепші болады [69, 3–4б.].

Сұхбат – мәдениетаралық қарым–қатынастың әртүрлілігі, ой мәдениетінің және ойлаудың әртүрлі формаларының бір–бірімен тығыз байланысу жағдайы. Мәдени плюрализм автономдық ұқсастықтың пайда болуына, олардың өзара әрекеттесуіне, өзара трансформациялануына жол ашып, осы ракурста көрсетілген мәселелердің қажеттілігін айқындайды.

Мәтіннің қатып-семіп қалған мән емес, автор мен оқырман және мәдени контекст арасындағы сұхбат екенін негіздеген М.Бахтиннің (Бахтин поэтикасы) философиясын атап өтер болсақ [70, 144–250б.], постмодерн теориясын тұтас зерттеуде, ғылыми талқылаулар мен сұхбаттар барысында оның көпқырлы идеяларының өзі маңызды.

Модернде қарсы пікірге ұстамдылық көрсетілмейді, төзімсіздік – баяндаудың негізгі ерекшелігі ретінде сипатталады. Ал постмодернизмде оппозицияға, плюрализмге, мәдени алшақтыққа және скептицизмге байланысты индивидтің орнын ұжымдық еркіндік басады. Сондықтан, «Постмодернизм – ойды білдірудің және мәлімдеудің, өмірдің ащы шындығының қысқа жолы».

Бұған дейін сұхбаттық ойлаудың бастауы классикалық философияда ғана кездесетін болса, қазіргі жаһандану және интернациализациялану нәтижесінде түрлі өркениеттер бір-бірімен тығыз қарым-қатынасқа түсіп, «өркениеттер қақтығысы» және «антропологиялық дағдарыс» туралы көп айтылуда. Ал классикалық философия жаңа ғылыми парадигманың және жаңа әлемдік тәртіптің интеллектуалды-рухани негізі рөлін атқаруда.

Сұхбат мәдениеті – мәдени полифония, ол басқа мәдени кешендердің құндылықтарын өз бойына сіңіретінін атап өту қажет. Әрбір мәдениетте осындай сұхбаттық кеңістіктің болуы – мәдениеттің толық дамуын сипаттайтын негізгі мәселе. Сұхбат – субъективтіліктің субъективтілікпен кездесуі. Субъективтілікті дамыту барысында тең құқылы сұхбаттастық орнығады. Диалектикалық байланыс субъектісі ретіндегі сұхбаттың байыпталуын біз М.Бахтиннен кездестіреміз [70, 25б.].

Адамның әлеуметтік ортадағы адамаралық сұхбатқа, өзара әлеуметтік қатынастарға деген ұмтылысын М. Бахтин былайша байыптады: «Адамның өзіндік болмысы (ішкі және сыртқы) түгелдей дерлік қарым-қатынастан тұрады. Болу дегеніміз – қатынаста болу дегенді түсіндіреді» [70, 312б.]. Демек, кез келген қоғамдық ортадағы әрқилы қатынастар жүйесінің барлығы адамның әлеуметтік болмысын белгілі бір деңгейде қалыптастыруға, дамытуға үлес қосады.

Ю. Хабермас та интерсубъективтілік туралы айтады. Ол модерн жобасының аяқталмағаны туралы баяндай отырып [22, 25б.], бастапқы жобаның монологтық жады жобасы екенін ескеріп, оған этика және қарым-қатынастық жады теориясын енгізді. Жалпы субъект бұлжымас императив

монологизміне қарсы шыға келе, қазіргі таңда ақиқаттың ортақ күш-жігердің нәтижесі екенін анықтайды. Постмодерн сұхбатты – түрлі өлшемдер бірізділігін сақтай отырып, өткен және осы шақтағы сұхбат, дәстүр сұхбаты және жаңашылдық сұхбаты, премодерн, модерн және постмодерн сұхбаты, Батыс және Шығыс сұхбаттары түрінде қарастырады [22, 58б.].

Егер ағарту, яғни, модерн – мәдени монолог, ал постмодерн – мәдени сұхбат болса, онда, модерннен постмодернге дейінгі қозғалыс – мәдени монологтан мәдени сұхбатқа дейінгі қозғалыс. Дәстүрлі мәдениеттегі жаңашылдыққа ескіліктің үстемдігі монологтық дамудың алғашқы формасын құрайды. Заманауи сұхбаттың философиясындағы этос – адамгершілік императиві арқылы анықталады. Бұл туралы түркі әлемінің өкілі Фетхуллах Гүленнің философиясында баса айтылады.

Фетхуллах Гүлен адамзат қоғамын азғындыққа апарған әлеуметтік кеселдерді дәл анықтап, емдеу амалдарын дәл тапқан емші ретінде шықты. Байлыққа бөгіп, сән-салтанатқа оранған қоғамның іштей іріп-шіріп, құрдымға батып бара жатқанын алғаш аңғарып, одан шығудың тура жолдарын тұңғыш рет көре білген Фетхуллах қазіргі заманның басты трагедиясы осымен байланысты екенін ескертеді: «…Осы келеңсіздіктердің кесірінен ұлттық рухымыздың тамыры кесілді… Ынтымағымызбен бірге өмір сүру мәдениетімізге үлкен жік түсті… Қоғам мүшелері жібі үзілген тәсбих моншақтарындай жан–жаққа шашылып кетті… Оның үстіне, оңымыз бен солымызда жасанды топтасулар пайда болды… Олардың арасында өшпенділік пен дүрдараздық белең алып, бір–бірін итше талады. Уақыт өткен сайын қоғам былығып бұзылды және әлгі нұр шашқан жүздер түсін суытып ызбарланды…» [71, 26б.]. Келесі кезекте: «Енді жат тәрбиемен бұзып алған өзіміздің өскелең ұрпағымыз өз құндылықтарын сайқымазаққа айналдырып, ұлттық рух пен ұлттық ойдың тамырына балта шауып, бөгде сөздермен былғап жатыр» [71, 58б.],-деп тұжырымдайды. Сұхбат дегеніміз – адамдардың бір–бірімен араласуы, араласа отырып түсінісуі, түсінісе отырып жақындасуы, жақындасудың татулыққа, ынтымақтастыққа, бауырластыққа ұласуы.

Гүленнің анықтауынша, «Жаһанданудың ең басты күші болып саналатын коммуникация мен көлік салаларындағы қарқынды дамудың арқасында мемлекеттер мен халықтың арасындағы шалғайлық лезде жақындай түсті. Бір–бірінен өте шалғай тұратын елдер көршіге айналды. Бірақ, бұл құбылыс біртекті халықтар, не жергілікті мәдени құндылықтар жойылып кетеді дегенді білдірмейді. Керісінше, болашақта да бұл әрбір ұлт пен ұлыстарға тән өзгешелік сақтала береді, бірақ енді олар қақтығыстарды туындатушы ретінде емес, керісінше, ортақ адамзаттық бірлікті құрайтын әлемнің түрлі халықтары толықтыра түсетін бөлекше күш ретінде болады» [71, 32б.].

Демек, жаһандану аз ұлттарды, оның мәдениетін жұтуға бағытталмауы тиіс, керісінше, ұлттық мәдениеттерді байыта түсуі тиіс. Бұл мәселелер Қазақстан жағдайында аса өткір. Адамзат қоғамының даму бағыты – өркениет. Ф. Гүлен: «Өркениет – байлық, жалған сыпайылық, тән құмарын қанағаттандыру және нәпсінің азғындыққа салынуы емес. Ол көңіл байлығы, рух

нәзіктігі, терең парасаттылық пен өзгелерге деген құрметтен тұрады»,–деп [125, 26] пайымдайды.

Демек, өркениетке қоғамның материалдық жағынан да, рухани жағынан да қатар үйлесімді дамуы арқылы жете аламыз. Фетхуллах Гүлен болашақтың өркениеті Батыстың ғылыми жетістіктері мен Шығыстың гуманитарлық этикасының синтезі негізінде жасалады деп біледі. Ф. Гүленнің арманы осы арасы алшақтап бара жатқан Батыс пен Шығыстың арасын руханият арқылы жалғастыру, бұзылған жолдарды, көпірлерді қалпына келтіру, сөйтіп, адамзат қоғамын соғыстарға соқтыратын теріс пиғылдардан арылтып, бірлікке бастайтын ынтымақтастыққа, тыныштыққа жеткізетін сара жолға түсіру.

Тұтас алғанда, постмодернизм, ең алдымен, философияда: мыңжылдықтар тоғысындағы қоғамда құндылықтардың түпкілікті қайта сарапануы іске асып жатқандығына назар аудартып, билік пен зорлық идеологиясын терістеп, тең құқылы сұхбат, өзара келісім және шешімді бірлесе отырып іздеу мен плюрализмді жақтап пікір білдірді. Сөйте отырып, жаңа құндылықтар дүниесіндегі мұндай келісім – келіспеушілік пен келісімсіздіктің болуын мойындау мен қабылдауға негізделетіндігін баса көрсетті.

Техникалық экспанция нәтижесінде эмоционалдық функциялардың гипперсарқылуы, ақыл-ойдың гиперқарапайымдануы, примитивизмге бет алған электронды өнер – XXI ғасырдағы технологиялық қоғамның рухани атмосферасының сипаты осындай. Сөйтсе де, келешектің ақпараттық-коммуникативтік технологиялары адамды күнделікті тұрмыстың шектеулерінен азат етіп, адами көріністің жаңа формаларына жол ашады, виртуалды реалдылық – адам санасының тереңіндегі ресурстарды іске қосып, тұлғаның «жаңа өзіндік жетімділігіне» қол жеткізіп, революциялық–әлеуметтік оң нәтижелер береді деп күтілуде.

Мультикультурализм идеясының мәні де «саналуан көптүрлілік деңгейіндегі бірлік» формуласы бойынша анықталады. Мультикультурализм – біртұтас саяси және аймақтық қауымдастықтағы ұлт және мемлекет шеңберіндегі түрлі мәдениеттерді тасымалдаушылардың үйлесімді әрекеті. Мультикультурализмнің басты мәселесі – саналуан мәдениеттің прогрессивті жетістіктерін сақтау.

Мультикультурализм – жаһандану дәуірінің постмодерндік парадигмасы екендігіне орай, мынадай қорытындылар жасадық.

1. Жаһандану – ғылыми-техникалық прогрестің төл туындысы. Қоғамның барлық салаларында (саяси, әлеуметтік, мәдени–этноэволюциялық және экономикалық) болмай қоймайтын жаһандық үдерістер орын алуы себепті, ешбір этнос олардан оқшау қала алмайды.

2. Мультикультурал қоғам қазіргі заманғы мәдениет жағдайында постмодернизмнің мәніне барабар. Постмодернизм билік пен зорлық идеологиясын терістеп, тең құқылы сұхбат, өзара келісім мен плюрализмді жақтап пікір білдірді; постмодерннің болмысы – иерархиялық, приоритеттік жүйелерден бас тарту және бәсекелестік парадигмасын жүзеге асырды.

3. Мысалы, әдеби шығармашылықта, мәтінді оқып шыққан оқырманның өзі жаңа мағына туындататындығына, осылайша, мәтіндердің өз авторларынан тәуелсіз өмір сүре бастайтындығына, «авторлардың өліміне» көз жеткізген постмодернистер болды. Яғни, жүйе ішіндегі бөлшектердің өзара теңдігі мәселесі өзектілікке айналды.

4. Жаһандану дәуірінің әмбебап тәсілі – сұхбат. Модерн – мәдени монолог, постмодерн – мәдени сұхбат. Кез келген бірлік пен түсіністік сұхбаттан басталады; сұхбат – толеранттылықтың қалыптасуының маңызды алғышарты.

5. Сұхбаттасу барысында әрбір тұлғаның өз-өзін қабылдауы іске асады. Өз ішіндегі «Өзгені» түсіну және қабылдау – көптүрлі мәдениеттің негізі.

6. Посмодернизмдегі таным мен мәдениеттегі әр түрлілік немесе хаос жағымды қырынан алғанда, көптүрлілікті қалайды, көпмағыналық тек бір ғана мәтінге тән емес, жалпы адамзаттық танымның негізі. Сондықтан да постмодернистер үнемі әржақтылықты қалайды.

7. Мультикультурализм постмодернизм аясында немесе керісінше емес, арабайланыстары шартты да емес, кей сәттерде өзара кіріктірілуді қалайтындығында. Бірақ таза бірегейленген деп түсінуге болмайды және жалпы мен жеке қатынасы бойынша да анықтау қиындық келтіреді.

Осындай түйіндерге келгеннен кейін, екеуінің арабайланысын белгілі бір деңгейде анықтаған соң, келесі кезекте, мультикультурализмнің жалпы болмысына тоқталып өтуіміз керек.

1.2 Мультикультурализмнің теориялық, саяси, мәдени–әлеуметтік негіздері

Мультикультурализм өзінің жан-жақтылығымен және теориялық тұрыдан жете зерттеуді қажет ететіндігімен айшықталатын құбылыс. Олай болса, біз, оның табиғатын ашу үшін әртарапты түрде зерделеп алуды жөн көрдік.

«Мультикультурализм» термині кең ауқымды құбылыстарды анықтау үшін қолданылады. Мысалы:

– мәдени айырмашылықтар және оларға қатысты көзқарастар туралы нақты дискурс;

– этноқұрылымның гетерогенді құрамы және қоғамдағы нақты жағдай;

– ұлтаралық, мәдениетаралық өзара іс-қимылды басқару стратегиясы;

– этникалық, мәдени, жыныстық азшылықтардың қоғамдағы ықпалдасу саясатын болжау, басқару;

– ғылыми тұжырымдаманың бір түрі, бір қоғамдағы түрлі мәдениеттердің дербес мәдени құбылыс ретінде өмір сүруін қамтамасыз етуге деген ұмтылыс;

Мультикультурализмнің теориялық тұрғыдағы тұжырымдамалары мынадай:

– мультикультурализмнің негізгі құндылығы – мәдени плюрализм және ұлттың «мәдени мозаика» екендігі;

– мультикультурализм – әлеуметтік әділеттілік, мәдени демократия және теңдік;

– мультикультурализм – демократиялық, плюралистік қоғамда өмір сүруге қажетті білім мен дағдыларды игеру;

– мультикультурализм тек нәсіліне, табына, жынысына немесе этносқа ғана емес, діни, ұлттық, жыныстық қатынастардағы әртүрлілікті қамту, қабылдау мен мойындау;

– мультикултурализм – алуан түрлі даму үдерістерінің кешені;

– мультикультурализм – толеранттылық саясаты, түрлі мәдениеттердің бейбіт қатар өмір сүруі.

«Мультикультурализм» ұғымы, әдетте, екі мағынада қолданылады. Бірінші мағынада, ұлттық құбылыс ретіндегі нақты мәдениетке қарсы бағытталған «мультикультурализм», мәдени қоғамдастық шеңберіндегі дербес мәдени дербестік.

Екінші мағынада, қоғамдық өмірдің экономикалық, саяси және мәдени салаларында этникалық, нәсілдік және субмәдени айрықшалықтарды насихаттайтын идеология мен саясат, ол саясаттың басты мақсаты – кемсітушілікті жою және ұлттық азшылықтардың «теңдігіне» қол жеткізу.

Мультикультурализм – мәдени плюрализм және оның дамуына ықпал ететін саясат; этникалық, нәсілдік және діни айырмашылықтарына қарамастан, кез келген елдің тұрғындарының құқықтарын құрметтеу: ұлттық мектептер ашып, газеттер мен журналдар ұлттық тілде шығарылып, азаматтардың өз мәдениетін, тілін, дәстүрін, этникалық және діни құндылықтарын дамытуындағы тең құқылық. Нәтижесінде, адамдар арасындағы сенім нығайып, қоғамдағы этникалық қақтығыстардың орын алуына кедергі қалыптасады.

«Мультикультурализм» терминін қолданудың ғылыми тұрғыдан дұрыс нұсқасына келетін болсақ, этникалық, нәсілдік және діни себептермен көшіп келушілер үшін немесе басқа себептер бойынша мультикультурализм емес, тек қана әртүрлілік.

Әлеуметтік құрылымның этномәдениеттік әртүрлілігі сияқты «ашық есіктер» саясаты нәтижесінде пайда болатын қоғам. Мультикультурализм термині мәдени әртүрлілік, мәдени плюрализм тұжырымдамаларынан бөлек: мәдени әртүрлілік – қоғамдағы түрлі мәдени топтардың, оның мәдени гетерогенді болуы; мәдени плюрализм – саяси түрде институционализацияланған әртүрліліктің белгілі бір түріне жатады; ал мультикультурализм – оны мойындайтын және қолдайтын, институционалданған немесе мәдени емес әртүрлілік қағидаты, идеологиясы және саясаты. Осы тұжырымдамалардың арасындағы айырмашылықтар өте маңызды. Себебі, ұғымдардың араласуы негізсіз айыптаулар мен тұжырымдамаларға жиі негізделеді.

Бір қырынан алғанда, қазіргі заманғы қоғам мәдени және тіпті этникалық тұрғыдан бірдей деңгейде болмаса да, әртүрлі болып келеді. Бұл мәселе туралы сұрақтар басқарушы элитаның және жалпы халықтың мәдени әртүрлілікті қалыпты жағдай ретінде мойындауға және мультикультурализмді осындай

алуантүрлілікті басқарудың жеткілікті қағидасы ретінде қабылдауға дайындығына байланысты. Әрине, көп нәрсе мәдени дәстүрге және саяси ерікке де байланысты.

Қорыта айтқанда, біз зерттеп отырған ұғымға мынадай анықтама беруімізге болады: мультикультурализм – барлық заңды әдістермен өзінің этномәдени ерекшеліктерін, азаматтардың құқығын танитын және қолдайтын, оны сақтауға, жетілдіруге және қорғауға негізделген этноұлттық мәдени саясат қағидасы**.**

Яғни, мультикультурализмді негізгі санат ретінде: мәдениетке, идентификациялануға және саясатқа бағдарланған айырмашылықтар мен әртүрлілік туралы заманауи дискурс ретінде ұсынуға болады [72, 30б.] деген түсініктемелер де маңызын жоймаған.

Мультикультурализмнің теориялық негізі: бостандық, теңдік және бауырластық сияқты либералдық құндылықтар. Мультикультурал қоғам – әлеуметтік әділетсіздікпен қатар нәсілшілдікті жеңе алатын либералдық қоғам. Либерализмнен айырмашылығы, мультикультурализм жеке адамдардың емес, этникалық және мәдени топтардың құқықтарымен байланысты. Этникалық топтарды қолдауға бағытталған саясат ретінде мультикультурализм төзімділік пен кемсітпеушілікті насихаттау тұрғысынан өткен ғасырдың 70-жылдарының басында бұрын-соңды болмаған маңыздылыққа ие болды.

Мультикультурализмнің философиялық идеялары дамудың бірнеше сатыларынан өтті, атап айтсақ: қоғамның саяси, мәдени өмірі тұрғысынан коммунитаризм мен либерализмді насихаттау; мәдени айырмашылықтарға қатысты әділеттілік мәселесі, либералдық мемлекеттегі топтық құқықтардың тиімділігі туралы пікірталас.

Мультикультурализмнің философиялық-интеллектуалдық қозғалыс ретіндегі рөлі жоғары. Мультикультурализмнің теоретиктері мәдени қатынастардың қиылысындағы космополиттік тезисті жоққа шығармайды, дегенмен, адамдардың түрлі әлеуметтік топтарға бірігіп, өз мәдениеттерін сақтап қалуға тырысатынын айтады.

Ч. Кукатас топтардың құқығы жоқ, тек индивидтердің құқығы бар және мәнді екенін тұжырымдады. Яғни, өз ісіне әркім, жеке өзі жауапты. Өзге мәдениет өкілінің жағымсыз қылығын бүкіл топқа таңуға болмайды [73]. Аталған мәселеге қатысты сынның тағы бір тұсы, мультикультурализмнің «мойындату саясаты» ретінде қайта бөлу саясатына назар аударуына кедергі жасауымен байланысты [73].

Мойындату саясаты – экономикалық теңсіздікке қарсы наразылық білдіріп, экономикалық реструктизацияны, теңсіздікті алдын алу амалы ретінде пайдаланғаны сияқты, мәдени теңсіздікке қарсы бағытта және мәдени өзгерісті мәдени теңсіздікті жою амалы ретінде қолдануға бағытталған. Мультикультуралистер өз кезегінде, аталған екі түрдің де тәжірибе жүзінде қабысатынын: нәсілге, этникаға, ұлтқа, дінге қатысты теңсіздікке жетуді талап етудің себебі индивидтердің бір сәтте бірнеше категорияларға тиесілі болатынында және маргинализациялануданзардап шегуінде деп түсіндіреді.

Б.Бэрридің тұжырымдамасы бойынша, діни және мәдени азшылықтардың мемлекет және өзге де топтарға көрсеткен қарсылықтарының нәтижесі үшін жауапқа тартылуы тиіс [74, 78б.].

Мультикультурализмнің бірнеше теориялық бастауларын интеллектуалды қозғалыс ретінде қарастыруға болады. Соның ішінде, мультикультурализмнің бірінші теориялық негізі У. Кимликаның автономия мен теңдіктің либералды құндылықтарына негізделген теориясына сүйенеді. Мәдениет, оның көзқарасы бойынша, адамға екі себептен керек:

1. Мәдениет – адам автономиясын қалыптастырумен, қамтамасыз етумен қатар, оған таңдау мүмкіндігін береді;

2. Мәдениет – адамның өз-өзіне құрметін арттырып, өз құрметін көрсетуіндегі құнды инструмент [75, 67б.].

Басты сұрақ – осы немесе өзге мәдениетке тиесілілікті тиянақтау ғана емес, ол– индивидтің жеке мәдениетін қорғауда. Себебі, одан бас тарту өте күрделі. У.Кимликаның көзқарасы адамның белгілі бір мәдени топқа тиесілілігінің инструменталды құндылықтарын мақұлдауға бағытталады. Себебі, олардың мәлімдемелеріне сүйенер болсақ, мәдени азшылық топтарына жататын адамдардың жеке мәдениеттеріне шектеу қойылған және жетекші топ мүшелеріне қарағанда олар қорғауға мұқтаж.

Мәдени әртүрлілікке ие қоғамдағы әлеуметтік топтар мен өзге топтарды салыстырғанда, мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдаулардың үлгілерін көруге болады. Бұл тұста, мемлекет белгілі бір нәсілдің дискриминациясынан, кез–келген діннің мемлекетте ресми қолданылуынан бас тарта алады, бірақ белгілі бір тілдің мемлекетте ресми тіл болып қалыптасуынан бас тарта алмайды. Мемлекеттегі мәдени және лингвистикалық басымдық экономикалық және саяси басымдыққа ауысуы мүмкін. Мәдени басымдық символдық формаға айнала алады, мәселен, католиктердің Еуропалық және Америка елдерінде тойланатын Рождество мерекесі өзге топтардың салттарынан үстем тұрады. Осы мәселеде, полиэтникалық құқықтар жетекші топтар мен азшылық топтардың арасындағы тең құқықтылық интеграциясын талап ету мәселесін қарастыруы мүмкін.

Мультикультурализмнің екінші теориялық негізі либерализмді коммунитаристік позициядан сынаудан бастау алады. Ұжым мен мәдениеттің бірегейленуіне қатысты холистік (тұтас) көзқарасты Ч. Тейлордың «мойындау саясаты» анықтайды [76, 67б.]. Оның бағалауынша, әрбір қоғамда түрлі мәдени бірегейлік мүмкіндіктер мен тілдер болуы тиіс және олар кішігірім әлеуметтік игілік деп саналады. Әртүрлі мәдениеттердің өзара теңдігін мойындау азшылық мәдениет өкілдерінің ерекше құқықтық артықшылығы, еркіндігі мен мүмкіндігі болып табылады [76, 67б.].

Мультикультурализмнің үшінші теориялық негізі – классикалық мәдениеттің монологиялы субъектісіне қарсы бағытталған жаңа заманның мультикультуралистік полифониясы мен плюрализмін туындататын – сұхбат тұжырымдамасы. Адамдар және мәдениеттер арасында сұхбатты орнықтыру үрдісі кезінде, «Өзгенің» тәжірибе табиғаты мен бар болуы тексерілмеген, көз

жетілмеген болса, «Өзгені» – жеке тәжірибесі бар субъект ретінде қалай тануға болады» деген сұрақ туындайды.

ХХ ғасыр философиясының тарихына көз жүгіртсек, Э. Гуссерль нақтылану критерииі мен «Өзгенің» түсінігін және сезімін байланыстыра алмағанын байқаймыз [77, 168б.]. М. Хайдеггер бұл тығырықтан, әрбір тұлға дүниеге – өз болмысы келесі тұлғаның болмысын түсіне алатын қабілетпен келеді деген тұжырыммен шыққандай болды [78,102–104б.].

Э. Левинанс болса тұлғаның өз мүмкіндіктерін түбегейлі жасау шегін табуға тырысты [79, 76б.]. Оның теориясы шеңберінде сұхбаттың эйдетикалық формасы өз кезегінде тек субъектіні ғана емес, онтологиялық мағынадағы сұхбаттың алдында келетін жағдайды көрсетеді. Левинанс сұхбат мәселесін призма арқылы қарастырады, яғни, «Мен» деген күйдің «Өзгенің» беделін мойындап, қабылдап, оған жауапкершілікпен қарауы. Сұхбат философиясы көбіне радикалды көзқарасқа жетелейді: заманауи ойлауға ену, оған бейімделу фундаментализмнен алыстауға алып келеді. Философия, әлеуметтік сын ретінде түсіндіріліп келіп**,** мультикультурализм мен кроссмәдениеттің сұхбатына негіз болады [79, 74б.].

Мультикультурализмнің ғылыми мәселесі жан–жақты әрі ауқымды: саяси қозғалыстың жаңа формасын іздеу; альтернативті мәдениеттің жүйеленуі; философия саясаты мен мәдениет философиясының постдәстүрлі парадигмасының пайда болуы; бірігу, теңдік, таңдау еркіндігі, бірегейлік т.б. дүниелерді талдау. Мультикультурализмді зерттеудегі мәселенің жан–жақтылығы сонша, нақты концептуалды құрылымды анықтау қиын. Жалпы мультикультураның әртүрлілік тұжырымдамасынан екі бағытты айқындауға болады: радикалды және біркелкі. Біріншісі, жетекші мәдениеттер мен мәдени азшылыққа, толеранттылыққа, бейэтноцентрлік бірегейленуге негізделе отырып, мультикультураны өзгермейтін құндылық ретінде қарастырады [79, 104б.].

Біркелкі мультикультурализм: өзінің арнайы жүйесі әр мәдениетте болатын, позитивті және негативті толеранттылықты шектейтін концепцияны дамытады**.** Негативті толеранттылық, мультикультурализмнің өзге нұсқаларын салыстыра зерттеуде пайдаланатын гоббсшылдықпен параллельдікті ұстанады [79, 118б.].

Мультикультурализмнің мәселелері либералдар мен коммунитаристердің таластарында кеңінен талқыланды. У. Кимлика өзінің либералды автономияға деген сенімін сақтай отырып бұл мәселені, кез–келген адамның индивидуалдылығы бірлестік, мәдениет, тарих тарапынан жанашырлыққа мұқтаж; мәдени орта – жеке адамның либералды сана–сезімінің бастауы деп қарастырады. негізгі түсінігі либералды мультикультурализмді мультикультуралистік жаһандану мәселесінде өте маңызды деп санауы [75,155б.].

Демократия – мультикультурализмдік қоғам құрудың маңызды алғышарттарының бірі. Демократияның постклассикалық үлгісі делиберативті демократия: ол – билік легитимациясының және саяси шешімдердің негізі

ретінде қоғамдағы жариялылық дискурсы алынуға тиістігін тұжырымдайды. Делиберативті демократия теориясын негіздеп баршаға міндетті норматив ретінде ұсынған философтар Юрген Хабермас, Сейла Бенхабиб, Джордж Валадез, Джошуа Коэн, Девид Миллер, Джон Драйзек т.б. болды. Делиберативті демократия теориясы бүгінгі күнгі заманауи саяси теориялардың ішіндегі озығы және либералды демократияның ақтаңдақтарына берілген өзіндік жауап болып табылады.

Либерализммен қатар мультикультурализмнің теориялық негізіне коммунитаризм тұжырымдамасын аламыз. Коммунитаризм – адам өзіне жақын санайтын, жалпы моральдық ұстанымдары, ұзақ мерзімді өзара міндеттемелері жолдастық және азаматтық сезімдер тән одаққа мүше болу арқылы өз бойында жақсы қасиеттерді дамыта және мағыналы өмір сүре алады деген сенім. Филосóфиялық коммунитаризмнің – қауымдастықты тұлғалардың жиынтығы деп санайтын либералды және либертариандық философиялардан ерекшелігі коммунитаризм «әрбір адамды қоғам, қауымдастық қалыптастырады» деп біледі және «индивид өзі өмір сүріп тәрбиеленген қоғамға тәуелсіз дербес қарастырыла алады» деген пікірді сынайды.

Нәтижесінде, «мультикультурализм» ұғымын: философиялық теория ретінде 1980 жылдардың ортасында өріс алған либерализм мен коммунитаризмнің – бірігуге деген коммунитарлық ұмтылыс пен «Өзгені» либералды түсінудің және «Өзгеге» деген ұстамдылықтың, яғни, либерализм мен комунитаризм идеяларының синтезі деп айтуға болады. Қазіргі таңда мультикультурализм – әлем азаматтары қоғамының қалыптасуы, әлемдік дамудағы универсалдылық (либерализм) пен жеке мәдениеттің және өркениеттің (коммунитаризмнің) дамуына тән ерекшеліктер арасындағы өткір қайшылықтарды шешуде мүмкіндігі мол амал болып саналады. «Мультикультурализм теория жағынан нақтыланбағанына қарамастан, оның әйгілілігі – елдегі, мемлекеттегі, аймақтағы, бүкіл дүниедегі мәдени көптүрліліктің өзіндік құндылығын мойындауда және этникалық мәдениеттерді сараптаудағы оларды «жоғарғы – төменгі», «негізгі – қосалқы» немесе «мемлекет құраушы – және өзгелер» деген секілді жіктеулерге жол беру мүмкіндігінің принципиалды мүмкін еместігі постулатында жатыр» – деп тұжырымдады Э. Паин [80,132б.].

Мультикультурализмнің теориялық іргетасы «әртүрлілік саясаты» (А. Жас), «тану саясаты» (Ч. Тейлор), либералды-эгалитарлық мультикультурализм (У. Кимлика), сұхбаттық мультикультурализм (Б. Парекх), либертарианды мультикультурализм (Ч. Кукатас) және басқа да ұғымдардан тұрады.

Кимликаның көрсетуінше, мультикультурализм туралы пікірталастар 1980–1990 жылдары басталды. Оның себебі, 1990 жылдардағы Шығыс Еуропадағы коммунизм идеясының құлдырауы салдарынан этникалық ұлтшылдықтың күшеюі болды. Ал ол үдеріс өз кезегінде демократияландыру үрдісіне әкеліп тіреді. Ескі батыстық демократияда мигранттарға қарсы наразылық пайда болды, рецессия қаупі күшейді. Байырғы тұрғындардың құқығын қорғауға бағытталған қозғалыстар кең етек жая бастады. «Жоғарыда

келтірілген факторлардың барлығы 1990 жылдардың басында өзінің шарықтау шегіне жете отырып, батыстық демократияның этномәдени көпжақтылықты игере алмағанын, оны бағындыра алмағанын айқындады» [75, 152б.]. Сол себепті, мультикультурализм Батыс елдерде ғылыми және қоғамдық дискуссияларда алдыңғы орынға ие болды.

Кимликаның тұжырымына сәйкес, мультикультурализм бірнеше векторларға ие. Бірінші вектор: мультикультурализм – коммунитаризм ретінде. Топтық идентификациялардың, түрлі этноконфессиялық топтардың, азшылықтың «либералды индивидуализммен ұйымдастырылған және біртұтас мәдени топтарды қорғау» құқығына қолдау көрсету.

Екінші вектор: либерализм шеңберіндегі мультикультурализм. Кимликаның байқауынша: «Адамдар өсіп шығатын және қалыптасатын тіл мен мәдениет шеңбері, жалпы алғанда, әртүрлі жағдайлардың бір бөлігі. Ал олардың өзіндік талғамы... өз тілі мен мәдениетіне рұқсаты кей кезде өзіндік саналы таңдау жасауға алғышарт болуы мүмкін... сонымен қатар азшылықтан белгілі бір құн төлеуді талап ету ақылға сыйымсыз. Себебі, ол кезде көпшіліктің бөлігі аталмыш құрбандық шалу әрекеттерін жүзеге асыруды ойламайды да» [75, 156 б.].

Үшінші вектор**:** мультикультурализм – ұлт қалыптастыру үдерісіне жауап ретінде. Белгілі бір топтың мәдени және діни ерекшеліктеріне байланысты мемлекеттің бейтараптылығының қажеттілігін ерекшелей отырып, Кимлика мемлекеттің бірегей әлеуметтік құндылықтарды қалыптастыруда азшылық нені қаласа, соған сезімтал болатындығына баса назар аударады.

Мультикультурализм 1960 жылдан бастап мәдени саясатта анықтаушы, шешуші рөлге ие болды, ал мәдени, нәсілдік, этникалық және басқа айырмашылықтар негізгі құндылыққа айналды. Мәдени айырмашылықтар мен ұлттық тамырлар ресми факт ретінде жарияланып, қолдауға ие болды. Көпшілік ұстанатын мәдениеттен бас тарту және кіші топ ұстанатын мәдениетті қолдау демократиялық қоғамды қалыптастырады, оның интеграциясын күшейтеді деген пікірге келді. Бұл өзгерістерді У. Кимлика былай атап көрсетті: «Бұрын–соңды ығыстырылып тасталған топтар өздерін одан сайын маргиналдандырып, басып тастағанын немесе «қабылданбаған, шеттетілген» деп сипатталғанын қаламайды. Себебі, олар өздерінің мәдениеті, ұлты, қаны (гені), қабілеті және сексуалдылық бағдарымен ерекшеленеді. Олар азамат ретінде ауқымды түрде қабылдануды талап етеді. Бұл олардың азаматтық тұлғасын мойындау және ерекшеліктерін жоққа шығармау, керісінше, қабылдау болады» [75, 182б.].

Мультикультурализмнің негізін салушы Ч. Тейлор «автономияны», «мойындауды» және «бірегейлікті», негізгі категориялар ретінде ұсынып, өзгелердің мойындауынан туған нәтижені тұлғаның «түпнұсқалылығы» және «ерекшелігі» деп біледі. Ч. Тейлордың тұжырымынша, адам «өзгені мойындау үдерісінде қалыптасады» [76, 70б.]. Демек, индивидтің тәуелсіздігі мен қауіпсіздігі оның тіршілігі формасының жан–жақтылығында. Тейлордың түсінігінше, мультикультурализм – бұл өзіне өзі қанағаттану, өзін–өзі мойындау формасы, яғни, индивидтің тек мойындату үшін күресі ғана емес,

оның ерекшелігі мен өзгешелігін, сонымен қатар, топтың жан–жақтылығын мойындатудағы талаптары.

Тейлор үшін жеке дара мәдениеттер тәуелсіз сипатқа ие, сондықтан, әрбір индивид өзі қалаған мәдениетті ұстануға құқылы. Егер, әрбір мәдениетті қоғам ғимаратын құраушы кесек ретінде қарастырар болсақ, оның әрбірінің әрқайсысына өзара тең екендігін есте сақтап барып жақындау керек. Тейлордың пікірінше: «ұзақ уақыт сыннан өтіп, әртүрлі адамдарды біріктіріп, олардың көзқарастарына, ішкі әлемдеріне сай дүниені бере алып, адамдардың түрлі болмыстарына, темпераменттеріне сай келіп, олардың жақсылық, игілік, құрмет, тамсану сезімдерін оятып, жауап бере алған мәдениетке, бізде тіпті оның жиіркенішті тұстары болса да, құрметпен қарауға тиіспіз» [76, 72б.].

Мультикультурализм барлық (ірі және ұсақ, күшті және әлсіз) этномәдени топтардың өз мәдениетін сақтауға және жетілдіруіне тең мүмкіндіктер жасау қажеттілігіне баса назар аударады. Соңғы мыңжылдықтың соңында мультикультурализм өзін философиялық теория ретінде таныта бастады, ол 1980–ші жылдардың ортасынан либерализм мен коммунитаризмнің теориялық үрдістері арасындағы пікірталас нәтижесінде пайда болды.

У. Кимлика үшін автономды мәдени топтардың өмір сүру мүмкіндігі түрлі мәдениетке жататын адамдарға қатысты және осы мемлекеттің аумағында дүниеге келгендер үшін ғана берілетін мүмкіндік болады; Б. Парекх: өзін жаңғыртуға қабілетті саяси қоғам мультикультурализммен айналысады. Қалай болғанда да, олардың барлығы мәдени плюрализмді қазіргі қоғамның ажырамас бөлігі ретінде қарастырады [81, 80–92б.]. Нәтижесінде, мемлекетте мультикультурализмнің, олардың нұсқасының негізгі қырлары сақталады, қоғамның демалыс және өмір сүру қабілеті және мәдени топтардың өзара іс–қимылы орын алады.

Саяси және философиялық парадигма ретінде мультикультурализмнің дамуын Ч. Тейлор және У. Кимликаның зерттеулері қамтамасыз етті. Мұндай тәсілдер С. Бенхабибтің «мозаикалық мультикультурализм» тұжырымдамасына сәйкес келеді. Бұл мультикультурализмнің радикалды түрі әлеуметтік әділеттілікті аянбай қорғайды, ал бірақ мәдениетті әлеуметтік фрагментациялауға әкеледі.

Мультикультурализмнің басты теоретигі Ч. Тейлор өз теориясының негізі ретінде жеке тұлғаның өз–өзін және бүкіл қоғамдастықты тану идеясын алады. Мәдени бірегейлік жеке тұлғаның қалыптасуында шешуші рөл атқарады. Мәдениет – жеке басты қалыптастыратын дискурстық тәжірибелердің жүйесі, бұл өз кезегінде қоғамдық танымға байланысты. А. Хоннет сияқты Тейлор да «қоғам немесе қоршаған орта нақты бір адамның немесе топтың шектеулі, қораш та жиеркенішті образын бейнелейтін болса, олар өзіндік бірегейлігінің бұрмалауын бастан кешуі мүмкін» [76, 45б.],–дейді.

Мәдени бірегейлік құбылысын қолдау қажет, өйткені, сәттілікпен әлеуметтену үшін толыққанды тұлғалық дамудағы басты нәрсе мемлекеттік мәдениетте жатыр.

Тейлорға қарағанда, У. Кимликаның тәжірибелік негіздемесі либералдық қағидалардан басталады. Кимлика топқа ғана емес, сонымен бірге, жеке адамның еркіндігіне де назар аударады: азшылықтардың құқықтары тек жеке тұлғалардың жеке автономиясына деген құрметпен үйлесетін болса ғана қолдау көрсетуге лайық деп табады. «Либерал мәдениет» тұжырымдамасының негізі – адамның автономиясын сақтау үшін қажет «қоғамдық мәдениет» ұғымы.

Мұндай мәдениеттер ұлттық болып табылады: олар белгілі бір аумақта шоғырланған, ортақ тілге негізделген және өздерінің әлеуметтік мекемелерінің желісіне ие. Ол еркін таңдау мүмкіндігі бар қоғамдық мәдениеттің аясында жүзеге асады – «өз мәдениетінің аясында ғана қозғалысқа түсу, нақты мәдени қызметтерден алшақтау, оның дамуға лайық және құнды жақтарын таңдау» [75, 182б.].

Ұлттық азшылықтардың мәдениеті мемлекеттік қолдауды қажет етеді, өйткені, олардың құрылымына көпшіліктің әділетсіз шешімдері нұқсан келтіруі мүмкін. Мемлекеттер өздерінің ішкі либерализациясы болған жағдайда, құқықтарды саралауға, топтауға және барлық қоғамдық мәдениеттерді қорғауды қамтамасыз етуге тиіс.

Мультикультурализм саясатын негіздеуде дәлелді айғақтарына қарамастан, Тейлор және Кимлика тәжірибе мен мәдениет тұжырымдамасына байланысты қайшылықтарды жою – реалды шындықты жеңілдетеді деп санайды. «Мен» бірегейлігінің әлеуметтік шығу тегі өзін–өзі бірыңғай бағалаудың, қоғамдық императивтердің ішкі синтезінің арқасында ғана мүмкін [76, 58,106б.].

Бірыңғай сенімге негізделген бірыңғай мәдени жүйе жоқ, олар өзара қиысатын алуан түрлі әлеуметтік тәжірибелер. Мозаикалық мультикультурализм – мәдениетте, яғни, біртекті, нақты бір этникалық топтың атрибуты ретінде, сондай–ақ, тұрақты тұтастық ретінде және қоғамның өзіндік көпұлтты мозаикасы ғана конгломератты монолитті әлеуметтік бірлікті білдіреді.

С. Бенхабиб Ч. Тейлор мен У. Кимликаның көзқарастарының әлсіз тұстарын анықтап, мәдениетке қатысты біртұтас пікір дұрыс емес екендігін тұжырымдады: «Мәдениетті тұтастық ретінде қарастыруға ұмтылу, яғни, бөлшекті – біртұтастық ретінде қарастыру логикалық қателік, аналитикалық шатасушылық болған болар еді» [31, 146б.].

Мозаикалық мультикультурализм, ең алдымен, арнайы және мәдени тұтастыққа баса назар аударады және нәтижесінде «мәдени айрықшалықты адам құқықтары нормаларының арасындағы қақтығыс» ретінде таниды [31, 148б.]. Бұл этникалық қауымдастықты сегрегациялауға және жасанды геттоларды, жабық монолитті «кварталдарды» қалыптастыруға алып келеді.

Соңғы онжылдықта коммуникативті еркіндікті емес, қоғамдық сегментацияны кеңейте түскен мозаикалық мультикультурализм демократиялық тұрақтылықты қолдауға арналған қолайлы жағдайды іске асырмағаны белгілі болды. Демек, адамдардың мәдени және этникалық сипаттамаларын біріктіретін және демократиялық реттеудің нормативтік

негіздерін сақтайтын жаңа саясатқа қажеттілік туды. Қоғамдағы өзара түсінісу үрдістерінің жоғары деңгейі ғана саясатты үйлестіреді және адамның ішкі табиғатын жүзеге асырады.

Мультикультурализмнің мысалынан көріп отырғанымыздай, даралық пен ұжымшылдықтың қоспасының нәтижесі мүлдем тиімді шешім емес. Мұнда мәдениет пен қоғамның коммуникативтік құрылымы ескерілмейді. Шын мәнінде, даралық пен ұжымшылдықтың белгілі бір нысандарының маңызды элементтерін дұрыс синтездеудің арқасында әлеуметтік тәртіпті қолайлы үлгі ретінде алуға болады [7].

Ю. Хабермас либерализм бәсекелес преференциялардың еркін ағынына бағдарланған және демократияның жемісінің «реалистік» анықтамасын болжайды. Бірақ либерализмге нормативтік қағидаттардың жетіспеуі мүмкін, соған сәйкес мүдделер нарығында табысты шешімдердің әділдігін бағалауға болады. Либералды азаматтар түрлі ұғымдарды еркін таңдайды, алайда, жеке мүдделерін шешуге мүмкіндік беретін ортақ құқықтық жүйемен бөліседі.

Жеке преференциялар ұжымы жоғарыда орналасқан, сондықтан, бұл процессуалдық модель қатаң жеке автономия негізінде тамаша әлеуметтік құрылым мен оған жету жолдары негізінде жүзеге аспақ. Либералды емес, республикалық нұсқа осы нормативтік мәселелерді көтереді. Республикашылдық азаматтықты алдымен, құқықтық емес, этикалық тұрғыдан қарастырады. Бұл классикалық көзқарасқа сәйкес, қоғамның саяси сферасында азаматтар өздеріне қолайлы толыққанды жағдайды іздейді және сол үшін бірігеді [82, 47б.]. Бұл ортақ мақсатқа деген ұжымдық ұмтылыс республикашылдық тұрғысынан еркін режим үшін қажетті шарт болып табылатын патриоттық бірегейлікке тура келеді. Республикашылдықты қолдаушылардың пікірінше, өміршең саяси жоба жеке мүдделерді қарапайым біріктіруге негізделе алмайды. Ол патриоттық бағыттылықты талап етеді. Бірақ мұндай бағыну оң нәтижелерге әкелмейді.

Ондай саяси жүйе азаматтарға азаматтық қатысудың «елеулі» құқықтарын емес, «ресми» түрін ұсынады. Яғни, ресми демократиялық құқықтар барлық жерде бар, олар мынадай артықшылықтармен ерекшеленеді: либерализм жағдайында экономикалық бай республикашылдық үстем мәдениет өкілдеріне қатысты. Демократиялық процедураларда мәдени айырмашылықтарды қалай ескеруге болатыны туралы сұрақтарға жауаптар қанағаттанарлықсыз болып отыр.

Либералдық және республикалық нұсқаларда мәдениет бейсаясаттанады және дербес салаға айналады. Мәдени әртүрлілік үдеп келе жатқан дәуірде мұндай қадам этносаралық шиеленістердің өсуіне ықпал ететіні дәлелденген. Демократияның түбегейлі үлгісі мультикультуралистік қоғамда демократия мен әлеуметтік әділеттілікті жүзеге асыру жолында кездесетін либерализмнің және республикашылдықтың шектеулерінің маңызды бөлігін жеңеді. Бүгінгі күні мемлекеттің тұрақтылығы плюрализмге адал жүйелерді қолдау арқылы ғана жүзеге асады.

Осындай қоғамдық құндылықтардың әртүрлі жүйелерінің бәсекелестігі жағдайында жалпы маңызды мәселелер бойынша келісімге қол жеткізу тек ұтымды сұхбат арқылы ғана мүмкін болады. Мұндай плюрализмнің ортасында либералды модельдің артықшылығы оның рәсімшілдікке, яғни, дискурстың этикасына жататындығында болып отыр.

Бұл моральдық философия зорлық-зомбылыққа немесе мәжбүрлеуге жол берместен әділ сот төрелігі мәселесін шешуге бағытталған. Бұл барлық азаматтар мен тиісінше, «өмірлік контекстерді» қамтитын қоғамдық пікірталас арқылы, теңдікке қатысты талаптарды қанағаттандыруға болады. Дискурстық әдіс белгілі бір этосқа бағытталмаған, оның жалғыз шарты – әділ, түбегейлі рәсім. Байланыс үрдісі стратегиялық әрекеттерден еркін жағдайды ортақ түсінуге бағытталған қоғамдық рационалды сұхбатқа араласуды білдіреді.

Демократия мен либерализмді айқындайтын азаматтық қоғам бағытына көшу оны республикалық үлгіге жақындата түседі. Екінші жағынан, республикалық ұстаным қоғамдық сала тұжырымдамасына негізделген. Ол ынтымақтастықты әлеуметтік интеграцияның негізгі көзі ретінде қарастырады. Бірақ республикашылдықтың жоқтығы – ортақ игілік туралы бірыңғай идея.

Республикашылдықтың «этикалық жүктемесі» осы үлгіні мәдени әртүрлілік аясында жоқ құндылық бағдарлары мен мүдделеріне қатысты консенсусқа шектейді. Республикашылдық ортақ этникалық және мәдени бірегейліктің орнына, азаматтарды кеңесудің, сұхбаттасудың демократиялық теориясы міндеттемесін бөлісуге шақырады. Ю. Хабермас оның көзі, саяси дискурс ретінде «конституциялық патриотизмді» атады [82, 48б.]. Осылайша, делиберативті үлгідегі ұлтаралықтың «функционалдық эквиваленті» ретінде әрекет ететін ынтымақтастық мәселесін шешеді. Ынтымақтастық, ортақ этникалық қауым ретінде ұлттың идеясына негізделмесе де, негізі бар «саяси мәдениет» субмәдениеттерден және олардың қосымша сәйкестігінен алыстай бастайды, бірақ біріншісінің өміршеңдігі екіншісімен тікелей байланысты болады.

Ю. Хабермас ол қызметтердің жағымды немесе жағымсыз әсері туралы айтпайды; ол тек заңдар мен келісімдер адамдарға қатысты қаралуы тиіс екендігіне ерекше назар аударады. Хабермастың дәлелді демократия теориясының коммуникативтік ядросы оны мультикультуралды қоғамдағы ең тиімді демократиялық тұғырнамаға айналдырды.

Республикашылдық қоғамның сұхбатына негізделеді, бірақ оның коммуникациялық тұжырымдамасы қоғамдағы плюрализмге жол ашпайды. Дискурстық әдіс жалпы түсіністік пен қызығушылықтың болуын ғана емес, оларға қол жеткізу үшін де мүмкіндік ашады. Мультикультуралистік қоғам үшін бұл ең перспективалы үлгі.

1. Біріншіден, республикалық үлгідегіде, саяси әмбебап құрал ретінде қарастырылатын коммуникацияны түсіну – мәдени азшылықтың қоғамға толыққанды енуіне ықпалдасатын перспективалық платформаны қалыптастырады.

2. Екіншіден, бірыңғай коммуникативті ашық кеңістіктің дамуы арқасында, бейтарап либерализм көтермелейтін дара көзқарастар және демократиялық тұрақтылық жойылмайды.

3. Үшіншіден, бүгінгі таңда демократия – демократиялық үлгі мемлекеттегі патерналистік стратегияларға сәйкес қолданыстағы тәртіптің толық заңдылығын қамтамасыз ету мүмкіндігін жоққа шығарады. Мемлекеттік билік субъектілерін топтардың өмірлік тәжірибесімен және онымен байланысты қатысушылардың келешегі туралы өздерінің қабылдауынан туындайтын барлық мемлекеттік шаралар негізінен тиімді болмайды. Бұған қоса, бұл азаматтық енжарлықтың пайда болуына әкеліп соқтырады және мемлекеттің жауапкершілігін азайтады, мемлекеттік тапсырыскерлердің апатетикалық массасын қалыптастырады.

Делибералды үлгі бұрын-соңды болмаған азаматтық мақсаттың бар екенін болжамайды, алайда, оған қол жеткізудің жолын ұсынады. Алдын–ала жасалатын тапсырыстар мәдени артықшылықтарды ескермеумен қатар, құрылымдық теңсіздікті күшейтеді. Қоғамдастыққа дискурстық шеңберде ғана қол жеткізіледі және мәдени айырмашылықтар қажетті қашықтықтың кепілі ретінде қабылданбайды.

Айта кету керек, демократияның батыстық үлгілеріндегі «нормативтік модельдің кейде шындыққа сәйкес келмейтінін көреміз, өйткені, бұл қалыпты қажеттіліктің дәл осы шындықтан асып түсетін қағидаттар мен уәделерді ескере отырып, адамдар өмір сүріп жатқан шындықты бағалайтындығымен түсіндіріледі [82, 52б.].

Атап айтқанда, либералдық мультикультурализмді интеграциялау тұжырымдамасын қалыптастыру және қолдану туралы осындай саясатты адресаттың кейбір өзгерістері туралы айтуға болады. Бұл азшылықты «мәдениет» деп санауға болмайды, яғни, біздің жағдайда, барлық этномәдени топтар, соның ішінде, үстем этникалық топтар, тиісті түрде жіктелуі және әртипті көзқарастарды сараптау қажет. Либералдық мультикультурализмді интеграциялау тұжырымдамасының саясаты этносаралық келісімді қабылдау арқылы ұлттық шоғырландыру деңгейін көтере алады деген болжам бар.

У. Кимликаның еңбегінде көрсетілгендей, ұжымдық құқықтарды қорғау жеке адамдардың құқықтарына ешқандай нұқсан келтірмейді. Бірақ бұл этникалық топтар қолданатын мәдениеттің дәстүрлі нысандарын мемлекет тек либералды мемлекеттің кепілдік берілген адам құқықтарына қайшы келмейтін дәрежеде таныса ғана жүзеге асады [75, 50б.]. Екінші жағынан, кейбір «уақытша қолдау» саясаты кейбір құқық қорғау органдарының бұрынғы шектеулеріне өтемақы ретінде кейбір топтарға уақытша қолданылса, басқа топтардың өкілдерінің жеке құқықтарын бұзу деп қарастыруға болмайды. Бұл тәсілді көптеген елдер өз практикасында қолданады, бұның ең көп таралғаны мультикультурализм саясаты.

Американдық мультикультуризм теориясының негізі және У. Кимликаның көпұлтты азаматтық теориясының негізі – қоғамның тұрақтылығы мен өркендеуінің кепілі болып табылатын либерализм қағидаларын бекіту.

Кимликаның негізгі тұжырымдамасы төмендегідей пікірде көрініс табады: егер біз барлық теңсіздіктерді жоймасақ, тек біреуге зиян келтіретін түрлерін жойсақ, адамдарға теңдей қарым-қатынас жасаймыз.

Егер теңсіздік әркімге пайдалы болса, әлеуметтік пайдалы талант пен қызметтің дамуына ықпал етсе, теңсіздікті қолайлы деп санауға болады. Либералдық демократияда танылған қарапайым азаматтық саяси құқықтар, атап айтқанда: дауыс беру құқығы, мемлекетте кез келген лауазымға орналасу құқығы, сот төрелігі құқығы, сөз бостандығы – «негізгі еркіндіктер» деп аталатын құқықтарды қорғауға У. Кимлика айрықша көңіл бөледі. «Егер қоғамда тең мүмкіндіктер мойындалатын болса, өз мақсатыма жету жолындағы сәттілік пен сәтсіздіктерім менің нәсілдік, таптық, жыныстық белгілерімен емес, менің жеке басыма байланысты болғаны»,–деп жазады Кимлика [75, 150б.].

У. Кимлика классикалық либералдық қағидалардың мазмұнын былайша көрсетеді: «Классикалық либералдық қағидалар «сыртқы қорғаныс» талаптарына ең жақыны, бұл – азшылықтың осалдығын қоғамдағы көпшілік шешімдерінен туындату. Сондай–ақ, классикалық либералдық әділеттілік бір топтың басқа топтарды пайдалануына немесе қысым жасауына мүмкіндік беретін құқықтарды қабылдай алмайды. Сыртқы қорғаныс – белгілі бір топтың иелігіндегі артықшылықтардың жоқтығын мойындай отырып, топтар арасындағы теңдікті қолдаса, заңды болып саналады. Осылайша, классикалық либерализм азшылықтың еркіндігін және көпшілік пен азшылық арасындағы теңдікті талап етеді [75, 152б.].

Мультикультуралды қоғамдағы саяси теңдік мәселесін талқылаған Кимлика азшылық құқықтарының маңызы мен мәртебесін тереңінен зерттеді. Оның пікірінше, либерализм мен толеранттылық – тарихи және тұжырымдамалық ажырамас бірлік. Діни толеранттылық либерализмнің тарихи тамырларының бірі болды. Либералды құндылықтар, білім беру, сендіру және қаржылық қолдау арқылы расталуы тиіс. Мемлекеттің сыртында да, елде де зорлық–зомбылық арқылы либерализмді дамытуға болады, ұлттық азшылықтар мен мемлекет арасындағы қарым–қатынас сұхбат арқылы анықталуы керек.

У. Кимлика, мемлекет этникалық проблемалардан және біртұтас этностықтан бөліне, ажыратыла алмайды деп санайды. Ол бірқатар этникалық және діни топтардың кейбір мәдени шараларға мемлекеттік қаржылай көмек көрсетуді талап етуі әділетті екенін мойындайды, мәдениет ресурстарының байлығын және алуан түрлілігін қолдауға және бекітуге бағытталған әрекеттерге сілтеме жасайды.

Бұл – қоғамдағы тұрақтылықты арттырады және этникалық, діни топтардың теңсіздіктерін жояды. Мемлекет тарапынан белгілі бір қаржылық қолдау болмаса, көптеген ұлттық азшылықтар жоғалып, мәдени ерекшеліктерін жоғалтады. Кимлика мәдени нарықты қолдайды. Сонымен қатар, Кимлика мынадай сұрақтарды дұрыс деп санайды: біріншіден, қоғамның мәдени әртүрлілікті немесе түпнұсқалықты сақтауы керектігінің себептері туралы мәселе; екіншіден, көшіп–қонушылардың тілдерін мемлекеттік тілді үйрену

қажеттілігі туралы және үшіншіден, толеранттылық немесе төзімділік мәселесі тікелей байланысты болған азаматтық туралы мәселе [139].

Толеранттылық мәселесі көптеген жылдар бойы Майкл Уолцердің философиялық жазбаларының орталық мәселесі болды. Ол «Әртүрлі тарихи, мәдени және сәйкестілігі бар адамдар топтарының бейбіт қатар өмір сүруінің сыры толеранттылықта, ондай өмір сүрудің мүмкін болуы төзімділікпен байланысты» - деп жазды [37, 102б.] М. Уолцер толеранттықтың түрлерін және олардың дамуын талдай отырып, толеранттылықтың, айырмашылықтардың болуына мүмкіндік жасайтындығына назар аударды; айырмашылық толеранттылықтың қажеттілігін білдіреді.

«Толеранттылық туралы» атты өз еңбегінде қарастыратын ең маңызды түйткілдердің қатарына мыналар жатады: толерантты режимдердің түрлерін анықтау; көшіп келушілер қауымдастығының плюрализмін қарастыру. Ол төзімділікті әлеуметтік қажеттілік сипатында қарастыра отырып, оны қайшылық пен ксенофобияның таралуын жоққа шығаратын айырмашылықтарды қабылдаудың ерекше оң әдісі ретінде айқындайды. Қазіргі заманның өзгерген шынайылығының басты ерекшелігі – мәдени плюрализм. М. Уолцер ұсынған толеранттылық типологиясы толерантты деп түсінуге болатын адамдар, топтар, қауымдастықтардың арасындағы өзара әрекеттестіктің әртүрлілігін көрсету үшін жасалған [37, 102б.].

М. Уолцер толеранттықтың бес түрін көсетеді:

– бейбітшілікті сақтау үшін айырмашылықтарға барынша төзімділікпен қарау. Бұл түрі XVI және XVII ғасырлардағы қоғамдарға тән және діндердің кейбірінің ұзақ уақыт қудалануынан кейін конфессиялық төзімділіктің қалыптасуымен байланысты. Бұл жағдайда шындықты және негізгі моральдық, құқықтық, саяси нормаларға қатысты емес көзқарастардағы айырмашылықтар қоғамның қалыпты жұмысына кедергі келтірмейтіндіктен толеранттылыққа негізделеді;

– енжар ұстаным, релаксация, айырмашылықтарға енжар қарау. Толеранттылық қашанда өзгелерге құрмет ретінде көрініс табады. Түрлі құндылықтармен ерекшеленетін түрлі мәдени қоғамдар бір–біріне қайшы келмейді;

– адамгершіліктік тұрақты құндылықтардың бір түрі – басқалардың құқығына қарамастан, тіпті, егер бұл құқықтарды пайдалану тәсілдерін ұнатпаса да, қағидаланған келісім. Басқа қоғамдар мен топтарға қатысты осындай толерантты қарым-қатынастарды басқалардың әлсіздігіне қарсы қою және оларды кейбір жеккөрушіліктің түрі ретінде атауға болады, өйткені, адамдар өз мәдениетінің құндылықтарын барынша жақсы деп санайды;

– басқаларға ашықтық, қызығушылық, құрмет, тыңдау және үйрену;

– егер айырмашылықтар мәдени әртүрлілік немесе функционалдық ретінде қабылданатын болса, айырмашылықтар адамзаттың дамуының міндетті шарты ретінде әрекет етсе, таңдау еркіндігінің толықтығын қамтамасыз етеді.

Өз қарапайымдылығына байланысты толеранттылық қағидаты утопиялық нәрсе болып көрінуі мүмкін. Дегенмен, утопизмнің өзі де осы идеяның

жағымды жағын ескермейді. Толеранттылық айырмашылықтардың бейбіт қатар өмір сүру қағидасы ретінде бүкіл қоғамның, оның барлық құрылымдарының, оның барлық деңгейлерінде, басым көпшілігіне ғана емес, жалпыға ортақ болуы керек. Уолцер сондай-ақ, төзімділіктің әртүрлі формалары оның тарихи, ұлттық және мәдени тұрғыда әрқайсысына сай келетініне баса назар аударды. Уолцер «толерантты режимнің» бес нұсқасын анықтады (көпұлтты империя, халықаралық қоғамдастық, консулдық жүйе, ұлттық мемлекет, эмигранттар қоғамы) және сонымен бірге, Франция, Израиль, Канададағы күрделі, аралас жағдайларға сараптама жасады.

Уолцер мәдени айырмашылықтарды теориялық «репрессияға» жатқызбайды. Осы негіздегі ықтимал тұжырымдардың сыни радикалдылығынан бөлек, мәдени әлемдегі шешуші айырмашылықтарды мойындау релятивизмінің мәнін түсіндіреді. Автор релятивизмнің дұрыс екеніне сенбейді. Уолцер рұқсат берген релятивизм мен этноплюрализм шын мәнінде шектеулі. Мәдени айырмашылықтарды тану толеранттылық мәселесін мәдени мәселе ретінде түсіну үшін емес. Ол толеранттылық мәселесі тұрғысынан мәдени айырмашылықтар құбылысын енгізді, бірақ ешбір жағдайда мәдени айырмашылықтар тұрғысынан толеранттылық мәселесін қозғамайды.

Уолцер толеранттылық тақырыбы қазіргі формада либералды саяси мәдениет саласына жататынына сенбейді. Сонымен қатар, кейбір жерлерде ол оқырманға толеранттылықтың мәдени бейтараптығына күмән келтіруге мүмкіндік береді. Атап айтқанда, оның діни аспектісі туралы Уолцер: «Толеранттылық ... әр түрлі топтарға протестант үлгісіне бейімделудің белгілі бір нұсқасын берді»,– дейді [37, 104б.].

Уолцер толеранттылық пен идеологияның немесе толеранттылық режимінің арасында туындайтын шиеленісті зерттеді. Ол толеранттылық режимі либералдық ұлттық мемлекеттерде және эмигранттар қоғамдарында жүзеге асырылатынын мойындады. Демек, толеранттылық ішкі қайшылықты қамтымайды. «Қақтығыстарды қорғау» қажеттілігі туындағандықтан, қазіргі заманғы қоғамдардың толерантты режимі оларды жойып тастайды.

Ең алдымен, олардың тарихында өздерінің ішкі логикасы либералды емес адамдар тобы бар. Уолцер осы мәселеге қатысты: «Төзімсіз және либерал емес топтарға (мысалы, шіркеулердің көпшілігі) ерікті бірлестіктер ретінде ғана жол берілуі мүмкін, бірақ оларды орындауға уәкілетті дербес ұйымдар түрінде олардың мүшелерінің қатынасы қаншалықты?» деген сияқты пікірлерін білдіреді [37, 115б.].

Мәдени қауымдастықтардың толеранттылықтың басты объектісі болып табылатын дәстүрлі империялары мұндай өкілеттіктерді артта қалдырады; азаматтық төзімділікке жеке таңдау жасайтын либералдық режимдердің кері әсері теріс. Уолцер жеке адамға бағытталған заңдық әмбебаптығының репрессивтік әсерін жасырмайды.

Барлық жағдайда толерантты болатын шешімнің болуы мүмкін емес және түбегейлі таңдау төзімділікке ие бола ма, жоқ па, мұны қаншалықты деңгейде

қарастыру керек және ол қалайша өмір сүру деңгейіне төзімді болу керек деген мәселе осы тұрғыдан қарастырылса керек.

Уолцер жеке адамның деңгейінде түсіндірілген абстрактылы толеранттылықтың қоғамдастық деңгейінде төзімсіздікке айналуы мүмкіндігін атап көрсетеді. Этноплюрализмнің мұндай төзімсіздігін теоретиктер «этноцид» деп атайды.

«Этностыққа» ұшырату «архаикалық» тайпалардың артықшылығы емес. Ол қоғамда басқа адамдарға, бейтаныс адамдарға, жеке тұлғаларға, олардың өзін ұстауға және қандай да бір себептерге сәйкес келмейтін себептерге байланысты орын алып отырады. Дегенмен, мәдени, этно–діни қауымдастықтардың кең ауқымы үшін толерантты режим бейтараптандырылатын ассимиляцияның күрделі түрі болып табылады.

Мұның бір жолы (және Уолцер мұны көруге көптеген себептер бар деп біледі), либералдық ұлттық мемлекеттерде және эмигранттық қоғамдарда мәдени айырмашылықтардың әсері жеке өмірде тоқтатылады. Салт–дәстүрлер, сенім, ұлттық ерекшелік – азаматтардың жеке мүддесі.

Уолцердің отандастарының өзіндік ерекшелігі бұрынғы мәдениеттер мен діндердің кішігірім қалдықтарынан құрылды және «мультикультурализм – конгломерация кезінде мәдениеттердің жарылып, бір–біріне жақындап, қашықтықты жоғалтқан кездегі гравитациялық құлдырауы» сияқты көрінеді.

Өз мәдениетін бұзатын адамдар және өздерінің мәдениеттерінің шіркеулерінен, өздерінің бүкіл тәжірибесінен, мәдениет өмірінің тәжірибесінен шығуға тырысады, олар онымен мәңгілік таныс болмайды.

Бұрынғы топтық бірегейлігін жоғалтқан адамдар жалпы немесе жаңа топтық сәйкестікке ие болмайды. Уолцер бұл жағдайды толеранттылықтың постмодерндік жобасы аясында қарастырады және постмодерндік құмарлықты жек көрмейді, ол адамдармен бірге кедейліктен және мәдени өмір саласының тарылуымен байланысты [37, 166б.].

Уолцердің айтуынша, толеранттылық, азаматтық бейбітшілік пен ортақ өмір үшін қажет жағдайлар индивидуализммен емес, топтарда, кәсіподақтар мен бірлестіктерде қатысу арқылы қамтамасыз етіледі, себебі, адамдар жеке адамдарға қатысты күшті болуы және басқа адамдармен байланыста болуы мүмкін. Алайда, бостандық пен тануға ұмтылған немесе олардың жеке тұлғаларын, топтарды қабылдаған адамдар арасындағы шиеленіс – қазіргі заманның айқын және күшті ерекшелігі болып табылады. «Қазіргі заман ... жеке адам мен топ, азамат және қоғамдастықтың мүшелерінің үнемі шиеленіс жағдайында өмір сүруін талап етеді. Постмодернизмге осындай кернеу қажет, бірақ ол өзара қақтығыс пен заманауилыққа қатысты болуы керек» [37, 122б.].

Осылайша, заманауи қоғамның барлық құрылымы мәдени тәртіптің топтық айырмашылықтарын сақтауды талап етеді. Бұл тұжырым – Уолцер уағыздайтын қалыпты плюрализмнің мәні. Кез келген жағдайда, төзімділік, айырмашылықты бейтараптандыру қосарлы болып табылады. Адамдар нәсілдік, этникалық немесе діни көзқарастарына қарамастан, жеке тұлғалар ретінде құқықтарға ие, бірақ жеке адамдар біріктіріліп, әр топ, әсіресе,

азшылық, «өз орнында дауыс беру және өз саясатын жүргізу» құқығына ие [37, 126б.].

Бұл түпкілікті мәселе Уолцердің ойларының соңғы бөлігі болды, онда ол жалпы мүдделерге қызмет ететін жеке адам мен қоғамдастықтың өзара күшеюі тиімді саяси қолдауды қажет етеді, атап айтқанда, сол қанат либерализмін қолдайды деп санайды.

У. Кимликаның мультикультуралық және мультикультуралы азаматтық ұғымы теориялық түрде терең негізделген модельдің бірегейі саналады. Автордың талдауының логикалық мәні былайша өрбиді. Ешқандай «абстрактылы индивид» деген жоқ, әрбір индивид қандай да бір мәдени топтың өкілі. У. Кимликаның топшылауы бойынша, мәдениет дегеніміз – қандай да бір этникалық топтың қорғауды талап ететін нормаларының, жоралғыларының, құндылықтарының және менталдылық ұғыптарының жиынтығы.

Бұл саладағы авторлардың келесісі Ч. Тейлордың логикасы былайша құрылады. Адам өмірі әрқашан өзге адамдармен қарым-қатынас жасау арқылы жалғасын тауып отырады. Адамның адамшылығы өздігінен емес, қарым–қатынас барысында, келесі бір адамның азаматтығын мойындау арқылы көрініс береді. Сол себепті, біз, өзімізді, әдетте, қоршаған ортаның жауабы арқылы ғана бағалаймыз.

Либералды әділеттілік қағидасы бойынша, этностық азшылықтың саны мен ерекшелігіне қарамастан, ол мәдениеттер әрқашан да құрметке және өмір сүруге құқылы болуы тиіс. Мұндай либералды құндылықтар сақталған елдерде, әдетте, әділеттілік қағидалары, өз мәдениетін қорғау, табиғи қорғану функциясы іске асырылады. Алайда, У. Кимликаның мәлімдеуінше, этносаясатты жүргізуде міндетті түрде есте сақтауға тиіс болатын бірнеше қағидаттар тізбегі бар.

Негізгі талаптарды екі топқа бөліп қарастыруға болады. Біріншісі, азшылықты құраушы ұлттар. Саны мен орналасу ауқымы аз болғандықтан, олар көп жағдайда өзіндік бірегейлігін анықтай алмайды. Либералды құндылықтар бойынша, кез келген мәдени азшылықты құрайтын топ, кез келген ортада өзінің дәстүрі мен ұстанымдарын қолдануға құқылы.

Екінші бір бөлікті өзге елден өз еркімен көшіп келген мигранттар құрайды. Саяси-әлеуметтік себептермен көшіп келгендіктен, олар мәдени экспансияға қарсы тұру, өзін сақтап қалу саясатына кіріге қоймайды. «Қоғамдық келісім» теориясы бойынша, мемлекет иммигрант азаматтар алдында олардың мәдени сақталуына кепілдік беріп қана қоймай, сонымен қатар, жайлы өмір сүруіне құқықтық–әлеуметтік тұрғыдан жағдаят жасайды. Мемлекет өз азаматтарына мәдени, этностық, ұлттық ерекшеліктеріне қарамастан, баршаға ортақ құқықтық негізде жағдай жасайтын болса ғана либералды құндылықтар орнығады. У. Кимлика тұжырымы бойынша, «либералды плюрализм» дегеніміз осы. Б. Бэрри У. Кимликаның теориясын ультраұлтшылдық теориясының негізі деп атады [74, 81б.].

1960–1990 жылдар аралығында мультикультурализм ғылыми салада да, батыстық дискурс қоғамында да негізгі, басым саясатқа айналды.

Мультикультурализм саясатының практикалық түрде іске асуы бірнеше себепті тудырды. Э. Паиннің көрсетуінше, «1960 жылдың аяғынан капиталды шығару және өндіріс күштерінің дамыған әлемнен дамушы әлемге ауысуын күшейтті.... Дәстүрлі мәдениеттің ыдырауының, бұрынғы батыстық стратегиялардың орнына дәстүрлі мәдениеттер мен батыстық экономикада бейімделу пайда болды. Бұл үрдіс нағыз батыс мемлекеттерінде жүзеге асырылды. Жаңа стратегия дәстүрлі мәдениетке қатысты индустриализацияның стандарттаушы қызметтерін азайтып қана қойған жоқ, сонымен қатар, дәстүршілдіктің дамуын күшейтті, легитимизациялады. Бизнес мәдени универсализмнің идеялары мен модернизациясының дәнекершісі және қорғаушысы рөлін атқаруын тоқтатты. Ал бұл өз кезегінде XX ғасырдың үшінші бөлігіндегі интеллектуалды климаттың әлемдік дамуына өз әсерін тигізді» [80, 133б.].

Мультикультурализмнің (оның теориялық немесе эмпирикалық сипатта болғаны маңызды емес) мәселесі қоғамдағы мәдени айырмашылықтарды мемлекет тарапынан ұйымдастырылған шаралар арқылы жою немесе біркелкілеу емес, керісінше, дамуға деген беталысқа мән беріп жол ашуда.

Мультикультурализм философиясының негізгі мәселесі – «әрқайсысы бөлек коммуна ретінде бой көрсететін ұлттық, діни, сексуалды және өзге де ұсақ құқықтарға негізделген либералды қоғамның азаматтығына құрылған әділдіктің құқықтық тұжырымдамасы мен адам құқығы приоритетін қалай үйлестіруге болады? Кіші мәдени топқа жататын индивидтің абстрактылы тұжырымдамасын тұлғаның әлеуметтік тұжырымдамасымен қалай біріктіруге болады?» деген сауалдарға жауап іздеуден туындайды.

Саяси философтар мен саясаттанушылардың пікірінше, мультикультурализмнің қалыпты теорияға айнала бастауы 1989 жылдағы «тарихи ақырзаманның» келуімен байланысты. Сол кездегі саяси жағдай құлдыраған маркстік баламаның орнын басатын жаңа, сыни идеализмді іздеді. Бұл ізденіс адам құқығы мен әділеттіліктің идеализациясын өзіне жанастыра алған жаңа, солшыл кантиандықты тудырды.

Бұл уақытта экс–марксистердің жартысы азшылық мәдениеттерге теңдік беретін атақты «мәдени төңкерістің» артықшылығы мен қажеттілігін көрсетуге тырысып жатса, келесі жартысы адамның конституциялық құқығын дүниежүзілік тұрғыда қарастырды. Нәтижесінде, мультикультурализм Батыстың саяси–философиялық бағыттағы мәдени және діни әртүрлілікке жауап ретінде пайда болған ұғымы ретінде сипатталды.

Аталған бағыт өзге елдің мәдени бірегейлігіне немқұрайды қарауды, маргиналды топтар туралы түсінікті өзгертуді білдірді. Басты талап – әлеуметтік топтарға жататын азшылық мәртебесін иеленген адамдардың басына түсетін кемсітушілікті еңсеру.

Мультикультурализмнің түрлеріне келер болсақ, зерттеушілер мультикультурализм саясатының мәнін түсінуде екі негізгі көзқарасты ерекше атап көрсетеді, бірақ олар өз атаулары үшін көптеген сын есімдерді пайдаланады. Мысалы, «қатаң» немесе «күшті» мультикультурализм

этномәдени топтардың мүдделері сол қоғамның мүдделерінен жоғары болған кезде, «тар», «радикалды» этномәдени саясаттың синонимі болып табылады.

Осы доктринаға негізделген саясат белгілі бір мүдде үшін (мысалы, Солтүстік Ирландиядағыдай) қарулы қарсыластыққа тіреген соғысушы топтарға, жоғары сегменттелген қоғамдарға ғана әкелуі мүмкін. Мұндай жағдайда радикалды мультикультурализм мәжбүрлі түрде татуласудың қажетті құралына айналып, қауымдастықтар арасында нақты шекараларды орнатуға және әрі қарай «бейбіт қатар өмір сүру» үшін бір-бірінің ішкі істеріне «араласпауға» көмектеседі.

Бірақ бұл демократиялық емес Батыс елдерінің үкіметінің саясатын айқындайды: жаһанданудың күрделі жағдайында ұлттық азшылықтарға көмек көрсету, олардың проблемаларын шешіп, қоғамдағы өзара түсіністікке қол жеткізу арқылы ұлттық бірлікті қамтамасыз етеді. «Әлсіз» немесе «жұмсақ» либералды мультикультурализм доктринасы әлеуметтік интеграция үдерістерін, оның ішінде, әлеуметтік мәдениет деңгейін көтеруді көздейді.

Олар үшін бұл доктрина интеграциялық мәселелерге және өз мемлекеттерін құрғаннан кейін ғана еркін дамыта алатын титулдық этноникалық проблемаларға назар аудару бағытында әлдеқайда еркін және өзгертілген түрде қолайлы. Мұны жай ғана «либералдық мультикультурализмді интеграциялау» деп атауға болады (ЛМИ). Бұлайша негізделген саясаттың міндеті – топтық және жеке құқықтар мен мүдделерді үйлестіру, этникалық мәдениеттерді сақтау және дамыту. Ұлттық мәдениеттің осындай маңызды қабатының пайда болуымен қатар, жалпыға ортақ ұлтаралық этникалық азаматтық бірліктің пайда болуын қамтамасыз ете алатын болады.

ЛМИ классикалық нұсқасындағыдай, ЛМИ доктринасы этникалық және басқа топтардың ұжымдық құқықтарын, олардың мәдениеті мен сәйкестігін қорғауға, сондай–ақ, осы мәдениеттерді сақтау мен қайта құру үшін тең мүмкіндіктерге ие болуын тұжырымдайды. Сондай–ақ, бастан өткен нәубеттер кезеңінде мәдениеті қуғын–сүргінге ұшыраған топтар үшін қолдаудың артуын, қажет болғанда қолданылу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

«Түрлі топтар арасындағы қарым-қатынастың қалыптасуында мультикультуралық құбылысы интеграциялық қызмет атқарады ма, әлде, дезинтеграцияға ықпал етеді ме»,-деген сауалға тоқталар болсақ, аталмыш саясаттың интеграциялық бағытқа негізделгендігін көрсетеді. Мультикультурализмнің негізгі әлеуметтік мәні де осында, яғни, мәдени саясат әрбір топтың қоғамдағы рөліне, ұйыстырушылық қызметіне негізделе іске асуы тиіс.

Мәдениеттердің өзара қатынасын талдайтын болсақ, олардың түрлері бірнешеу:

1. Алғашқы түріне ассимиляция жатады. Ассимилияцияның негізгі мақсаты – қандай да бір мәдени азшылық топты, этникалық, мәдени тұрғыда басым топтың сіңіріп жіберуі. Мысал ретінде, қазіргі кезеңдегі Францияны айтуға болады. Жақында ғана, француз үкіметі қабылдаған заң бойынша Францияда азаматтық мономәдениетке негізделген «француз ұлты» ұғымы

қабылданды. Мұның негізгі мәні: мемлекеттің азаматтығына ие кез–келген азамат өзін «француздын!» деп жариялай алады. Ұлы Француз революциясынан бері жалғасып келе жатқан тарихы терең француз ұлттық саясаты бүгінде бір мәдениет туы астына топтасуға тікелей ұйытқы болатын азаматтық заңнама қабылдады.

2. Екінші үлгі интеграцияға негізделеді. Себебі, өзге аймаққа көшіп барған азаматтардың белсенділігі өз мәдениетін қорғаудағы енжарлығымен ерекшеленеді. Жалпы, иммигранттарды екі топқа бөліп қарастыруға болады. Бірінші топ, азаматтарды құқықтық–саяси негіздегі азаматтығы бойынша бөліп қарастыруды жүзеге асырса, келесі бір топ, әдетте, мәдени, діни және өзге ерекшеліктерін басшылыққа алады. Бұл тұрғыда саясаттың негізгі бағыты – кез–келген елдің мәдени, этникалық ерекшеліктерін жоюға бағытталмау. Екінші нұсқаны ұстанушылар өздерін этникалық ұлтпыз деп атағанды жөн санайды. Мысал ретінде, Германияны атауға болады.

3. Үшінші модель – мультикультурализм. Канада тұрғындарының басым көпшілігі ағылшын-канадалық және француз-канадалық болып бөлінеді. Ең ірі провинцияларының бірі – Квэбек аймағы көп уақыт бойына сепаратизмнің қайнар көзі болып келді. Өткен ғасырдың 60-жылдары осындай қауіпті көре білген билік мәселені шешу жолында ағылшын тілі мен француз тілінің рөлін теңестіру туралы шешім қабылдады. 1971 жылдан бастап, Канада өзін мультикультурал, қостілді ел ретінде жариялай бастады. 1982 жылы Канада Конституциясының деңгейінде тілдік және мәдени ерекшеліктер ескеріле отырып, Квэбек аймағының мәртебесі анықталды. 1988 жылы арнайы мультикультуралдық туралы заңнама қабылданды. Осындай саяси тұрғыдағы көреген шешімдер нәтижесінде сепаратистік қысым деңгейі айтарлықтай төмендеді. Канада үкіметі үшін келесі бір маңызды қадамдардың бірі 1 млн-ды құрайтын немесе тұтас халықтың 3,3 пайызын құрап отырған үндістер. Атап өтер жайт, үндіс әйелдері арасында әйел құқығының негіздері әлі күнге дейін дәйекті қорғалмаған. Үндіс әйелдеріне әлі күнге дейін үндістен басқа азаматқа тұрмысқа шығуға тыйым салынады. Үндіс әйелі отбасы құрғаннан соң ажырасып кетсе, ортақ мүліктен ешқандай үлес ала алмайды. Соңғы уақытта Канада үкіметі аталмыш мәселені шешу жолында аса маңызды шешімдер қабылдауда. Мысалы, С. Николас есімді үндіс әйелі Оттава штатының атынан алғаш сайлауға қатысып, жеңіске жетті.

Мультикультурализм, негізінен алғанда, қос тараптан бірдей жүретін адаптациялық үрдістер жиынтығы. Мәдени азшылықтың құқығын қорғау, әлеуметтік мобильділік жүйесін көтеру, азаматтық лоялдылықты қалыптастыру жолында мультикультуралды қоғамның рөлі орасан зор. Кейде мультикультурализм ұғымын «жұмсақ ассимилияция» деп те атайды. Бұл, мәдени азшылықты құрайтын топтардың, уақыт өте келе, көп жағдайда, көпшілік құрамына сіңісіп кететіндігін көрсетеді.

Кейбір азаматтық қоғамдарда мультикультурализм негізінің түбірі өте оңай қалыптасады. Әлемде біртекті ұлттан құралған мемлекеттер саны дүниежүзі халқының бар-жоғы он пайызын құрайды екен.

Саяси тұрғыдан, қандай да, бір мақсатты негізге алғанменен, әлеуметтік шымылдық артында түпкі интеграциялық мүдде тұрады. Қазіргі кезде мультикультурализм қағидасы – этникалық, діни, нәсілдік, мемлекеттік қақтығыстарды шешу жолындағы негізгі шешім көзіне айналып отыр.

Ол кейде, утопиялық, кей сәттерде қоғамдық өмірдің саясиланған тетігі, ал кейбір сәттерде, адамдар арасындағы келісімділік пен түсіністіктің ресмиленген үлгісі, ал қажет кезінде әлеуметтік сұраныстардан туған табиғи қажеттілік ретінда бағаланады. Б. Парекх өз еңбегінде «қазіргі кезде барлық мемлекеттер мультикультурал» екендігін атап көрсетті [81, 88б.].

Халықтың мәдени-әлеуметтік, этникалық және өзге де ерекшеліктері, әдетте, қоғамның бір идея төңірегіне ұйысуына еш кедергі келтірмейді. Керісінше, шиеленістер орын ала қалған жағдайда тез шешімін табуға себеп болады. Сол себепті қазіргі таңда көптеген мемлекеттер әлеуметтік бірегейлікке ұмтылуда. Сонымен қатар, индивидуалдылықтың кең таралып, дәстүрлі моральдық түсініктердің төмендеуі, халықаралық миграцияның артуы, жаһандану сынды үрдістер ұлтаралық, мәдениетаралық қатынастарға айтарлықтай деңгейде ықпал етуде.

Мультикультуралистік қоғам, ең алдымен, Батыс Еуропа мен Солтүстік Американың демократиялық бөліктерінде құрыла бастады. Осы өңірлердегі моральдық төзімділік пен демократияның жоғары деңгейі мультикультурализм идеясының таралуына жағдай жасады.

Австралияда, Канадада мультикультурализм әлеуметтік саясаттың негізі деп саналады. Тілдік, мәдени ерекшеліктерді ескергенде ғана мәдениеті, ұрпы әркелкі азаматтар бір мемлекет аясында тату-тәтті өмір сүреді. Ондай жағдай бірнеше маңызды себептерге байланысты:

– Канададағы француз тілді тұрғындар мен квэбектіктердің өзара қарым-қатынасында баршаға ортақ «канадалық» ұғымының рухының есіп тұруы өзара гармонияның барын аңғартады;

– аборигендік проблема иммиграциялық мәселеден дербес, бөлек қарастырылған жағдайда мемлекетте бейбітшілік тұрақты орнайды.

Мультикультурализмнің үлгілері арасындағы айырмашылықтарына қарамастан, мемлекет мультикультурализмдік ортаны құру мен қолдауда маңызды рөл атқарады.

Мультикультурализмнің негізгі үлгілеріне тоқталар болсақ, олар аймақ пен мемлекеттер бойынша былайша жіктеледі:

а) Мультикультурализмнің американдық үлгісі. Америка Құрама Штаттарында мультикультурализм 1970 жылдардың басында – үкіметтік бастама емес, қоғамдық пікірталастың жаңа бағыты ретінде пайда болды. АҚШ халқы, негізінен, басты бес құрамнан тұрады:

1. Тұрғылықты үндістер;

2. Әр жылдары Африка құрлығынан алып әкелінген құлдар;

3. Алғаш келген отаршылардың діни тұрғыдағы әркелкілігі;

4. Англосаксондық шығу тегіне ие әртүрлі саяси және экономикалық топтар;

5. Еуропадан ғана емес, Азиядан, Латын Америкасынан келген мигранттардың ұрпағы.

XX ғасырдың 60-жылдарының ортасынан бастап Америка Құрама Штаттарында ағылшын-саксондықтар (Америка ұлтының этномәдени негізі) мен иммигранттар өмір сүрді.

XVII–XVIII ғасырлардағы жергілікті үндістерге жасалған геноцид адамзат тарихындағы ең қатал шаралардың бірі болды. 1960 жылдардың бас кезінен миллиондаған қара нәсілді азаматтар жекелеген Штаттарда апартеид, құл иеленушілік сынды құбылыстарға қарсыласу шараларын тұрақты түрде өткізіп келді. Қара нәсілді азаматтардың балалары бөлек мектепте білім алып, бөлек аулаларда ойнауға міндеттелді. Қара нәсілділерге азаматтық алуға және сайлауға қатысуға құқық берілмеді, ақ нәсілділермен бір көлікте, көпшілік орындарында болуға тыйым салынды. Нәсілдік кемсітушілікке қарсы күреске және қара түсті халықты мемлекеттік қолдау мәселесінде бірінші болып мәдени әртүрлілікті тануды талап еткен, этникалық жаңғыру ұрандарын ұсынған иммигрант-азшылықтардың белсенділері келді. Африкалықтардың өз құқықтары үшін жаппай күреске шығуы, феминистік, сексуалдық азшылықтардың өз құқықтарын қорғауға бағытталған белсенді әрекеттері 1960 жылдардағы американдық бірегейліктің негізделе түсуіне ықпал етті. Осындай күрделі қауымдастыққа ие Америка өзінің мемлекеттілігінің тұтастығын сақтау жолында бірнеше тәсілге жүгінді.

С. Хантингтонның АҚШ-тағы ұлттың қалыптасуы туралы пікірі бойынша, тарихи даму барысында американдық модельдің және ұлттық сәйкестіктің үш негізгі ұғымдары қалыптасты: «балқытушы қазан», «қызанақ сорпасы» және «салат». Үшеуі де интеграциялық үрдістерінің қуаттылығы бойынша сараланған [12, 104–158 б.].

Ең алғашқы тарихи тұжырымдама – «Бәрін ерітіп балқытатын қазан» концепциясы 1780 жылы пайда болды. Негізгі мағынасы – халықтардың өзара кірігуі, балқуы, араласуы, «жаңа, ортақ ұлтқа бірігіп, тұтасуы». Нәтижесінде 100% ассимилияцияға негізделген американдыру саясаты жүзеге асты: жаңа американдық азаматтың қалыптасуына, «Америка территориясында Құдай билігін орнату мақсатында барлық тұрғындарды біріктіретін Азаматтық Республика» мен баршаға ортақ жаңа мәдениет қалыптасты. Неміс, француз, ағылшын – бәрі «американдық азаматтарға» айналды. Алайда, басшылыққа алынған «ерітетін қазан» саясатында англо-саксондықтар басымдыққа ие болғандықтан, көптеген әлеуметтік топтар маргиналдану үрдісін бастан өткеріп, өзін-өзі анықтау бірегейлігінен айырылды. Феминистік қозғалыстардың артуы және білімге қол жеткізудегі, экономикалық тұрғыдағы әркелкілік, азаматтардың ортақ мемлекеттік бірегейлікпен кірігуіне кері әсерін тигізді.

Кейіннен, «ерітіп балқытатын қазан» идеологиясы алмастырылды. Өзгерістердің басты себебі екі маңызды заңмен қамтылған: 1964 жылғы Азаматтық құқық туралы заң және 1965 жылғы Иммиграция туралы заң. Бірінші заң англо-саксондық басымдық факторын әлсіретіп, ұлттардың теңдігін

қамтамасыз етті. Екінші заң елдегі иммиграция деңгейін көтерді. Бүгінгі күні АҚШ–тың көпұлтты саясатындағы этникалық және радикалдық экстремизмді болдырмайтын қосымша механизмдердің қалыптасуын иммигранттардың американдық қоғамның барлық құндылықтарын қабылдағанынан және американдық қоғамдағы этномәдени біртектіліктің жоқтығынан көре аламыз.

«Қызанақ сорпа» тұжырымдамасы Америка жеріндегі алғашқы қоныстанушылардың мәдениеті басымырақ болады деген көзқарасты ұстанады. Эмигранттар оларға дейін қалыптасып үлгерген англо-американдық мәдени өмір салтына және құндылықтарға бейімделуі тиіс. Сонда, «англо-протестанттық мәдениет» – балдыркөк, ақжелкен сияқты дәмдеуіштер (эмигранттар) қосылатын қоспалардан қайнатылған қызанақ сорпасы дайын болады. Алайда, сорпаның дәмі өзгермейді, басқа компоненттер сорпаға – оның дәмін жақсарта түсу үшін қосылады және сапасын өзгертпейді». Мұндай интеграциялық әлеуеті аз «англо-конформистік» нұсқа мәдени ассимилицияға сүйенеді.

«Бәрін ерітіп балқытатын қазан» тұжырымдамасы емес, керісінше, осы «қызанақ сорпа» түсінігі, Хантингтонның пікірінше, ұзақ уақыт бойы, XVIII ғасыр аяғынан XX ғасыр басына дейін жалғасты және 1960 жылға дейін қолданыста болды. «Аз мөлшерде қосылатын басқа ұлттың элементтері балқып қана қойған жоқ, өзара араластырылды. Өзара араласу алғашқы субстанцияға әсер еткен жоқ», яғни, англо-протестанттық мәдени ядроға әсерін тигізген жоқ. Американдыру үрдісі «Балқытатын қазан» және «Қызанақ сорпа» үлгісі бойынша XIX ғасыр мен XX ғасыр басында басым күшке ие болды.

«Америка жиырмасыншы жүзжылдықтың басында «балқытушы қазан» тұжырымдамасын жүзеге асыруға ұмтылды, бірақ американдыру саясатының қиыншылықтары көрініс бергеніне қарамастан, «балқытушы қазанды» қайта жандандыру мүмкін емес еді: ұлт англо-протестанттық мәдени сәйкестіктің «қызанақ сорпасы» болып қала берді». Сол себепті, Хантингтон көрсеткендей, 1915 жылы «балқытушы қазан» мен «қызанақ сорпасы» әсерінен болған қарқынды ассимилияцияға балама ретінде мультикультурализмдік «салат» тұжырымдамасы немесе мәдени, этникалық плюрализм ұсынылды. Бұл тұжырымдама бойынша, этникалық бірегейлікті өзгертуге болмайды, себебі, бірегейлік – биологиялық тұрғыдағы құбылыс.

Мәдени «салат» тұжырымдамасы XX ғасырдың алғашқы ширегінде пайда болды. Бұл кезеңде мәдениеттердің бәрі түбінде ортақ мәдениетке айналатындығын айтуға тыйым салынды. Оның орнына этникалық және мәдени плюрализмнің тезисі келді. Басқа сөзбен айтқанда, бір метамәдениеттің шекарасындағы мәдениеттердің сантүрлі үлгілері. Осындай тұжырым «салат» деп аталды. «Салаттағы» бүкіл «консистенция» – метамәдениеттің әрбір «ингредиенті», яғни, әрбір ұлт, әрбір этнос және тіпті саны аз этникалық топтар да сақталатындығы түсіндірілді.

Бірақ бұл тұжырымдама сол кездегі бірыңғай «американдық ұлт» тарапынан, яғни, мономәдениеттілік тұжырымдаманы ұстанатын ғылыми және әлеуметтік қауымдастықтарда қолдауға ие болған жоқ. «Қызанақ сорпа»

тұжырымдама 1950 жылдың аяғына дейін әсер етуін жалғастырды және Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде патриоттық рухқа байланысты күшейе түсті.

ә) Мультикультурализмнің шведтік үлгісі. 1975 жылдан бастап Швеция, көшіп келушілер мен дәстүрлі азшылықтарға қатысты мультикультуралды саясатты негіздеді.

Швед үлгісі мәдени әртүрлілікті сақтауға бағытталған саясатты басқаруда мемлекеттің белсенді рөліне негізделген. Швециядағы мемлекеттің ұстанымы белсенді саяси ұстанымы бар әлеуметтік-демократиялық партияның билігімен байланысты. 1976 жылы швед үкіметі шетелдіктерге дауыс беруге рұқсат берді. Ал «Иммиграция туралы» Заң Швецияны мультикультуралист қоғам ретінде анықтады. Швецияның мультикультурализмді саясатының негізгі бағыттары – тілдік және білім беру стратегиясы. Бұл стратегия көшіп келушілерді швед тілін және әркімнің өз ана тілін үйренуге шақырады. Швед штаты мәдени әртүрлілікті сақтауды қажеттілік, саяси-мәдени өмірдің ақиқаты ретінде қарастырады.

б) Мультикультурализмнің австралиялық үлгісі. Кейінірек, мультикультурализм ұранын Австралия да қабылдады: үкімет көшіп-қонушыларды ассимиляциялау саясатын және «терісінің түсіне қарай кемсітуді» жоюға, барлық адамдарға шыққан тегі мен тіліне қарамастан мемлекетті қолайлы етуге тырысты.

Австралиядағы мультикультурализмді қоғамды қалыптастыруға мемлекет тарапынан жүргізілген оқшаулану саясаты себеп болды. 1901 жылы Австралияда қабылданған «Иммиграциялық заң» оқшаулану саясатын реттеу үшін билеуші элитаға әкімшілік негіз ретінде қызмет етті. Жағдай кейіннен «Азаматтық туралы заң» (1948); түзетулермен «Миграция туралы заң» (1958); өзгертілген түзетулермен «Шетелдіктер туралы заң» (1984) және түзетілген «Виза режимі туралы заң» (1997) сынды құжаттардың қабылдануына байланысты өзгере бастады.

Австралияның «мультикультурализм» тұжырымдамасы Көші–қон министрі Аль Крэсби есімімен тығыз байланысты. Ол англо-саксон халқы мен жаңа австралиялықтар арасындағы қақтығысты еңсеру үшін көптеген шараларды іске асырды: 1979 жылы Австралия үкіметі Мәдени әралуандылық институтын, ал 1987 жылы мультикультурализм мәселелері жөніндегі Комитетті құрды. Бұл – иммиграциялық саясатты нәсілшілдіктен мультикультурализмді саясатқа дейін табысты дамытудағы Австралия мемлекетінің рөлі қаншалықты маңызды болғанын көрсетеді.

Канада мен Австралия арасындағы айырмашылық: канадалық мультикультурализм – этностық қауымдастықты сақтауға және көтермелеуге негізделген, ал австралиялық болса, мәдени ерекшеліктеріне және қоғамның интеграциясына таңдау жасау еркіндігіне баса назар аударады.

Барлық үш жағдайда да мультикультурализм кемсітушілікке қарсы күресті, үкіметтік емес этникалық ұйымдарды қолдауды, мектептерде иммигранттар мен этникалық азшылық тілдерінде оқытуды және төзімділікті насихаттауды білдіретін құбылыс ретінде түсіндірілді.

в) Мультикультурализмнің канадалық үлгісі. Канаданың мультикультурализмді қоғамының қалыптасуы XX ғасырдың 60-шы жылдары басталды. Негізінен, елдегі этно-мәдени, нәсілдік, діни әртүрлілікті білдіру үшін пайда болды. 1971 жылы ресми мойындалған мультикультурализмнің мақсаты – барлық мәдени және тілдік топтар азаматтарының қажеттіліктеріне мемлекеттің сезімтал реакциясы болуын қамтамасыз ету.

Мультикультурализм – канадалықтардың ең маңызды ұлттық ерекшеліктерінің бірі болып табылады және ол Канаданың Еркіндік және Құқық туралы Хартиясының 27-бабында қорғалған. Нәтижесінде, Канададағы мультикультурализм үкімет үшін англофондар мен франкофондардың қарсыластығындағы саяси пікірсайыстарды азайтуға мүмкіндік берді және сол себепті канадалық қоғамды одан әрі поляризациялаудан сақтады деп саналады.

Канаданың АҚШ пен Австралиядан айырмашылығы ешқашан этникалық топтардың үстемдігі болмаған. Канада – көптілді мемлекет. Этникалық қауымдастықтың барлық мүшелері өз ана тілінде оқуға, сөйлеуге құқылы. Осы жағдайдың салдарынан Канаданың этникалық азшылықтары өздерінің мәдени ерекшеліктерін берік сақтады.

Европадағы ұлт құрылымы XVIII–XIX ғасырларда жүзеге асырылды. Сол себепті XX ғасырдың басында біртекті ұлттық мемлекеттер болды. Дін, мәдениет, ортақ тіл күштеп енгізіліп, бірыңғай этникалық тазарту жүргізілді. Білім беру жүйесі ассимиляцияны көздеді. Бұл – жергілікті, аймақтық, этномәдени ерекшеліктердің жойылуына алып келді. Нәтижесінде, Европада: Францияда, Германияда, Данияда және т.б елдерде адамның шығу тегімен, ұлтымен анықталатын этникалық топ емес, саяси ұлттар қалыптасты. Соған қарамастан, кейбір мемлекеттерде, мысалы, Бельгия мен Швейцарияда мемлекет азаматтарының мәдени әртүрлілігі сақталады.

Алайда, мультикультурализмнің жүзеге асуына байланысты түрлі қиындықтар 1990 жылдардың өзінде-ақ байқала бастады. Ал XXI ғасыр басында мультикультурализмнің позитивті сипаты кенеттен сыни көзқарасқа айналды. Оған себеп болған сол кездегі саяси шиеленістер еді: АҚШ–тағы Егіздер мұнарасының жарылуы, Мадридтегі және Лондондағы террористік шабуылдар. Мультикультурализм мәселелерін белсенді түрде зерттеу 1990 жылдар аяғында басталды. Мультикультурализм жайлы бір-бірінен едәуір айырмашылығы бар саналуан түсініктер қалыптасты.

Европадағы мультикультурализмнің құлдырауының бірнеше себебі болған. Мысалы, саяси дұрыстық (политкорректность) талабы. Ол талапқа сәйкес, мультикультурализм ұзақ уақыт бойы либералды қоғамның демократиялық атрибуттарды мойындауын талап етті. Мультикультурализмге сыни көзқарас танытудың кез келген мүмкіндігі бейадекватты әрекет ретінде қабылданды. Нәтижесінде, оның дисфункционалды салдары жасырын түрде айтылмай қалып отырды және мультикультурализм ұзақ уақыт бойы сыни тұрғыда талданған жоқ, зерттеушілер де, мемлекеттік және қоғамдық сала өкілдері де өзіндік сыни бағасын берген жоқ. Нәтижесінде, мультикультурализм саясаты қоғамның бөлшектенуіне әкеліп соқтырды. Ал

бұл үрдіс өз кезегінде жалпыға ортақ құндылықтардың жоққа шығарылуына, ортақ ұлттық бірегейліктің жоққа шығарылуына және дамуға деген қызығушылықтың жойылуына әкеліп тіреді.

Бүгінгі күнгі Батыс елдеріндегі мультикультурализмнің негізгі мәселелерінің бірі – мұсылман елдерінен Еуропа елдеріне немесе Латын Америкасынан АҚШ-қа миграция. Осыған орай, байырғы тұрғындар және көшіп келген мигранттар арасындағы айырмашылықтар үлкен мәселе туғызуда. Алайда, Еуропада түрлі этникалық және діни топтар арасында бұрыннан келе жатқан күрделі жағдайлар бар. Оған мысал ретінде, Испаниядағы баскілер, Солтүстік Ирландиядағы діни жанжалдар, Бельгиядағы шиеленіскен мәселелерді атап көрсетуге болады.

Мемлекеттік саясат мәдени азшылықтардың үйлесімді өмірге қол жеткізуіне қажетті құндылықтарды қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Мәдени топтар, әдетте, ұлттық азшылыққа қатысты қалыптасқан стереотиптерге байланысты әділетсіздіктен зардап шегеді. А. Янгтің айтуынша, кейде, мәдени топтарды қанау қоғамдық өмірдің барлық салаларында орын алады. Зерттеуші осындай кедергілердің бес түрін атайды:

1. Пайдалану – бір мәдени топтың жұмысының нәтижелерін басқа біреудің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін пайдалану.

2. Маргинализация – еңбек саласынан келетін барлық адамдардың санатын қоспағанда, әлеуметтік айрықшалануға әкеледі.

3. Әлсіздік – кейбір топтардың өміріне әсер ететін шешімдерге қатысу қабілетсіздігі.

4. Мәдени-империализм – үстем топтың тәжірибесін әмбебаптау, оның стереотиптерін, мәдениет құндылықтарын қабылдауы.

5. Зорлық-зомбылық – әлеуметтік топтың мүшелері болып табылатындықтан, әлеуметтік топ мүшелеріне бағытталған жүйелі зорлық.

Мәдени қанаушылықты болдырмау туралы мәселеде зерттеушілер пікірлері әртүрлі. Мысалы, Ч. Тейлор пікірінше, мультикультуралды саясат құрметке негізделуі тиіс. Либерализм түрлі мәдени топтардың өмір сүруін қамтамасыз етуге қабілетті еместігін көреді. Сол себепті Чарльз Тейлор либералды саясатты сынға алады.

У. Кимлика құрған либералды-эгалитарлық мультикультурализм теориясы еркіндік пен теңдік сияқты либералдық құндылықтарға негізделген. Оның пікірінше, адамның өз мәдениетін сақтауының екі себебі бар. Біріншіден, бұл жекелік және автономия береді. Әрбір мәдениеттің өзінің өмір сүру кезеңінде ерекше және қайталанбас икемділігі, мінез-құлық мәнері және дәстүрлер жиынтығы болады. Сол арқылы адам өзінің жеке қасиетін қалыптастырып, өмір сүру формасын құра алады.

Екіншіден, мәдениет әрбір адамның өзін-өзі бағалауы үшін маңызды. Кимлика өзіндік құрмет пен мәдени топқа ілтипатты қатынасының ықпалдылығын дәлелдейді [75, 166б.]. Мәселенің түйіні мынаған келіп саяды: адам белгілі бір мәдени топтың бөлігі туралы емес, оның қағидалары, дәстүрлері мен нанымдары негізінде әлем және өмір туралы өз түсінігін

қалыптастырады және ол одан бас тарта алмайды. Егер мемлекет мәдени азшылық өкілдерін құқықтық тұрғыдан көпшілік мәдениет өкілдерімен теңестірсе, кемсітушілікке тыйым салады. Мәдени ерекшеліктің негізгі көрсеткіші – тіл. Тіл – мәдени сәйкестіліктің ең маңызды көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Мәдени топ өз тілінен ешқашан бас тартпайды. Тілден басқа, басымдық беретін фактор – сандық көрсеткіш. Кез–келген елде мәдени көпшіліктің сөзі әрдайым басым болады.

У. Кимлика өз мәдениетін дамыту және қолдау үшін мәдени азшылықтардың автономиясын құруды ұсынады. Бұл тек шет елде туылған және таңдау жасамайтын мәдени азшылық өкілдеріне ғана қатысты. Ал өз отанын ерікті түрде тастап кеткен көшіп-қонушыларға қатысты емес.

Жалпы музыкалық өнердің мультикультурализмі тек саяси, әлеуметтік және мәдени салаларға ғана емес, сонымен қатар білім беруге де таралады. Мультикультурализм мәдени білім беру мәдениеттер диалогы мен өзара іс–қимыл принципін іске асыра отырып, толеранттылықты тәрбиелей отырып, мультикультурализмдік тұлғаны қалыптастыра отырып, дүниетанымды кеңейте отырып, құндылықтық бағдарлар жүйесін дамыту арқылы басқа халықтар мен елдердің өнер құндылықтарына ие болып, өздерінің мәдени қажеттіліктерін іске асыруға тең мүмкіндіктер туғызады [140].

Б. Парекхтың сұхбаттық мультикультурализмі мемлекетте ұсынылған барлық мәдениеттер негізінде пайда болатын жалпы моральдық құндылықтардың қалыптасуын, сондай-ақ, оларды жалпы өмір сүру негізінде біріктіруді қарастырады. Ғалымның пікірінше, бұл қағидалар мен өкілдіктерді билік органдары талдап, мемлекеттің конституциясында бекітуі тиіс. Мемлекет мәдениетаралық қатынастарға араласпауы тиіс, оның міндеті – осы сұхбатта әрбір мәдениетке тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету. Мәдени қауымдастықтар мен мемлекеттік мекемелер арасында түсініспеушілік болған жағдайда, Б. Парекх «мәдениетаралық пікірталас арқылы консенсусқа» келуге шақырады [81, 90б.].

Осылайша, сұхбаттық мультикультурализмнің негізі – консенсус. Ол мемлекеттегі мәдени топтардың қоғамдық келісімге қол жеткізуіне мүмкіндік береді.

Либертарлы мультикультурализмнің негізін қалаушы Ч. Кукатас ұлттық азшылық топтары арасындағы қарым-қатынаста мемлекет арбитр рөлін атқаруы тиіс деп мәлімдеді. Мемлекеттің ұлттық азшылық істеріне араласпауы олардың мәдени және қоғамдық өмірін ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Осыған сүйене отырып, зерттеуші «либералды архипелагтың» моделін жасады, көптеген ұлттық топтар бір мемлекеттің шеңберінде «архипелаг аралдары» ретінде біріктірілгенде, елде бейбітшілік орнатуға мүмкіндік бар. Осындай одақтағы адамға бір топтан екіншісіне еркін көшу құқығы берілуі тиіс.

Мультикультурализмнің дискурсы қайшылыққа ие. Міндеттердің кері сипаты болып табылатын кемшіліктері: әлеуметтік қатынастардың ықтимал этнизациясы, мәдени айырмашылықтарды институционализациялау және жеке құқықтардың басымдық либералдық ұстанымын танымаудан көрінеді.

Сондықтан, мультикультурализмді либерал ұлтшылдық, феминизм, космополитизм сияқты әлеуметтік ой-пікірлердің өкілдері белсенді түрде сынға алды [37, 156б.].

Мультикультурализмнің сыншылары осы кемшіліктер ұлттық үйлесім мен бірлікке «қауіп төндіреді», ассимиляция үрдісін қиындатып, жоғары білімге, жұмысқа қабылдау квотасын енгізуге байланысты қиындық тудырады, «басқа» мәдениеттерге тым көп көңіл бөле отырып, мультикультурализм саясаты нәсілдік қайшылықтарды тудырады деп санайды.

Шын мәнінде, этникалық азшылықтардың мәдениетіне қызығушылықты арттыруда мультикультурализм олардың ерекшелігі мен өзгеруіне қарсылық көрсетеді. Бұл – этникалық көпшіліктің шовинистік өкілдерін осындай әрекеттерге мәжбүр етеді. Нәтижесінде, мәдени айырмашылықтар екі тараптан да жасанды түрде жүзеге асады, олардың шешілмейтіндігі туралы жарияланады, өз кезегінде, бұл жаңа мәдениетаралық қақтығыстардың негізін құрайды. Бір жағынан, ғаламдық қоғамның болашағы әртүрлі мәдениеттердің өмір сүруінсіз мүмкін емес және оған бағытталған ауқымды сынға қарамастан, мультикультурализм жаһандану үдерісінде дамып келе жатқан жаңа қоғамның негізгі қағидасы болып қала береді.

Американдық мультикультурализм жалпы гуманитарлық ой-өрісті дамытуға әсер ете алмады. Мультикультурализм бір-біріне деген толерантты қарым-қатынас жасайтын индивидтердің және жеке топтардың азаматтық қоғам құруымен байланысты. Қазіргі заманғы мультикультурализмдік қоғам – бейбіт қатар өмір сүруге мәжбүр түрлі топтардың конгломераты.

Қоғам алдында тұрған міндеттер терең философиялық көзқарасты және нәтижесінде жаңа философиялық теорияларды, қазіргі заманғы шындық аясында болашақ әлеуметтік дамуды негіздеуге және болжауға мүмкіндік беретін жобалардың пайда болуын талап етеді. Американдағы мультикультурализм сол елдің философиясы мен саясатынан бастап, әдебиет және өнер сияқты көптеген қоғамдық өмір салаларын қамтыды. Атап кетерлігі, жоғарыда аталған мәселелер мінсіз болып көрінетін американдық мемлекеттік құрылымға жаңа мән-мазмұн беріп, өз әсерін тигізбей қоймады. Мысалы, материалдық жағдайдың молшылығы, көптеген этникалық ұлттардың өз қалаулары бойынша өз алдына дербес, еркін әрекет ете отырып тұтас бір ұлт іргесінде өмір сүруі.

Жаһандану барысында американдық мәдениет әлемнің барлық елдеріне еніп, оның ұлттық мәдениеті, салт-дәстүрлері мен ұлттық негіздерін деформациялап, өзгертуі салдарынан бүгінгі таңда мультикультурализмдік мәселесі аса өзекті болып тұр. Сол себепті американдық мультикультурализмге негізделген құндылықтар және оның басты сипаттамалары үлкен қызығушылық тудыруда.

С. Хантингтон мультикультурализмді басқа мәдениеттердің маргинализациясына, яғни, шектелуіне алып келетін Еуропадағы мономәдениетті гегемонияға қарсы қозғалыс және антиеуропалық мәдениеттің мәні деп түсіндіреді [12, 157б.].

Мультикультурализмнің алдында тұрған мәселелерге арналған көптеген басылымдардың ішінде, олардың түрлерін, кезеңдері мен деңгейлерін анықтап көрсететін жұмыстарды атап өтуге болады. Бұл орайда Г. Терборнның пайда болуы мен даму динамикасына байланысты мультикультурализмдік қоғамның негізгі төрт типі: ежелгі империялар, жаңа жерлерге қоныстану мен оның игерілуі, отарлық аймақтар және постұлттық мультикультурализм типтерін қарастырып көрсететін «Мультикультуралистік қоғамдар» атты жұмысына ерекше назар аударған жөн.

Америка әлі күнге дейін «кез келгеннің бақытқа жетуіне мүмкіндік беретін гүлдену қоғамы» ретінде әлемнің саналуан елдерінен мигранттарды өзіне қызықтыруда. Бұл үміттің бәрі «Американдық арман» түрінде көрініс тапты.

XX ғасырдың 70-80 жылдары американдық қоғамның мультикультурализмге деген көзқарасы оң бағытта болғанымен, кейіннен, африкалық және басқа да этникалық топтардың, әлеуметтік ұйымдардың сұраныстарының өсуіне байланысты жағдай күрт қиындап кетті. Тіпті «аз топтар тираниясы» деген ұғым пайда болды. Сол себептен 90-жылдар ушыққан бастамаға, мультикультурализм жайлы пікірталасқа толы болды. С. Хантингтонның пайымдауынша, «Американдық сәйкестілікке оны төменнен құлдыратушы мультикультурализм қауіп-қатер төндіруде, ал космополитизм болса оны үстіңгі жағынан шаюда» [12, 160б.].

Мультикультурализм АҚШ-та едәуір дамып, кең етек жайды. Сондықтан, кейбір авторлар мультикультурализмді таза американдық құбылыс деп есептейді. Дегенмен, ол Солтүстік Америка аумағынан шығып, басқа құрлықтағы елдерге де әсер етті. Атап өтер болсақ, Австралияда, Колумбияда, Парагвай мен Оңтүстік Африкада мультикультурализмге негізделген конституциялар қабылданды.

Германиядағы мультикультурализм бағытын ұстанушылар келімсек–жұмысшылар елде уақытша тұрақтау үшін емес, сол елде қалу үшін келгендігін және Германияны мультикультурализмдік қоғамға айналдырып келе жатқан келімсек ұлттар мүшелерінің этнизациялау үрдісі әлдеқайда бұрын басталып кеткендігін айтады.

Дәл осындай жағдай Ұлыбританияда да байқалуда. Бұл жерде 1976 жылы кемсітушілік пен нәсілшілдікке жол бермеу, басқа ұлт өкілдерімен және этникалық топтармен достық қарым-қатынас орнату мен олардың арасындағы құқықтық тепе–теңдікті сақтау мақсатында нәсілдік қарым-қатынас жайындағы арнайы заң қабылданған болатын. Ортақ құндылықтар мен әлеуметтік бірлікті бекіту мақсатында білім алу жүйесі бәріне ортақ, әрі қол жетімді болып қабылданды.

Францияға келер болсақ, ол мәдени және ұлттық сұрақтарға келгенде тұрақты елдердің бірі болып саналып келгенімен, 90-жылдары жаңа мәдени мәселелерге бой ұрды. Бұған негізгі себеп: сонау XIX ғасырдың екінші жартысында пайда болып, тоқтаусыз өсіп, тек 1990 жылы ғана бәсеңдеген иммиграция проблемасы. XX ғасырдың 80-жылдары иммигранттардың, жалпы

қоғамның бірыңғай емес екендігін, көптеген мәдени және діни бірлестіктердің пайда болып, олардың заңды түрдегі қозғалысы ескеріле бастады.

Француздық ұстанымдарға деген жағымды дискриминацияның кейбір элементтері байқалғанымен, ол американдық мойындау саясатына кереғар көзқараста. Франция мәдени ұйымдарды құқық субъектілері ретінде мойындамайды, өйткені, мультикультурализмдік саясат жүргізу өте қауіпті, себебі, ол қоғамның көптеген этникалық, мәдени, діни құрылымдарға бөлініп кетуіне алып келуі мүмкін.

Қазіргі таңда әлемдік деңгейде байқалып отырған экономикалық құлдырау Батыстың мультикультурализмдік құндылықтарына кері әсерін тигізуде. Жұмыссыздық жайлаған экономикалық дағдарыстар жаңа келімсектерге деген жағымсыз көзқарасқа жол ашуда.

«Le Parisien dimanche» атты француз басылымының Еуроодақ елдеріндегі мигранттардың еркін көшіп-қонуына шектеу қою мақсатында жүргізілген референдумға француз халқының көзқарасын білу үшін жүргізілген сауалнамасында 60%-дан астамы референдумды қолдайтыны және мигранттарға қатысты қарастырылған жеңілдіктерді шектеуін қалайтындықтары белгілі болды.

Еуропадағы жергілікті ұлт арасындағы өсіп келе жатқан жұмыссыздық пен мигранттардың санының артуы Батыстың толеранттылығы мен мультикультуралды құндылықтарының тұрақтылығын аңғартады. Мультикультурализмнің Еуропалық үлгісінің құлдырауының себебі – мигранттардың батыстық өмір нормаларына ене алмауы мен еуропалық заңдардың тым жұмсақтығы деген пікір пайда болды. Мұндай оқиғалар желісі ұлтшылдық идеологиясын жақтаушылардың санының өсуі мен нәсілшіл және шовинистік идеяларға алып келді.

Алайда, экономикалық ахуалының нашарлауына байланысты осы еуропалық мемлекеттердің өздері шақыртқан мигранттардың Еуропада адами құқықтарының бұзылуы, әділетсіздік сияқты факторлармен кездесіп тұруы алаңдататын жағдай.

Экономикалық ахуалға байланысты шетелден жұмыс күшінің шақыртылуы және одан кейінгі кемсітушілігі мультикультуралды құндылықтарға қайшы. Егер келімсек жұмыс күшінің өз ұлттық–рухани құндылықтарынан бас тартуы мультикультурализмнің жеңісі ретінде қарастырылса, бұл құндылықтар туралы қалай сөз қозғауға болады?

Біздің ойымызша, көбісі дабыл қағып жүрген мультикультурализмнің құлдырауы ол тікелей батыстық елдердің жалған саясатының нәтижесі. Бұл дегеніміз, Батыстың мультикультурализмге деген төзімді көзқарасы экономикалық дағдарыс алдында қорғансыз болғандығы.

Мультикультурализм дағдарысында еуропалық елдердің саясаты шешуші рөл атқарғандығын атап айтуға болады. Ежелгі Рим империясы дәуірінде римдіктер өз қаласын «Мәңгілік қала» деп атап, өздерін басқалардан жоғары санаған. Нағыз римдік өзге елдерден келушілерден өзіндік құндылықтарымен ерекшеленетін болған. Өркениеттер проблемаларын зерттеуші Роджер

Осборнның айтуынша, грек, эллиндік, римдік өркениеттердің өзге халықтар өркениеттерін «жабайы әлем» деп қарастыруы кейін батыстық өркениеттің өзгелерге деген кемсітушілік көзқарасының бастамасы болды.

Алғашында, кішігірім ұлттық топтарға деген қатынас ретінде қалыптасқан мультикультурализмнің қазіргі таңдағы тұрақсыздығының себебі Батыс Еуропалық мемлекеттердің ресми топтар арқылы келімсек жұмыс күштерінің бір мәдени құндылықтарға шоғырландыру мақсатында жүргізілген мигранттық саясатында жатыр. Еуропалық саясаткерлердің мигранттарды жай ғана уақытша келімсек ретінде санағандарымен, жағдайдың шындыққа жанаспайтындығын білеміз.

Еуропаның дамыған елдерінің бірі ретінде Швецияда 1970 жылдары, ал 1980 жылдары Голландияда келімсек мигранттардың құқығын қорғау шаралары жүзеге асырылды. Мигранттардың құқықтарын қорғау мақсатында мемлекет олардың өз тілінде оқып білім алуы, өздерінің ақпарат құралдарын шығаруына мүмкіндік беру сияқты қадамдарын қаржыландыруды бастаған болатын. Бірақ бұл құқық тек белсенді мигранттардың шектеулі ортасына ғана арналды.

Әлемдік тәжірибеде Еуропа мемлекеттерімен салыстырғанда қатаң миграциялық саясат жүргізіп, мультикультурализммен байланысты ешқандай қайшылықтарға кездеспеген елдер де бар. Мәселен, жапондық үлгі. Жапонияның иммиграциялық заңдары тым консерваторлы болып келеді. Бұл елде азаматтық алу ұзақ, әрі қиын үрдіс. Мемлекет келімсектер деңгейін белгіленген нормалармен сәйкес, толықтай бақылап отырады. Кішігірім аумақтарда өмір сүретін қытайлық, корейлік, бразильдік келімсектерге қатысты ешқандай кемсітушіліктер байқалмайды.

Қазақстан халқының өмір салтына айналған мультикультурализм құбылысы Шығыс пен Батыстың, Оңтүстік пен Солтүстіктің, Ислам мен Христиандықтың қиылысында тұрған өзіндік бір үлгінің өміршеңдігін байқатады. Қазақстандағы «полиэтникалық мемлекет – біртұтас қоғам» тұжырымдамасы – мультикультурализмнің сәтті үлгісі деген де пікірлер айтылуда.

Мультикультурализмнің Батыстық тәжірибесінің құлдырауы жалпы осы идеяның құлдырауы деген сөз емес. Әлемнің түрлі елдерінде ұлттар мен діндердің өз ерекшелігін сақтап, басқа ұлт пен дін өкілдерімен достық қарым–қатынаста дамуы мүмкін екендігін байқауға болады. Бұл жағдайды идеология деп емес, ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан күнделікті өмірсалты ретінде қабылдау керек.

Әртүрлі өркениет өкілдерінің бір аумақ пен кеңістікте бір–бірімен тығыз достық қарым-қатынаста өмір сүруі – адам баласының құтқарылу жолы. Құндылықтарды қалыпқа салу идеологиясы дағдарыс күйін кешіп, тіпті өмір сүруге құқығын жойып келеді. Осыған орай, жаңа Еуропаның өзінің болашағын анықтау қадамдарын былай топтастыруға болады.

Біріншіден, ассимиляция арқылы интеграциялау. Еуропалық мультикультураның негізгі мақсаты – әлі күнге дейін мигранттардың өмірін

қамтамасыз ету емес, керісінше, оларды саяси, әлеуметтік қоғамнан барынша шеттету немесе ассимиляция болып табылады. Мысалы, Германиядағы жүргізіліп отырған мультикультурализм саясаты мигранттар мен олардың келешек ұрпақтарын неміс қоғамына сіңіп кетуін қамтасыз етуге емес, керісінше, белгілі уақыт ішінде оларды тілдік, діндік кедергілердің салдарынан өз отанына қайтаруға бағытталған.

Екіншіден, иммигранттардың ұрпақтарын қоғамның саяси–әлеуметтік, мәдени өміріне ендіру.

Үшіншіден, жаһандық кеңістікте космополиттік құндылықтардың дамуын қамтамасыз ету. Дағдарыспен бетпе-бет келген Батыс, одан шығу мақсатында өзінің батыстық идеялары мен құндылықтарын жалпы адамзаттық идея ретінде жаһандық масштабта насихаттап отыр. Сол арқылы мигранттық проблемаларды шешіп, оларға ұлттық-мәдени ділден тыс космополиттік құндылықтарды енгізуге ұмтылуда. Бүгінгі таңдағы мультикультурализмдегі жаһандану беталысы ортақ әмбебап құндылықтар үлгісін жасауға бағытталған. Бұл жаңа үлгі батыстық мәдениет тек өз мәдениетін басқа елдерге таратуға ғана емес, басқа елдердегі мәдени құндылықтардың қалыптасуын өз қарамағына алуды мақсат етеді.

Төртіншіден, қатаң миграциялық саясат. Миграциялық толқынды шектеуге байланысты жүргізілген 2014 жылғы Швейцарияда өткен референдумдағы келімсек жұмыс күшіне шектеу кою туралы дабылдар – қатаң саясаттың бастамасының көрсеткіші болды. Бұл – миграциялық толқынның сыртта ғана емес, еуропалық елдер арасында көшіп-қонуын да шектеу деген сөз.

Сонымен, бүгінгі таңда еуропалық мемлекеттер мультикультурализм дағдарысын миграциялық саясатты қатаңдату және ұлтық–рухани құндылықтарды ескермей, космополиттік құндылықтарды дамыту арқылы шешуге тырысуда. Қазіргі кезең Батыс үшін де, жалпы адамзат үшін де жаңа сынақ болуы мүмкін.

Бірегейлік тақырыбына деген қызығушылық XX ғасырдың 60–80-жылдары АҚШ-та байқалды. Бұл кезеңде бірегейлікке деген талаптар күшейе түсті. 1980–1990 жылдар аралығындағы он жылда ресми түрде өздерін үндістер қатарына жатқызатындар саны 255 %-ға, ал франкотілді Луизиана тұрғындары 20 есе өскен. Сол себепті кейбір авторлар бұл уақытты «бірегейлік дәуірі» деп атайды.

Атап өтетін жағдай, бірегейлік – өзгеруге де бой алдырып отыр. Оған американдық арабтар мысал бола алады: жалпы 1,2 млн. арабтардың 2/3 бөлігі өздерін мұсылман емес, православ немесе католик деп санайды екен. XX ғасырдың 90 жылдардың екінші жартысынан бастап, мәдени бірегейлікке деген қызығушылық бәсеңдеді.

Бірегейлік, сәйкестілік мәселесі бойынша негізгі идея, этникалық бірегейліктің таза немесе статикалық конструкция бола алмағандығына қарамастан, жағдайларға байланысты оның өзгеріске ұшырауында жатыр. Мысалы, «қара түс» (blackness) – синкретті бірегейлік, яғни, еуропалық (ақ)

мәдени формамен байланысты болып дамыған түр. Таза бірегейліктің болмауы, азшылықтың гомогенді болып табылмайтынына дәлел – мультикультуралды, гетерогенді жаһандану пайдасына айтылған негізгі аргумент.

Либералды теория бойынша, таңдау жасаудағы еркіндік мәселесіне қатысты даулар мәдени әртүрлілiктің дамуына, мультикультурализмдік құндылықтарға негізделген либерализмнің жаңа жүйесіне алып келеді. Зерттеушілер либералды қағидаларды философия, метафизика деңгейінде талқылайды. Индивидуалдық туралы идеяларды жүзеге асыратын және саяси мәжбүрліксіз әрекет етуге мүмкіндік беретін либералды позиция демократиялық федерализм мен мультикультурализмдік жаһанданудың пайда болуына шешуші ықпал етті. Алайда, қазіргі заманғы әлеуметтік мәдениет еуроцентризмнің құлдырауына әкелген сыңайлы. Бүгінгі күнгі мәдени бірегейлік пен құндылықтарға және демократиялық теорияға қатысты адам құқығының эволюциясы туралы ғылыми пікірталаста адамның еуроцентристік құқығы, жаһандану үрдісіне байланысты түбегейлі өзгерістері де бар.

Бүгінгі әлемде әлеуметтік-мәдени құндылықтар мен формалардың өзгеруі байқалуда. Бірінші кезекте, «ұлт-мемлекет» түсінігі кейбір географиялық аймақтарда өз мәнін тапса, жалпы әлемде «ұлт-мемлекет» жоғалып бара жатқан сыңай танытады. «Ұлттық мемлекет» ұғымын «плюралистік мемлекет» ұғымы ауыстыруда. Ұлттық мемлекетте дағдарыс тудыратын сыртқы факторларға жаһандануды жатқызамыз.

Яғни, жаһандану «ұлт-мемлекеттің» тіршілігіне қауіп туғызады. Осылайша, «ұлт-мемлекеттің» оған қарсы келуін туындатады. Үстем ұлттық ұйымдардың белсенділігі «ұлт-мемлекет» дәуірінің аяқталуына себеп болатындығын көрсететін мәлімдемелермен ұштасады. Ұлттық мемлекеттік бірегейліктің жойылуы үдерісінде, этномәдени бірдеңгейлі ортақ тарих, тіл, діл белгіленеді. Сонымен қатар, Еуропа ұлттық мемлекеттердің бірлестігі болғанмен, ұлттық бірегейлікті сақтайды. Бәрінде ұлттық–мемлекеттік егемендіктің әлсіреуі жалғасатын болады және ұлттық деңгейде саяси әрекетті жасау мен кеңейтуді талап етеді [82, 48б.].

Ю. Хабермастың бұл идеялары әлемдік тәртіпті басқаруға ұжымдық көзқарас болмаған жағдайда, тарих – тағдырдың тәлкегіне айналады деген қорқыныштан туса керек: «Экономиканы және әлеуметтік саясатты орта мерзімді үйлестірусіз басқару жүйесіне жақындасқан тәсілдерсіз, біз еуропалық қоғамның үлгісін тағдырға тапсырамыз» [83, 62б.]. Бұл мәлімдеменің негізділігі күмәнсіз.

Осылайша, атқарушы билік еуропалықтардың саяси еркінен ажырады. «Егер оларға ешқандай мән үстемесе, олар, керісінше, ұлттық негізде сақтала алатын өзіндік бюрократиялық саясатты бөлуге бейім болады. Алайда, бүгінгі таңда Еуропадағы интеграцияланатын азаматтардың саяси ерік–жігерін қалыптастырудың нақты алғышарттары жоқ» - деп тұжырымдаған идеялары саясат пен ұлттықтың ара байланысын ашып береді [82,269б.].

Ю. Хабермас жалпы еуропалық саяси қоғамдастық, азаматтық қоғам құру қажеттілігіне сенімді: «Азаматтық қоғам, еуропалық қоғамдық саясат пен барлық

еуропалықтар үшін ортақ саяси мәдениет жоқ болғандықтан, ұлттық шешімдерді қабылдау үдерістері қоғамдық пікір мен саяси ерік-жігерді қалыптастыру үдерістерінен бөлек, ұлттық құрылымдарда бұрынғыдай ұйымдастырылатын болады. Бұл қауіпті болжамды мен толығымен шынайы деп есептеймін» [82, 272б.].

Еуропада ұлтүстілікке өту жолындағы екінші мәселе – еуропалық елдердегі ұлттық егемендіктің берік ұстанымы. Бұл мәселенің түп-тамыры «ұлттық мемлекет» тұжырымдамасының тарихынан ізделуі тиіс. «Ұлтты тану – жай азаматтарды саяси белсенді азаматтарға айнала алатын мәдени контексті қалыптастырды» [82, 274б.]. Сонымен қатар, ұлтқа тиесілі болуды жүзеге асыру бір–біріне бөтен адамдарға әлеуметтік бірлікте болуға мүмкіндік берді. Осы орайда: «Осылайша, ұлттық мемлекеттің жетістігі екі мәселені бірден шешті: легитимизацияның жаңа әдісі негізінде әлеуметтік интеграцияның жаңа, дерексіз нысанын жасады», - деп тұжырымдады [82, 272б.].

Осылайша, ұлттық фактор оның саяси қызметке және оның қолжетімділігіне тәуелді болатын әлеуметтік ынтымақтастықты қалыптастырады.

Бізге ұлтүстілік құрылымдарды құру міндеті пайда болған кезде, бірігудің демократиялық элементіне ауысып, ұлттық өзін-өзі растауды алып тастау үшін қажет болады. Дегенмен, ұлттық сана саяси қызметті жүзеге асыруда ерік–жігерді айқындайтындықтан, қандай мәселе туындауы мүмкін? «Біріккен Ұлттар Ұйымы мен оның аймақтық филиалдарына жаһандық экономикалық тәртіпті қалыптастыруға мүмкіндік беретін тиімді ұлтүстілік қуаттылықтың жарқын идеясы үшін алаңдаушылық туғызатын мәселенің көлеңкесінде мынадай маңызды сауал туындайды: «Қоғамдық пікірді және саяси ерік-жігерді демократиялық негізде қалыптастыру тұтастай алғанда «ұлттық-мемлекеттік» интеграция деңгейінен тыс міндетті күшке ие болуы мүмкін бе?» [82, 229б.].

Бұл мәселе саяси, ұлттық салада бірыңғай Еуропаны құру жолындағы негізгі қиындықты білдіреді. Осылайша, Еуропаның бірыңғай саяси бағытта бірігуі проблема болып қала береді, өйткені, ол еуропалық қоғамның саяси үрдіске қатысуын, сондай-ақ, басқарудағы ұлтүстілік элементті күшейтуді талап етеді. Бірінші мәселені еуропалық қоғамды саяси мәселелерді талқылауға тарту арқылы шешуге болады.

Еуропалық интеграцияға кедергі мемлекет құрылымында мығым ұстанымды иемденетін ұлттық мемлекет болып саналады. Бірлік пен ынтымақтастықты жүзеге асыру қабілетін сақтай отырып, ұлттық элементті алып тастаудың жолы бар ма? Бұл сұраққа жауап беру тұсында Ю. Хабермас К. Шмидтің ұлт туралы топшылауларын талдай отырып жауап береді: «Этникалық ұлт идеясы мемлекеттің азаматтарының демонстрациясы отандастарымыздың этносына негізделуі тиіс, сонда оны еркін және тең құқықты тұлғалардың саяси бірлестігі ретінде тұрақтандыруға болады» [82, 232б.].

Ю. Хабермас өзінің дәлелдерін Кант пен Руссоға бағыттап тұжырымдады, оның ойынша, ағартушы философтар «демократиялық өзін-өзі анықтауда ұлттық тәуелсіздікті бекітуге және ұлттық сәйкестілікті жүзеге асыруға тән ұжымдық және бір мезгілде айрықша мағына болмайды. Керісінше, оны барлық азаматтар

тең дәрежеде қатысатын автономды заңнама үрдісі ретінде кең мағынада түсінуі қажет» [82, 238 б.].

Демек, саяси қатысу этноцентризмнен бөлек құрылуы мүмкін, оның үстіне, осы үлгі бойынша белгілі бір ұлтқа жатпайтын барлық тақырыптар демократиялық үрдіске ену мүмкіндігіние болады. Ол – заңдық сала және жалпы азаматтық қоғамның дамуы арқылы еуропалық интеграцияға негізделуі тиіс.

Осылайша, біз де, ұлттық егемендікті екі түрлі мағынада түсінеміз: «Халықтың егемендігін түбегейлі түсіну шын мәнінде, «еркіндікті» халықтың сыртқы тәуелсіздігімен байланыстырады, процедуралық – еркін және тең құқықтылардың бірлестіктерінде барлығы бірыңғай кепілді жеке және қоғамдық автономиямен тығыз байланысты» [82, 245–246б.].

Еуропаның бірлігі өзіндік бірегейлікке негізделуі тиіс. Себебі, құқықтық коммуникация ғана әр ұлтқа жататын азаматтардың басын біріктіре алады: «Мұнда аса үлкен ұқсастық бар: кейінгі тоғыспалы алға жылжу ұлттық әлеуметтендіруге ауысудың белгілі бір «еуропалық жалпыға ортақ субстратына» тәуелді емес, сондай-ақ, қоғамдық бірлестіктердің, үкіметтік емес ұйымдармен, азаматтық бастамалармен және қозғалыстармен азаматтық қоғам тарапынан қолдау тапқан жалпы саяси мәдениеттің бөлігі болып табылатын жалпы еуропалық саяси жарнаманың байланыс желісіне байланысты болады…» [82, 267б.].

Заманауи зерттеушілер интеграциялық үрдісті дамытуда азаматтық қоғамның негізгі рөлімен келіседі: «Толыққанды серіктес ретінде азаматтық қоғамның барлық ірі заманауи үрдістерге қосылуы Еуропада интеграциялық үрдістерді жалғастырудың әлеуметтік негізін қалыптастыруға көмектеседі» [84, 153б.].

«Демократиялық қоғам интеграцияның тиімді формаларын табуы тиіс. Хабермастың пікірінше, оларды саяси ерік-жігер мен қоғамдық қарым-қатынас қалыптасқан жазықтықтан іздеу керек» [82, 153б.].

Жалпы еуропалық қоғамның саяси белсенділігінде еуропалық сәйкестікті табуға мүмкіндік беретін заң үстемдігіне негізделген азаматтық қоғам ұлтаралық деңгейде қазірдің өзінде сапалы жаңа әлеуметтік бірлестікті қалыптастырады: «Демократиялық азаматтық – кез келген жағдайда бір-біріне бөтен адамдар арасындағы аралық ынтымақты салыстырмалы түрде дерексіздендіріп белгілейді; ал әлеуметтік интеграцияның бұл түрі тек ұлттық мемлекетпен бірге қалыптасып, саяси әлеуметтену үдерісіне кедергі келтіретін коммуникациялық байланыс түрінде жүзеге асырылады. Азаматтық ұлтты этникалық ұлттан айырып көрсететін басты белгі – алдын ала берілген субстрат емес, өзара түсіністіктің ажыратушылықтың аясы» [8, 272–273б.].

Жалпыға ортақ еуропалық коммуникацияны құру құқықтық тетіктерді жетілдіру арқылы мүмкін болады. Еуропалық интеграцияның кілті құқықтық салада жатыр: «Осындай ынтымақтастықта, алдымен, саяси және құқықтық жағдайлармен негіздеме жасалуы керек, тіпті негізінде нақты ынтымақтастық келісімдерін жүзеге асыруға болады» [85, 27б.]. Мәдениетаралық қарым-қатынас мәселелері бойынша еуропалық интеграция үрдісіндегі заңның маңызы мен рөлі

туралы сөз қозғасақ, түрлі мәдениеттер субъектілерінің арасындағы сұхбатқа құқықтық, формальды көзқарасты, тіпті ең күрделі өзара дауларды шешуге мүмкіндік беретініне назар аудару қажет: «Белгілі бір елдің немесе мәдениеттің кез келген өкілі өз құндылықтарының артықшылықтарын талап етуге құқылы, алайда, дау туындаса және өз позицияны қорғау үшін дәлелдер беруге мәжбүр болсақ, онда әрқайсысының өз позициясын білдіруге құқығы бар жалпы келісімге келеміз және оны растау үшін ұтымды дәлелдер беру қажет. Бұл қағидаға ешбір балама жоқ. Қалыпты формальды этникалық дәстүрлер негізінде дамыған әртүрлі әлеуметтік-экономикалық жағдайларда өмір сүретін әртүрлі адамдарды байланыстыратын жалғыз нәрсе осы болады» [86].

Азаматтық қоғам мүшелерінің құқықтары мен бостандықтарының теңдігі арасындағы коммуникативті байланыстың негізінде Еуропаның бірлігін қалыптастыру ұсынылды. Бұл әдіс барлық еуропалық мәдениеттердің өкілдерін тиімді сұхбат үшін кеңістікпен қамтамасыз етуді ескере отырып, жалпы еуропалық бірегейлікті қалыптастыруға мүмкіндік береді. Саяси мәдениет, саяси жарнама, тиімді демократиялық процедуралар, сондай-ақ, заң үстемдігі мен еуропалық құқықтық жүйені жетілдіру еуропалық табысты интеграцияның кілті болып табылады.

Еуропалық бірегейліктің қалыптасуы интеграцияны мәдени салада жүзеге асатын үдеріс ретінде танытты.

– Қазіргі философия тұрғысынан саяси-құқықтық және мәдени интеграцияның алғышарттары, сондай-ақ, қазіргі заманғы әлемдік тәртіптің әлеуметтік шынайылығы талданады. Қазіргі заманғы жаһандану үдерістерімен байланысты мәдени саладағы интеграция мәселесі анықталды:

– «Басқалармен» сұхбат құрудың қажеттілігі күмән туғызбайтын жағдайда оқшауланушылыққа деген ұмтылыс өзінің өзектілігін жоғалтады;

– XXI ғасырдағы бірегейліктің қалыптасуы оның құрамына барлық мәдениет өкілдері енгенде ғана жүзеге асуы тиіс.

– интеграцияны дамытудың ең табысты стратегиясы – саяси және мәдени интеграцияның қиыншылықтарын шешуге мүмкіндік беретін құқықтық саладағы интеграция болып табылады.

Қорыта айтқанда, мультикультурализмге жан–жақты және әр түрлі түсіндірмелер беруімізге болады. Жоғарыда атап көрсеткендей, оның негізгі үлгілері мен теориялық тұжырымдары әрқилы болғанмен, олардың барлығына ортақ бір негіз бар екендігі сөзсіз. Бұл негіз: саяси – жан-жақты толеранттылық**,** жаһандандырушылық**,** гендерлік саясат**,** саяси консенсус**,** саяси компромисс**,** ашық қоғам; әлеуметтанулық – бірігу мен интеграция, тәжірибе алмасу; мәдени – мәдениеттер бәсекелестігі; мәдениеттер сұхбаттастығы; тарихи – тарихи циклдің қайталануы, қоғамдық тарихи құбылыс заңдылығы; этикалық – өзгені сыйлау (бірақ альтруистік емес), құрметке негізделу, түсінісу т.б.

1.3 Мультикультурал қоғамның қалыптасуындағы «Мен», «Өзге» және «Бөгде» концепциялары

Мультикультурализм қазіргі заманғы Қазақстан қоғамын дамытушы факторы екендігін негіздеу аясында, біз, алдымен, оның постмодернге қатысты қырларын, одан соң, оның аймақтық, саяси-әлеуметтік, мәдени негіздерін қарастыра келе, герменевтикалық және феноменологиялық негіздеріне сүйене отырып, қойылып отырған мәселені философиядағы «Мен», «Өзге» және «Бөгде» тұжырымдамалары арқылы ашып беру қажеттігін басшылыққа алып отырмыз.

Осыған орай, «Мен», «Өзге» және «Бөгде» тұжырымдамаларына қысқаша тоқталып өтетін болсақ, бұл жердегі «Мен» З. Фрейдтің Сана ұғымына келіп саятын немесе И.Г. Фихтенің таным теориясындағы Сол Нақ Сана түсінігімен орайласатын құбылыс екендігімен байланысын ашып алуымыз қажет. Бұл жердегі «Мен» тұжырымдамасының нақты баянын былайша анықтап аламыз: «Мен» – біріншіден, тек субъектінің өзі емес, екіншіден, тек сол субъективтілік те емес, үшіншіден, «Мен» – әлемді танудағы «Мен емес», төртіншіден, «Мен» белгілі бір аймақ немесе мемлекеттегі ішкі рухани-мәдени, саяси-экономикалық әлемнің нағыз тек өзіне ғана сыйымдылығы болып саналады. Бесіншіден, ол әсіресе, адамзат мәдениетіне қатысты, оның ішінде, белгілі бір мәдениеттің өзіне тән, қайталанбайтын үлгісін паш етеді.

Бірақ бұл «Мен» өздігінен жеке ұғым ретінде өз мәнін толық ашпайды, бұл «Өзге», «Бөгде» сияқты концепттер арқылы ішкі мағынасын жариялай алады. Сондықтан, біз қарастырып отырған мәселе, мультикультурализмнің осы ұғымдар арқылы тереңдей ашыла алатындығын негізге алсақ, философия тарихындағы аталған концепттерге шолу жасап, олардың толыққанды мәнін сараптауды қажет етеді.

Дүниемен қатынастың және өзара қарым-қатынастың кез келген үлгісі ғасырлар бойы қолданыстағы құндылықтық-мәнді семантикалық қорға енеді. Мультикультурализм – мигранттардың дифференциалды түрде енуі және мәжбүрлі ассимиляция сияқты қосұшқарылықтан алыс стратегия. Мультикультурализм – саналуандықтан құралған қоғамды білдіреді, тек қоғамда ғана мәдениеттер өзара кірігіп, өзара тату өмір сүретіндігін тиянақтайды.

Әралуандылық пен айырмашылықты философиялық тұрғыдан саралау тарихы адамзат пайда болған сәттен бастау алады. «Өзім» және «Өзге» түсініктеріне, мәдени шиеленістердің ассимиляциясына, гомогенділік пен гетерогенділікке қатысты ерте замандардан бүгінгі күнге дейін жеткен түрлі мысалдар келтіруге болады. Антропологтар мен мәдениеттанушы философтар, әлеуметтанушылар үшін барлығы да мәдениетті «Біз үшін» және «Олар үшін», «Өзімдікі» және «Өзгенікі» деген ұғымдарды түсіну мен айырудан басталады. Расында да, кез келген мәдени, эпистемологиялық, діни, саяси дәстүр өзінің қабілетін насихаттайды және өзгелерге қарағанда өзін жағымды жағынан сипаттап көрсетеді.

Бұл жағдай Еуропаның өз-өзін тарихи қалыптар бойынша, эпистемологиялық дәстүр, мәдени, әлеуметтік, саяси жағдайлардың және нормалардың әлемдік деңгейдегі жалғыз орталығы ретінде жариялауы үшін қолданылатын үлгі. Нақтырақ айтқанда, еуропоцентристік парадигма мен «Өзі үшін – Өзгелерді танудың» өздігінше өлшемі ретінде бағаланған.

XVI–XVII ғасырдан бастап осы күнге дейін Еуропада бұл жүйе қарқынды түрде жүзеге асырылып келгені шүбәсіз. «Мен» – дүниені екіге бөліп қарастырады. Алдыңғы орында адамның ішкі әлемі тұрады. Ж.П. Сартрдың «ашылу – өзгені ашады» дегені осы «Меннің» бастауы. «Мен» арқылы бүкіл әлем ашылады. Осы идеяны Платонның әлемі, Декарттің рационализмі, Фихтенің ғылымы, Гегельдің «Феноменология рухы» арқылы неміс философиясы да қолдайды.

«Бөгде» түсінігінің тарихи шығу тегінің мәселелеріне келер болсақ, ол – Еуропадағы модерн дәуірінің өрлеуімен, «әлемдік жүйенің» пайда болуымен, сонымен қатар капитализммен тығыз байланысты.

Айырмашылық дискурсы еуропалық біріншілікті жариялау мен қолдаудың таптырмас құралы болды. XVI ғасырда пайда болған модерн жобасы табиғаттағы әралуандылық пен айырмашылық мәселелерін басты назарға алды. Қандай себеп пен талапқа сәйкес (локалды және глобалды, экономикалық және әлеуметтік, эпистомологиялық, саяси және мәдени) түрлі гео-тарихи жүйедегі «Өзім» және «Өзге» түсініктерінің өзгеруі – осы идеялар бір-бірімен қалай біріккенін және бір-біріне қалай әсер еткенін қарастырады.

Жер бетіндегі көршілерімен тұрақты байланыс барысында еуропалықтар өз болмысын басқа өркениет өкілдерімен салыстыру арқылы, Еуропа құрлығындағы бірлікке негіз болуы мүмкін «Өзгеге» деген қатынастың ерекше түрі қалыптасты.

Ұлы географиялық жаңалықтар дәуірінен бастап Жаңа Дүниені зерделеу, Америка, Азия, Африкадағы кейінгі отарлау «Өзге» өркениеттерге қатысты мәселені аса өзекті етті. Жаңа дәуірдің бастамашылдығын жалғастырған XVIII ғасырдың ағартушы философтары өз еңбектерінде еуропалықтардың бірегейлігі туралы қағиданы басшылыққа ала отырып, еуропалық емес өркениеттер мен халықтарды антропологиялық тұрғыдан талдауды бастады.

Ағарту дәуіріндегі философияға қатысты іргелі еңбектің жауапты редакторы болған Дени Дидро Еуропа мен Азияны саяси тұрғыдан салыстыра келіп: «Қанаушы мемлекеттегі елбасы – бүтіндей, тұтасымен, сол елдің бүкіл азаматтарының жиынтығына теңдес тұлға; ал ұлттың өзі ештеңе емес. «Егемен» өз еркімен, өз қалауынша заң шығара береді, қоғам болса, одан тысқары қалып отырады. Азиядағы басқарудың формасы осындай; оның ғасырлар бойы мұрагерлік құлдықта болып келе жатқан тұрғындары өздеріне қанаушылық көрсетіп отырған құбыжық билікке қарсы ешбір мәнді шешім таппаған. Азиялықтарға қарағанда ержүрек, еңбекқор әрі жауынгер Еуропа халқының азаматтары «ұлттың» атынан сөйлейтін және бұны тежемесе шектен шығатын өкіметтің ниетіне қарсы тұра алатын азаматтардың болуының қажеттілігін үнемі түсінетін»,-деп пайымдаған болатын [87, 73б.].

Өкілдіктің түбегейлі тұжырымдамасы болып табылатын «еркіндік, бостандық» ұғымы мұнда еуропалық құндылық ретінде қарастырылғанын көріп отырмыз. Энциклопедистер бүкіл Еуропаға ортақ саяси өкілдікті, ал кейіннен, бостандық құндылығы мен демократиялық қағидаттардың ұстанымына негізделген бірлестікті тұжырымдады. Бостандықты еуропалық қоғамның ажырамас сипаты ретінде бекіту философ ағартушылардың құндылық бағдарларына толығымен сәйкес келеді.

Еуропа мен Азияда қалыптасқан бұл көзқарас қоғамның өз ішінде де бекітіліп, ағартушы философтар тарапынан қолдау тапты. Ағарту философиясы әрбір адамның еркіндікке, бақытқа, қажеттіліктерді қанағаттандыруға, жалпы табиғаттан берілген ортақ мүдделерге құқын қарастырды. Сонымен қатар, мемлекеттің саяси құрылымы, заң шығару жүйесімен қоса, табиғаттың өзі алдын ала белгілеген осындай табиғи тәртіпті бекітуге ұмтылуы тиіс; егер мемлекет ондай бұйрықтың іргетасын бұзса, ол жойылып, тиісінше қайта құрылуы керек екендігі де шындық [87, 89б.].

Еуропалық дүниетанымның және еуропалық мәдениеттің ажырамас бөлігі ретінде бостандыққа қатысты ұқсас көзқарасты француз ағартушылығының келесі көрнекті өкілі Шарль Луи Монтескье де ұстанды. Өзінің «Парсы хаттары» сатиралық романында философ еуропалық қоғамның әртүрлі қырларын сипаттап, олардың еркіндікке ұмтылыстарын және деспотизм көріністеріне төзбеушілігінің бастауы ретінде ежелгі гректердің еркіндік сүйгіштігін көрсетті. Одан әрі Ш.Монтескье бүкіл Еуропа халықтарының біріккен қоғам ретіндегі көрінісін еркіндікке қайта ұмтылған федерация рухында суреттейді.

Француз ойшылы бұл тақырыпқа өзінің «Заңдар туралы» еңбегінде қайта оралып, Еуропадағы еркіндік рухы мен Азиядағы құлдық рухтың тарихи талдамасын жасауға тырысады: «Міне, сол себепті Еуропаның әрбір елі сыртқы күшке ымырасыздықпен қарайтын еркіндік рухын құрды. Азияда, керісінше, одан ешқашан ажырамаған құлдық рух басым тұрды. Ол елдің бүкіл тарихынан азаттықты бейнелейтін бірегей сипатты іздеп табу мүмкін емес; онда сіз құлдықтың ерліктерін ғана көре аласыз [88, 74б.].

Ш.Монтескье ізденістерінде Еуропаның өзге құрлықтардан мәдениеті, әлеуметтік деңгейі, мемлекеттік, құқықтық дамуы, яғни, еуропоцентризм тұрғысынан жоғары тұруы тұжырымдалады, оның ойынша, еуропоцентризм еуропалық өркениетті «басқалардан» ерекшелейтін басты фактор.

Француз ағартушысы Мари Жан Антуан Николя Кондорсе Еуропа идеясына әлем орталығы тұрғысынан баға береді. Оның «Адамзаттың ақыл-ой прогресінің тарихи бейнесінің сызбасы» атты еңбегінде: «Әлем халқы түбінде барынша еркін, барынша білімді, ескішілдіктен ажыраған ұлттардың өркениетіне бірігуі мүмкін бе?» деген сұрақ қойылған [89, 152б.]. Бұл жердегі мәселе, әрине, Еуропа ұлттары жайлы болып отыр. Кондорсе мынадай мәселені мәселе ретінде қояды: «Соңғы патшаларға бағынышты халықтардың құлдығы, Африка тайпаларының жабайылығы, табиғатты білмеуі, шексіз қашықтық бірте-бірте жойылуы керек пе?» [89, 153б.].

Француз ойшылы үшін бұл сұрақтың бұлтартпас жауабы – Еуропаның дамуы. Яғни, Кондорсе еуропалық мемлекеттердің отаршылдық саясатын ақтайтын еуроцентризм ұстанымын тұжырымдайды. Колониализмді тәуелді халықтардың гүлденуіне үлес қосуға бағытталған құбылыс ретінде қарастырады. Еуропалықтар өздерін өз мәдениетінің еріксіз даму ырқымен өзге елдерді табиғи түрде жеңіп алуға құқығы бар адамдар деп есептейді.

Осылайша, ағартушы философтар назар аударатын отаршылдықтың феномені еуропалықтардың өзіндік тануына үлес қосқан еуропалық сәйкестіліктің қозғаушысы болды. Ағартушылық әдіснамасының іргетасының бірі – ілім мен білімге, адам құқығына негізделу болды: ол қараңғылықты жоюды, адамдарға білімді кең ауқымда жеткізуді насихаттайды.

Бұндай идеялар ағарту дәуіріндегі антропологияға алып келді. Антропологиялық көзқарастың мұндай деңгейге көтерілуіне отаршылдық жаулап алу себеп болды. «Бөгде» Еуропаға – табиғи тарихи мұражайларға, қарабайыр халықтардың кең аясына арналып жасалған көрмелерге импортталды және осылайша қоғамдық қиялға қолжетімді болды» [90, 125б.].

XVIII ғасырдан барлық халықтарға еуропалықтардың ерекше қасиеттері, еуропалықтардың ерекше рөлі атап көрсетіле бастады: отаршылдық саясат еуропалық сәйкестілікті насихаттаумен тығыз байланысты болды.

Еуропаның «Өзгемен» қарым-қатынасынан еуропалық тұлғаның негізін құрайтын еуропалық адамның тұжырымдамасы қалыптасты, нәтижесінде өзін–өзі тану дамыды және ол «еуропалыққа тән бірегей қасиеттер негізінде» жүзеге асырылды.

XX ғасырдағы интеграциялық үдерістер, Еуропаның бірегейлігіне негізделген және Еуропа аймағындағы халықтардың тұрақтылығы мен өркендеуін қамтамасыз ету, олардың қазіргі XXI ғасыр жағдайындағы тарихи және философиялық көріністерін талдау, шекаралардың салыстырмалы ашықтығы және оқшаулану мүмкіндігінің жоқтығы жағдайында еуропалықтардан барынша артқа ығыстырылумен болған «Өзгемен» қарым–қатынас мәселесі өзекті бола түсті.

Британдық әлеуметтанушы Энтони Гидденстің пікірінше, қазіргі дәуір басқа адамдармен сұхбаттасу қажеттігі тұрғысынан космополитизм дәуірі ретінде сипатталуы мүмкін. Ал оның астарында «әртүрлі діндер мен дәстүрлердің күнделікті байланыстары және жаһандану жағдайында өмір сүруді үйрену тұр» [91, 136б.].

Бұдан мәселе былайша туындайды: «Заманауи еуропалық аймақта тұратын әртүрлі мәдениеттер мен өркениеттік ерекшеліктердің бейбіт қатар өмір сүруі мүмкін бе?».

Бір сәтке мұның жауабы Еуропалық қоғамдастық тарапынан ұзақ уақыт бойы жүргізіліп келе жатқан мультикультурализм саясаты ретінде көрінуі мүмкін. Өзінің негізінде мультикультурализмді «азаматтық құқықтарды тану және этникалық азшылықтардың мәдени сәйкестігі» деп түсінуге болады» [92, 570–571б.].

Осы түсініктің астарында түрлі этникалық топтардың үйлесімді өмір сүруіне жағдай жасау мүмкіндігі туралы идея бар тәрізді көрінеді. Қазіргі заманғы санада мәдениеттің болуы туралы идея белгілі бір сапалы ерекшелігі бар мәдениеттердің бірлігі ретінде қалыптасты. Бұл жағдайда әрбір жеке мәдениет – өзінің мәдени шекараларын өзі белгілейтін, дәстүрлі өзегі бар тұтастық. Кез–келген мәдени құбылыстарды, идеяларды, идеалдарды қабылдау өзара қарым–қатынас нәтижесінде мәдениеттердің дәстүрлі құндылықтар жүйесімен анықталады.

Әр мәдениеттің өз ерекшелігі туралы хабардарлығы мәдениеттер арасындағы төзімділік қатынастарын орнатып, олардың әрқайсысы өздерінің сапалық сәйкестілігін, даралығын және барлық мәдениеттердің теңдігін мойындаған жағдайда бір–бірін толықтырып, әр мәдениеттің өркендеуі мен дамуы үшін мүмкіндіктер ашады.

Қазіргі заманда мәдениеттердің бір-біріне өзара ықпал ету беталысы «Өзге» және «Бөгде» түсініктерінің арасындағы айырмашылықтарды жоққа шығара бастады. Б.В. Марков өзгелерді қабылдау және қонақжайлылық құбылысы мәселесін «саяхатшы» және «турист» ұғымдарын салыстыру арқылы талдауды ұсынады. Автордың қазіргі әлемдегі «Басқаларды» дұрыс қабылдау пікірін дұрыс түсіну үшін, сапар тәжірибесіне ауысудың мәні бар. Оның мақсаты – «өзгемен тоғысу арқылы өз-өзіңді өзгерту». Саяхатшы – қонақжайлылыққа сүйене отырып бәріне өз қалтасынан төлейтін туристен өзгеше. Саяхатшы үшін «Бөгде» («бөтен тұлға») қызмет көрсетуші емес. Өзі қонақ болып отырған шаңырақтың иесі [93, 188б.].

Өзгелерді танудың шынайы нысаны ретінде қарастырылатын саяхат мәдениеттердің өзара сыйластығын жариялайды және мәдениетаралық қарым-қатынасқа шақырады: «Ежелгі саяхатшы өзі саяхаттап жүрген елдің әдет-ғұрыптарына сай әрекет етуге тырысты. Алайда, қанша мәдениетті болуға тырысқанмен, өз болмысын өзгерте алмады. Осылайша ол өзін сақтай алды. Дегенмен, оған қонақжайлылық танытқанда, үй иелерімен бір дастархан басында отырғанда, ол өзгере бастайды. Бірақ бұл жерде маңыздысы – үй иесінің қарым-қатынасқа өз еркімен кірісуі» [93, 189б.]. Осылайша, мәдени сұхбаттың нәтижесі біржақтылық емес, бір-біріне айналу мәселесі болып отыр.

Басқамен қарым-қатынастағы ашықтық Ж. Деррида философиясының маңызды бөлігі. «Өзге Мыс» шығармасында француз философы Еуропаны «Сар» ретінде қарастырады және бұл сөзді екі түрлі мағынада түсіндіреді: «Еуропа тек — географиялық «Сар» емес, сонымен қатар, «жобаның мағынасында, әмбебап, шексіз міндет немесе идеяның рухани қалпын сақтайтын нәрсе: өзі жинап, топтастырып, өздігінен және өзі үшін капиталдандырудың өзі». [94, 58б.]. Осы қалпын шексіз сақтай отырып, Еуропа басқа да «сар» үшін қарым-қатынаста үнемі ашықтық қалпында болады.

Ю. Хабермас Батыстағы интеграциялық ашықтықтың маңыздылығын атап өтті. Еуропа халықтарының ұлттық мәдениеті белгілі бір өзгерістерге ұшырауы мүмкін, бұл жағдайда, ол теріс сәт ретінде қарастырылмауы тиіс, өйткені, бұл – қалыпты жағдай, одан алынатын сабақ үнемі біреу: өзіндік ой-өрісіңнің

көкжиегін, когнитивті диссонастарды кеңітпей сәтті болуы мүмкін емес» [22, 76б.]. Ю. Хабермастың ойынша, сәтті интеграция – екі жақтан қатар туындайтын, өзара түсіністікке негізделген интеграция.

Осылайша, біз, мультикультурализм саясатын еуропалық мәдениеттің ашықтығы мен басқа да этникалық топтардың мәдениеттерінің қосылуы жолына айналдыру керек екенін көріп отырмыз; алайда, бұл жерде оқшаулануға жол бермеу және тек қана өз-өзімен бола тұру маңызды. Мультикультурализм саясатын Гидденс шынайы мағынадағы «тану саясаты» деп біледі: бұл жерде бірегейліктердің айырмашылығы не болмаса, өзара түсінісу мен әрекет ету туралы сөз болып отырған жоқ. Мәселелер аймағы қоғамның жекелеген топтарын «оқшауланған және Бөтен» деп қарастырған кезде немесе олар өздерін осындай деп тапқан кезде туындайды» [91, 150б.].

Осылайша, біз, Еуропаның мәдени интеграциялануы өте күрделі екенін көрдік. Жаһандану үдерісі туындатқан мәдени байланыстар еуропалық сәйкестілік туралы еуропоцентризм рухындағы бұрынғы түсінікке күмән туғызды. Еуропа халықтарының бірегейлігі әртүрлі мәдениеттердің өзара сұхбаты, қазіргі заманғы барлық этникалық топтарды қосу арқылы жаңа панеуропалық тәртіпті заманауи негізде құру болуы тиіс.

Осылайша, әлемдік деңгейдегі өте маңызды айырмашылық пен әралуандылық мәселелері кезеңінде, XVI ғасырда, Қайта Өрлеу дәуірінде, «Өзім» және «Өзге» түсінігі туды.

Ю. Хабермас өз еңбектерінде бұрын көтерілген мәселелерді «Өзге», тіпті «Бөгде» тақырыбындағы заманауи пікірталасты жаңа деңгейде қарастырады [22, 77б.].

Ең алдымен, «Неге бұл мәселелер «субъект» пен «объект» туралы классикалық сұрақты ығыстырып, философиялық пікірталастарда алдыңғы қатарға шығып отыр?» – деген сұрақ туындайды.

Әлеуметтік антропология қарапайым байырғы халықтың мәдени тәжірибесінің ерекшелігін түсінуде тек философияға ғана емес, жазушыларға, суретшілерге де әсерін тигізді. Заманауи дисскусиядағы «Өзгенің» мойындалуы философиялық, әлеуметтік-антропологиялық, мәдени-әлеуметтік, саяси проблемалардың өзара жақындай түсуімен анықталады. «Өзге» мәселесі Ф. Ницше, З. Фрейд, Э. Гуссерль, М. Хайдеггер, Ж.–П. Сартр, М. Мерло–Понти, Э. Левинас, Ж. Лакан, М. Бубер, М.М. Бахтин, Б. Вальденфельс, Ж.–Л. Нанси, т.б. ойшылдардың орталық мәселесі болды.

Белгісіз және түсініксіз нәрселерден қауіптену – адамның табиғи, санадан тыс реакциясы. Өз мәдениетіміздің ерекшеленетін, айырмашылығы бар мәдениеттің өкілдері «Бөгде» ретінде қабылданады. Оларды өзгешелендіріп тұратын сыртқы қасиеттер адамның өз мәдениетіне тән заңдармен, этикалық нормалармен өлшенеді.

Егер де индивид өзі өмір сүретін аймақтың заңдарына, сәйкес тіршілік етпесе, ондай индивид сол аймақтың тұрғындарының қабылдауында «қауіп–қатердің көзі» ретінде көрінуі мүмкін. «Бөгденің» қауіп-қатер әкелуші ретінде қабылдануының себебі, біз, ол адамның қандай ережелермен және заңдармен

өмір сүретінін білмейміз, осыған орай, оның түсінігінде ненің жақсы, ненің жаман екенін білмейміз.

Ю. Хабермас бірлікке жетуде басты рөлді санаға беретін классикалық философияның жобасын жақтайтын тұлғалардың қатарына жатады. Ю. Хабермас «сананы», «этиканы» және «еркіндікті» байланыстыратын «коммуникация» түсінігімен толықтырып, өзінің «коммуникативті әрекет» теориясын негіздеді [22, 77б.].

Ол моральдық бірліктің негізін коммуникациядан аңдай алады: басқалармен сөйлескенде біз оларды өзімізді мойындағандай мойындаймыз. Сонымен қатар, олынтымақтастықты нығайту проблемасын шешуге тырысты: өз теориясына «Өзгені» қоса отырып, баланс стратегиясына, келісім шеберлігіне, уағдаластық саясатына негізделген ерекше, төлтума жоба жасады. Ол ұсынған шешім «Өзгемен» бейбіт өмір сүру мүмкіндігін қамтамасыз етеді және түбегейлі қағидатты мәселелерге байланысты тығыз жақындасу тәсілдері туралы ойлануға уақыт береді.

Екіншіден, моральдық шешімдердің табиғатын қайта қарастыру үшін маңызды. Егер ынтымақтастықтың негізінде әлемдік масштабта адамдардың бірлікке жету жобалары іске асырылмаса, бұрынғылардан ақылымыз да, сәттілігіміз де кем болар еді, сондықтан, әділеттіліктің негізінде бірлескен өмірдің келешегін мұқият ойластыру қажет.

Жекелеген халықтар, өз ішінде, өз арасында туыстық белгілерін тауып, осыған орай, өз арасында мәңгі достық туралы келісім жасаса да, бұл достықтың берік және ұзақ болатынына ешкім кепілдік бере алмайтынын күні кешегі қазақ–қырғыз, қазақ–өзбек «ынтымағының» немен аяқталғаны көрсетті. Қырғыз халқының экс-президентінің сөзінен ынтымақтастықтың поэтикасы нарықтық қарым-қатынастың прозасына жол бергенін көрдік.

Әрине, рухани негізде бірлесу – сыйымды, бірақ ол экономикалық әділеттілік пен жауапкершілікке негізделмесе, өмірдің шындығына төзе алмайтыны белгілі болды. Сондай жобаны Ю.Хабермас ұсынды. Ол либералдардың прагматизмін республикашылдардың утопизмімен байланыстырып, ынтымақтастықтан бас тартып, әділеттілікті сақтауды негіздеді [22, 78–103б.].

«Өзге» – заманауи герменевтикалық философияның орталық ұғымдарының бірі. Ұғымның өзектілігі антропологиялық бетбұрыспен байланысты. «Өзге» – бұл мен емес. Ол маған қарсы бетте. Ол Меннен тысқары. Менің дүниетанымымның, менің құндылықтарымның ар жағында орналасқан, бірақ ол да мен сияқты ойлайды, сезінеді. «Өзге» – біреу емес, көпқырлы, көптүрлі мәдениеттердің жиынтығы. Олар да «Бізді» «Өзге» деп қабылдайды. Егер де олардың «Өзге» мүлде «Өзге» болса, онда мультикультуралдық ынтымақтастық орнамайды. Сондықтан да, «Өзге» шартты ұғымға айналса, Ол да «Біздің өзге» болып шығады.

Белгілі дәрежеде «Өзге» – біз үшін ниеті белгісіз адам, одан қауіпсіз екеніне біз сенімді бола алмаймыз. Белгісіз жағдайларда біз санадан тыс жауап қайтарамыз, яғни, «Бөгдені» қауіпсіз адамға қарағанда қауіпті адам ретінде

қабылдаймыз. Өзін сақтау, аман қалу инстинкті деп аталатын бұл бейсаналы қорғаныш реакция әрбір адамға тумысынан тән.

Керісінше, біз сияқты киінетін, біздің тілде сөйлейтін адам бейсаналы түрде қауіпсіз адам болып қабылданады, себебі, оның әлеуметтік өмірі біздің өмірімізге ұқсас, сәйкес келеді. Егер ол адам этикалық нормаларды, заңдарды бұзушы және біз үшін қауіпті болып шақса, біз өзімізді қалай қорғауымыз керек екенімізді білеміз, себебі, біздің заңдар мен ережелерге жанжалдарды басқару және реттеу тәсілдері де кіреді. Ал «Бөгде» адамға келгенде, өзіміздің қауіпсіздігіміздің жеткілікті қорғалғандығына сенімді бола алмаймыз. Сол себептен бөгде адамды потенциалды қауіпті адам ретінде қабылдаймыз.

Адамдық қажеттіліктердің бірі – қауіпсіздікке деген мұқтаждық. Бұл қажеттілік әртүрлі мәдениетпен, дінімен ерекшеленетін халқы көп аймақтарда өте маңызды рөл атқарады. Сондықтан мультикультурализмге, антиммигранттық қауіпсіздік саясатына байланысты бөгделердің басқыншылығы төңірегіндегі көптеген саяси дискурстар талқыланады. Осыған орай, жергілікті халықтың мүддесін қорғайтын саясаткерлердің риторикасы мен ұрандары барша адамға тән бейсаналы түрде қауіпсіздікке деген ұмтылысын пайдаланып, манипуляция жасайды.

Кауіпсіздікке деген мұқтаждықтан туған спекуляция мәселесі саясаттың өрісінде қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсаттан құралға, ал мақсат – қол жетімсіз құбылысқа айналып бара жатырған сыңайлы. Сайлау өткеннен кейін қауіпсіздікті қамтамасыз ету тақырыптары тіпті ұмытылады. Мысалы: жұмыс орындарының аз болуына кім кінәлі? Қала шетіндегі қылмыскерлікке кім жауапты? Біздің заңымызбен, этикалық нормаларымызбен өмір сүргісі келмейтін бөтен адамдар. Осыдан «біздің мәдениетіміздің орнына өзінің салт-дәстүрін енгізгісі келетін кім?» деген сияқты алғышарттарға негізделген сұрақтар туындайды.

Мұндай саясаттың нәтижесі әлеуметтік жағдайды жақсартпайды, керісінше, түрлі мәдени топтардың арасында шиеленіс туғызады. Сөйтіп, бөтен топтарға жататын адамдарда маргинализация, геттоизация, жаттану үдерісі күшейтіледі.

Мультикультурализмді сынаушылардың айтуынша, ол тәсілдеме ретінде болсын, саясат ретінде болсын, идеология ретінде болсын утопиялық көрініс алады. Сынаушылардың айтуынша, иммиграция дәстүрімен қоғам ешқашанда үйлесімді және ынтымақты қоғамға айналмайды.

Түрлі мәдениеттің өкілдері бірлесе отырып достық пен өзара түсіністіктің негізінде мінсіз қоғам құра алмайды. Бұған қазіргі Еуропа айқын мысал бола алады: екі жақтың да жергілікті халықтың да, тұрғылықты емес халықтың да бір-біріне деген алаңдаушылығы және жағдайға өзара қанағаттанбаушылығы орын алуда.

Іске аспаған болжаулардың себебі үйлесімді қоғам идеясының реалдылықтан алыстығы болып табылады. «Бөтеннің» образы адам психикасында қорғаныш реакциясын тудырады. Бұл реакцияны

«мәдениетаралық үрей» деп атауға болады. Мазасызданудың бұл түрі бір-бірін танымайтын мәдени топтардың, индивидтердің өзара қайшылығынан туады.

Енді, айтылған алғышарттарды негізге ала отырып, мультикультурадағы шиеленіс тудыратын «конфликтогенді» мәселелерді қарастырайық. «Мәдени топтардың арасындағы шиеленіс эскалациясын туғызудан басқа, табиғи қажеттіліктерге спекуляция жасаудан басқа, тағы қандай жолдармен мультикультуралды қоғамдағы қауіпсіздік пен тұрақтылықты камтамасыз етуге болады?» деген сауал қоюмызға болады.

Қауіпсіздік пен тұрақтылық – қоғамдық өмірдегі ережелер мен нормалардың легитимдігі арқылы қамтамасыз етіледі, және олардың бұзылуында белгілі санкциялар ескеріледі. Бұл нормалар мен заңдар нәсілдік, этникалық, діни ерекшеліктерге тәуелсіз жұмыс жасаған кезде ғана, нағыз, қауіпсіздікті қамтамасыз ететін факторға айнала алады.

Заманауи мульти қоғамдардағы мәселелер ауқымының бірі: батыста трендке айналған заң алдындағы теңдік қағидасына негізделген әдемі идеяларды, бөтен бір этникалық топ өкілдерінің өмір сүруін жеңілдету мақсатында арнайы актілер енгізу мысал бола алады. Бұл жерде псевдо–толеранттылықты атап өтуге болады.

Псевдотолеранттықтың түпкі мақсаты: мойындалмайтын, астыртын, мәдениетаралық үрейді тудыру. Адам өзінің қорқынышын, яғни, бөтен адамға өзінің агрессиясын көрсетпеуге тырысады. Мысалы, Батыс Еуропа тұрғындары радикал болып көрінуден сақтанады, саяси дұрыстықты ұстану керектігіне байланысты сыпайы, биязы көрінбей қалудан қорқады.

Бұл тренд Батыс Еуропада мәдени, діни ерекшеліктеріне қарамастан, заңның алдында баршаның теңдігі идеясын емес, мәдени және этникалық ерекшеліктерге көңіл аудару, яғни, мәдени және этникалық ерекшеліктерді қол сұқпайтын құндылық деп санау идеясының басым болуымен байланысты дамыды.

Егер, біз «мәдениетаралық қорқыныштан арылуға болады», десек, жалған сияқты болып көрінеді. Себебі, бұл – адамның табиғи ерекшелігі. Бұл ерекшелікке дұрыс қарай білу керек. Адам психикасының құбылысын елемеу нәтижелі болмайтынын практика көрсетіп отыр. Мәдениет аралық қорқыныш құбылысын елемеу, ескермеу, мәдениетаралық шиеленістердің эскалациясына алып келуі, тіпті, адамдардың өмірін де алып кетуі мүмкін. АҚШ ұстанған саясатта да псевдотолеранттылықтың белгілері бар тәрізді. АҚШ өздерін әлемдік тәртіпті реттеуші ретінде сезінеді.

Сондай-ақ, мәдени ерекшеліктер мен сипаттамалардың жойылуын күту де нәтижесіз. Құқық пен еркіндікті қамтамасыз етіп, құқықтық кеңістікте барлығына бірдей норма мен этиканың көмегімен мәдениетаралық сұхбатты қолдау әлдеқайда нәтижелі болмақ.

Адам біртекті мәдениетті иеленуші және тасымалдаушы болуға тиіс емес. Алайда, тіршілікті, қауіпсіздікті қамтамасыз етуші заңның алдында жауапкершіліктің деңгейі баршаға бірдей болуы тиіс. Қоғам – үйлесімділік

жағынан ешқашан мінсіз бола алмайды, бірақ өзінің әрбір мүшесі үшін кауіпсіздікті қамтамасыз ете алатын бейбітшіл бола алады.

К. Ясперстің пікірінше, «Бөгдені» түсіндірмейміз – ұғынамыз [95, 103б.]. Бөгдені қалай түсінуге болады? Проекция немесе аналогия деп атауға болатын тасымалдау арқылы біз өзімізді бөгде тұлғаның орнына қойып проекция жасаймыз, ол тұлғаның орнында біз не сезінер едік. Бұл эгоцентрлік нұсқама көп жағдайда түсінбеушілікке алып келеді, өйткені, «Бөгде» – «Меннен» ерекше және заттарды басқаша сезінеді. Бөгде – бөгдеге ашықтық қатынастан туады. Адам экзистенцалдық тұрғыдан алғанда жалғыз, себебі, өзін тек қана өзі терең түйсіне алады, басқалар оны терең түсіне бермейді, сондықтан да адам әлемде жалғыз деген пікірлер де айтылады.

М. Шелердің түсінігі бойынша, ұнатудың әсерімен адам арақашықтықты сақтай отырып-ақ, бөгденің әсерін сезінеді. Ол махаббаттан өзгеше, яғни, түсінуге емес, бірігуге тырысады және автоматты түрдегі имитация, «бөгде сияқты» жасауға тырысады: мысалы, бір әйел жылап отыр, ал – «Бөгде» – ол әйелдің жылау себебін білмей-ақ, оны көріп жылай бастайды. Нәтижесінде, бөгдені түсінуде қалыпты көзқарас пен сыни қатынас кедергіге айналады. «Мен» қарастырғанмен, «Бөгде» «Мені» затқа айналдырады: «Мен үшін бөгде ең алдымен, «Мен». «Мен» – бұл «Мен». Ал «Бөгде» – қолжетімсіз «Мен»». «Бөгде» – өзін-өзі тану мен өзін-өзі таныту құралы [96, 96–115б.].

Г.В.Ф. Гегель өзінің «Рух феноменологиясы» еңбегінде өзін–өзі танудың басқа адамдардың оны мойындауына байланысты екенін тұжырымдады. Оның пікірі бойынша, мойындаудың бірінші сәті – екі сананың бәсекелестік күресі, субъективтілігі [97, 82–112б.].

Бұл күрес «Бөгдені» терістеуге дейін барады. Индивидтің дамуы, халықтардың дамуы сияқты дау-жанжалдардан өтеді, диалектикада «Бөгде» кезекпен терістеліп, сананы ақиқатқа итермелеп, әмбебап көзқараста болуға мүмкіндік береді. Дау-жанжалдарды реттеу үшін, біздің «Басқамен» қарым-қатынасымызды және қоғамдағы өмірді мүмкін етуші заңдар, мекемелер, процедуралар тағайындалған. Олар адамдар арасындағы қатынастың гуманизациясы мен қоғамдағы өмірдің қалыпқа келуін мүмкін етеді. Бұл идея Конфуций тұжырымымен дәйектеледі: «Өзіңе қаламайтынды басқаға жасама».

«Бөгде» – «Мен» емес. Демек, «Бөгде» маған және мен үшін ұсынылатын қатынас. Ғасырлар бойы қалыптасқан еуропалық классикалық философияда «Бөгде» түсінігі аз кездеседі. Ортағасырлық дәстүрдегі «alter ego» түсінігінде «Меннің» келбеті көрсетіледі. «Мен»-мен қатынасқа түсетін тәуелсіз, зайырлы сипатта және сөзсіз тұлға «Мен» үшін маңыздылығын көрсетпейді. Неміс классикалық философиясында «Бөгде», егер, мұндай түсінік болса, субъектінің белсенділігіне тәуелді, заттың, әлемнің объектісі болар еді. Дерексіз теориялық әлем үшін «Бөгденің» шынайы мәні бейтаныс [97, 82–86б.].

Көптеген қазіргі заманғы философиялық ағымдарда «Бөгде» тұжырымдамасының негізінде гегельдік «менің «Бөгдем»», «Мендегі «Бөгде»» категориясы жатыр. Сана индивидуалдықтан, кездейсоқтықтан, өткіншіліктен жаттанады, жаңылысады, шатасады. Сондықтан, екі субъектінің

коммуникациясы бұл жерде даусыз толықтырушы, белгісіздік – «абсолюттік идеяны», «әлемдік рухты» байқатады [97, 102–106б.].

ХХ ғасыр философиясындағы тұлғалық бағыттағы «Бөгде» түсінігі ең алдымен интерсубъективтілік, коммуникация және сұхбат мәселелерімен байланысты. Э. Гуссерльдің феноменологиясында интерсубъективтілік мәселесі «Мен» үшін Бөгде» – айқындаушы үдерісте сананың актілері белгілейтін феномендердің бірі. «Мен» «Бөгдені» әлемді айқындаушы субъект ретінде болжайды, «Мен» мен «Мен»-нің – айқындаушы феномендерінің бірі. Сонымен қоса, «Бөгденің» ықпалы тікелей берілмейді, «түпнұсқада» «Мен» тек гипотетикалық «олардың» құрамын ишара сөздер сияқты сыртқы белгілер арқылы қайта құра алады. «Бөгде» «Мен»-ге қатынасында трансценденцияны бейнелейді. Ал ең басты мәселе – «трансценденталды-солипсизм» нұсқамасында қайшылық, феноменологияның негізінде «Мен» және «Бөгде» арасындағы тең құқықтық жатыр [77, 82б.].

Бұл қайшылық экзистенциалистік нұсқаларда жалғасын тапты. Мысалы, Ж.П. Сартр үшін екі индивид арасындағы мүмкін болатын, екі сананың арасындағы жалғыз байланыс – өзара терістеу байланысы [98, 16–58б.].

Ж.П. Сартр түсінігі бойынша, «Бөгде» «Мен»-ге қатынасында «индивидуалды сана» «бөгде үшін болмыс» модусынан туындап шығады. Бірақ «Бөгде–үшін–болмыс» «өзі–үшін–болмыс» болмыстық құрылым болып табылмайды. «Ештеңеге» тең субъективтілік өзіне деген оң байланыс орнату үшін өзінің құрамында ешқандай ресурстары жоқ. Ж.П. Сартрдың пікірінше, «Менің» «көзқарасым» «Бөгдені» затқа айналдырады, ал объект – керісінше. «Бөгденің» қөзқарасында тасталу – Медуза туралы мифтің құнды мағынасы [98, 66–83б.]. Сартрдың жалғыздық ұғымында адамның барлығы әлемде жалғыз болатын болса, олар өздері үшін өзгелерді жат санайды, өйткені, жеке Менді сол Меннен басқа ешкім толық түсіне алмайды. Сондықтан да ол тек қоғамда емес, әлемде жалғыз.

Г. Марсельдің ойынша, индивид «Бөгдені» мойындаған кезде, өзінің жеке «Бөгдесі» және осының негізінде ол «Бөгдеге» кірігуге тырысқан жағдайда ғана, тек осы жағдайда ғана ол жаттану мен жалғыздық шеңберін үзе алады [99, 83-101б.]. М. Бубердің пікірінше, тұлға «Мен» және «Бөгде» арасындағы қатынасты қарастырмай, «Мен» өзі туралы ештеңе айта алмайды. Өмір – тұлға арлық қатынастардың жиынтығы [100]. Адамның өмір сүруінің ең бастысы – «Бөгдеге» жүгіну, шақыру және «Бөгдеге» жауап қайыру. М. Бубер үшін басқаша «Бөгденің» радикалды тәжірибесі, осы «Бөгдені» мойындау, «өзімнің бөгдем»-ді тану, ішкі сұқбаттағы «бөгдесіз» өмір сүру мүмкін емес екендігін сезіну [100].

«Бөгде» – қазіргі заманғы еуропалық өзіндік сана алғышартын негіздеуші концепт. Бүгінгі күні философиялық сипаттағы іргелі ойлаудың өзіндік бірегейлік құрамды және ажырамас бөлшегі ретінде «Бөгде» түсінігін қамтымай кету мүмкін емес. Себебі, оның алғышарты еуропоцентристік көзқарастарда жатыр. Шындығында, қазіргі таңда да, еуропоцентристік парадигмалар өздері тіпті, «Біздер» үшін өзінің мәнін әлі жоймағандығының

куәсі болып отырмыз. Өйткен, еуропоцентризмде бәрі еуропалық таныммен бағаланады.

Субъект мәселесімен айналысатын философтардың бірі П. Риккерт өзінің соңғы еңбектерінің бірінде «Мен» деп айту – «менді» білдірмейді» дегенді бірнеше рет атап көрсетеді. «Бөгде» мәселесі – Еуропалық философиядағы және медиативті эстетикалық санадағы ежелгі мәселелердің бірі [101, 43–46б.].

Көшпелі қазақтың «Мен» – «Бөгде» туралы түсінігі мүлде басқа және бірегей бүгінгі ұрпақ өміріне трансформацияланып, әрбір тұлғаны жетілдіруге қызмет ететін, тарихи қалыптасып, танымымызда сақталған рулық–тайпалық жүйе құбылысы – априори шындық [102, 12б.].

Әрі онтологиялық мән, әрі өзіндік идентификация қалыптасуының іргетасы, әрі экзистенциалды қауіпсіздік сезімі қалыптасуының тетігі, отаншылдықтың бастауы, коммуникация, дипломатия үлгісі және толеранттылықтың қайнары болып табылатын рулық жүйенің қызметінің арқасында тұрмыстық қолайлылық бар, сайын даладағы әрбір көшпелінің дүниеге қатынасы позитивті сипатта қалыптасып, бейбіт көршілестікті дамытатындығы белгілі.

Өйткені, ол үшін дүние тартымды да қызық. Қоршаған дүниені ешкімге, ешнәрсеге сенуге болмайтын, сыртқы дүниеден тек жаманшылық күтілетін жағымсыз орта деп санайтын отырықшыдан болмай қоймайтын байланыстарды амалсыздықпен, мәжбүрлікпен, үлкен күдікпен, өзгелерге қатысты әрдайым қайшы пікір-сезімдермен атқарады. «Айнала – жау» ұстанымымен өмір сүру ауыр. Мұндай ой адам дүниесінің әрдайым ширығып, оқыс оқиғаға дайын жүруін талап етеді. Бұл жүйкеге жүк түсіреді, нәтижесінде, адам іштей тозады. Іште жатқан үрей-қорқыныш түбінде сілкініп, сыртқа шығатыны анық. Мәселен, психологиядағы «ізін аңду» маниясында, адам өзін үнемі біреу аңдып жүргендей сезінеді.

Ал қазақ қоғамы үшін әркімді өз ерекшелігімен қоса қабылдап, әрі өзін жоғалтып алмау дағдысы, толеранттылығы дәл осы рулық–тайпалық жүйеден бастау алады. Яғни, рулық-тайпалық жүйе – толеранттылық матрицасы [102, 14б.].

Полигамиялық отбасы көшпелі өмір салт жағдайындағы жаңұя үлгісі болды. Көшпелі отбасының әрбір мүшесінің өз орны, жалпы әдет бойынша қалыптасқан өз құқықтары бар: «ұл – шаңырақ иесі», «қыз – қонақ» болғанмен, соңғысына көрсетілетін құрмет шексіз, қыз бен ұл арасында Шығыс елдеріндегідей әлеуметтік, моральдық психологиялық кемсітушіліктер жоқ. Үлкен үй, кіші үйдің балалары болып бірге туып, бірдей тіршілік кешу отбасы мүшелерін психологиялық толеранттылық пен байыпты ұстамдылыққа баулыды. Үлкен отбасыларда жағымды компромисс рухы қалыптасып, бүкіл адамзат қауымын «Мен» және «Өзге» (демек – жау!) деп емес, бір атаның балалары ретінде қабылдау толеранттылықтың негізі қалыптасты.

Қазақтарда «От пен Су тілсіз жау», «Жау жоқ деме жар астында», «Үй артында кісі бар», «Ағайын: бар болсаң көре алмайды, жоқ болсаң бере алмайды» және тағы басқа қауіпсіздікті қамтамасыз ететін және өзге бір

мистикалық әлем демонологиясы туралы мифтік көзқарастар да бар. Бірақ ол үнемі адамды мазалайтын «Өзгелердің» жиынтығы емес, қазақ халқы тіптен танымайтын адамға да дастархан жайып, оны құрметтеп, қонақ қылып күтіп алу дәстүрін әлі күнге дейін сақтап келеді. Қонақжайлылық сұхбаттасу мен ақпарат алмасуға да қолайлы салт.

Қонақжайлылық «Біз біргеміз» деген әлеуметтік танымға келіп тоғысады. Қазіргі Қазақстандық халықтардың көп ұлттылығының да тарихи-әлеуметтік астарлары бар, оны халқымыз өздігінен қалап алған жоқ, ол 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейінгі 1960 жылдарға дейінгі сынақ алаңының нәтижесі. Міне осы Кеңестік империя тәжірибесінде де ауып немесе қудаланып келген өзге ұлт өкілдеріне де мейіріммен қарады.

Мәселен, Германияда және басқа еуропалық мемлекеттерде жүргізіліп отырған мультикультурализм саясаты мигранттардың олардың ұрпақтарының неміс қоғамына сіңіп кетуін қамтасыз етуге емес, керісінше, белгілі уақыт ішінде оларды тілдік, діндік кедергілердің салдарынан отандарына қайтаруға бағытталған. Осыған байланысты Ресей Ғылымдар Академиясының Философия Институтының маманы, профессор Владимир Малаховтың ойынша, Германияның «мультикультурализм» шаралары көп жағдайда интеграция емес, сегрегацияға бағытталған.

Демек, мультикультурализм «Мен», «Өзге», «Бөгде» концепттері арқылы шешімін таппайды, керісінше, «Біздікі», «Біздер», «Өзіміз» деген сияқты туысқандық этизммен келіп орайласады. «Кемедегінің жаны бір» деген әлеуметтік қоғамдастықтан бастап, «Қорада қой егіз тапса, далада бір түп жусан артық шығады» деген онтологиялық-эстетикалық әлемдік үйлесімділік түптеп келгенде, «Бәрі де біздікілер» деген сияқты ұстанымды қуаттайды.

Ендеше, «Өзге», «Біз», «Бөгде» ұғымдарына орай, Біз былайша шеңберлер тізімін құра аламыз. Бірінші, экзистенциализмдегі тек «Өзі» ғана «Мен», қалғандары «Бөгделер», екінші, туысқандық, отбасылық «Біздер», одан соң, аймақтық «Біз», одан соң, ұлттық немесе этностық «Біздер», одан соң, жалпы адамзаттық «Біз», одан соң планетарлық «Біз», яғни, жер бетіндегі тіршілік иелерінің бірлігі, ол басқа планета мен ғарыштағы өмір сүретіндермен салыстырғанда анық байқалады.

Олай болса, осы тұстағы мультикультурализм жалпы адамзаттық «Біз» арқылы анық ашылады. Себебі, жалпы адамзаттық мүдде, мәселен, ғаламдық мәселелер философиясынан анығырақ айқындалды. «Жер – адамзаттық ортақ баспанасы», «Теңіздегі мега кемесі» деген сияқты поэтикалық теңеулер туындатсақ, көп түрлі мәдениеттер табиғи жолмен–ақ өздігінен ұйымдаса түседі. Ал жеке мемлекеттердегі мультикультурализм «Отандық Біз» арқылы жүзеге асады.

Бұл тарауда мультикультурализмнің мәдениеттанулық, оның ішінде, постмодерндік парадигмасы қарастырылды. Постмодернизм бір қырынан жағымсыздықпен бағаланса, екінші бір қырынан, өзінің «Номадология», «Симулякр», «Хаосмос» және тағы басқа ұғымдары арқылы өздігінен-ақ

мультикультуралдықтың идеологиясы болып табылатындығы туралы теориялық пайымдаулар ұсынылды.

Жаһандану, постмодернизм, мультикультурализм арасындағы ара байланыстар мен бір-бірінен туындайтын тәуелділіктер көрсетілді. Қазіргі постмодернистік мәдениет жағдайында мультикультурализм таза хаос емес, көптүрліліктің өзара сыйымдылығы дегенке келіп саясатындығын ұсындық.

Сонымен қатар, «Мен», «Өзге», «Бөгде» концепттерін талдап көрсеттік, олардың мультикультурализмге үндеспейтін және орайласатын бағдарларын сараладық. Бұл түсініктерді халқымыздағы қонақжайлылық психология негізінде де шолулармен қамтамасыз еттік. Сондықтан, да бұл бағдар бойынша, біз, «Біздікі», «Біздер», «Өзіміз» деген сияқты туысқандық пен бауырмалдықты толғайтын жаңа бағдарлар мен түсініктерді туындаттық.

2 ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫНДАҒЫ МУЛЬТИКУЛЬТУРАЛИЗМ: ФАКТОРЛАРЫ, ПРАКТИКАСЫ ЖӘНЕ ДИНАМИКАСЫ

2.1 Қазіргі Қазақстандағы полиэтникалық және мультикультурализмнің тарихи-мәдени, әлеуметтік факторлары

Түркі-қазақ халқының тарихи эволюциясында этностық табиғаты бойынша да мультикультурал болмыс бар. Жаулап алушылық пен жауынгерлік, келесі кезекте, өзге халық өкілдерімен құдандалы болу т.б. олармен мәдени сұхбаттастыққа алып келді. Мәселен, Шыңғысхан тарихи зерттеулер бойынша, жаулап алған жерлерінде де, сол халықтардың мәдениеті мен дініне кері ықпал жасамай, оларды да құрметтеген екен. Шыңғысхан тәңіршілдік пен шамандық сенімін ұстанған, бірақ өзіне қарасты аймақтарға бұл сенімдерді үгіттемеген, керісінше, олардың мәдениеттерінің озық үлгілерін пайдаланған. Мәселен, Қытай мәдениетінен көп жағдайда соғыс өнері мен от қаруларын игерген. Ол да түркі даласында мультикультурал кеңістік қалыптастыруға қарсы болған жоқ. Демек, Қазақстандағы көпұлттылық пен мультикультурализмнің тарихи-мәдени алғышарттары бар.

Қазақстандағы мультикультурализмінің тарихи-мәдени, әлеуметтік факторлары оның XV ғасырдағы Қазақ мемлекеті болып жариялануының, қалыптасуының бастауындағы көптайпалы, көпрулық, үш жүзділік құрылымында, дала демократиясына негізделген қағидасында тоғысқан.

Ру – қазақ халқы үшін белгілі бір уақыт пен эволюция ағымынан тыс, өзіндік тарамдалау мен бірліктің және туысқандық генофонның тарихи-биологиялық жадысын білдіретін түсінік. «Шежіре» деп аталған рулық құрылымның дифференциациясы түпеп келгенде, «қазақ» деген субстанциялық ұғымға келіп тоғысады.

Ал «Еуразиялық» идеясын насихаттаған Л. Гумилев болса, көшпелі мәдениеттің толыққанды мәдениет болғандығын мәлімдеді. Сол ойы үшін әріптестерінің қатаң сынына ұшырап, бірнеше рет абақтыға да қамалған екен.

Л. Гумилевтің академиялық топтарда мойындалмаған этногенез теориясы бойынша, әрбір суперэтностың (еуропалық, мұсылмандық, қытайлық, ресейлік, далалық, т.б.) пассионарлық дүмпуден бастау алатын, күн энергиясынан ғаламат қуат алатын сәтінен бастап есептелетін жасы бар, деп болжанады. Пассионарлық серпіліс (импульс) 1200-1500 жылдық уақытқа созылып, бес кезеңнен өтеді: қарқынды кезең, шырқау шыңға жеткізетін қызу сәт, сұлқ түсу-күйреу, инерция, обскурация. Содан кейін қоршаған ортамен тепе-теңдік орнайтын гомеостаз келеді.

Осылайша, Л. Гумилев теориясына сәйкес, қазақ ұлтының пайда болуы XIV-XV ғасырлар деп саналғанмен, «далалық суперэтностың» құрамдас бөлігі ретінде ол XII ғасырдағы Монғолия аумағында орын алған пассионарлық импульс сәтінде дүниеге келген. Ал қазіргі кезеңде қазақ ұлты мәдениет пен өнердің гүлденуімен ерекшеленетін инерция фазасында тіршілік етуде.

Рулық бөлініcті туғызатын дүние – экономикалық және саяси факторлар. Ру-тайпалардағы адам санының өсуіне мүдделілік экономикалық қажеттіліктерден туады. Көшпелі тайпалар арасында жайылымдар үшін күрес жүреді, әлсіз рулар жерлерінен айырылады немесе күшті руларға тәуелді болады. Сондықтан, ру мүшелері ру санының өсуіне мүдделі. Бұл үдерістер жаңа рулық бірлестіктердің құрылуына алып келеді. Жаңа рулардың пайда болуының саяси алғышарттарына рулар арасында билік үшін күрестердің болуы, жау шапқыншылықтары кезінде рулардың бірігуі, жаңа тайпалық одақтардың құрылуы жатады. Мұндай кездерде шығу тегі жағынан бір-бірінен алыс рулар бір одаққа бірігіп кетеді. Бір тайпаның ішінде әр түрлі рулардың болуын осымен түсіндіруге болады. Бұл істе көрнекті тарихи тұлғалар да өзіндік рөл атқарады. Сондықтан, бір-бірінен алыс бірнеше рулардың бір тұлғаның қол астына өз еріктерімен қосылуы нәтижесінде жаңа ру бірлестіктерінің құрылуын байқауға болады [103].

Жаңадан құрылған бірлестіктің жетекшілігіне тарихи тұлға рубасы болып сайланып, сол ру шежіресінің басында тұрады. Жекелеген адамдардан бастап, көптеген шаңырақтардың өзге бір руларға барып қосылуының басты себептеріне талас-тартыстар, келіспеушіліктер, т.б. жатқызылады. Осы мәселелер бойынша терең зерттеулер жүргізген Н. Аристовтың пікірлері қазақтың Кіші жүз тайпаларында Ұлы Жүз бірлестігіндегі рулар таңбасының болуы себептерін ашуға көмек берді.

«Қоғамның негізін құраған қоғамдық топтарда, руларда табиғи жолмен адам санының өсуі мен оның үнемі жалғасып отыруы нәтижесінде олар міндетті түрде бөліктерге бөлінуі тиіс болды, ол бөліктер де кейіннен осындай жолмен бөлшектенеді. Осымен бірге жаңа рулар мен бірлестіктердің пайда болуына табиғи өсім факторынан кем соқпайтын экономикалық және саяси факторлар әсер етеді.

Мал санының көбеюі барысында жайылымдар тапшылығы, сол жайылымдар үшін күрестері және басқа да себептерге байланысты туындайтын ішкі таластар мен тартыстар; соғыстар мен сыртқы жаулардың шапқыншылықтары рулар мен олардың бөлімдерінің бірігуіне әсер етеді. Ал ол өз кезегінде жаңа рулық бірлестік немесе одақтың құрылуына әкеледі. Аласапырандар мен алмағайып кезеңдер салдарынан туындаған оқиғалар да белгілі бір күшті, әрі тәжірибелі көсем басты рөл атқарады да, оның төңірегіне өз туыстары ғана емес, сонымен бірге алыс рулар да топтасады. Осылайша, қандастық–туыстық негіздегі рулық бөлімдермен бірге рулық одақтар пайда болады да, олар халық санасында қандас туыстар түрінде бейнеленеді.

Ал олардың құрамындағы әр түрлі рулар мен өзге рулардың шығу тегі ұмытылады. Мыңдаған жылдар бойы түркі көшпелілерінің өмір сүруі кезеңінде жаңа рулық бірлестіктер мен топтардың құрылуы мен жоғалу үрдісі үздіксіз жүріп отырғандықтан, қырғыз-қазақтардың әр түрлі рулар мен тайпалардан құралған рулар одағының қосындысы болып саналады. Оларда рулар арасындағы қандас туыстық пен қатынастар өз күштерін жойған. Іс жүзіне келгенде көшпелі түркілердің рулары мен олардың бөлімшелері бір-бірімен

белгілі бір дәрежеде кейде жалған, кейде нағыз қандас-туыстық қатынастарын сақтап қалған. Бұл әрине, әлі күнге дейін көшпелілерде сақталып қалған рулық тұрмыстың әсерінен болып отыр. Осы рулық тұрмыс рулар арасындағы генеологиялық, қандастық-туыстық қарым-қатынастық түрді көрсетеді. Екі-үш ұрпақ ауысқаннан кейін көшпелі түркілер тарихи оқиғалар туралы тарихи есте қалғандар мен рулық одақтардың құрылуы, олардың өзгеруі немесе ыдырауы туралы ұмытып, өздерінің рулары мен олардың бөлімшелерінің шығуын тек табиғи жолмен адамдардың көбеюі нәтижесінде болған деп есептейді»,-деп жазды [104, 5-6б.].

Түркілердің тілдік ерекшеліктерін белсенді зерттеген В. Радлов та көшпелі қоғамдардағы рулардың бөлінуі жаңа рулардың пайда болуына әкелетіні жөнінде жазған болатын. Ғалымның көшпелілердегі қоғамдық топтардың өмір сүру әрекеті мен жаңа рулардың құрылуын түсіндіру жолы өте қызықты. Оның көрсетуі бойынша, көшпелі қоғамның өмір сүру әрекетінің негізін оған енетін «элементтердің қозғалмалылығы» құрайды. Осы қозғалмалылық көшпелілердің «өмірлік қажеттілігі» болып саналады. «Еркін, азат, бостандық сүйгіш көшпелілерде ұсақ рулардың үнемі ауысуы бүкіл халықтың өмір сүргіштігін қамтамасыз етіп отырады.

Тайпалар мен рулар өз құрамындағы қозғалмалы бөліктердің нәтижесінде өзгеріске ұшырап отырады. Сол себепті де олар бір-бірімен қақтығысқа түседі. Үздіксіз болатын ұсақ ұрыстар мен қақтығыстар, жалпы жағдайға онша кері әсер тигізбейді, өйткені, бір рудың бөлімшесі рудың ыдырауы кезінде басқа бір күшті руға барып қосылады да, жаңа бірлестікте бұрынғыдай қорған табады [105, 42–45б.].

Осындай өзара ішкі күрестер кезінде бір ру күшейіп, оның басшысы бүкіл тайпаны басқарады. Қарапайым көшпелінің өмірі оны соғысқа дайын болуға бейімдейді. Әскери жорықтарға қатысқан кедей көшпелілер соғыс жеңіспен аяқталған кезде өздерінің тұрмыстарын жақсартады. Ал жеңілгендер жеңгендерге қосылуға мәжбүр болады.

Жеңіске жеткен рудың адамдары өз руының күшейгенін қалап, рубасының билігін күшейтіп, оған қолдау көрсетеді, оның билігі арқылы өз руының ықпалын сақтауға тырысады. Осындай жолмен бір рулар күшейіп, басқа бір жаңа рулар құрылады, үлкен территориялар мен халықтарды қамтыған күшті көшпелі мемлекеттік құрылымдар пайда болады. Бірақ та бірлестіктің пайда болуына негіз болған ру кенеттен әлсіреген жағдайда, «тайпалық одақ ыдырып, бірнеше бөліктерге бөлініп кетеді немесе бір–бірімен үздіксіз күресуші ұсақ руларға айналады. Не болмаса, жаңа жетекшінің соңына еріп, жаңа мемлекеттік құрылымды қалыптастырады.

В. Радловтың көрсетуі бойынша, «әртекті элементтердің бірігу» үрдісі жүреді. Түрлі этникалық элементтердің бірігуі, түрлі рулардың бір тайпаға бірігуі, бір рудың өз таңбасы мен ұранын сақтай отыра, басқа бір рудың құрамына өтуі, мысалы, кейбір Кіші жүз тайпаларында Ұлы жүз руларының таңбалары мен ұрандарының болуы – «көшпелілер мемлекетіндегі қоғамдық қатынастардың қозғалмалылығының салдары»,-деп тұжырымдайды.

Кейбір ру-тайпаларда ұрандардың шығуы, сондай-ақ, ру тайпалардың жаңа атауының пайда болуы көп жағдайда ру билерінің есімдерімен байланысты болуын В. Радлов: «..бұрынғы қуатты тайпадан шыққандығымен, байлығымен, әділеттілігімен, дербес қасиетімен ерекшеленіп, билік олардың қолына шоғырланады, ең бастысы қажет кезде жедел көмекке келе алатын руластары болады»-деп түсіндіреді [105, 46–48б.].

Қажетті жағдайлардың бәрі жеткілікті болғанда қазақ қауымы бір билеушіге бағынады, пікірі мен шешімін қолдап отырады, рулық қатынастар үстем болған көшпелі қоғамда биліктің заңдық сипаты емес, жеке тұлғалық сипаты басымырақ болады, рубасының беделі қоғам алдында жоғары болса, сол рудың да беделі тұлғаның беделіне сай үстем болады. Оған осы руды паналап, жекелеген отбасылар, ауылдар келіп қосылып отырады. Сөйтіп, «...бидің жеке басының ықпалымен алғашқыдағы жаңа әлсіз бөлімшелер бірте-бірте күшті, ықпалды қауымдарға айналады. Жаңа қауым үшін бидің есімі тайпа атауына айналады, тіпті ол есім би қайтыс болғаннан кейін де өз маңызын жоймайды» [105, 57б.].

Тағы бір маңызды нәрсе, әр рудың өз ішінде негізгі бөлігі немесе өзегі болады. Оның негізін қоғамда әйгіленген отбасылар құрайды. Бұл отбасыларында билік болмауы мүмкін, бірақ олар қоғамда жоғары беделге ие болады.

В. Радлов қазақтардың Ресейге қосылуына байланысты оларда жаңа рулардың қалыптасу үрдісі үзілді, көшпелі қоғамның қозғалмалылық сипаты бұзылды, ал ол өз кезегінде көшпелілердің кедейленуі мен жұтаңдануына әкеліп соқтырды деген пікірлер ұсынады.

Баяндалып отырған көшпелілік үдерісінің сипатынан, біз, қазіргі жаһандық мультикультуралды құбылыстың бейнесін көреміз. Аталған «қозғалмалықтың», «номадтық мобильділіктің» түпкі мүддесі – барынша үйлесімді тіршілік кешу үшін жайлы орналасу. Үйлесіммен жүзеге асу ұғымын ішкі, сыртқы жағдайлар құрайды. Сыртқы жағдайға бүгінгі күні де сонау ғасырлардағыдай бірлесе өмір сүру мәселесі жатады.

Бірлесе өмір сүру мәселесі – әлемдегі мәдени саясаттың оңтайлы стратегиясын табудың жолы. XXI ғасыр этносаралық және конфессияаралық қатынастар мәселесін алға тартуда. Азаматтық қоғам құру, құқықтық мемлекет қалыптастыру қай елде болмасын маңызды мәселе. Өркениетті экономика, өркенді саяси-рухани құрылым және дамыған инфрақұрылым қалыптастыру үшін ең керегі – ұлттық ынтымастық пен бірлік.

Қазір әлемде 3000-ға жуық ұлттар мен ұлыстар өмір сүріп отыр. Олар 200 ден астам мемлекетке біріккен. Әлемдегі мемлекеттердің басым көпшілігі бірыңғай бірұлтты (гомогенді) емес, көп ұлтты. Халық барған сайын этностық құрамы, мәдениеті мен өмір салты бойынша әркелкілене түсуде. Бұл – шаруашылық пен қоғамдық өмірдің интернационалдануының, көші-қонның өсуі мен некенің санының артуының нәтижесі. Жалпы алғанда, барлығы қажетті үрдіс болғанымен, көп жағдайда, ұлтаралық шиеліністің күшеюіне, кейде, тіпті қантөгіске әкелетін жанжалдарға ұрындыруы мүмкін екенін

күнделікті тәжірибе дәлелдеп отыр. Соған байланысты, ұлтаралық келісім мен татулық қазіргі таңда қоғамдағы көкейтесті мәселенің біріне айналып отырғандығы сөзсіз.

Ұлтаралық, дінаралық араздық қантөгіске әкеліп, ұлтаралық қақтығыстардан көптеген мемлекеттердің тарихи картадан жойылып кеткені белгілі. Кезінде Қазақстан туралы да: «түбінде полиэтникалығынан күйрейтін ел» деген пікір айтылған болатын. Керісінше, бүгінгі Қазақстан ұлтаралық достық пен келісім орнаған ең бейбіт ел деген мәртебеге ие болды.

Қазақстандағы халықтар достығының орныгуы Кеңестік саясаттан бастау алады. Кеңес үкіметі ұлтаралық ынтымақты алғашқы күннен бастап негізгі ұстаным етті. Соның нәтижесінде КСРО-да ұлттар достығы қалыптасып, интернационалдық тәрбие барынша жолға қойылды. Кеңестік дәуірде КСРО-дағы жалғыз интернационалды ел, «Достық Отаны» аталған қазақ халқы саясат тәлкегіне ұшырап әлемнің әр тарапынан келген ұлттарды жатсынбай қабылдады. Қазақ жеріне 1937 жылы екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында Қиыр Шығыстан 96 мың корей отбасымен көшіріліп әкелінді. 1940-1941 жылдары батыс шекарадан 105 мың поляк Қазақстанға күшпен жер аударылды. Ұлы Отан соғысы басталысымен Еділ өзені бойын мекендейтін 1 миллионнан аса неміс шығысқа көшірілді. Олардың 400 мыңы Қазақ даласына келді. 1943-1944 жылдары мыңдаған қалмақтар, қарашай, қырым, қырым татарлары, балкарлар, чешендер, ингуштар біздің елге жер аударылды.

Соғыс кезінде 2,5 миллиондай басқа ұлт өкілдері Қазақстанға қоныстанды. Тың игеру жылдары 2 миллиондай басқа ұлт өкілдері тағы көшіріліп әкелінді. Қазақ халқы тарихына шолу жасасақ, олар алдымен, ру аралық бірлестіктер арқылы, одан соң аймақтық, одан соң өзге ұлттар мен этностарды қабылдап, өздерінінің ұлттық психологиясына сәйкестенетін тағдырға кезігіп, әрқилы мәдениеттерді қабылдаудың үлгісіне алғышарттар құрған еді. Енді мультикультурал қоғамның қазақстандық үлгісінің әлеуметтік факторларына тоқталып өтеміз.

Өткен ғасырдың соңында әлемнің Қазақ Елі құрамында болған алтыдан бірін құраған алып империя – Кеңестер үкіметі құлады. 1991 жылдардан басталған экономикалық дағдарыс 1995 жылы шарықтау шегіне жетіп, ұлтаралық қақтығыстар қаупінің ықтималдығы жоғарылады. Экономиканың құлдырау, қаржы дағдарысы, өндіріс орындарының жабылуы, жұмыссыздық – барлығы ел ішінде ұлтаралық жанжалдың тұтануына ықтмалдылық шарттар туғызды.

Ұлттар мен ұлыстар сағалайтын пана іздеп босып кеткен өтпелі кезеңде жаңа мемлекеттің, алдымен, экономикасын көтеруді басты мақсат еткенмен, бұл мақсатқа бірліксіз, ынтымақсыз қол жету мүмкін еместігін ұққан Елбасы 1992 жылдың желтоқсанында тәуелсіздіктің бір жылдығына арналған, Қазақстан халықтарының бірінші форумында Қазақстан халқы Ассамблеясын құру идеясын ұсынып, оны жүзеге асырды.

Ассамблеяның 350-ге жуық мүшесі бар. ҚХА-на мүшелікке кандидаттарды тең арақатынас қағидасы бойынша жергілікті жерлердегі

Қазақстан халқының кіші Ассамблеясы, республикалық және аймақтық ұлттық-мәдени бірлестіктер, Ассамблея Кеңесінің мүшелері ұсынады. ҚХА–ның төрағасы – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев. Төраға Ассамблея мүшелерінің ұсынысы бойынша төрағаның екі орынбасарын тағайындайды. Ассамблея мәжілістері арасындағы жұмысты Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті шешімімен Ассамблея кеңесі жүргізеді. ҚХА кеңесі ұлттық-мәдени орталықтар, ардагерлер кеңесі өкілдерінен, кіші Ассамблея жетекшілерінен, сондай-ақ, Ассамблеяға мүше басқа тұлғалардан құралады.

Ассамблея: мәдени-ағартушылық – тілдер мен ұлттық мәдениеттерді, салт-дәстүрлерді қайта жаңғырту және насихаттау; тәрбиелік – қазақстандық және ұлттық отан сүйгіштікті қалыптастыру; ұлтаралық қатынастарды қадағалау негізінде ұлтаралық татулық пен келісімді нығайту; Қазақстанды мекен еткен ұлт өкілдері арасында достық қарым-қатынастардың дамуына негіз болатын мемлекеттік саясат жүргізу жөнінде ұсыныстар дайындау ісімен айналысады.

ҚХА мемлекеттік органдарға экстремизм мен радикализм көріністеріне қарсы әрекет етуге, азаматтардың демократия нормаларына негізделген саяси-құқықтық мәдениетін қалыптастыруға көмек көрсетеді. Ассамблея этномәдени бірлестіктердің күш біріктіруін қамтамасыз етеді этномәдени орталықтардың, Қазақстан халқының ұлттық мәдениеттері, тілдері мен дәстүрлерінің өркендеуін, сақталуын және дамуын қамтамасыз етеді.

Ұлттар достығының шынайы ұйытқысы, рухани күші болып табылатын Қазақстан Халқы Ассамблеясы Кеңестік дәуірдегі халықтар достығының тәжірибесін Тәуелсіздігімізден кейін өзгеше сипатта жалғастырып келеді. Ассамблеяның негізгі мақсаты еліміздегі ұлттардың дәстүрі мен мәдениетін, ана тілін сақтау және дамыту, ұлтаралық ынтымақтастық пен сабақтастықты мейлінше өркендетуді басшылыққа алады.

Қазақстандық ҚХА дүниежүзілік деңгейде, Біріккен Ұлттар Ұйымында және Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымдарда жоғары бағасын алуда. Осы қоғамдық институт халықтар мен ұлттардың біртұтастығын сақтауды қамтамасыз етудегі басты міндеттерді тиімді түрде шешіп келеді. Бұл ұйымның алдына қойған мақсат-міндеттерінің бірі – нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге қатысына, қандай әлеуметтік топқа жататындығына қарамастан, Республика азаматтарының құқықтары мен бостандықтарының теңдігін, халықтар достығы мен ұлтаралық келісімді нығайту мен сақтау болса, бұл міндеттер табысты түрде іске асып келеді.

Қазіргі Қазақстан бұрынғыдан өзгеше жаңа саяси басқару және әлеуметтік-экономикалық құрылымы қалыптасқан, дүниежүзі мойындаған тәуелсіз мемлекет. Кеңестік дәуірден басталған интернационалдық тәрбие мен идея жаңаша жаңғырып, «ұлттар лабораториясы» болған Қазақстанның «бренді» бұл күнде де ұлттар достығы болып отыр. Ынтымақ пен достықты қадірлейтін қазақ жерінде жүзден аса ұлт өкілдері дауласпай, жауласпай өмір сүріп келеді. Халықтар достығы біздің саясаттың басты ұстанымы: елдегі

барлық ұлттардың терезесі тең, мүдде-мақсаты бір, олардың еркін еңбек етуіне, кәсіппен шұғылдануына, саясатпен айналысуына барлық жағдай жасалған. Ұлт өкілдерінің балалары мектепте өз ана тілінде оқиды, кәсіпкерлікпен айналысып, материалдық жағдайын жақсартып, қауымға айнала бастаған ұлт диаспоралары да бар, тарихи отандарына кеткен біраз немістер Қазақстанға қайта оралған.

Дүниежүзінде Қазақстан сияқты үлгі жоқ, ұлттық салт–дәстүрлерін сақтап, өз діндерін ұстанып, бір шаңырақ аясында тату-тәтті өмір сүріп жатқан халық тек Қазақстанда ғана нақты жүзеге асып отыр деп айта аламыз. Қазақстанның әрбір облысында түрлі ұлттардың мәдени орталықтары ашылған. Олардың міндеттері өз ұлтының тілін, мәдениетін, тарихын, әдебиетін, әдет–ғұрпын, салт–дәстүрін жаңғырту, кейінгі жастарға үйрету, сол арқылы қалпына келтіру, полиэтникалық халқымыздың саяси сана-сезімін байыту, ұлттар мен ұлыстардың өзара бірлігін күшейту, ұлттық салт-дәстүрлерді дамыту.

Бұл нағыз шынайы демократияның көрінісі және Қазақстанның этносаяси, рухани және ұлттық салада жүргізген жүйелі, жемісті саясаты болғанын өмір дәлелдеуде. Елімізде 500-ге тарта ұлттық-мәдени орталық бар. Құлашы кең байтақ өлке Қазақстанда, мейірбан, қонақжай, кең пейілді қазақ халқының және осындай құрылым мен саясаттың нәтижесінде Қазақстандағы 130-дан астам ұлт өкілі өмір сүріп отыр. Полиэтникалық халқымыздың ынтымақтастығы, бейбітшілігі мемлекетіміздің басты жетістігі, байлығы. Жаңа Қазақстандық патриотизм барлық қоғамды, барлық этносты біріктіруде іргелі идеологиялық нұсқаға айналды.

Соңғы жылдары Қазақстан Халқы Ассамблеясының мәртебесі бұрынғыдан да жоғарылады. Қазақстанның ең жоғарғы Заң шығарушы органы Парламентке депутаттар сайлау құқығына ие болды. 2007 жылғы Конституцияға енгізілген түзетулер бойынша ҚР Парламент Мәжілісіне Ассамблеяның ұсынуымен және оның мүшелерінің дауыс беруімен бірнеше депутат сайланады.

Ассамблея – бейбітшілік пен келісімді тиімді насихаттаушы қоғамдық институтқа, этносаралық және конфессияаралық толеранттылықтың қазақстандық үлгісінің негізіне айналды.

Қазақстандағы этномәдени бірлестіктердің достық қарым-қатынастарды өрістетіп, халқымыздың тарихын, салт-дәстүрлерін насихаттайтын іс-шараларды көптеп ұйымдастырулары қажеттігін Елбасы Н.Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының XVII сессиясында атап айтқан болатын. Осы негізде «Бейбітшілік пен келісімнің жол картасы» шеруі еліміздің солтүстігі мен батысындағы бірқатар өңірлерде жалғасын тапты.

Тілі мен діні басқа, дәстүрі бөлек жүздеген ұлттың бір шаңырақ астында тату-тәтті күн кешуі шынымен де парасатты саясатпен жасалған жұмыстың жемісі. «Біздің ортақ отанымыз – Қазақстанның қазіргідей қарыштап дамып отырғаны – елімізді мекендеуші барлық этностардың ынтымағы мен бірлігінің арқасы. Тәуелсіздігімізді тұғырлы ететін де, елімізді жаңа белестерге шығаратын да біздің осы қоғамдық татулығымыз. Бірліксіз ел тозады, бірлікті

ел озады дейтін даналықтың шындығына бүгінде бәріміздің көзіміз жетіп отыр»,- деп [106, 68б.] өз ойын түйіндеген болатын.

Нақты статистикалық мәліметтерге жүгінсек, еліміздің ұлттық құрамына тоқталсақ, Қазақстанда 2006 жылдың 1-шілдесіндегі жағдай бойынша қазақтардың саны – 11008,0 мың, орыстар – 2962,1 мың, украиндар – 444,7 мың, өзбектер – 433,5 мың, ұйғырлар – 231,4 мың, татарлар – 229,1 мың, немістер – 222,5 мың адамды құрады. Республика халқының жалпы санында ең көп үлес қазақтарда – 58,9% және орыстарда – 25,9%. Басқа этностар мен этникалық топтар үлесіне республика халқының 15,2% тиесілі. 2006 жылдың 1 қаңтарындағы жағдаймен салыстырғанда қазақтар саны 94,7 мың адамға, немесе 1,1% пайызға, тиісінше өзбектер – 4,6 мың, немесе 1,1%-ға, ұйғырлар – 1,6 мың, немесе 0,7%-ға өсті; ал орыстардың саны 17,2 мың адамға, немесе 0,4%-ға, украиндар – 4,1 мың, немесе 0,9%-ға, татарлар – 0,5 мың, немесе 0,3%–ға және немістер – 0,2 мың, немесе 0,1%-ға азайды.

Ал 2009 жылғы халық санағы бойынша Қазақстан Республикасының халқы 17 200 000, ал 2011 жылдың 1 қаңтарында 16 441 959 адам болды. 2010 жылдың басында халық саны 16 204 617 адам болатын. Оның ішінде, 8763,9 мың (57,3%) адам қалалық тұрғындар, 7537,5 мың адам (42,7%) ауылдық тұрғындар [107].

Діни сенім жағынан алғанда: Қазақстан жұртының 75%-ы мұсылмандар (этникалық мұсылмандарды қоса алғанда), 25 %-ы христиандар. Елде дінге шек қойылмаған. Халқының негізгі бөлігі мұсылмандар болса да, Қазақстан Республикасы зайырлы мемлекет.

Қоғамдағы ұлтаралық келісім мен татулыққа ықпал негізгі факторлардың бірі – тіл жағдайы. Кез келген халықтың тілі – оның салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, әдебиеті мен мәдениетін сақтауының негізгі болып табылады. Сондықтан, біздің елімізде де тіл саясатына мемлекет тарапынан ерекше көңіл бөлініп отыр.

Тіл саясаты – Қазақстандағы ұлт саясатының маңызды тармақтарының бірі. Қазақстан Республикасының бүгінгі таңда жүргізіп отырған тіл саясаты, ең алдымен, елдің әлеуметтік-саяси тұрақтылығына, қоғамдағы ұлтаралық, этносаралық келісімдерді нығайтуға бағытталған. Себебі, әр ұлттың тілі мен мәдениеті, даму жағдайлары белгілі бір мөлшерде халықтар арасындағы қарым-қатынастарға, байланыстарға да өзіндік әсерін тигізеді [108, 22б.].

Тәуелсіздік жолын таңдаған Қазақстан үшін сол тәуелсіздік пен егемендіктің, бостандық пен еріктіліктің негіздерін қалай отырып, оны одан әрі сақтап қалу – өмірлік маңызды мәселе болып саналады. Жалпы алғанда, біздің еліміздегі ұлт саясаты төмендегідей қағидаларға сүйенеді:

– адам құқықтары мен ұлт құқықтарының парасаты түрде үйлесім табуы;

– ұлттар, ұлыстар мен халықтар арасындағы ізгілік, ұлтаралық келісім мен ынтымастық қатынастары, өзара көмек пен бірін-бірі қолдау;

– қоғамның тұрақтылығы мен тұтастығы; ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық құндылықтардың үйлестірілуі;

– конструктивті ұлттық ерекшелікті мүдделердің жүзеге асырылуы;

– елдегі барлық ұлттар мен ұлыстардың әлеуметтік-экономикалық және рухани-мәдени дамуының теңдігі мен теңестіруі.

Ассамблея Кеңесінің мүшелері жетекшілік ететін республикалық, аймақтық және қалалық Ұлттық мәдени орталықтар жұмыс істейді. Әзірбайжан, айсор, юнан, ингуш, неміс, шешен, поляк және тағы басқа халықтардың ұлттық мәдени орталықтарының жексенбілік мектептері бар.

ҚХА Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымының құрылымдарымен тығыз іскерлік байланыстар орнатқан. Осы ұйымның қолдауымен Ассамблея ұлтаралық қатынастар мәселелерін зерттейтін талдау орталығын құрды.

Ұлтаралық қатынас мәдениеті сол қоғамдағы түрлі ұлт өкілдері арасындағы қатынастың барлық түрлерінен, еңбекте, күнделікті тұрмыста, көпшілік байланыста көрінеді. Әрбір ұлт өкілі басқа ұлт өкілінің жан тазалығын немесе жамандығын, басқа ұлт өкілдеріне көзқарасын басқалармен салыстыра отырып бағалайды. Басқа ұлт өкілдері бойындағы адамдық жағымды қасиеттерді өз бойына дарытуға, олардағы өмірлік тәжірибе мен шаруашылық жүргізудің озық үлгілерін меңгеруге ұмтылады.Ұлттардың жетілу үрдісінде интернационалдық қасиеттермен қатар ұлттық сипат пен әлеуметтік болмысымыз да та жетіледі. Себебі, бірегейлік өз ішінен және сыртқы факторлар арқылы кемелденеді.

Бүгінгі Қазақстанда 140 этника мен 46 конфессия бейбітшілік пен өзара келісімде өмір сүріп отыр. Республикамыз полиэтникалық және көпдінді қоғамнан тұрады. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев айтқандай: «Қазақстан – бұл ортақ мекен, ортақ ұлт пен діннің тоғысқан жері. Барлық қазақстандықтарды ұлтаралық және дінаралық келісімдерді сақтауға шақырамын. Бұл біздің мәңгі құндылығымыз» [106, 87б.]. Біздің мемлекетіміздің басты жетістігі еліміздің халықтарының ұлтаралық және конфессияаралық келісімі, өзара түсіністігі мен сыйластығы.

Қазақстан қазіргі әлемдегі дін аралық қақтығыстар мен келіспеушіліктерді реттеудің үлгісін жариялады. Әр түрлі діндер біріне–бірі қарсы құбылыстар емес, адамзаттың рухани-мәдени келісімпаздығын жариялайтын құндылық болып саналады. Сондықтан да осы қазақ даласында бұрыннан-ақ діндер татулығы орнаған.

Біздің еліміздегі дін аймағындағы құндылықтың бірнеше мысалдары бар. Мәселен, біздің халқымыздың өзі көне тархи дәуірлерде шамандық, тәңіршілдік, зорастризм сияқты діни сенімдердің кірігуін негізге алды, сол арқылы салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрпымызда осы діни сенімдердің элементтері сақталып қалды. Олар оңды, тиімді, өмір сүруімізге қолайлы жақтарымен келіп көмкеріліп жатты. Қазір да еліміздегі көп дінділік әлемдегі негізгі рухани ұстанымға айналып келе жатқан діни толеранттылықпен тығыз байланысты болып отыр. Сондықтан, еліміздегі зайырлылық қоғам үлгісі – әлемдегі зайырлылық үлгілерінен кем түспейді.

Елімізде бірнеше тілде газет-журналдар жарық көріп отыр. Олар ағылшын, неміс, әзірбайжан, корей, ұйғыр, өзбек, татар және басқа да тілдер

бойынша Қазақстан халқына қызмет етіп келеді. Театрлар да осы тілдерде өнер көрсетіп жүр. Олардың барлығын мемлекет өзі қаржыландыруда. Бұл – өзге ұлт өкілдерінің тілі мен дініне, мәдениеті мен өнеріне деген қамқорлық нышаны. Өзге ұлт өкілдерінің өз мәдениетін өркендете түсуіне де жағдайлар жасалған. Сондықтан, олар төл мәдениеттерін сақтап қалып, жергілікті ұлтқа кірігіп кетуден де ада.

Ассамблея – бейбітшілік пен келісімді тиімді насихаттаушы қоғамдық институтқа, этносаралық және конфессияаралық толеранттылықтың қазақстандық үлгісінің негізіне, еліміздің татулығы мен тұрақтылығының басты кепіліне айналды. Астанада өткен жиында шетелдік сарапшылар «Ұлтаралық және конфессияаралық келісімді сақтау тұрғысында Қазақстанның таңдаған жолы Орталық Азияда ең үздік болып отыр» деп баға беріп келеді. 2002 жылы Қазақстанға келген БҰҰ-ның бас хатшысы Кофи Аннан Қазақстан халықтар Ассамблеясына «Қазақстандағы шағын Біріккен ұлттар ұйымы» деген баға берді және «Қазақстан – түрлі ұлт өкілдерінің өзара татулығын нығайтуда әлемге үлгі бола алатын ел» деген болатын. Шындығында да, Ассамблеяның тәжірибесін бүгінде әлемнің 40-тан астам Елі қабылдап үлгерді.

Осы тұста, біз, Ассамблея мен отандық мультикультурализмнің арабайланысын былайша ашып көрсетуімізге болады:

1. Ассамблея мүшелеріндегі халықтар мен этностардың мәдениетін зерттеу мен зерделеу қазақ халқы үшін тиімді. Мәселен, біз, Кореяға бармай-ақ та олардың мәдениеті мен ділін, діні мен дәстүрін ғылыми-теориялық тұрғыдан зерттей аламыз. Бұл еліміздегі әрқилы мәдениеттерді қатар зерделеуге мүмкіндіктер ашып отыр.

2. Басқа ұлт өкілдерінің өзара ынтымақтастығына, бірін–бірі құрметтеуіне, мәдениеттерінің сұхбаттастығына жол ашатын ресми орган. Яғни, мультикультуралды кеңістіктің Қазақстандағы саясиланған бейнесін бере алады.

3. Ассамблея ресми орган болғанмен, еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін, қазақ ұлтына деген, оның ұлттық болмысының бірегейленуіне деген оңды көзқарастар қалыптасты. Сондықтан, басқа ұл өкілдері де ұлтымыздың шынайы болмысына құрметпен қарап, қазақ тілін үйрене бастады. Бұл мультикультурализм аясындағы бірегейліктің өзіндік диалектикасына алып келеді.

4. Ассамблеядағы өзге ұлт өкілдері өздігінен-ақ бірікті, бұл «отандық мультикультуралдық саясатты біз де қолдаймыз» деген мағына береді. Егер тек, қазақ халқы емес, басқа да халықтар осындай саясатқа қолдау білдіріп жатса, дүние жүзінде, оның ішінде, БҰҰ–да қазақстандық мультикультурализмнің ерікті түрде құрылғандығы паш етіледі.

Ұлтаралық қақтығыстарда тысқары Қазақ жеріне шет елдің инвестициясы құйылып, өндіріс іске қосыла бастады. Мұнай, газ ұңғымаларының жобалары жасалып, шетел компаниясымен келісімшарттарға қол қойылып, халықтың әлеуметтік тұрмыстық жағдайы жақсарып, сырттан көшіп келушілер саны артты. Ұлт мәселесі бойынша өзінің концептуалды бағытын анықтаған еліміз

қазіргі жаһандану және жаңғыру заманында осы саладағы өзекті мәселелерді ұтымды шешіп келеді.

Біз қозғалып отырған мәселе бойынша мынадай қорытындыларға тоқталдық:

1. Мемлекеттілігіміздің қалыптасуында диниамикалы, бейімделгіш қоғам құрылып, көпрулы елдерді орталықтандыра, үйіре, игере білген номадтық тарихымыздың тәжірибесі Қазақстанның XX ғасырдағы ұлтаралық, дінаралық қақтығыстар мен қантөгістерден қауіпсізденуіне, көпғасырлық ділін жоғалтпауына, сақтауына игі ықпал етті.

2. Нәсіліне, ұлтына, діни сеніміне бөлінбейтін, заңды, тарихи жолмен қалыптасқан үлгі біртұтас халыққа айналған бүгінгі Қазақстанның тарихи–әлеуметтік тәжірибесін ҚХА қоғамдық институты түрінде әрі қарай тереңдете түсті. Өйткені, бірлігі жарасқан елдің ғана озатынын қазақстандық тәжірибе дәлелдеп отыр.

3. Қазақстандағы мультикультурализм жасанды, бірақ табиғи тағдыр тағайындаған эволюцияның «сыйы» ретінде қабылданды. Яғни, қазақ халқының ділі әлеуметтік тағдырдың қиыншылықтары мен күрделі тұстарын өз пайдасына шеш білді. Өйткені, халқымыздың қонақжайлылық психологиясы мультикультурализм табиғатымен келіп үйлесіп жатты.

4. Қазақстандық мультикультурализм тек осы заман ғана емес, «өткен–қазіргі–болашақтағы» адамзат қоғамының бірлесіп, бейбіт қатар өмір сүруінің барынша таңдаулы жобасын жасап берді. Бірақ бұл космополиттік саясаттан тым алшақ екендігін де тәжірибе жүзінде дәлелдеп берді.

5. Ассамблея тек бүгінгі күннің келбеті емес, философиялық мәні терең туынды. Мәселен, адамзат қоғамының даму болашағындағы әрбір ұлттар мен ұлыстардың бейбіт қатар өмір сүруінің келбетін паш ете алады. Сөз жоқ, келешекте барлық халықтар өздерінің төл мәдениеттерін сақтай отыра «жалпы адамзаттық түрдегі бірлескен өмір сүру салтына» бірігеді. Сол уақыттарда оның негізгі бастамасы біздің еліміздегі шағын үлгі екендігін мойындайтын тәрізді.

Бірақ отандық мультикультурализмге біржақты баға беруге болмайды. Сондықтан да, келесі кезекте, мультикультурализмдік қоғамдағы ұлттық бірегейліктің сақталу үлгілеріне тоқталып өтетін боламыз.

2.2 Дәстүрлі ұлттық құндылықтардың мультикультурал Қазақстан жағдайындағы сақталу мен өркендеуі

Ұлттық мәдениет – үздіксіз ұзақ тарихи кезеңдерде тұрақтылық пен әлеуметтік-тарихи бірегейлікті, өзіндік болмысты сақтайтын, өзін-өзі реттеу тетіктеріне ие тұтас халықтық білімдер жүйесі.

Ұлттық мәдениет ұзақ әлеуметтік-тарихи тәжірибе мен білімдердің жиынтығы. Ұлттық мәдениет философиялық, мәдени, рухани, әлеуметтік, экономикалық, саяси, тарихи, эстетикалық, этикалық идеалдар мен құндылықтарды құрайтынын ескерсек, ұлттық мәдени жаңғырудың өткені мен

бүгіні, болашақ көкжиектері туралы тетіктерді кешенді зерделеудің уақыттық–кеңістіктік өлшемдерін аңдай түсеміз.

Егер де тарихқа көз жіберсек, ұлттық бірегейліктің бірегейлене түсуінің үлгілерін көре аламыз. Мәселен, парсылар мен сақтардың соғысында, Александар Македонсикийдің жорықтарында, ғұндар мен қытайлар арасындағы кикілжіңдерде, Түркі Қағанатының ыдырау кезеңдерінде, Шыңғысхан шапқыншылығы кезіндегі түркі тайпаларының өзара қақтығыстарында, тіптен, 1932–1933 жылдардағы Кеңестік дәуірдегі ашаршылық заманында біздің халқымызда болу мен болмау баламасы болған еді. Бірақ, біздің ұлтымыз өзінің өміршеңдігін көрсете алды.

Кеңес үкіметі тек қазақтарға ғана емес, одақтас республика халықтарының бәріне де ұлттық бірегейлігінің сақталуына қатер төндірді. Бір қарағанда, КСРО-да мультикультуралистік қоғам орнаған сияқты болып тұрды. Бірақ, шындығында, орыс халқының мүддесіне, сол халықтың мәдениетін орталыққа шығаратын қоғам құрылып жатты. Космополитизм саясаты жүргізілді. Мәселен, барлық халықтар бір тілде, орыс тілінде сөйлеуі тиіс болды да, ол ұлт аралық қарым-қатынас тіліне айналды. Бірақ КСРО ыдырап, халқымыз да қайтадан бірегейленуге, қайтадан ұлттық болмысымызға оралуға мүмкіндік алды. КСРО ыдыраған тұста, қазақтардың біраз бөлігі қазақша білмейтін де еді. Қазіргі қазақша білмейтін қазақтардың саны да азайып келеді, қазақ мектептері мен қазақша білім алушылардың саны да артып келеді.

Ұлттық бірегейленуге басқа халықтармен бірлесіп өмір сүру жағдайы кесел келтірмейтіндігін айқындаған мыңдаған жылдық тарих бүгінгі күні де өзінің озық парадигмасын дәйектеп отыр. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін, Елбасы Н. Назарбаев мультикультурал қоғамда ұлттық бірігейліктің қалай сақтап қалу керектігінің үлгілерін паш етті, оны саяси стратегиялар арқылы дәйектеді.

Шындығында, еліміздің астанасының Нұр–Сұлтан (Астана) қаласына көшірілуі, оралмандардың елге оралуы, оңтүстік қазақтарының Солтүстік облыстарға орналастырылуы, тіптен, латын әліпбиіне көшу, аударылған «100 оқулық бағдарламасы» және тағы басқаларды ұлттық бірегейліктің саяси-әлеуметтік шаралары және табиғи эволюция дайындаған үдерістер деп білгендігіміз жөн. Бірақ бұл шараларды Қазақстандағы өзге ұлттар мен этностардың ділі мен дініне, танымы мен мәдениетіне қайшы келмейтіндей жағдайда ыңғайластыру да оңай жұмыс емес. Мемлекетті рәміздердің психологиялық-саяси астары да бірегейлікке деген ұмтылыс және нақты нәтиже. Мәселен, көк түсті туымыз тек аспанның бейнесі ғана емес, көне түркілік архетиптерден туындайтын тәңіршілдікпен астасып жатыр.

Бұған дейін ұлттық мәдениетіміздің негізі ретінде мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы жүзеге асырылса, бүгінгі күні мемлекеттілігіміздің өткені мен бүгінін, болашағын бекіте түсу және әлемдік санқилы үдерістерді ескере отырып, қазіргі жаһандық тарихтың мәдени тәжірибесін үнемі қайта игеру мақсатында жаңа балама үлгі – «ұлттық мәдени жаңғыру» ұсынылды.

Елбасының «Ұлт жоспары. 100 нақты қадаммен» әрі қарай ұштасып, жалғасын табуда.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың өткен жылдардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауы қоғамдық талқыға серпіліс берсе, 2017 жылдың 12 сәуірінде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, ұлттық сана көкжиегін кеңейту жолдарын көрсетті.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы халықтық жоба сипатына ие болды. Елбасы ғылым, білім, мәдениет пен тарихты тұтастай қамтитын ұлттық рухани жаңғыру бағдарламасын ұсына отырып, қуатты, әрі жауапкершілігі жоғары біртұтас ұлт болу жолында болашаққа қалай қадам басатынымызды, бұқаралық санамызды қалай өзгерту керектігін, олмақсаттарға бүкіл халықтың бірлігі арқылы ғана қол жеткізуге болатынын тұжырымдады. Ұлтаралық тақырып – тым нәзік мәселе, сол себептен бірлік пен бірегейлік мәселесінің нақты, практикалық жағына да үнемі назар аударған жөн. «Қазақстандық патриотизм» ұғымы сонда ғана мәнді, мазмұнды болады.

С. Хантингтон өркениетті – адамдарды біріктіретін және оларды белгілі бір деңгейде мәдени өзіндік болмыспен қамтамасыз ететін жоғарғы мәдени ұйытқы ретінде қарастырады. Осы мән-мағынада өркениет түсінігі тіл, діл, дәстүр, тарих, дін, философия, әлеуметтік институттар мен адамдардың субъективті өзіндік бірегейлігі сынды жалпылама объективті элементтермен айқындалады. Зерттеушінің пікірінше, өркениеттік бірегейлік болашақта маңызды рөлге ие болып, кейінгі әлемнің бетпердесі бірнеше өркениеттің өзара ықпалдастығы негізінде және олардың арасындағы өзгешеліктің күрделене түсуімен қалыптасады.

Нәтижесінде, болашақ қақтығыстар алдымен осы өркениеттерді өзгешелеп тұрған мәдени шекараларда жүзеге асады. Ол «Менің ойымша, қалыптасқан әлемде қақтығыстардың негізгі қайнары идеология мен экономика емес, адамзатты айтарлықтай маңызды шекараларға бөліп тастаған және қақтығыстарда басымдыққа ие мәдениетте болады. Ұлт-мемлекет халықаралық қатынастарда басты әрекет етуші субъект ретінде қала береді, бірақ жаһандық саясаттың маңызды деген қақтығыстары түрлі өркениеттердің өкіліне жататын ұлттар мен топтар арасында қыза түседі. Өркениеттер қақтығысы әлемдік саясаттың жетекші факторына айналады. Өркениеттер арасындағы сына – болашақ майдан алаңдары»,-деп тұжырымдаған болатын [13, 87б.]. Яғни, бүгінгі күннің өзгерістерінің қайнар көзі – постмодернизм мен жаһандану үдерісі, ал нәтижесі – рухани құндылықтары өзгерістерге ұшырап жатқан жаңа сипаттағы бұқаралық мәдениет.

Қазіргі таңда Қазақстан жедел дамушы және белсенді қоғам ретінде әлемнің дамыған мемлекеттерінің қатарына қосылуды басты мақсат етіп отыр. Осы тұста ұлттың өз төл болмысын анықтап-сақтауы, жаһандану дәуірінде ұлттық бірегейлік белгілерді қорғау талабы күшейіп келеді. Тәуелсіз

мемлекеттің ұлттық сипатымен қатар, сырттан таңылған үлгілер мен тәртіптерден, тарихи, саяси-әлеуметтік әділетсіздіктен арылып, ұлттық жаңару жүруде, өзара ықпалдастықтар артуда.

Адамзат дамуы барысында мәдени үрдістер өзінің түрлі әлеуметтік, тарихи типтері арқылы көрініс береді, ұлтаралық қатынастар мәдениеті өркениеттілікке жол ашады. Ұлт мәселесіндегі мәдениеттің орны ерекше және оның көрінісі қоғамдық ортаны барынша өркениеттендіре, тұтастандыра түседі. Елбасы өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында қазіргі кезеңдегі әлемдік жаһандану жағдайында заман ағымына икемделуді, жаңа дәуірдің озық үлгілерін бойымызға сіңіруді, ұлттық кодымызды сақтауды міндеттеді. «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу. …Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдыретімен маңызды. …Мен халқымның тағылымы мол тарихы мен ықылым заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діңі ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын»,–деп өз ойын түйіндеген болатын [110].

Этносты анықтаушы басты белгі – этникалық мәдениет: ұлттың тілі, діні, салт-дәстүрі, әдет ғұрпы, музыкасы, өнері және тағы басқалары – ұлттық кодтың элементтері. Олай болса, ғасырлардан келе жатқан дәстүрімізді – мәдени қазынамызды Елбасы Н.Ә. Назарбаев айтқандай, «бабаларының игі дәстүрін сақтайтын», «күллі әлемге әйгілі, әрі сыйлы өз елінің патриоттары» болатын ұрпақ тәрбиелеу міндетіне арнауға тиіспіз.

Отаншылдық сезім – ұлт рухының деңгейінің айнасы, өлшемі. Қандай да бір елдің рухани мәдениеті, әдебиеті мен өнері, ғылым мен техникасы, әлеуметтік жағдайы, материалдық өндірісінің ең маңызды жетістіктері сол ел азаматтарының отаншылдық, рухани-адамгершілік жан-дүниесінің қалыптасуына белсенді ықпал етеді. «Баланды өз тәрбиеңмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» дейді дана халқымыз.

Ұлттық құндылықтар – қауым өкілдерінің өмірінде көрініс беретін тарихи-рухани мұраттарының жиынтығы. Ондай тәрбиенің негізін сол халықтың өмірсалтынан туындайтын, ғасырлар бойы қалыптасқан, адамның адамдық қасиетін нығайта, асылдандыра түсетін биік ізет пен ар–ожданның бұлжымас ережелері мен қағидалары құрайды.

М. Жұмабаев: «Ұлт тәрбиесі – баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтақ жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиіс. Және әр ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесі мен тәрбие қылуға міндетті»,-деп [110, 14б.] бала тәрбиесінің ұлттық сипатта болуына ерекше мән берілу керектігін атап өткен болатын.

Ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын, ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу ұлттық идеяның негізгі бағыты болып саналады. Ұлттық идея – қазақ халқы тудырған моральдық нормаларда және ұлттық құндылықтарда бекітілген патриоттық тәжірибені меңгеру, ұлттық этномәдени дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды тану, тарихты құрметтеу арқылы іске асырылады.

Ұлттық құндылықтар – ұлттық идеяның негізгі өзегі, ұлт қалыптасуының басты факторларының бірі. Дәстүр – мәдениеттің құрамдас бөлігі, дүниенің өзекті және өмірде шыңдалған көрінісі. Тарихи, ұлттық дәстүр мәдениеттің ішкі бірлігін және субъектінің салыстырмалы еркіндігін сақтайды. Мәдениеттің қалыптасуы мен дамуына ықпал ететін нәрселер көп, бірақ солардың ішінде әлеуметтік субъектінің өзін-өзі анықтауы мен бірегейленуі, белгілі бір құндылықтар жүйесіне етенелестіруі үлкен мәнге ие. Осындай тарихи тұтастықтағы субъект өзінен-өзі жатсынбай, кез келген қайшылықты тұтастықтың даму заңдылығы арқылы шешеді. Тарихи даму барысында этноәлеуметтік тұтастықтығын нығайта білген қауымдастықтар өздерінің мәдени келбетін ішкі бірлікті сақтай отырып, таныта алғандықтан өз мүмкіндіктерін жүзеге асырды және этникалық субъект ретіндегі өз әлемдерін жетілдірді [141].

Яғни, Қазақстан сияқты полиэтникалық құрылымы бар елде осы келісімді орнықтыру үшін белгілі бір реттейтін тетіктер, яғни, желілер керек болды. Осы тарапта Қазақстан Халқының Ассамблеясының құрылуы бірегей қадам болды. Ассамблеяның ерекше қызметтік сипаты – қоғамдағы саяси мәселелерді мәдени құндылықтардың өзара ықпалдасуы, жақындасуы арқылы шешуге тырысуында және этникалық топтардың өзара тартыстары мен байланыстарын реттеп отыруға талаптануында.

Батыстық және Шығыстық технологиялық өркениеттің құндылықтарын, озық жетістіктерін барынша қолданатын, пайдаланатын уақыт жеткені туралы елімізде соңғы уақытта жиі айтылуда. Ал қазіргі заманның өркениеттік дамуын зерттеуші маман С. Хантингтон модернизация мен экономикалық даму мәдени вестернизацияны талап етпейтінін, тіпті, керісінше, олар туған мәдениеттің жаңғыруын қамтамасыз ететінін ескертеді [12, 37б].

Бірақ бұл пікірге қазақстандық саясаттанушы Р.Қ. Қадыржанов біршама сыни көзқараспен қарайды. Оның пікірінше, «во многих работах по проблемам модернизации указывается, что внедрение западных моделей и институтов способствует становлению в странах, являющихся объектами модернизации, культурной однородности западного типа. Практика, однако, показывает, что модернизация, как правило, вызывает прямо противоположный эффект» [111, 38б].

Сөйтіп, автордың пайымдауынша, өткен ғасырда көптеген ұлттық мәдениеттер нигилистік сипаттағы модернизацияға қарсылық танытқанын алға тартады, яғни, мәдениеттер дәстүрді сақтау арқылы қауымдастықтың өз келбетін қорғайтынын атап көрсетеді. Жалпы кез келген басқа үлгіні сырттан

механикалық түрде көшіріп алу ешқашанда жақсы нәтиже берген емес, түбінде оның өміршеңдегіне әлеуметте күмән туады, шеткеріледі.

Рухани жаңғырудың негізгі мақсаты – ұлттың жәдігерлерін, мәдени мұраларын жандандырумен шектелмейді. Күнделікті капитал әлеміндегі қыспаққа алып отырған технологиялық бәсекелестікте ұтылып қалмау, экономикалық дамуда кенжелеп қалмау, әлеуметтік саладағы екі құбылыстың негізгі мүдделерінің қайшылығы мәселесін тиімді шешу мүддесін көздейді. Демек, рухани жаңғыру жан-жақты болуы да тиіс.

Өркениеті дамыған елдер арасында осындай технологиялық даму мен ұлттық руханиятты қатар келе жатқан елдер бар. Мәселен, Жапония. Біздің мемлекеттік бағдарымыздағы технологиялық даму ұстанымымызбен қатар, ұлттық сананың жоғарылауына мән беріле бастауы болашағымызға сенім береді, бұл – Қазақстанның осы жолдың тиімділігіне, мәнділілігіне көзі жеткенін көрсетеді.

Қазақстан халқын ұлтаралық және конфессияаралық деңгейде біріктіруші факторлардың қызметіне кедергі болар құбылыстарды жеңуге М.З. Изотовтың пікірінше, құқықтық және экономикалық база бар және осы бағытта демократиялық әдістерді қолдана отырып отансүйгіштікке шақыру қажеттігін тұжырымдайды [112, 222–226б.].

Мемлекеттің ұлт саясаты этносаралық қарым-қатынастардың өнімді болуына, этникалық мәдениеттердің өзара ықпалының оңды болуына бағытталғанын атап өтуге болады. Бұл жерде қоғамдағы экономикалық мәселелердің дамуының, азаматтардың хал-ахуалының белгілі бір межеден түсіп кетпеуі маңызды екенін есте ұстаған жөн.

Себебі, экономикалық дағдарысқа ұшыраған елдерде тұрмысы төмен халық бірден «оған кінәлілерді» әлеуметтік ортадан іздей бастайтыны белгілі. Кейбір маргиналды топтар үшін әлеуметтік теңсіздікті жөндеудің, қалпына келтірудің «жолы» саны аз ұлт өкілдерін ығыстыру немесе оларға қоқан–лоққы көрсету арқылы «әлеуметтік әділеттілік орнату» деп түсінетін топтар да кездеседі және олар жастарды осындай теріс әрекеттерге итермелейді.

Ал кейбір ұлт өкілдері, әсіресе, қазақстандық орыстар мен Ресейдегі ұлтшыл радикал топтар елімізде орыстарға қысымшылық жасалып жатқандығы туралы да пікірлерін жасырып қалмайды. Бұл – отаршылдық сана мен империялық көзқарастардан туындайды және ұлт аралық араздықты қоздыруға бағытталады.

Бұл жерде қарым-қатынастардың үйлесімді жағын көрсетуде негізгі философиялық түсініктердің, заңдылықтардың да маңыздылығы алға шығады, оларды ескермеушілік түбінде қайшылықтарды ушықтыра түсетінің анық. Мәселен, мемлекеттік мүдде жалпыұлттық деңгейдегі мүдде деп түсінілсе, ал этникалық мүдде ерекшеленген қауымдастықтың мүддесі екені анық, ал жеке азаматтардың мүдделері кез келген этностың өкілі ретінде осы жалпы мен ерекшенің құбылыстық деңгейімен үйлесімді қатынаста болуы тиіс болатын аралық деңгейді көрсетеді. Осы заңдылықтың үнемі сақталуы шарт, онсыз қоғамда әртүрлі ауытқулық әрекеттер орын табады және күрделі мәселелердің

тиімді шешімдері бірден табылмай әуреге түсіреді, әр түрлі негіздегі тартыстық жағдайлар күшейе түседі.

Тарихи үрдістердегі этникалық фактордың маңызы үлкен, осыған орай, М.С. Шайкемелев өзінің төмендегідей тұжырымдарын білдіреді: «Казахстан с момента провозглашения живет в условиях мультикультурализма, когда ни казахская этнокультура, ни русскоязычная городская культура не является доминирующими. Существуя параллельно, они никак не пересекаются, функционируя в замкнутых, автономных пространствах, предпочитая исключительно свою этнокультурную идентичность» [113, 30б.].

Қазіргі нарық заманының заңдылықтары көші-қон мәселесіне орай, көптеген этнос өкілдерінің араласуына алып келді. Сондықтан, демократияны орнықтырмай, ұлтаралық келісім туралы мәселені қозғау күрделі болмақ.

Әрине, қазақ халқының негізгі топтастырушы қызметін мойындағысы келмей, әлемдік тәжірибеде бар құбылыстың Қазақстанға келгенде жарамсыз деп танитын зерттеушілер де кездеседі. Кейбір ресейлік ғалымдардың пайымдауынша, полиэтникалық мемлекетте бір ұлтты «ұлт–ядро» деп мойындау, қоғамды тұрақсыздыққа алып келуі мүмкін деген тұжырымды ұстанады [114, 82–90 бб]. Ал енді елімізде бір кезде зерттеулер жасаған, қазіргі кезеңде Ресейге қоныс аударған Г.В. Малинин т.б. зерттеушілер ұлтты «этноұлт» деп түсіну «иерархиялық бағыныштылыққа» алып келеді. Міне, сонда « … мы начинаем говорить о государствообразующей нации, о титульной нации, о малых народах, о национальных меньшинствах и т.д. То есть, выстраивая определенную иерархию»,-деп [115, 114б.] Қазақстандағы жағдайды сынға алуға тырысады. Қазақтардың еліміздегі жетекші этностың рөлін атқаруға тарихи құқығы бар екендігі туралы мардымды айтылмайды.

Қоғамдағы мемлекет қалыптастырушы ұлттың рөлін Германияда – немістер, Ресейде – орыстар, Францияда – француздар, Өзбекстанда – өзбектер толықтай және күмәнсіз орындағанда неге өзге ұлттарға мәртебе беріледі, тіпті, кейбірін «сепаратистер» деп әскери күш күрсетуге тырысатын елдер де бар. Жоғарыдағы келтірілген ұлттар туралы ешқандай «иерархиялық бағыныштылық» болуы мүмкін екендігі жайлы ешнәрсе айтылмайды. Ал енді өзінің тарихи отанында өзінің ұлттық келбетін, тарихын, мәдениетін қалпына келтіру жолына түскен қазақ халқының алдына осындай теориялық «кедергілерді» жасанды түрде жасаудың қажеттілігі жоқ іспетті. Әлде бұл да кейбір этникалық мәдениеттерге келгенде сенімсіздікпен қарау қатынасы болар. Оларға үстірттікпен баға беруге тырысу бұрынғы империялық сананың салдары болуы да ғажап емес.

Қазіргі кезеңдегі мемлекеттің ұлттық-мәдени саясаты ұлт аралық қатынастар ауқымында үш бағытта өрбігені тиімді:

Біріншіден, мемлекет қалыптастырушы халықтың ұлттық мәдениетін толыққанды қайта түлетіп, нығайта түсу керек. Олай етпеген жағдайда, оның орнына қазіргі заманның тұтынушы психологиясының талаптарын орындайтын нигилистенген прагматистік мәдениет басады, гуманистік даму тұрғысынан алғанда оның тиімділігі шамалы.

Екіншіден, ұлттық мемлекеттілік пен қазақстандық патриотизмді қалыптастыру. Мемлекеттің унитарлығы, территориясының тұтастығы сақталып, елдің әрбір азаматының отансүйгіштік әрекеттері мен ұмтылыстарын тәрбиелеу – еліміздің парасатты болашағы үшін қажетті құндылықтар. БАҚ және барлық оқу және тәрбие орындарының осы бағытта жұмыстар жүргізуі қасиеті міндеті деп санаймыз.

Үшіншіден, еліміздегі барлық этникалық мәдениеттердің бірегейлігі мен төлтумалығы мойындалып, олардың сақталып, дамып отыруына барынша жағдайлар жасау қажет. Мемлекет тарапынан қамқорлыққа алынатын материалдық емес мәдени мұраның жүйесі нақты анықталып, олардың тек Қазақстан халқының ғана емес, ол негізінен жалпы адамзаттың рухани байлығы екендігін дәйектей түсу қажет.

Әрине, жоғары аталған салалар өзінше алғанда бөлек-бөлек емес, олар бір-бірімен байланыса, астаса, ынтымақтаса отырып жүзеге асатын дүниелер. Жалпы әлеуметтік және тарихи әділеттілік ұстанымы ғана осы бағыттардың өрбуіне, әлеуметтік практикада өнімді жұмыс істеуіне негіз бола алатынына күмән келтіруге болмайды [116, 42–44б.]. Қоғамдағы кез келген әлеуметтік қатынастар түпнегізінде ұлттың болмысында, этникалық топтардың өзара қатынастарында өзіндік із қалдырады, оның дүниетанымдарының бағыттарын, мазмұндарын түзеді, оның ұлттық өзіндік санасының қалыптасуына ықпал етеді.

Әлеуметтік жетістіктер мен барлық салаларда прогреспен даму ұлтаралық қатынастар мәдениетін тереңдете түсуге жағдайлар жасайды, дегенмен, әрбір тұлғаның осы нәзік әлемге қосатын үлесі де қомақты. Халқымыздың даналығында кездесетін «Тамшы тасты теседі» деген сөздің астарында әрбір азаматтың орнықты ісінің қажеттілігі маңызды болып табылады және оны әлеуметтік орта талап етеді.

Толеранттылық көпэтникалық қоғамда өзара түсіністік ұстанымын орнықтырумен тікелей байланысты. Осы тетік арқылы көптеген күрделі мәселелерді орнықты шешуге болатындығын әлеуметтік іс–қимыл дәлелдеп отыр, оны әлемдік тәжірибе әмбебап тәсіл ретінде ұсынады. Қазіргі Қазақстанда ұлт аралық кикілжіңдер жоқ деп айтуымызға болады. Қазақстан көп ұлтты болғандығына қарамастан унитарлы мемлекет. Өзге ұлттардың автономиясы да жоқ, өйткені, өзге ұлттар тағдыр тәлкегімен келгендер. Кезінде қазақ халқы оларға да қонақжайлылық танытқан еді. Сондықтан да, алғыс айту күні, шындығында, басқа халықтардың қазақтарға алғыс айтуы негізінде құрылған еді.

Мәдениет дегеніміз – өткен уақыт пен қазіргі уақытты және қазіргі уақыт пен болашақты байланыстыратын уақыттың хронологиялық жалғасы (сабақтастығы).

Мәдениет дегеніміз – тарих уақыты, тарих оқиғалары, тарих үлгі–өнегесі деп бағамдай аламыз. Қазіргі заманғы мәдени қозғалыстың мақсаттарының бірі – этномәдениеттің тұрақтылығын сақтау болып табылады, бірақ оған ішкі және сыртқы параметрлерді тұрақты өзгерту жолымен жетуге болады. Бұл кейде

руханилылықты басымдылыққа шығарып, күнделікті тұрмыстық санада дәстүрлерді, әдет-ғұрыптармен, рәсімдермен т.б. теңестіреді. Бұл – дәстүрдің бір жағы ғана. Екінші жағы мәдени шығармашылықпен, креативтілікпен байланысты. Дәстүрлер мәдениеттің тұрақты ішкі ядросын құрайтындықтан, рефлексиясыз нағыз шынайы мәнін танымайды.

Қазіргі дамыған мемлекеттерге таңылған постмодерндік қоғам туралы ой дәстүрлі және заманауи қоғамның белгілерін бір–біріне жақындата түседі. Осыған орай, жаңа үлгілер де ұсынылады:

– дәстүрді ескере отырып, жаңаға ұмтылу – тарихилық пен логикалықтың бірлігіне негізделу.

– дәстүрді – жаңаның алғышарты ретінде пайдалану (Үнді, Жапон, Қытай, Малайзия елдері);

– рухани салада зиялы әлеуметтік ортаны, өмірді ұйымдастыру;

– жеке тұлғаны жетілдіру арқылы ұлттық жетістіктерге жету;

– дүниетанымдық және кәсіби негіздегі құндылықтардың үйлесуі;

– биліктің демократиялық сипатта болуы;

– өндіріс пен дәстүрлі мәдениетті тұтастандыратын сабақтастықтың болуы;

– әлеуметтік таңдауда, дәстүрлі, құндылықтық легитимацияны жүзеге асыру, дәстүрді тиімді пайдалану және т.б.

Гендерлік мәселе бойынша, Еуропада хиджаб пен паранджа киген әйелді қысым көргендіктің белгісі ретінде қабылдайды. Мұндай сыртқы мәдени белгілерді стереотиптер тұрғысынан интерпретациялау адам табиғатына тән қасиет. Стереотиптендіру үрдісі мультикультуралды қоғам аясында ерекше мағынағы ие болады. Стереотиптер жергілікті және жергілікті емес топтардың арасындағы өзара түсіністікке кедергі жасайды.

Эндогамияның, яғни, азаматтардың өз ұлтының өкілдерімен ғана некеге тұруға тырысуының өрбуі, этникалық санадағы осындай дәстүрлік регламентацияның қойылуы – қоғамдағы қатынастардың жағдайының бір векторда, этникалық оқшаулану кейпінде өрістеуін білдіретін келесі бір этномәдени кедергінің қатарына жатады. Ондай жағдай, көбінесе, дәстүрлі құндылықтарды абсолюттендірген ортада көбірек байқалады.

Экзогамияның некелесу саласындағы демократиялық қатынастардың белгісі ретінде кең таралуы өркениеттілікті білдіретін абсолютті көрсеткіш болмағанымен, ол – азаматтардың адамаралық қатынастар деңгейінде этностық шеңберге шырмалып қалмағындығын, адамның терең әмбебап мәні мен оның өмірдегі тағайындылығы тек этностық белгілермен ғана шектелмейтіндігін білдіреді.

Мультикультурализм құбылысына, тұжырымдамасына қарсы ұстанымды дәйектейтін көзқарастар біздің елімізде де бар. Кез–келген этникалық қауымдастықтың дамуы қоғамның рухани мағынада жетілуімен астасып жатады. Алайда, қоғамдық прогрестің ауқымында руханилықтың негізгі факторға айналуы кенжелеп қалуда, оның орнына саяси мағынадағы әрекеттер, экономикалық тиімділіктер көптеген елдердің негізгі бағдарына айналып отыр.

Оны қазіргі заманның өмірлік прагматикалық талабымен, жаһандану үрдістерімен түсіндіруге болады. Дегенмен, қоғамдағы ұлтаралық қатынастарды үйлестірудің негізгі қозғаушы күші өзінің шынайы мәртебесін алатын уақыт келді.

Мәдениет жаңа тарихи кезеңде біріктіруші, топтастырушы, ықпалдастырушы, өзара мәмілеге келтіруші күшке айналса, онда қоғамда ұлтаралық қатынастардың рухани негіздері қаланады, яғни, флуктуациялық (ауытқушы) үрдістерден өзін сақтай алатын әлеуметтік иммунитетті қалыптастыратын күйге жетеді [142].

Бір жыныстық неке мен мультикультурализмнің арақатынасында да бүгінгі таңда күрделі мәселелер туындап отыр және оған әрбір мемлекет өздерінің салты мен дүниеге көзқарасы бойынша әр түрлі баға береді.

Бұқаралық ақпарат құралдарында мәлімдемелер көбеюде. Мысалы: Ұлыбританияда бір жынысты некені тіркеуден бас тартқан некені тіркеу кеңсесінің қызметкерінің ісі сотқа берілді; Германияда мұсылман емделушінің өтініші бойынша, қабырғалардан он екі кросс шешіліп алынып, қоқысқа лақтырылды; Нидерландыдағы шіркеуде құдайға мінәжат ету кезінде гомосексуалдар тобы баса-көктеп кіріп, христиандық ритуалдық қызметті талап еткен. Өтініші қабыл болмағандықтан, олар полиция шақырып, шіркеу қызметкерін жауапқа тартқызады. Бұл тізімді жалғастыра беруге болады. Осылайша, кейбір адамдардың құқықтары үшін күрес жалпы құқықтардың бұзылуына айналды.

Қазіргі уақытта қазіргі қоғамда құндылықтық төңкеріс жүріп жатыр, яғни, адамдардың ақыл-ойында жақсылық пен зұлымдық туралы түсінік өзгертіліп, кеше «жақсы» аталған нәрсе бүгін «зұлымдыққа» ауыстырылуда деп айтуға болады. Мұның бәрі кездейсоқ болып жатқан нәрсе ме, әлде, олардың артында теріс пиғылды біреулер тұр ма?

Қоғамды билеушілер туралы әрқилы көзқарастар бар. Кейбір әлеуметтік мифтер бойынша, аса дәулетті адамдар әлсін-әлсін жиналып, өзара ақылдасап, капиталдың ықпалымен, қай елде қандай министр тағайындалуы тиіс, қандай премьер-министр болуы қажеттігін талқылап, өздерінің ойларын іске асырады-мыс. Ал кейбірі әлемді беделді ел басшылары билейді, мәселен, Америка деп түсінеді. Сонымен қатар, экстрасенстер де әлемге билік жүргізе алатындығы туралы да мәлімдейді.

Қоғамда кез келген пікірді ортақ талқыға салып жіберіп, көпшіліктің санасын түрлендірудің арнайы технологиялары бар. Мысалы, қоғамдық пікірді өзгерту «Овертон терезесі» деп аталады. «Қоғамдық пікірді бірте–бірте шайқалта отырып, кез келген қоғам үшін ең жалған және қорқынышты идеяны ендіруге, қабылдатуға, заңнамада талқылатып, бекіттіруге болады»,– деп мәлімдеген Mackinac Center қоғамдық саясат орталығының вице–президенттігіне тағайындалған Джозеф П. Овертонның есімі қазіргі таңда манипулияция кеңістігінде танымал бола бастады [117].

Қоғамда орын алған құндылықтардың өзгеруі адамдардың белгілі бір топтарының мақсатты күш–жігерінің нәтижесі ме? Олар осы бағытта біршама

күш жұмсауы мүмкін, дегенмен, «жалғандықтың диктатурасының» салтанат құруының негізгі алғышарты көпшіліктің енжарлығы және өздеріндей емес адамдарға деген жек көрушілік. Өз пікірі мен құндылықтары жоқ адамның санасын манипуляциялау оңай. Олар үшін газет беттерінде жазылғанның барлығы – ақиқат. Көріп отырғанымыздай, барлық түйін – адамның жеке басында.

Қазақстандық мультикультурализм әлдекандай манипуляциялар арқылы жүргізіліп отырған жоқ, бұл саяси тактика болғанмен, болмай қоймайтын қажеттілік болып отыр.

Демек, біз, былайша ой түйіндейміз: отанымыздағы мультикультурализмнің тарихи-әлеуметтік астарлары тарихи шындық және саяси идеологема, бірақ, бұл тұста саяси идеология тарихи шындықтан аттап кете алмайды, сондықтан да, еліміздегі осындай мультикультуралдық құрылым заман талабы мен еліміздің болашаққа игілікті негізге алып бой сермеуінің шынайы ақиқаты болып қала береді.

Осы тұста, біз, мультикультурализмнің гумандық табиғаты туралы толғануымыз қажет немесе оны гуманизациялауды да ұсына аламыз.

1. Антимультикультуралистер оның шынайы табиғатын ашып беруде ұлттар мен халықтардың өзіндік болмысын жойып жіберетіндігін атап көрсетеді. Олардың логикасы, біздіңше, империялық саясатта жатыр. Мәселен, әлемде жыл сайын бірнеше ұсақ ұлттар жойылады. Оны қазіргі Ресей құрамындағы мәдениеті мен ділін, тілі мен дінін ұмытып бара жатқан халықтардан анық көруімізге болады. Дегенмен, оны синергетика заңдылықтары бойынша да оңайырақ түсіндіре аламыз: егер де адамзаттың табиғи эволюциясына қажетсіз мәдениеттер болса, ол өздігінен жойылып кетеді немесе басқа мәдениеттерге келіп кірігеді. Ал бірнеше жыл Ұлыбританияның отары болған Үнді мәдениеті ше? Үнді мәдениеті тарихи тамыры терең және олар бейбіт өмір сүру мен отаршылдыққа қарсы күресте толеранттылықтың тамаша үлгісін паш етті. Мультикультурализм басқа халықтардың мәдениетіне үстемдігін жүргізу немесе оны жойып, ұмыттырып жіберу болмауы тиіс. Ендеше, қазақстандық мультикультурализм басқа халықтардың мәдениетінің жоғалуын көздемейді.

2. Ғылым этикасы мен дианоэтика бойынша да өзге ұлт өкілдерінің отандық мультикультурализмді зерттеушілері ізгіліктілікті қалауы тиіс. Сонымен қатар, жергілікті ұлт, қазақтардың мәдениетін де құрметтеуі тиіс. Мәселен, еліміздегі өзге ұлт өкілдерінің мультикультурализмді зерттеу саясатының бағдарын біз де зерттеуге тиіспіз. Қазір Қытай халықтары Қазақстан мәдениетін зерттеуге құштар. XIX ғасырда ресейлік этнографтар қазақ халқы мәдениетін зерттеуге шынайы түрде кірісті, бірақ, астарында отаршылдықты күшейте түсу саясаты жатты. Ал керісінше, Л. Гумилев Түркі мәдениетін ізгі ниетпен зерттеді және түркі халықтарының шынайы тарихын ашуға ұмтылды. Олай болса, еліміздегі өзге халықтардың отандық мультикультурализм туралы пайымдауларын назардан тыс қалдырмауымыз

керек. Бұл ұлтымыз үшін гумандық саясаттың, ұлт болашағының игілікті ісі болмақ.

3. Біздің халқымыздағы қонақжайлылық пен ізгілік сапаларын өзге ұлттар өз мүддесіне теріс жағдайда пайдаланбауы тиіс. Жергілікті халықтың тілі мен дінін, дәстүрі мен салтын құрметпен қарап, тілімізді меңгеруі тиіс. Өйткені, қазақ тілі мемлекеттік тіл. Мультикультурализм жағдайында қазақ халқының мәдениеті қашанда, басымдылыққа ие болып отыруы қажет. Сонда бірегейлену мен мультикультурализм қайшылыққа келмейді.

Дәстүрлі ұлттық құндылықтардың мультикультурализм жағдайындағы сақтаулы мен өркендеуінің бейнесін былайша тиянақтап көрсетуімізге болады.

1. Көне түркі дәуірінен бері сабақтасқан ұлттық құндылықтарымыздың тарихи тамырлары тереңде жатыр. Ол арғытүптік, ділдік, генетикалық болмысымызбен бекітілген құбылыс. Сондықтан да, ол жалпы саяси тұрғыдан ықпал ететін әр түрлі біздің даму бағдарымызға қайшы келетін идеологиялардан сақтана алады. Оны 300 жылға жуық Ресейлік және Кеңестік отаршылдық кезеңде де өзінің бірегейлігін сақтаған, ұмытпаған дәуірден–ақ байқауымызға болады.

2. Дәстүрлі ұлттық құндылықтар, біздің, мәдениетімізге сәйкес ауызша тараған. Жазба мәдениет қашанда үлгі, бірақ, оны түбегейлі жойып жіберу оңай. Мәселен, жазба кітаптарды өртеп жіберу арқылы. Ал ауызша тараған рухани мәдениеттің нақты материалдық нұсқалары да жоқ болғандықтан, ол халықтың ділі мен психологиясында, жадысында сақталған, сондықтан да, мультикультурализм жағдайында тарихи жады ұмытылмайды.

3. Халқымыздың жадысы психологиялық тұрғыдан мығым деп айтуымызға болады. Мәселен, 40 күн жырлайтын жыры немесе дәулетті байлардың немесе оның бақташыларының 5000–10000 жылқысының әрқайсысын айнымай тануы т.б. халқымыздың жадысының беріктігін дәйектей алады. Олай болса, рухани құндылықтарымыз қазақтардың жадысы арқылы бекітілген. Сондықтан да, бізге жеткен қисса–дастандар, батырлар жыры т.б. ауыз әдебиетінің үлгілерінің қоры да қомақты болып келеді.

4. 300 жылға жуық отарлық саясаттан кейінгі тәуелсіздік кезеңде, қазақтар, алдымен, өзіндік бірегейлікке интенсивті түрде ұмтылуды қалап отыр. Бұл интенсивтілік мультикультурализм мен бірегейлікті қатар алып жүруді қалайды. Қазіргі ұлттық құндылықтарымызға қайта оралу мен мультикультурализмді өркендетудің қатар жүріп отыруы бірін–бірі байытатын және толықтыратын үдерістер болып құрылуы тиіс. Өйткені, мәдениеттердің дамуы бір қалыпқа сыйғыздырылған шектеулі емес.

5. Ұлттық құндылықтар қазіргі таңда жаңашылдық пен дәстүршілдіктің бірлігі аясында өркендеп келеді. Кейбір дәстүрлер мен салттар жаңашалған кейіпте бірегейленіп отыр. Мәселен, үйлену салттарын атап өтуімізге болады.

Ал енді келесі кезекте, оны өркендетудің жолдарын біз, былайша жинақтап бере аламыз.

Біріншіден, жаһандану жағдайындағы қатерлердің, оның ішінде, рухани құндылықтарымызды сақтап қалудың тетіктерін жасауымыз қажет. Атап

айтқанда, нақты теориялық тұжырымдама ұсынылуы тиіс. Бұл тұжырымданың күрделілігі: мультикультурализм мен ұлттық болмысты және Қазақстан мәдениетін одан әрі өркендету сияқты арналарды қатар алып жүру қажеттігі т.б.

Ұлттық қауіпсіздікті сақтау барысындағы қатерлердің алдын алуымыз керек. Мәдени қатерлер, біздің отандық әрқилы мәдениеттерден келмейді, ол батыстық даму беталысындағы жағымсыз, біздің ұлттық құндылықтарымызға сай келмейтін бағдарлар арқылы жүзеге асуы ықтимал. Қазақстанның саяси ұстанымы бойынша, кез келген мәдениетті құрметтейді және толеранттылықпен қарайды. Дегенмен, жаңаны қабылдауда бізде оларды сұрыптайтын «Сүзгі» болуы тиіс. Ол ресми органдар арқылы жүзеге асуы қажет.

Екіншіден, ұлттық құндылықтарымызды өркендету беталысы өздігінен-ақ, бейсаналы-саналы түрде жүріп отырған шақта, осы беталысты тоқтатпай, оны жеделдетудің тетіктерін құруымыз керек. Ол үшін тек зиялы орта емес, халықтық қоғамдық пікірді де бетке ұстауымыз қажет.

Үшіншіден, ассимиляция жағдайында мультикультурализмді ұлттық құндылықтарды одан әрі өркендету жағдайына тиімді түрде пайдалануымыз керек. Бұл – «кез келген жағымсыз құбылыстың жағымды қырларын оңтайлы пайдалану» деген қағидаға келіп саяды.

Төртіншіден, мультикультурализмді өрістетудің тетіктерін ғылыми-теориялық тұрғыда негіздейтін арнайы институттар құрып, оны жобаларын тәжірибе жүзінде іске асырудың құрылымын жасауға тиіспіз. Бұл орайда, ғылыми ұстанымдарға да баса мән беруіміз керек.

Бесіншіден, жоғарыдағы айтылған, «Овертон терезесі» сияқты ұстанымдарды біз, игілікті және гумандық негіздермен бағамдап, жаңаша психоаналитикалық құрылғыларды құрастыруымыз керек. Ол үшін отандық ғалымдар арасында жаңа ғылыми бағдарламалар құру аса қажетті деп ойлаймыз.

Алтыншыдан, отандық мультикультурализм бір қарағанда жай ғана мәдениеттердің өзара үйлесімділігі сияқты болғанмен, ол да көп қырлы құбылыс. Мәселен, түркі халықтары, атап айтқанда, өзбек, татар, башқұрт, қырғыз, түріктер т.б. туыс болғандықтан, түркілік мультикультурализмді де жандандыра түсуіміз керек. Бұл түркілік рухани үндестік пен сыртқы саясаттағы түркілік бірлік идеясына қолдау білдіреді.

2.3 Қазақстандық мультикультурализмнің жалпы келбеті және оның «Рухани жаңғыру» аясындағы даму перспективалары

Бүгінгі постиндустриалдық қоғамдағы полиэтникалық кеңістікте интеграциямен қатар дифференциацияда жүріп жатыр, яғни, мәдени және ұлттық бірегейлікке ұмтылу үрдісі әрбір аймақта, әрбір мемлекетте көрініс тауып келеді. Өйткені, бірегейлену тек саяси–әлеуметтік қана емес, биологиялық–психологиялық құбылыс: ұлттың қорғаныш және қауіпсіздікті сақтау тетіктерінің бірі болып табылады. Мәселен, табиғи ортада хайуанаттар

да өзі тіршілік ететін ареалын қорғайды, өзге өзі типтес түрлер тіршілік ету аймағына кірген сәтте де қарсылық көрсетеді, өйткені, ол өзінің биологиялық шекарасы іспеттес аймақ болып қабылданады. Социодарвинистік теорияларға сәйкес, адамзат та осы қағиданы инстинктивті түрде қабылдайды және сақтайды. Сондықтан да, бірегейленудің табиғи-биологиялық негіздері бар. Мәселен, екі түрді жасанды түрде будандастырған сәтте, арасынан синтезделген гибридтер туады, ал одан соң, келесі кезекте, екі түр арасынан сол аталығын қайталайтын түрлер дүниеге келеді. Осы үлгіні адамзаттық түрге көшірсек, ұлттық мәдениеттің бірегейлікке ұмтылуының тарихи–саяси ғана емес, табиғи–инстинктивті болмысы ашылады.

Полиэтникалық қоғам – бұл үстем мәдениетті анықтау өте қиын болып табылатын қоғам. Мультикультуралық қоғам теңдік қағидасының негізінде қалыптасады. Полиэтникалық қоғамды қалыптастыру – қиыншылықтарға толы құбылыс, ондай қоғам барлық халықтардың тоғысуын қамтамасыз етуі үшін, әртүрлілікке ұмтылуы қажет болады. Мүмкін, қоғамдағы нақты бір мәдениет үстемдігінің жоғалуы, адамдар мен мәдениеттердің түрлі топтары арасындағы сұхбатты қиындататын болады. Мұндай топтар мен мәдениеттер шекарасын сақтай отырып, өмір тіршілігі бір-бірінен нақты бөлінген және анықталатын қауымдастықтар болатын шығар.

Ендеше, бұл тұста, мультикультарализм жағдайындағы бірегейлік пен сәйкестіктің сақталу ерекшеліктерін ашып калуымыз қажет. Мультикультуралды қоғам, халықтардың өз ішіндегі қалыптасуын, мәдениеттер аясында мәдениеттерді біріктіру үшін оның мүшелерін талап етпейді. Айырмашылықтарды бекітетін және үстем мәдениетке сәйкес әрекет етпейтін, «тотальдылық диаспорасы», «үйсіз қауымдастық» деген қоғам ретінде анықталуы мүмкін. Полиэтникалық қоғамда ұлттық және басқа да сәйкестілікті сақтау талабына, мәдени әртүрлілік трендін сақтауға, қоғамның мәдени әмбебаптылығы үшін жұмыс істейді.

Мәдени қауымдастықтар арасындағы қатаң шекараларды және мәдени әртүрлілікті сақтау – бірегейлікті жоғалту қорқынышынан туады. Дәстүрлі қоғамда бірегейлік – қоғам қабылдаған нормалар мен құндылықтарды меңгерумен байланысты болды, жеке өз бейімділігі адам дамуының көріністеріне, қабілеттеріне, жеке мүдделерін іске асыру ретінде қарастырылады. Осылайша дәстүрлі қоғам әрбір адамға тиесілі түрлі дәрежедегі: жеке қабілеттерін, таланттарын, адам талантының көріністерін, даму мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Осылайша, біз, дәстүрлі қоғамда бірегейлікті қалыптастыру тетіктерінің түрін әзірледік деп айтуға болады: авторландыру арқылы жеке адамның, қоғам тану режимі «болуы тиіс», әлеуметтік нормалар «қасиеті», іргетасына өзіне іс–қимылдар мен ойлар негізге алынды.

Полиэтникалық қоғам, негізінен, «болу» режиміне негізделген, жеке тұлғаның өз жеке басын тұрақты іздеу және оны бекітуді де қалайды. Бірегейлік қоғамның қабылдауында ерекшеліктерінің жиынтығы негізінде белгілі бір мәдени стандарттарға иелену түрінде де кездеседі. Бірегейліктің осы

бір қабылдауы ерекшеліктердің жиынтығының тобы ауыстырылатын жиынтығының қауіпсіздік сезімін айырады және бірегейлік жеке мағынада қорқыныш тудырады. Басқаша айтқанда, полиэтникалық қоғамда «болуы тиіс» режимін өзгерту қажет. Бұл тұстағы маңызды құбылыс: сыртқы әлеммен байланысын сақтау және белгілі бір мәдени ортаға тиесілі болу. Бұл байланыстар тұрақтылық, қорғалғандық сезімін береді.

Осылайша, тұлғалық бірегейлікті сақтау үшін полиэтникалық қоғам «болуы тиіс» деген режимнен бас тартып, «бар» режиміне ауысуы керек. Жеке бірегейлікті мәдени ерекшеліктері мен дағдыларының жиынтығы ретінде қабылдау қажет. Онда «Мен» өзін қабылдауында «Мен бармын», болуы тиіс «Мен» өз қызметін атқарып отыруы тиіс.

«Глокализация», «туынды мәдениет» және «үшінші мәдениеттер» – сабақтастық үлгісінің бөлек бір типтік көрсеткіші, яғни, түрлі мәдениеттерді бір-біріне жалғау жолдары. Робертсонның «глокализация» [118] ұғымын қолданудағы басты мақсаты – қазіргі уақытта жаһандық пен жергіліктіліктің байланысына, өзара іс-қимылына ерекше назар аудару ниетінің көрсеткіші. «Туынды мәдениет» және «үшінші мәдениеттер» деген ұғымдар жаһандық және жергіліктілік ұғымдарынан пайда болған үлгіні талдау мақсатында қолданылады.

Бұл тұста бірегейліктің ішкі мазмұнын анықтап алу қажеттігі туындайды. Диалектикалық логикада ешқандай құбылыс немесе материя абсолютті бірегей бола алмайды. Себебі, даму мен қозғалыс үстіндегі болмыс үнемі өзі мәнін толықтай қамтамасыз ете алмайды. Ал қоғамдағы ұлттық бірігейлік, салыстырмалы болса да өзгермелі. Мәселен, қазақ халқы Кеңес үкіметі тұсында өзінің болмыстық бірегейлігінен ажырай бастады, қазір тәуелсіздік алғаннан кейін қайтадан шынайы бірегейлігіне қарай бет түзеп келеді. Бұл тұста, абсолютті бірегейлік емес, нақты мүмкін болатын бірегейлік қажет. Демек, біз, бірегейлікті онтологиялық, космологиялық, антропологиялық, әлеуметтік сияқты негіздерде қарастыруды басшылыққа аламыз. Әлеуметтік–антропологиялық бірегейліктің өзінде жыныстық, діни, саяси, ұлттық, гендерлік т.б. салалар бар екендігі баршамызға ұғынықты. Мәселен, гендерлік бірегейлікте «қызтеке» деп аталатын ұл балалар өзінің ер адамдық бірегейлігінен айрылған фемининді субъектілер. Ал біз қарастырып, отырған тақырыпқа сәйкес, ұлттық бірегейлік сол халықтың өзіндік болмысын сақтау мен оған үнемі қайта оралып отыру деген сөз.

Осыған байланысты, біз, ұлттық бірігейлікке мынадай анықтама беруімізге болады: Ұлттық бірігейлік дегеніміз – сол этностың өзіндік шынайы және түбегейлі болмысына, атап айтқанда, ділі мен діні, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы, ойлау машығы мен психологиясы т.б. үнемі-үздіксіз қайта оралып отыруы, ал алшақтаған жағдайда өзін-өзі қайталауға деген табиғи-инстинктивті, саяси-әлеуметтік, мәдени-идеологиялық түрдегі ұмтылысы.

Қазіргі таңдағы әлеуметтік бірегейлік немесе сәйкестілік дегеніміз – жаһандық және аймақтық жергіліктіліктің қосындысы. Кейбір жағдайларда, жергіліктілік өзін жаһанануға қарсы позиция, балама ретінде ұсынады.

Расистік беталыстар мен діни қозғалыстардың көбеюі осыдан туындайды. Алайда, бұл оппозиция тек жергіліктіктен туындайды деп айтуға келмейді. Өйткені, жергіліктілік жаһандыққа қалай имманентті болса, жаһандық та жергіліктіге сол дәрежеде имманентті болып келеді. Мысалы, белгілі бір жергілікті діни қозғалыс өзін интернет арқылы көрсете отырып, оның мақсаты мүлдем басқа балама, оппозиялық қоғам туралы арман болғанына қарамастан, жаһандыққа қатысады. Осы арманды орындау үшін, жаһандану үрдісінің нәтижесінде пайда болған мүмкіндіктерді қолданбау мүмкін емес. Сол сияқты жаһандық та өз дегеніне жету үшін жергілікті потенциалды қолданады.

Қазіргі таңда жаһанданудың жаңа түрі немесе «жаһандық бұқаралық мәдениет» екі ерекшелігімен сипатталады, деген көзқарастар бар. Бірінші ерекшелік – ол мәдениеттің батысцентристік болып қала беруі. Екіншісі – гомогенизацияның өзгеше нысаны. Бұл мәдениет тек американдық дүниетанымды қолдайды. Капитализм жергілікті капиталға мұқтаж, оны жоюдың немесе жұтып коюдың орнына, оны қолданады және оны осы нысанда пайдаланады.

Капитализм, гедонизммен байланысты тұтынушылықты стимуляция жасау арқылы өзіне сол ерекшеліктерді енгізіп басқаруда. Өзіне енгізу ерекшелігі бар, капиталдың орталықсыздануының пайда болуы, Батыстың тарихты бекітуімен, басқа сөзбен айтқанда, тарихтың соңымен үндес келеді. Бұл – бейненің бір ғана беті, екінші бетте тарих сахнасында «жасырын тарихтың» қайтадан өзін көрсетуі.

Гибридтену бастапқыда жаратылыстану ғылымдарында қолданылған термин болғанмен, кейіннен, қоғамдық ғылымдарда, оның ішінде, әлеуметану мен әлеуметтік философияда жаһанданауға, мультикультурализмге қатысты түсінік ретінде кеңінен қолданылады бастады [119, 665б.].

Сонымен, қазігі таңдағы жаһандану заманындағы бірегейлік дегеніміз – метисация, ассимиляция және шекаралар тоғысуынан да тыс бола алмайды. Алайда, бұл құбылысты ерекшеліктердің толықтай жоғалып кетуі деп түсінбеген абзал. Әрбір бірегейлік басқа бір бірегейлікті өзгерте отырып, өзіндік ерекшеліктерін сақтап қалуда.

Гибридтілік – Батыс таза Батыс болып, Шығыс таза Шығыс болып қалмағандығының көрсеткіші. Бұл жерде метисация гибридтіліктің синонимі ретінде қолданылып, мәдениеттердің тоғысқандығын білдіреді. Мәдениеттер уақыт өте келе бір–біріне сіңіседі, метисация осы үдерістің түсінігін толықтай ашатын термин деуге де болады. «Метисация» – қазіргі таңда әлемде орын алған және де қарқыны зор жаһандық мәдени беталыс.«Метисация» өмірдің барлық салаларындағы байланыстар санының өсуі нәтижесінде, үнемі жүріп отыратын динамикалық үрдіс ретінде жүзеге асырылады. «Үшінші мәдениет» деп аталу кезіндегі сияқты, сондай-ақ, «гибрид», не болмаса, «туынды мәдениет» деп сипатталу кезінде, немесе «crioller», жекенің – әмбебаппен, жаһандықтың – жергіліктімен бірігуіндегі үлгі болып қалыптасады. Жалпыға ортақ түсінік – жоғары дәрежедегі, жаһандану мәдениетінен айырмашылығы болатын мәдени шындықты мойындайтын түсінік ретінде көрініс табады.

Жаһанданудың Қазақстандағы бір көрінісі ретінде Нұр–Сұлтан қаласының архитектурасының әртүрлілігі және әлемдік мәдениеттердің тоғысуының көрінісі іспеттес. Астананың әлемдік қалалардың қатарына ұмтылуы әр алуан ұлт өкілдерінің ынғайлы сезінуін қамтамасыз етеді [143].

Әлемде жаһанданудың арқасында мемлекеттер арасындағы шекаралардың жойылуына, бірыңғай валюта шығаруына әкеліп отырған интеграциялық және интернационалдық үрдістер орын алуда. Тұтыну мәдениеті өзімен бірге әсері күшті секуляризацияны алып келді. Бірақ бұл секуляризация, жаһанданудың салдары болған тұтыну мәдениеті күнделікті өмірмен қатар діни өмірдің құрамдас бөліктерін өзіне қосып, іс жүзінде мағынасыз наным-сенімді бір нақты дінге келтіреді.

Жаһанданудың ықпалы арқасында, постмодернизм батыстық емес қоғамдарға да таралып отыр. Ислам «субглобалды мәдениет» деген ойға қарама-қарсы исламдық қоғамдардың: исламның өзіне–өзі жеткіліктілігі, сондай-ақ, оның басқа мәдениеттерге ашылғысы келмейтіні, исламның субглобалды мәдениет ретінде көрінгісі келмейтінінің дәлелі.

Экспансионистік және біржақты көзқарасты бейнелейтін модернистік өзгерістер теориясына сәйкес, қоғамдар қаншалықты көп модернизацияланса, соншалықты бір-біріне ұқсай түседі.

Жаһандану Батыс пен Шығысқа қатысты шығыстануда көптеген мағынасыз пікірталастар аймағын тудырды. XVII ғасырда шығыстануда қалыптасқан «өзгешелік» ұғымы, шындығында, дәстүрлі қоғамда антропологиялық жобалаудың негізін қалады. Барлық саяси жүйелердің басты өлшемі ретіндегі мультикультурализмдік саясаттың қалыптасуы мен жаһануынан қоғамда «жат» ұғымын қабылдау шиеленісіп кетті, себебі, «өзгешелік» жаһандық мобильділік, миграция мен туризм әсерінен барлық қоғамға енді.

Енді келесі кезекте, толеранттылық ұғымына тоқталатын болсақ, 1961 жылы американдық «The magazine of Fantasy and Science Fiction» журналында белгілі американдық жазушы Курт Воннегуттың «Гаррисон Берджерон» атты әңгімесі жарық көрді. Бұл антиутопиялық туындыда адамзатты бүкіләлемдік теңдік идеясы салтанат құрған 2081 жылдың оқиғалары суреттеледі. Ондай заман туғанда Конституцияға біреудің біреуден артықшылығына жол бермеу, біреудің біреуден артықшылығының орнын толтыру көзделетін біраз өзгерістер енгізіледі–мыс. Мысалы: «ажарлы адамдар бетперде тағып жүруге тиіс» деген бап ендіріледі. Өйткені, сұлуларды көрген сайын өзгелердің өз ұсқынсыздығы жанына батады-мыс.

Ақылдыларға, олардың ойлануына кедергі келтіретін шулы құлаққап тағылады-мыс. Сондай–ақ, қоғам мүшелері өздерін төмен санамауы үшін теледидар дикторларының қызметіне дикциясы нашар дикторлар қойылады, балериналар икемсіз билеп, оркестрлер әуенді жалған ойнайды [120].

Осылайша, К. Воннегут әділдікті ту еткен постмодерннің үстемдігі заманында азаматтардың құқын, еркін қорғау дегеніміз – жалғанның ақиқатқа билік етуіне жол ашуы мүмкін екенін және оның қауіптілігін бейнеледі.

Сонымен қатар, 1960 жылдардың ортасында жаңа солшылдарды қолдайтын неміс және американдық философ Герберт Маркузе «Репрессивті толеранттылық» атты еңбекті жарыққа шығарды. Маркузенің бұл еңбегінде саяси өмірге қатысты таласты тұжырымға келуіне қарамастан, ол «төзімділік» және «ақиқат» ұғымдарының арақатынасының өте маңызды мәселесін қозғайды.

«Қазіргі кездегі демократиялық қоғамда пікірталасқа кең орын берілген – коммунистер мен фашистер, қарулану және қарусыздандудың жақтастары, солшылдар және оң, ақ және қара туралы көзқарастардың бәрін тыңдауға болады. Бұл да толеранттылық. Сонымен қатар, бұқаралық ақпарат құралдарындағы толассыз пікірсайыстарда мәнсіз сөзге де, терең ойға да бірдей құрмет көрсетіліп, ақылға қонымды пікір айтушы да, мағынасыз сөйлеуші де өз ойларын айтып жеткізуге бірдей уақыт жұмсайды. Нәтижесінде насихат – біліммен, жалған нәрсе – ақиқатпен көршілес тұрады. Мәнді сөзбен қатар, ойсыз сандыраққа бірдей көрсетілетін таза толеранттылық – «ешкім де: ешбір топ, ешбір адам ақиқаттың иегері бола алмайды, сондықтан, ненің дұрыс, ненің бұрыс, жақсы немесе жаман екенін анықтауға қабілет–деңгейде емес» деген демократиялық айғақпен негізделген.

Яғни, мұндай қоғамда кез-келген пікір «шындық» деп қабылданады, ал «ақиқат» «объективтілік» ретінде қарастырылады. «Тоталитарлық құрылымға негізделген демократиялық қоғамда «объективтілік» мүлдем өзгеше функцияны орындайды: ол – ақиқат пен жалғанның, дұрыс пен бұрыстың, ақпарат пен жаңалықтың аражігін ажырата алмайтындай ұмытшақтыққа бейім ойлау ұстынын қалыптастырады»,-деп түсіндіреді Маркузе [121, 66б.].

Бұндай үдерістер жалпы жаһандық сипат алып келе жатқандығы да жасырын емес, ал қазақстандық мультикультуралистік үлгі таза абсолютті табиғи-объективті үдеріс те емес, бірақ саяси-әлеуметтік мәні бар, тарихи негіздері қалыптасқан беталыс. Қазіргі таңдағы рухани жаңғыру аясында ұлттық құндылықтарымызды сақтап қалу мен мультикультуралистік үрдісті де одан әрі өркендету аса маңызды болып отыр. Ол үшін мынадай мәселелерге жеке-жеке тоқталып өтуіміз керек.

Тіл саясаты. Қазақстан Республикасының тіл саясаты – мемлекетіміздің ұлт саясатының ажырамас бөлігі. Азаматтарымыздың күн сайын жаңарып, тез қарқынмен дамып бара жатқан өзгерістерге толы өмірге ойдағыдай сәйкес келуі үшін үштілді болуы басты қажеттілікке айналуда.

Қазақстандық қауымдастықтың өркениеттік болашағы үшін экономикалық және саяси мәселелердің маңыздылығын жоққа шығаруға болмайды. Дегенмен, М. Сәбит атап өткендей, «Язык – это воплощение духа народа, выразитель состояния его души, его внутренних душевных потенций, его состоятельности быть не только здесь и теперь, но и в далеком будущем» [122, 45б.].

Тілге деген қатынас жай ғана коммуникация құралын анықтауға деген қатынас емес, ол сонымен қатар халықтың мәдени келбетін анықтауға, дүниетанымдық негіздерін қалыптастыруға деген қатынасы екенін байқаймыз.

Міне, сондықтан қазақ тілін мемлекеттік мәртебеге жеткізудегі негізгі мақсат оның дүниетанымдық қызметін толыққанды ету, халықтың мәдени болашағына деген сенімді орнықтыру екендігі белгілі. Әрине, ұлтаралық қатынастардың мәдениетін бекіту жалпы тіл мәдениетін, адами қарым–қатынас мәдениетін орнатумен астасып жататындығына күмән келтіруге болмайды.

Көптілділік мәселесі – Қазақстан үшін ғана емес, бүкіл әлемнің алдында тұрған көкейтесті мәселелердің бірі, себебі, жаһандандыру және киберкеңестікке шыққан заман тілдерді білуді талап етеді. Көптілділік, полилингвизм – нақтылы коммуникативтік жағдайдың әсер етуімен белгілі бір әлеуметтік ортада, мемлекетте бірден үш, одан да көп тілде сөйлей білушілік адамның немесе бүтіндей халықтың өмір сүрген тілдік ортасы, әлеуметтік, экономикалық, мәдени өмірі, тұрмыс-тіршілігі секілді көптеген факторларға байланысты. Ұлттық құрамы бірыңғай, бір ғана этнос мекендейтін мемлекетте көптілділік сирек. Онда жеке адамның ғана көптілділігі ұшырасады. Көптілділік: жаппай көптілділік, ішінара көптілділік болып бөлінеді.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының 12 сессиясында: «Қазақстандықтардың жас ұрпағы кем дегенде үш тілді білулері тиіс: қазақ, орыс, ағылшын тілдерін еркін меңгерулері қажет»-деп [123] Еуропадағы мектеп түлектері мен студенттерінің өзара бірнеше тілде еркін сөйлесулері қалыпты жағдайға айналғандығын атап өтті. Кем дегенде үш тілді меңгеру – заман талабына айналып отырған қажеттіліктердің бірі.

Қазіргі таңда адам қызметінің барлық салаларында жаһандану үрдісі орын алғандықтан, білім беру саласында ақпараттық–коммуникативтік құзырлықпен қатар, полимәдениеттілік білім беру құзырлығының басты бағыттарының бірі ретінде анықталуда.

Әлемдік сипатқа ие болған бұл үрдіс Қазақстанда да ағылшын тілінің әлеуметтік беделі мен мәртебесінің күрт өсуімен айрықшаланды. Бұл үрдістің күшеюі Қазақстанның ғаламдық экономикалық және шексіз ақпараттық кеңістіктерге интеграциялану деңгейіне тікелей байланысты болмақ. Полиэтникалық қоғамда қазақ тілінің бәсекелесе алмауы сондықтан. Осыған байланысты, қазақ тіліміздің – мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейтуді жүзеге асыру мақсатында ұсыныстарымыз бар:

Біріншіден, қазақ тілін мемлекеттік қолдау саясатын салалық, ұлттық және геодемографиялық тұрғыдан ажыратылып, соған сәйкес сатылап іске асыру. Мемлекеттік органдарда іс қағаздарын жүргізуде қос тілділіктен, бір тілділікке, яғни қазақ тілінде жүргізуге көшу керек. Ол үшін тіл туралы Заңның тиісті баптарына өзгеріс енгізу қажет.

Ата Заңымыздың 7-ші бабының «Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» деген 2-ші тармағын алып тастау керек.

Тіл туралы Заңның 24-ші бабында «Қазақстан Республикасының тіл туралы Заңының бұзылуына кінәлі мемлекеттік органдардың, кез–келген меншік нысанындағы ұйымдардың бірінші басшылары, сондай-ақ заңды және

жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес жауапты болады» делінген. Заңның осы қағидасына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет.

Аталған Заңның 25-бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің биылғы жылғы 8-қаңтардағы №16 Қаулысымен бекітілген Ережеге сәйкес, тілдер туралы Заңдардың сақталуына бақылау жасауды өз құзыретінің шегінде Қазақстан Республикасының ақпарат және қоғамдық келісім Министрлігі жүзеге асырады. Осы Ережеге сәйкес облыстық ақпарат және қоғамдық келісім Департаменті, прокуратура органдарымен бірігіп, тіл туралы Заң талаптарының орындалуына дәйекті түрде бақылау жасауды қамтамасыз ету керек.

Екіншіден, мемлекеттік органдарда бос лауазымдарға қызметкерлер қабылдағанда, олардың біліктілік талаптарының тізбесіне міндетті түрде қазақ тілінде іс қағаздарын жүргізе алатындығы туралы бап енгізілуі тиіс.

Үшіншіден, Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім стандарттары талаптары деңгейінде үш тілде білім меңгерген, көптілді коммуникативтік құзырлылықтары қалыптасқан, мультикультуралистік, рухани-адамгершілік қасиеттері дамыған тұлғаны тәрбиелеуді көздеуде.

Көптілді білім беруде оқу-тәрбие үрдісінен күтілетін нәтижелер мыналардан тұрады:

– Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім стандарттары талаптары деңгейінде қалыптасқан білімдерін ана тілі, мемлекеттік тіл, орыс және ағылшын тілдерінде еркін білдіретін мектеп бітірушісі;

– түлектің көптілді коммуникативтік және ақпараттық құзыреттілігі;

– мультикультуралист болуы, рухани-адамгершілік, ұлтаралық қатынастар мәдениетінің жоғары деңгейі;

– ұлттық және жалпықазақстандық, құндылықтарды қастерлейтін, тілдерді меңгеруге тұрақты қызығушылық танытатын, отансүйгіштік және азаматтық сана-сезімдері дамыған тұлға;

Төртіншіден, бүгінгі Қазақстанда Канададағыдай, қазақтілді және орыстілді екі әлем бар екені белгілі. Ол екеуінің арасында ымыраға келмес қайшылықтар да жоқ емес. Осы әлемдердің жігі одан әрі тереңдеп кетпей тұрғанда, алдын алу шаралары қажет. Бұл алшақтықты жақындату үшін мемлекеттің кадр таңдау мен іріктеу саясатын өзгертіп, ұлттық тамырдан ажыраған технократтар даярлаудан бас тарту қажет деп ойлаймыз. Ел азаматтарын біртұтас әлеуметке ұйыстыру, ынтымақ пен бірлікті нығайту – әрі саяси, әрі әлеуметтік-мәдени үдеріс. «Қазақылық» түсінігі артта қалушылық пен өрлеудің тежегіші сияқты қабылданбауы үшін мемлекеттік тілде білім алған азаматтардың өрісінің кеңеюіне, қоғамға жылдам бейімделетініне көздерін жеткізу қажет. Бұл ең алдымен қазақ ұлты мен оның болашағы үшін қажет. Ұлттық біртектіленуде осы факторды пайдалану тиімді нәтиже бере алады. Ал, керісінше, этникалық өзгешелікті институциализациялау, сөйтіп, тұрғындарды этникалық белгісіне қарай жіктеу,

асыра сілтеу, БАҚ арқылы артық насихаттап жиі қайталай беру осы топтардың өз ішіндегі мәдени біртектілігін күшейте түседі, дербестенуге итермелейді.

Бесіншіден, еліміздегі мәдени саналуандықты қолдаудың формаларын өзгерту қажет. Түркі тілдес ұлт ұрпағын қазақ мектептеріне тарту үшін қазақ мектептеріндегі білім деңгейін көтеру қажет. Бұл шара қазақ тілінің беделін көтеруге қызмет етеді.

Бұрынғы Кеңестер Одағы дәуірінде әлем халықтары екі тарапты дамуға қарай бет түзеді: социалистік және капиталистік қоғам құру. Бұлар бір кездерде, бір-бірімен бітіспейтін, қайшы келетін, мүлде келісімге келмейтіндей бағдарларды қалаған еді. Бірақ 1990 жылдардағы Кеңестік империяның ыдырауы әлемнің әлеуметтік бейнесін мүлде басқа арнаға қарай өзгертті.

К. Поппердің «Ашық қоғам» идеясын [124] сол кезеңдегі КСРО басшысы М.С. Горбачев қабылдап, жабық мемлекет ретіндегі КСРО өзінің аймақтық және трансұлттық шекараларын кеңейтті. 100-150 жылдай салтанат құрған социализм-коммунизм идеясы тек арман-мұраттардың жиынтығы ретінде ғана жадыда сақталып қалды. Социалистік болып бөлінген мемлекеттер дамудың әрқилы жолын қалады. Социализм идеясы өзінің дәуірін аяқтаған тәрізді.

Ал жаһандану құбылысы болмай қоймайтын объективті қажеттілік екендігі мойындалды. Жаһандану табиғаты жөнінен ашықтықты қалайды. Осы сәтті терең түйсінген Елбасы Н. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» стратегиясын жариялады. Оның мазмұнындағы «Сананың ашықтығы» идеясы: ашық қоғамның жалпы адамзатқа тән екендігі, одан ешқандай мемлекет тыс бола алмайтындығы, Қазақстан да қай салада болмасын ашық екендігі, осыған орай, халқымыздың санасы да ашық болуы тиіс екендігі т.б. айтыла келе, тіл мәселесінде де, біз, үш тұғырлы тіл саясатын жүргізу қажеттігі айтылды [109]. Бұл ұстаным «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» деген қағида негіздерін басшылыққа алады. Сана ашықтығы тек қана тіл емес, рухани мәдениеттердің үндесуін қалайтын мультикуьтурализм табиғатына да сай келеді. Ол тек қана ашықтықтың жалпы бейнесіне сүйенбейді, бейбітшіл, ізгілікті, гуманды, игілікті қарым-қатынастарды басшылыққа алады және Қазақстан ерікті түрде таңдап алған, дамудың тиімді жолы деп қабылданған, жаһандану кезеңіндегі әлем халықтарының тәжірибе алмасуының жаңа параметрі деуге де болады. Бұл идея «Қазақстан–2050» стратегиясын, «Мәңгілік Ел» идеясын қамтитын сыртқы және ішкі саясаттағы ауқымды прогрессивті бағдар. Мәселен, ішкі саясаттағы сананың ашықтығы еліміздегі басқа халықтарға деген толеранттылықпен келіп ұштасып жатады. Ол сол халықтардың мәдениеті мен ділін құрметтумен келіп орайласып жатса, сыртқы саясатта әлемдік деңгейде қабылданған халықаралық қатынас тілі – ағылшын тілін меңгерумен байланысты. Біз, қарастырып отырған мультикультурализм «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» идеясының мазмұнымен толықтай сәйкес келеді деп айта аламыз.

Ұлтаралық қатынастар. «Ұлтаралық қатынастар мәдениеті» ұғымын жан–жақты қарастыру үшін «этнос», «этногенез», «ұлт», «ұлтаралық қатынастар» және «мәдениет» сияқты гуманитарлық саланың түсініктеріне

тоқталып, олардың теориялық сипатталуы мен пайымдалуы ғылыми кеңістікте сан қырлы болып келетінін атап өтуге болады. Өйткені, адамзаттың дамуындағы этносаяси және этномәдени үрдістер барлық жерде біркелкі түрде өрбіген емес.

Бір жағынан жоғарыдағы тұжырымдардың жақтастары кейбір деңгейде әлеуметтік-экономикалық материализмді дәріптеумен айналысты деуге де болады. Бұл жерде автор тарапынан этносты іштей біріктіруші ұлттық рух туралы айтылмаған. Сондықтан ТМД–ның этносаяси кеңістігінде қордаланған ұлт мәселесінің «өнімдері» мен тарихи «көріністері» әлі күнге дейін өзінің күрделі сипатын жалғастыруда. Мысалы, Ресейдің солтүстік Кавказында көрініс беріп отыратын ұлтаралық, этносаралық кикілжіңдер – бір кезде ұлт саясатында жіберілген, қателіктер мен жаңылысулардың салдары.

Жалпы этноэволюцияның үрдістері сәтті және алға қарай пәрменді қозғалысқа түсуі үшін этносаралық қатынастар ауқымындағы қатынастарға барынша мұқият көңіл бөлу керек. Әрбір этникалық мәдениеттің өзіне тән ерекше бірегейлігін сақтап, дамытумен айналыспаған жағдайда мәдениет кеңістігіне жат этникалық жүйелер элементтерінің бойлап енуіне жол ашылады. Сондықтан, қоғамдағы этникалық болмыстың құрылымында әртүрлі векторлы бағыттағы үдерістердің белгілі бір тепе-теңдік негіздерінің барынша сақталуы маңызды деген ойлаймыз.

Этноассимиляция ауқымында әруақытта этносаралық ықпалдасу үрдісі жүреді. Этникалық өзіндік сананың төмендеуі, этникалық белсенділіктің бәсеңдеуі – өз өкілдерінің жат мәдени жетістіктерге еліктеуі, ұқсауға тырысуы сипатында көрініс береді.

Этнос өкілдерінің бірқатары үшін өз этносының тарихи, мәдени жәдігерлері мен құндылықтары құнсыздана бастайды. Жеке басының «мәдениеттілігі мен өркениеттілігі» туралы қандастарының көбісінен жоғарымын деген сенім енеді. Әрине, бірнеше тілді игеріп, өз мәдениетіндегі қайталанбас құндылықтарды бағалай алатын, игере алған азамат жоғары деңгейдегі этносаралық ықпалдасудың, мәдени синтездің жүзеге асуына өз үлестерін қосады және мәдениеттерді өзара жақындата түседі. Жете танымаудың нәтижесі әртүрлі стереотиптердің, яғни, қасаң бекітіліп қалған дағдылардың белең алуына негіз болады.

Ол өз кезегінде этностар қатынасын шиеленістіріп, араларына жік түсіреді. Этникалық оқшаулануды абсолюттеу этносаралық қатынастар аясында түрлі тартыстар мен кикілжіңдердің тууына да алып келуі мүмкін. Мекендік, қауымдастық оқшаулануға бейімділік этнос өкілдерін басқаларға қарсы қоюға, дихотомияға, конфронтациялық этносаралық қатынастардың өрбуіне негіз қалайды.

Қазақстан Республикасының ұлтаралық қатынастар мәдениетінің даму үрдісі қазіргі заманның талаптарына жеткілікті түрде жауап бере алады және демократияның белгілі бір деңгейде пәрменді дамуына, азаматтық қоғамның ұстанымдарын тұрақтандыруға мүмкіндіктер ашады.

Ұлттаралық қатынастар мәдениетін елімізде қалыптастыруға негіз болатын бес негізгі қағида бар екенін айтуға болады. Оның қатарына жататындар:

– Қазақстан Республикасының халқының біртұтастығы, ішкі бірлігі;
– ұлтаралық қатынастардың негізінен төзімділік (толеранттық) және жауапкершілік қағидаларына сүйене отырып қалыптасуы және дамуы;
– мемлекет қалыптастырушы қазақ этносының топтастырушы рөлін нығайта түсу;
– қоғамдағы этностық, конфессиялық, мәдени, тілдік көптүрлілікті мойындау;
– мәдениет пен тілдердің дамуы үшін мемлекет тарапынан барлық жағдайдың жасалуын қамтамасыз ету.

«Ұлтаралық қатынастар үрдісіне діни фактордың әсері қандай, қоғамдағы сұхбат мәселесі қалай құрылады» деген мәселеге келер болсақ, Қазақстанның ұлт мәселесіндегі таңдаған жолы азаматтардың өмірінің лайықты деңгейде өрбіп, кез келген этнос өкілінің азаматтық құқықтарының шектелмеуіне, олардың тұлғалық мүдделерін қорғауға негіз болатын деңгейде.

Ұлт мүддесі мен мемлекет тағдыры мәселесі көрші елді де мазалауда. Ресейдің Новгород облысындағы «Валдай» атты халықаралық пікірсайыс клубының он жылдығына арналған мерейтойлық мәжілісте Ресей Президенті Владимир Путин қатысып сөз сөйледі. «Қазіргі әлем үшін Ресейдің әр алуандығы» тақырыбы аясында өткен пікірталас барысында В. Путин мемлекет пен ұлтқа қатысты мәселелерді қозғады. Ресейдің XXI ғасырдағы болашақ стратегиясы, ел дамуындағы негізгі ұстанар құндылықтар қандай болуы керектігіне тоқталды. Даму бағытын анықтайтын басты құндылықтарды анықтап алмаса, кез келген ұлттың дағдарысқа ұшырайтыны, рухани–моральдық жағынан құлдырайтынын айта келіп, Ресейге ұлттық өзін-өзі айқындалу қажеттігін, жаһандық бәсекелестік жағдайында сыртқы және ішкі қауіп-қатерлерге қарсы тұру үшін мемлекет рухани, мәдени және ұлттық тұрғыда өзін-өзі нақты анықтамай ілгері жүре алмайтындығын да атап өтеді.

Бүгінгі таңдағы бәсекелестіктің негізгі бағыттары экономикалық-технологиялық фактормен қатар идеялық-ақпараттық тараптан туындап отыр. Расында да мемлекетті шайқалту үшін оны мекендейтін халықтың санасын, құндылықтарын өзгертсе жеткілікті болатыны белгілі. Дәстүр мен тарихтан ажырау кез келген ұлтқа қауіпті құбылыс.

Ұлттық идея. Ресей мультикультурализм моделінің Еуропа елдерінде сәтсіздікке ұшырағанына да мән беріп келеді. Ресей Президенті еуроатланттық елдердің өз түп-тамырларынан бас тарту жолына түскенін, нәтижесінде кез келген дәстүрлі біртектестілік, сәйкестілік жоққа шығарылады: ұлттық, мәдени, діни және тіпті жыныстық. Бұл құбылыстар демографиялық және адамгершілік дағдарысына әкеледі. Негізі қаланған құндылықтардан, мыңжылдықтар бойы қалыптасқан мораль нормалары мен имандылықтан, адамгершіліктен бас тарту салдарынан адамдар адами қадір-қасиетінен айырылады. Сондықтан, бұл

құндылықтар сақталуы тиіс. Кез келген азшылықтың өзгеше болу құқығын құрметтеуге тиіспіз, алайда көпшіліктің де құқығы барын ұмытпауымыз керек.

Жаһандық даму, халықаралық интеграция, мультикультурализм дегеніміз өз мәдениетін, өз ділі мен тілін төмендету емес. Ұлттық идеяны ұғынудың негізі, төлтумалылықтың қайнар көзі ана тіліндегі көркем шығармаларда жатқанын қазақ зиялылары да ескертіп келеді. Ұлттық идеологиямыздың төл мәдениетімізде, көркем өнерде бейнеленбеуінің салдары жағымсыз болатынын қазақ зиялылары үнемі айтып келеді.

Үнемі өз халқының өзгеше «ерекшеліктерін», «асқақ қасиеттерін» дәріптеуді этникалық санада орнықтырумен, насихаттаумен айналысқан этностың саяси және мәдени элитасы «өз қандастарыма барынша игілікті мағлұматтарды таратудамын, халқым үшін қызмет етудемін» деген сенімде болады. Белгілі дәрежеде бұл қызметтен этникалық сананың нығая түсуі мүмкін. Бірақ, мұндай «пәрменді» қызметтің өзіндік нәтижелері жөніндегі ақпарды этногенезде, этноэволюцияда абсолюттеуге болмайды. Себебі, кез келген халықтың мәдени жетістіктері мен оң мағынадағы қасиеттері жөніндегі мағлұматтың объективтілігі, нақтылығы орынды және оның ақиқаттың ауқымынан аспауы, ауытқымауы маңызды.

Әрдайым мәселені ғылыми тұрғыдан қарастырудың ауқымында болған абзал. Дәріптеушілік көптеген мәселелерді үстірт қарастырып, этностың өткені мен болмысын кейбір қырынан идеализациялайды, кемшіліктерін жасырады, қайшылықтарды көмескілендіреді. Сөйтіп, мәселені біртұтастыққа тиімді өрбітуге көмектесетін ғылыми талдаудың орнына «біздікілердің барлығы жақсы, басқалардағы кемшіліктері көптеу, тарихымызда болған оқиғалардың барлығын мақтай беру керек» деген сыңаржақ пікірлерді бекіте түседі.

Ол өз кезегінде кейбір ортада сыңаржақты этноорталықтық ұстанымды өрбітеді. Әрине, белгілі бір шамада этноорталықтық көңіл күй мен ұстанымдар, бағдарлар мен таптаурында кейбір этникалық қауымдастықтарда этноассимиляцияға қарсы құбылыстар сипатында әлеуметтік психологиялық қорғаныс ретінде көрініс беруі мүмкін. Осындай этнопсихологиялық кешен қоғамда үйлесімді этносаралық, ұлтаралық қатынастардың қалыптасуы мен дамуына біршама кедергі келтірері анық.

Сонымен, көп ұлыстардың топтасқан ортасында этносаралық қатынастар саласындағы жүйеленген қайшылықтарды шешу үшін гуманизм мен рухани-адамгершілік ұстанымдарын халық дүниетанымында кеңінен өрбіту арқылы бұл құбылыстың үйлесімді даму тетігін табамыз.

Бір ғана этникалық қауымдастық басымдық ететін қоғамда этносаралық қатынастар мәселесі автоматты түрде шешіліп отыратындай, қоғамның ішкі әлемінде ұлтаралық қатынастар мәселесі толықтай өз шешімін тапқандай көрініс береді. Мәселен, Жапония, Корея сияқты бір ғана ұлттан тұратын елдерде солай. Ондай қоғамда халықаралық деңгейдегі қатынастар мемлекет үшін маңыздырақ болып келеді. Ал көпэтносты қоғамдағы біршама күрделі қатынастарды шешуде мультикультурализм қажет.

Әдебиет және өнер. Мультикультурализм қоғамдық өмірдің барлық қырларын қамтиды. Оның ішіне өнер де кіреді. Қазақ әдебиетіндегі ең алғашқы мультикультуралды шығарма қатарына XVIII ғасырлық жәдігер – Қазыбек бек Тауасарұлының «Түп–тұқияннан бері өзіме шейін» атты туындысын жатқыза аламыз. Қазыбек бек – батыр, жоңғарға қарсы Ұлы жүз сапын басқарған қолбасшы, саяхатшы, шежіреші. Бізге «Түп-тұқианнан өзіме шейін» атты кітабы жеткен.

Қазіргі Қазақстанда да әлемдік мәдениетке кең тарап келе жатқан постмодернизм бағыты да біздің руханиятымыздан аракідік болса да көрініс тауып келеді. Ол, әсіресе, бейнелеу өнеріндегі абстракционизм, сюрреализм, кубизм, гиперреализм сияқты бағыттардан анық байқалады. Сонымен қатар, әдебиетте, оның ішінде, поэзияда да кездесіп қалады. Тіпті постмодернистік сарында жазылған философиялық еңбектер де бар. Мәселен, Х. Алфидің «Жеңімпаз Ерік: толғаныстар және тойтарыстар» атты еңбегі постмодернизм туралы емес, постмодернистік мәнермен жазылған туынды [125].

Миграция. Қоғамдағы кенеттен пайда болатын өзгерістерден туындайтын құрылымдық байланыстарға қатысты мүдделер жанжалының, тартысты мәселелелердің алдын алуға мүмкіндік туады. Қоғамдағы факторлы байланыстар барысында кикілжіңдердер көптеп туатыны тарихтан белгілі. Эникалық қауымдастықтар арасындағы өзара жақындық пен алыстық осы жерде анық байқалады.

Әртүрлі елдерден келген босқындар мен гастарбайтерлер (келімсектер) жергілікті тұрғындармен қатынасқа түскенде осындай қайшылық тууы мүмкін. Барынша уақытша, қысқа мерзімде материалдық игіліктерді иеленуді көздейтін олар өз уақытша мекендерінің тағдырын етене қабылдамайды. Әрбір байланыстың астарында адам мүдделерін әлеуметтік практикада жүзеге асыруға деген талпыныстар жатады, сондықтан, солардың заң арқылы, моральдық нормалар арқылы реттелуі полиэтникалық кеңістік үшін аса маңызды.

Мәдени-тарихи сипаты бойынша, көшпелі өркениеттің иегері ретінде, қазақ ұлты өкілдерінің «адам–қоғам» байланысы және өзара қатынасы құрметтеушілік қағидасына, отаншылдық рухқа, ашықтыққа негізделген мәдениетінде қоғамдық өмірде маңызды орын алады.

Мәселен, Л.Н. Гумилев қазақ этносының түптамыры монғолдар мен түріктер руларының негізінде ұйымдасқанын айта келіп, тайпалар одағынан сақталып қалған жүздер қағидасына көшпенділердің бейбіт өмірін қамтамасыз ету үшін саяси және мәдени тұрғыда етене байланысып біріккенін, Еуразиядағы көшпенділердің тарихи рөлін объективті бағалау қажеттілігін бағамдай отырып, көшпенділердің отырықшы аймақтарға әскери шапқыншылығы басып алынған мәдениеттерге, мемлекет пен халықтарға апатты жағдайларды тудырмағанын алға тартады [129, 44–56б.].

Сонау патшалық Ресей тұсындағы Столыпиннің аграрлық реформасына сәйкес, Ресей аумағынан қоныс аударылған шаруалардан бастап, кейінгі Кеңес

үкіметіндегі отанымызға ағылған мигранттар бүгінгі таңдағы мультикультуралимзнің алғышартын құрады.

Мәселен, 1905 жылы өз бетімен қоныс аударушылар саны Ақмола облысы бойынша олардың жалпы санының 54,7%–ы, Семей облысында – 61,5%–ы, Торғай облысында – 88,6%–ы болды. Сондықтан, XX ғасырдың басынан қоныс аудару қозғалысы ұйымдасқан сипат алды дегенмен жалпы келісуге болмайды [127, 45б.].

Жекелеген зерттеушілер «қоныс аудару ісі бойынша көптеген заңдар мен өкімдерге қарамастан, үкімет өз бетімен қоныс аударушыларға жеткілікті дәрежеде ықпал ете алмады, сөйтіп өз бетімен қоныс аударушылар саны жылдан-жылға өсе берді» деген тұжырымға келеді [128, 30б.]. Қазіргі таңда 1991 жылдардан бастап, өз мекеніне қайта оралушы өзге ұлттар мен оралмандардың елімізге қайта оралуы – ұлтымыздың бірегейленуін қайтадан үдете түсті.

Дәстүр – мәдениеттегі рухани тірек, ол этникалық мәдениеттің құнды дүниелерін сақтайды. Дәстүр – жаңа жағдайға икемделсе ғана өзінің өміршеңдігін танытады, әлеуметтік прогреске қызмет етеді. Басқа сипаттағы рухани тіректерді, бағдарларды ұстанған дәстүр тарих сахнасынан не жоғалып кетеді, не ұлыстың өмір салтында этникалық қауымдастықтың алға басуына кедергі болады.

Аталған факторлар қазіргі кезеңдегі тәуелсіз Қазақстандағы ұлтаралық қатынастардың үйлесімді өрбуінің рухани іргетасы, мәдени және әлеуметтік алғышарты болып табылады. Социализм дәуіріндегі қыспақтың қаталдығына қарамай, нағыз мәдени құндылықтардың үлгісі болатын туындылардың дүниеге келуін Р.Б. Әбсаттаров «Ұлттық қатынастардың дамуы» атты еңбегінде атап өтеді. Ол ақын-жазушылардың үздік шығармаларының бір тілден екінші тілге аударылуы, насихатталуы сол тарихи кезеңдегі халықтар ынтымақтастығын нығайтқан маңызды рухани үрдіс болғандығын және соның арқасында қоғамда мәдени сұхбат орныққанын тұжырымдайды [129, 139б].

Демек, еліміздегі әртүрлі ұлттар мен ұлыстар өкілдері арасындағы ынтымақтастық пен өзара түсіністік терең тарихи-әлеуметтік негіздерге сүйенетінін бағамдауға болады.

Қазақ елі тарихы мен дүниетанымының ауқымында ұлттық қатынастар мәселесін кешенді, жүйелі қарастырудың маңызы зор. Қазақстан тарихының беттерінен әлемдік тарихи үдерістің әрқилы көріністері байқалады. Қазақстан территориясы еуразиялық номадизмнің эпицентрі болды және ол тарихи-мәдени сабақтастыққа сай Ұлы даланы қоныстанған халықтың дәстүрлі этномәдениетінің басты арнасына айналғанын айта кету керек. Көшпенді өмір салтын жиырмасыншы ғасырдың отызыншы жылдарына дейін сақтап келген қазақ халқының тарихи санасы өзінің небір сынақтарға қарсы тұра алатынын дәлелдеді, тарихи деректермен айғақтады.

«Жалпы демократияның озық үлгісін Қазақстанның этноәлеуметтік ахуалында қалай қалыптастыруға болады?» деген сауал да пайда болды. «Тәуелсіздіктің тұғыры неде, саяси және азаматтық бірегейлік қандай болу

керек, ұлттық–мәдени бірегейлікке нені жатқызуға болады?» деген сұрақтар мазалай бастайды.

«Біз қазақ ұлтының өкіліміз бе, әлде елімізде «кеңес халқы» деген сияқты «қазақстандық ұлт» деген қауымдастық қалыптаса ма?» деген сауалдар да қойыла бастады. Осындай риторикалық сұрақтардың тізбегін «біз қазіргі заманда қандай жолмен алға қарай жылжимыз, нені басымдық етеміз, неден бас тартамыз?» деген өзекжарды мәселелермен түйіндеуге болар еді.

Этносаралық интеграцияның қоғам үшін маңызы зор, өйткені, этникалық дамудың оқшауланған түрі ежелгі замандарда ғана мүмкін екені анық. Ал қазіргі заманның өзіндік қисыны және әлеуметтік қатынастардың пәрменденуі халықтарды бір-біріне экономикалық тұрғыда жақындатып, толеранттық негіздегі жаңа саяси қатынастардың орнығуына итермелейді. Ол үшін барынша автотаптаурындар мен гетеротаптаурындарда кездесетін кемшіліктермен күрес жүргізілуі тиіс. Осылардың барлығы ұлттық идея деңгейінде іске асады.

Тарихи беталыстың өзіндік қисынына сәйкес, еліміздің әлеуметтік кеңістігінде полиэтникалық және көпдінді мемлекет пен қоғам қалыптасты. Қазіргі Қазақстан саяси және мәдени өміріндегі ең күрделі мәселелердің бірі осы жағдайдың өзінен тиімді дамудың жолдарын табу болып табылады.

Н.Ә. Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты еңбегінде екі түрлі саяси дамудың векторына мамандарды назар аудартады. Оның алғашқысы «азаматтық әрі саяси бірлікті қазақстандықтарда қалыптасқан саяси құндылықтарды басым тетікке айналдыру арқылы қалыптастыру... Оның мәні – өзіміздің азаматтық саяси тағдырымызды барша азааматтардың тағдырымен бірдей дәрежеде қорғайтын Қазақстан мемлекетімен ұштастыруда жатыр. Бұл біздің бірлігіміз бен орнықтылығымыздың іргетасы. Бірегейліктің екінші деңгейі қазақтардың өздерінің ұлттық бірегейлігіне байланысты... Бұл қазақтардың ұлт ретінде өзін өзі түсінуі мен рухани өрістерін анықтау мәселесімен байланысты» [130, 104б]. Күрделі жазықтыққа өтіп кетпеу үшін тарихи нақтылық ұстанымына арқа сүйеп, әлеуметтік және тарихи әділеттіліктің жалауын көкке көтере білу керек деген ойдамыз. Қазіргі Қазақстан – полиэтникалық мәдениеттің синтезінен қалыптасқан ұлттық тұтастық.

Дін. Н.Ә. Назарбаевтың «Ғасырлар тоғысында» атты кітабында: «дінде адамдардың бір-біріне қатысты қарама-қайшылығын гөрі, оларды біріктіретін бастауды іздеу қажет. Өйткені, барлық діндер ортақ, әлемнің бүкіл адамына түсінікті, қарапайым қағидаларға негізделеді. Дінді зорлық пен күштеудің құралына айналдыру құдай жолы емес, ол саясаткерлердің ісі» [130, 251б.],– деген тұжырым жасалады.

Тәуелсіз Қазақстан діндер мен өркениеттер арасындағы сұхбатты тереңдете түсу бағытында XXI ғасырдың басындағы он жылдың ауқымында біршама қомақты іс-шаралар атқарылуда. Солардың қатарына елімізде 2003 жылдан бастап өткізіліп отыратын әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезінің өткізілуі мен «Мәдени мұра», «Рухани жаңғыру» бағдарламаларының жүзеге асырыла бастауын жатқызуға болады. Қоғамдағы

мәдени сұхбаттарға дайындық пен ұмтылыс, жасампаз пәрменді қадамдар осындай іс-әрекеттерден басталары да сөзсіз.

Бұл бағдарламадағы прагматизм, сананың ашықтығы және тағы басқа ұстанымдар мультикультурал қоғамымызды одан әрі өркендетуге қарай жетелейді. Мәселен, сананың ашықтығы тек біздің халқымызға ғана емес, отанымызда өмір сүріп жатқан өзге ұлттардың бір-біріне деген санасының ашықтығы да болуы тиіс.

Өйткені, қоғам қазіргі жаһандану заманында дүниетанымдық, іс-әрекеттік оқшауланумен өмір сүре алмайды, ол – өзара ықпалдасу мен әрқилы байланыстар ауқымында өзін лайықты деңгейде паш ете алады. Ал жаһандық және интеграциялық үрдістерді селқос, немқұрайлы түрде қабылдау көпшілікті дүниетанымдық нигилизмге, немқұрайлы бейтараптыққа алып келері анық. Сондықтан, жоғарыдағыдай белсенді әрекеттердің, қадамдардың қоғамдағы ұлтаралық қатынастарды, мәселелерді қайта қарау арқылы үйлестірудің маңызды екеніне күмән келтіруге болмайды.

Қазіргі заманның рухани және әлеуметтік, тұлғалық және қауымдастық дағдарыстың көрінісі ретіндегі дінаралық, конфессияаралық түсінбестіктердің, лаңкестік (экстремизм) және содырлық (терроризм) сияқты теріс сипаттағы құбылыстар көрініс берудің түптамырында қоғамдағы дүниетанымдық конфронтациялар, шендесулер, текетіресулер жататыны белгілі. Лаңкестікті де, содырлықты да ұлттық ерекшелікке таңуға болмайды, ол этностың сипаты емес, қоғам қайшылығының көрінісі болып табылады, әлеуметтік ортадағы субъектілердің рухани шектеулілігінің айғағы.

Қазіргі тарихи кезеңде Қазақстан Республикасы аумағындағы діни қатынастардың шиеленіспеуі, күрделенбеуі оның мәдениетінің өрбуіне біршама қызмет ететін алғышарттардың қатарына жатады.

Осыған орай, қазіргі заманғы түркілік ойшыл Фетхуллах Гүлен түрлі дін өкілдерінің арасындағы сұхбаттың мақсаты – рухани бірлік пен келісімді жүзеге асырып, сонымен қатар діннің жан-жақты бесаспаптық қасиетін қолдау болып табылады. Дін барлық сенім түрлерін қамтиды, әрі оларды табыстыра отырып, үлкен талпыныспен алға жылжиды. Олар өз пайғамбарлары арқылы сүйіспеншілік, кешірімділік, мейірімділік, адам құқығы, бейбітшілік, бауырмашылдық және еркіндікті ұлықтайды деге пікірлерін ортаға салады [131, 30–31б.].

Түрік ойшылы дін мәселесі арқылы қоғамдағы ұлтаралық қатынастар мәдениетінің қалыптасуына ықпал ететін факторлар жүйесін қамтып отыр.

Ф. Гүлен дін мен демократияның өзара айырмашылығын жіктеп, олардың қоғамдық ортадағы, адам өміріндегі мәндік сипаттамасын ашады. Бұл екі құбылысты зерттеу барысында механикалық түрде салыстыруға болмайтындығын айта келіп, олардың ерекшеліктерін көрсетеді. Дін өмір мен болмыстың өзгермейтін, бұлжымайтын аспектілеріне негізделген, ал саяси, әлеуметтік, экономикалық жүйелер мен идеологиялар біздің дүниелік өміріміздің үнемі өзгеріп, құбылып тұратын қоғамдық аспектілеріне ғана көңіл аударады деген сияқты идеясын да ұсынады [131, 66б.]. Мәселені ауқымды

анықтап, құбылыстар арасындағы орнықтылық пен өзгермеліліктің диалектикалық байланыс бұрынғы, қазіргі және болашақ өмірдің өзегін, ырғағы мен үдерісін құрайтындығын меңзейді.

Идеология дәстүр арқылы ал утопия революция арқылы жүзеге асады, Алайда, утопия көбінесе төңкерістер, демонстрацияға емес, өзінің қайталанбастығы мен бірегейлігін әділдік ретінде дәлелдеуге тырысады [144].

Мультикультуралистік қоғамдағы исламды насихаттап, оның зайырлы және орнықты үлгісін құру үшін кейбір зерттеушілер, оның ұлттық нұсқасын ұсынуды қолдайды. Сонда мультикультурализм аясындағы ислам өзінің нақ бейбітшіл қалпын сақтайды деген ойларын да бағамдайды [131, 246–257б.].

Қазіргі Қазақстанның діни саясаты зайырлы қоғам құруға бағдарланған. Көп дінділік пен діни конфессиялардың өзара үндестігі мен ынтымақтастығы жүзеге асып отырған шақта, діни таңдау еркіндігі болғанмен, қазақтар өздері қабылдаған мұсылман дінін ұстануы тиіс.

Аталған құжаттар, жүйелі түрде іске асырылып жатқан шаралар қазіргі Қазақстан халқының рухани әлемін байытатын, ұлтаралық келісімді нығайтатын рухани күшке айналуы тиіс, тек декларация түрінде ғана қалмай, практика саласында шешімін тауып, ғылыми сараптау тұрғысынан барынша дәйектеліп, негізделгені орынды деген ойдамыз. Сонда қоғамдағы ұлтаралық қатынастардың мәдениетін жетілдірудің бір тетігі болып табылары анық.

Осы бағытта зерттеу жасап жүрген ғалым Б.М. Сатершиновтың пайымдауынша, «тарихи тағдырдың тәлкегімен мәдени деградация мен трансформацияға ұшыраған ұлттық мәдениетті қайта өркендету төмендегі міндеттерді мемлекеттік деңгейде шешуді жүктейді: ең алдымен, ұлттық мәдениеттің негізін құрайтын түбегейлі құндылықтарды, яғни, адамдарды рухани тұрғыда оятатын ұлттық тіл мен дәстүрді қайта жаңғырту; осы уақытқа дейін тыйым салынып келген халықтың тарихи өткенін толығымен, жан–жақты зерттеулер арқылы қалпына келтіру, тарихи сананы қалыптастыру арқылы мәңгүрттік жағдайдан арылу; ғасырлар бойы қалыптасқан қазақ халқының асыл қазынасы – мәдени-рухани мұрасын игеру» [132, 170б.].

Тәуелсіздік жылдары қол жеткізілген саяси, әлеуметтік, құқықтық, мәдени, рухани және экономикалық жетістіктеріміз БАҚ және электронды БАҚ саласында кеңінен таратылуы, насихатталуы тиіс деген ойдамыз. Халықтар арасындағы мәдени сұхбат рухани құндылықтарды дәріптеу деңгейінде жүзеге асып отырса, этносаралық мәдени интеграция орын алатыны анық.

Халықтың руханиятының ерекше сипатын анықтау материалдық емес мәдени мұраларды бағалаудан басталады, сондықтан, қазіргі заманда басқа өркениет үлгілерімен өзара бәсекелестікке түсу үшін еліміздің алдында инновациялық, индустриалды-технологиялық пәрменді дамумен қатар рухани мәдениетіміздің қайнар көздерін зерделеп, оны биік деңгейлерге көтеру міндеттері тұрғаны белгілі. Мәдени және өркениеттік дамудың нәтижесі міндетті түрде ұлтаралық қатынастар ауқымында байқалады. Қоғам өркениеттенген сайын ұлтаралық қатынастардағы күрделі мәселелерді оңтайлы жолдармен шеше алады.

Адам мәселесі. К. Маркс «Адамның мәнін – қоғамдық қатынастардың жиынтығы» ретінде қарастырды. Қоғамдық ортада адамның тұлғалық сипаты қалыптасады, саяси қатынастарға араласады.

К. Маркстің капитализмнің қайшылықтарын ашып көрсететін қоғамдық ғылымдағы теориясы мен әдіснамасын қолданатын болсақ, белгілі ұлттың өкілі бола тұра, адам әлеуметтік қатынастар ауқымында ғана, іс–әрекеттердің арқасында ғана тарихи субъект ретінде қалыптасу мен даму жолында болады және өзінің әлеуетін, дарынын осы қатынастар ауқымында әлемге паш ете алады. Сондықтан, қоғамдағы әртүрлі векторлы, әр қилы сипаттағы барлық қатынастардың бірлігі қоғамдық организмнің жалпы мазмұнын, күрделі құрылымын білдіреді, оның кемелдену немесе құлдырау деңгейлері жөнінде біршама мағлұмат береді.

Қоғамның іштей жіктелуінің түпкі негізінде жеке адамның тұлғалық, рухани жетілмеуі жатады. Ондай күрделі үрдістердің қазіргі теріс бағытқа бұрып кетпеуі үшін әлеуметтік кеңістікте жалпыадамзаттық құндылықтардың орнығуы қажет-ақ.

Мемлекеттің ішкі полиэтникалық құрылымында азаматтық деңгейде құндылықтық ынтымақтастықтың болуы рухани, саяси, мәдени өмірдің үйлесімді дамуына негіз болды, ұлтаралық қатынастардың келісіммен көмкерілуіне себепкер болады.

Кезінде білікті мамандар ретінде ұлтаралық қарым–қатынас мәселелерімен айналысқан М.М. Сужиков пен Г.С. Сапарғалиев осы бағытта төмендегідей ойларын түйіндеген болатын: «Культура межнациональных отношений в первую очередь есть определенный качественный уровень межличностных отношений представителей различных национальностей» [116, 42б.].

Тұлғааралық қатынастардың сапалы деңгейі демократиялық қоғамда ғана үйлесімді жүзеге аса алады. Адам мәселесін күн тәртібіне үнемі қойып отыратын қауымдастық, саяси жүйе барлық қарым-қатынастар жүйесінде пәрменді қозғалысты байқай алады, демек, адамның қандай ұлттың өкілі болғанынан биік тұратын құндылық, маңыздырақ нәрсе – адами қасиет, адамгершілік ұстанымдарының – жеке бас мәдениетінің анықтаушы бағдарға айналуында.

Қазақстан – Еуропалық және Азиаттық болмыстың тоғысқан, Орталық Азиядағы бірегей мемлекет. Онда әртүрлі халық өкілдері өмір сүруде, сондықтан ұлт саясаты еліміздегі қазіргі замандағы әртүрлі этнос қауымдастықтарының мәдени құндылықтарының синтезделуі, ықпалдасуы, өзара жақындасуы қазақ халқының мәдениетінің құндылықтық деңгейін біршама төмендетен сыңайлы болып көрінеді.

«Озық мәдениеттің» қайнарынан сусындау – «ұлттық құндылықтардың табиғатынан жатсынуды» ерекше құбылыс ретінде этноорганизмнің бойына дендей ене бастады. Қазіргі Қазақстан жағдайында этносаралық қатынастарды үйлесімді мағынада өрбіту қажеттілігі бар екені даусыз. Тек оны басқа этникалық мәдениет үлгілерінен Қазақстанның негізгі ұлты – қазақтардың

құндылықтар әлемін оқшаулау арқылы емес, қайта басқа этнос қауымдастықтарының мәдени кеңістігіне жақындату арқылы жүргізу керек екендігінде.

Қазақстандағы этносаралық келісімнің өзіндік үлгісі қалыптасып келе жатқаны туралы біршама зерттеулерде айтылуда. Соның бір дәлелі ретінде ҚР БҒМ ҒК Философия және саясаттану мен гуманитарлық зерттеулер Орталығы 2007 жылдың тамыз-қыркүйек айларында Қазақстанның төрт өңірі мен Астана және Алматы қалаларында өткізген социологиялық зерттеулері келтіріледі. Бұл зерттеуге әртүрлі ұлт өкілдерінің ішінен 1150 респондент таңдалып, еліміздің этнодемографиялық құрылымына сәйкес сауалнама жүргізілген. «Сіз тұратын елді–мекендегі этникалық топтар арасындағы қатынастарды қалай бағалайсыз?» деген сауалға қазақтардың ішінен – 53,3 пайызы «негізінен қолайлы» деп жауап берсе, орыстардың арасында осында жауап бергендер – 56,5 пайыз, ал енді басқа этникалық топтар, тіптен, 60,9 пайыз. Ал енді «қолайлы» деген жауапты қазақтар – 32,8, орыстар – 28,8, басқалар – 27,3 пайызды көрсетіп, «қолайсыз» деп шешімді жауап бергендердің саны аз, ол қазақтарда – 1,9 пайыз, орыстарда – 5,8, басқаларда – 3,1 пайыз. Қалғандары – жауап беру барысында жауап таба алмай қиналғандар [136, 154б.].

Бұл зерттеудің нәтижелеріне сүйенетін болсақ, онда еліміздегі барлық этникалық топтар арасындағы өзара қарым–қатынастар біршама толерантты, үйлесімді деңгейде, тек қана қазақтар ғана емес, сонымен қатар, басқа ұлт өкілдері де ұлтаралық қатынас саласында қолайлы жағдайлар түзелгенін және соларды сақтай білу қажеттілігіне шақырады. Өз тәуелсіздігіне қол жеткізген қауымдастықтардың барлығы өз тарихы мен мәдениетіне түбегейлі бетбұрыс жасап, барынша шынайы сипаттағы шындықты, мәселенің ақиқатын табуға талаптануы заңды құбылыс.

Жалпы ұлтаралық климат оңды болғанмен, «Қолайсыз» деп жауап бергендер ненің, қалай, қолайсыз екендігін нақты көрсетпеген. Қазіргі латын әліпбиіне ауысу, мәселен, отандық орыстар үшін аса қолайлы емес, өйткені, олар екі әліпбиді меңгеруі тиіс болып шығады. Олар тек қазақстандық ғана емес, Ресейлік ақпараттардан да сусындайды. КСРО ыдыраған сәтте, өзге ұлттар жаппай өз отандарына орала бастады, қазір бұл үдеріс саябырсыды деуімізге де болады. Өйткені, өздерін қолайсыз сезінгендер сол кездері-ақ елдеріне көшіп кетті, ал қазір олар өздерін қазақстандықпыз деп санайтындар тобына жатады.

Саяси мәдениеттің кемелденуі қоғамдағы қатынастарды жан–жақты үйлестірумен астасып жатады, әлеуметтік қажеттіліктер мен адамның рухани мүдделерін қоса ескеру қажет екендігін ұғынған жөн. Осы ахуалдарға байланысты қазақстандық мәдениеттанушы А.Т. Құлсариева былай пайымдайды: «Әлеуметтік мәселелерді шешумен қатар адамның рухани сұранысын қанағаттандыру кезек күттірмес маңызды шаралардың бірі екені белгілі, өйткені, ол адами капиталды күшейтудің бірден бір жолы. Тәуелсізді нығайтудың басты шарттарының бірі – адамдардың бойында еліміздің

тәуелсіздігін баянды ететін ұлттық келісім рухын және отансүйгіш ұлттық идеологияны нығайту.

Елдің рухын және идеологиясын көтеру, ұлтжандылық қасиетін қалыптастыру тәуелсіз мемлекетіміз үшін айрықша мәселе болып отыр. Өйткені, материалдық байлығымен танылып қана қоймай, ұлттық ерекшелігі сақталған рухани құндылықтарын дәріптеген, идеологиясы мықты, тарихи зердесі таза мемлекет қана ертеңгі күні халықаралық қауымдастықтың ортасында өзінің мәдени-адами қорымен зор беделге ие болады. Сол жолда ұлттың рухани діңгектерін нық қадайтын ұлттық идея, алға қойған биік мақсат болуы тиіс» [134, 12б.].

Яғни, өркениетті елдердің барлығы адами капиталдың деңгейінің биік болғанын қалайды. Осы орайда, Т.Х. Ғабитовтың ұлттық ойлау стилінің қайнар көзін ұлттық философиядан іздеу қажеттігіне шақыруы өнімді әрекет деп бағалауға болады [135, 154б.].

Қазіргі Қазақстанның ұстанатын этносаяси және этномәдени бағыты мен бағдары еліміздің Ата заңы Конституцияда өрнектелгені белгілі. Дегенмен, көптеген ұғымдар мен түсініктер ғалымдар тарапынан нақты тұжырымдарға ие болғанда ғана қоғамда үйлесімді реттілік болатыны белгілі. Қазақстандық зерттеушілер арасында еліміздің тұрғындарына, этносаяси қауымдастығына нақты анықтама беру мәселесі тәуелсіздік дәуірінде өзектене түскені белгілі. Бұрынғы кеңестік социалистік ауқымнан шыға алмаған кезең өтіп кетті. Енді әрбір ТМД елі өзінің ұлттық бірігейленуін белсенді түрде анықтау үстінде екені де белгілі. Қазіргі Қазақстан халқының біртұтастанған әлем болуы осы кеңістіктегі әрбір этникалық топтардың өзара бірлікте, келісімде болуымен тікелей байланысты. Бұл түптеп келгенде, қазақстандық патриотизмді одан әрі нығайта түсумен келіп орайласады. Бұл жердегі күрделі мәселе өзге халықтардың патриоттық санасын қалай арттыра түсу керек деген сауалға байланысты.

Зерттеуші ғалымдар Қазақстан халқының өзінің ерекше қасиеттері бойынша ұлттық шамада емес, ол негізінен азаматтық, этносаяси қауымдастық екенін атап өтеді. Сонымен қатар, кейбір мамандардың Қазақстан халқының бірте-бірте «біртұтас қазақстандық ұлт» қалыптасуын дәлелдеуге тырысатын әрекеттердің қателік екендігіне тоқталады [135, 44–46б.]. Жоғарыдағыдай ұстанымның қоғамдық санада орын алуы – қазақтарды мемлекет қалыптастырушы емес, ол Қазақстандағы қатардағы ғана этникалық топ деп есептеудің қателік екенін түсінетін уақыт жетті.

Этномәдени жадымыздың экзистенциалдық маңызы зор. Белгілі қоғам қайраткері И.Н. Тасмағамбетов: «Культурное наследие – это память. Обществу, культуре необходимо хранить социально значимую информацию в любом виде, в любом носителе. Исторический путь, пройденный народом, откладывается в его социальной памяти и формирует традиционные установки его культуры. История любой культуры есть история памяти, противоборствующей силе всепоглощающего времени … Цивилизованность любого государства определяется, прежде всего, его отношениям к культурному наследию» деген

болатын [136, 331б.]. Бұл тұжырымнан өткенге деген құрметпен қараушылықтың маңыздылығы байқалады және ол әділетті түрде баяндалады

Әрине, қазіргі тарихи кезеңнің мәселелері, әсіресе, оның болашағы өткен заманның құндылықтық бағдарларымен түсіндірілмейді және шешілмейді. Дегенмен, қазіргі жаһандану заманында өмірді тікелей өзгертіп жатқан модернизациялық үрдістермен қатар әрбір қауымдастық өзінің ұлттық келбетінің лайықты түрде сақталуына, танылуына және оның дамуына мүдделі.

Әрбір халықтың руханиятының ерекше сипатын анықтау материалдық емес мәдени мұраларды бағалаудан басталады, сондықтан, қазіргі заманда басқа өркениет үлгілерімен өзара бәсекелестікке түсу үшін еліміздің алдында инновациялық, индустриалды-технологиялық пәрменді дамумен қатар көпэтносты рухани мәдениетіміздің қайнар көздерін зерделеп, оны өркениеттік биік деңгейлерге көтеру міндеттері тұрғандығын байқаймыз.

Дәстүрлі қазақ қоғамын іштей біртұтас етіп ұстап келген факторлардың қатарына этноақпараттық кеңістіктің қалыптасуы мен өзін әртүрлі тетіктер арқылы паш етуі жатқызылады. Әрине, қазіргі кезеңде жаңа технологияның дамуына сүйене отырып, қазақ қоғамының ішкі және сыртқы саясатының сипаты анықталады.

Еліміздің ақпарат туралы мемлекеттік саясаты демократиялық қағидаларға сүйенуге тырысады. Сондықтан, бұл саяси бағдардың жетістігі мен кемшілігі мол екені де жұртшылыққа аян десе де болады. Жемқорлықты сынауға және жоюға бағытталған қадамдар біршама әлсіздік танытып қалады, кейбір әрекеттер бірте-бірте ұмытылып кететін де сыңайы байқалады. Осыған орай, ақпараттар ағынын реттеуге тырысушылық елдің рухани әлеміндегі көптеген үстірт қадамдардың орын алмауын қадағалаған жөн және осы мүддені реттейтін уақыт та жетті.

Қазіргі заманның ақпараттар ағынының әрбір адам үшін және жалпы қоғам үшін тиімділігін арттыру үшін бірнеше ұсыныстарды өрнектеуге болады. Біріншіден, ақпараттар мазмұны ішкі қайшылықты мазмұнда болмауы керек, яғни, үлкен Еуразиялық кеңістіктегі өзіндік еуразиялық бірегейлікті құптайтын, қолдайтын азаматтардың мүддесі де ескерілуі қажет. Өйткені, ұлттық оңашалану мен оқшауларды көздеген қайраткерлер прогрестен гөрі қоғамның дамуын біршама тежейтінін білмейтін сияқты.

Екіншіден, Еуразиялық бірегейлікті қалыптастырудың негізгі тетіктері тек ақпараттың таратылуымен сақталмайды. Оның маңызды қыры өзара толеранттылық пен түсінісудің демократиялық, паритеттік жолын таңдау болып табылады.

Үшіншіден, руханилық пен адамгершілік қағидаларын насихаттау арқылы ғана еуразиялық бірегейліктің өзіндік рухани келбетін, болашаққа қарай сеніммен жылжитын үрдісін қалыптастыруға болады.

Қазақстанның болашағы осы этноәлеуметтік кеңістікте өмір сүріп жатқан халықтың, яғни, Қазақстан халқының ішкі бірлігі мен келешекті бірлесе қалыптастыруымен астасып жатады. Бұл елде бір ғана ұлт бар, ол – қазақ ұлты, кейде, «Қазақ елі» деген ұғым да қолданылады. Ал «Ұлы дала Елі», «Мәңгілік

Ел» және тағы басқалары арман-мұраттық сипат алады да, түркілік рухты паш етеді.

Басқа этникалық топтар өздерінің тарихи отаны бар болғандықтан, өздерінің тарихи субъектілік қызметін тарихи отандарымен байланыста ғана орындай алады. Диаспоралық ахуал өзіндік сананың табиғаты сондай болып келеді. Әрине, қазақ халқының құндылықтар жүйесі жоғары деңгейде болса, ол өзінің топтастырушы, ынтымақтастандырушы рөлін ұтымды орындай алады.

Бірақ, Қазақстан халқының топтасуы мәселесі бір жақты әрекеттерден ғана тұрмайды. Оған әртүрлі этнос өкілдерінің барлығы да өздерінің үлесін шынайы түрде қосуы тиіс. Ол үшін қазақ халқының этникалық болмысы тұтастанған түрде Қазақстан халқы тұрғындарының дүниетанымдық жүйесінің құрамдас бөлігіне айналуы тиіс. Соның бір жолы – азаматтардың түгелдей оның тілін жете меңгеруі.

Еліміздің этномәдени дамуына сай, біздің елімізде көпэтностың өкілдері және көпдінді мемлекет пен қоғам қалыптасты. Қазіргі Қазақстан үшін етенелесудің, бірегейленудің нақты үлгісі және оның саяси және мәдени өміріндегі ең күрделі мәселелердің қатарына Президент өзінің «Тарих толқынында» атты еңбегінде бірнеше көзқарас керектігін айтады. Оның алғашқысы «азаматтық әрі саяси бірлікті қазақстандықтарда қалыптасқан саяси құндылықтарды басым тетікке айналдыру арқылы қалыптастыру... Оның мәні – өзіміздің азаматтық саяси тағдырымызды барша азаматтардың тағдырымен бірдей дәрежеде қорғайтын Қазақстан мемлекетімен ұштастыруда жатыр. Бұл біздің бірлігіміз бен орнықтылығымыздың іргетасы. Бірегейліктің екінші деңгейі қазақтардың өздерінің ұлттық бірегейлігіне байланысты... Бұл қазақтардың ұлт ретінде өзін өзі түсінуі мен рухани өрістерін анықтау мәселесімен байланысты» [106, 104б].

Қоғамдағы өзге ұлттарды өз төңірегіне, жанына біріктіру үшін, оны ұйыстырып, бірлікте топтастыру үшін қазақтардың өзінде тарихи субъект ретінде этникалық бірегейлік анық болу керек деген талап қойылады. Сонда ғана қазақ ұлты туралы толыққанды сөз айтылуы заңды деп түйінделеді. Міне, осы тұтастыққа қарай ұмтылыстың әлеуметтік технологиясын қалыптастыру гуманитарлық саланың үлкен міндеті.

Қазіргі замандағы Қазақстан жеріндегі мәдениеттер сұхбаты қазіргі жаһандану заманында жаңа деңгейде дамитынына күмәнмен қарайтындар кейде кездесіп те қалады. Қазақстан Республикасының үкіметі жұртшылыққа кезінде талқылауға ұсынған «Қазақстанның ел бірлігі доктринасының» өзі бұл сенімсіздіктер мен күдіктерге қарсы теориялық-концептуалдық түрдегі тұжырымдарды, ұстанымдарды ұсынды. Оның жалпы ережесі «Этносаралық және конфессияаралық келісімді, азаматтық бірлікті қамтамасыз ету Қазақстан дамуының, елдің әлеуметтік-экономикалық, саяси жаңғыруының маңызды шарты болып табылады»,- деп көрсетіледі [137, 6б.].

Жалпы көлемі бес бөлімнен тұратын тарихи құжат еліміздің қазіргі замандағы рухани, әлеуметтік мәселелер ортақ құндылықтарды қалыптастыру

арқылы шешуге, еліміздегі біртұтас қоғамды құру арқылы болашақ қадам жасауға жұмылдыруды көздейді.

Әрине, шешімін табуға тиісті мәселелер қоғам үшін алда аз емес, ол қоғамды инновациялық-индустриалды дамудан әлемдік қаржылық дағдарыстан қорғануға дейінгі ахуалдарды құрайды. Дегенмен, ұлтаралық қатынастар мәдениетіне тікелей әсер ететін салалар болады. Мәселен, оның ішінде, тіл, қазақ диаспорасы мәселесі, қазақтардың басқа ұлттармен некелесуі, қазақтардың миграциясы мен эммиграциясы, ұлттық демографият.б. мәселелер де бар.

Қазіргі таңда еліміздегі білікті мамандардың шет елге кетуі, «Болашақ» бағдарламасы негізінде білім алған жастардың кейбірінің елге оралғысы келмейді. Тәуелсіздік алған жылдар тұсында елімізге оралмандардың қоныс аударуы барынша үдей түскен еді. Ал қазір бұл миграция баяулап қалып отыр.

Дегенмен, бұл мәселелердің орнықты және тиімді шешімі тек өзара түсіністік, креативті төзімділік, қисынды гуманизмнің және шынайы ұлтты қадірлейтін жалпыадамзаттық құндылықтардың басымдылығы негізінде болуы керек екенін айта кету керек.

Бұлардың барлығы қазіргі Еуразиялық кеңістіктің, тәуелсіз Қазақстанның негізгі рухани ұстанымы мен доктриналық іргетасы болған жағдайда ғана ел бірлігінің негізі сақталады және қоғамдағы этносаралық қатынастардың жалпы бағыты үйлесімді арнаға түседі. Қоғамдағы ұлтаралық қатынастардың үйлесімденуі азаматтардың саяси әлеуметтенуімен тікелей байланысты.

Ұлтаралық қатынастың жолға қойылуы, мультикультурализмнің – халықтар достығының нығаюы Қазақстан сияқты көп ұлттың өкілі тұратын республика үшін өте қажет. Ұлтаралық, дінаралық араздық қантөгіске әкеліп, ұлтаралық қақтығыстардан көптеген мемлекеттердің жойылып кеткені тарихтан белгілі. Қазақстандағы халықтар достығының орнығуы Кеңестік саясаттан бастау алады. Кеңес үкіметі ұлтаралық ынтымақты алғаш орнаған күннен бастап басты ұстаным етті. Соның нәтижесінде, КСРО-да ұлттар достығы қалыптасып, интернационалдық тәрбие барынша жолға қойылды. Кеңестік дәуірде КСРО-дағы жалғыз интернационалды ел, «Достық Отаны» аталған қайырымды қазақ халқы тағдыр тәлкегіне ұшырап, әлемнің әр тарапынан келген ұлттарды жатсынбай қабылдады. Жүзден аса ұлт өкілдерінің дауласпай, жауласпай өмір сүріп жатқаны бұрын-соңды тарихта болмаған жағдай.Ал бұл идеялардың концептуалды негіздері А.Ж. Мұқажанованың зерттеу еңбектерінде нақты тұжырымдалған болатын [138].

Оның өзіндік психоәлеуметтік астарлары бар. Қазақ ежелден бауырмал болғандықтан, ұлт-нәсіліне қарамай, жалпы, адамзатты жақсы көреді. Бұрыннан ынтымақ пен достықты қадірлейді. Абай айтқан: «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп»,-деген идея халқымыздағы өмір сүру ережелерінің біріне айналған.

Халықтар достығы біздің саясаттың басты ұстанымы: елдегі барлық ұлттардың терезесі тең, мүдде-мақсаты бір, олардың еркін еңбек етуіне, кәсіппен шұғылдануына, саясатпен айналысуына барлық жағдай жасалған, ұлт

өкілдерінің балалары мектепте өз ана тілінде оқиды, кәсіпкерлікпен байып жатқан отбасылар көбейіп, қауымға айнала бастаған ұлт диаспоралары да бар, тарихи отандарына кеткен біраз немістер және кейбір орыстар Қазақстанға қайта оралды. Себебі, оларға Қазақстан өмір сүруге қолайлы мемлекет болып шықты.

Әлемде Қазақстан сияқты үлгі жоқ, ұлттық салт-дәстүрлерін сақтап, өз діндерін ұстанып, бір шаңырақ аясында тату-тәтті өмір сүріп жатқан халық тек Қазақстанда ғана емес, әрине, бірақ, әлемдік саясат пен тәжірибеде бұндай үлгі жиі кездесе бермейді.

Бүгінгі таңда әлемде өздерінің ұлттық болмысын жойып бара жатқан, тілі мен дінін ұмытып отырған қаншама халықтар мен ұлттар бар. Мәселен, Ресейдегі шағын халықтар мен ұлттардың кейбірі өз тілдерінде сөйлемейді немесе ұмыт болған өлі тіл ретінде ғана белгілі болып отыр.

Ұлттардың жойылуы – трагедия. Әрине, біздің еліміздегі өзге ұлт өкілдерінің өз отандары бар. Ал кейбірінің тарихи белгіленген, ресми түрде айқындалған шекарасы бар отаны жоқ. Мәселен, курдттар, ноғайлар, ұйғырлар т.б. Олардың тағдыры да күрделі. Мәселен, ұйғырлар қазақ жерінде өздерінің мәдениеттерін өркендетіп отыр, бірақ оларға автономия берілмеуі де тиіс. Өйткені, бұл Қазақстанның тұтастығына кесел келтіреді.

Бұл тарауда қазіргі Қазақстандағы көп ұлттылық пен мультикультурализмнің тарихи-мәдени, әлеуметтік факторлары қарастырыла келе, бұрынғы көне түркі дәуіріндегі үлгілер мен халқымыздың психологиялық келбетінің осылайша бірігіп өмір сүру дәстүрлеріне келіп орайласатандығы тұжырымдалып, әлеуметтік танымда, «Өзге», «Бөгдеден» гөрі, «Өзіміздікі», «Біздікі» деген сияқты ұстанымдарды басшылыққа алғандығы туралы пікірлер ұсынылды.

Қазақстан халықтар ассамблеясының мультикультурал қоғам құрудағы ролі мен маңызы көрсетілді және бұл әлемде де халықтар достығын құрайтын озық үлгі болып бағаланғандығы көрсетілді. Еліміздегі халықтар достығы мен өзге ұлт өкілдерінің өмір сүруіндегі әр түрлі жағдайлар зерттелді.

Сонымен қатар, дәстүрлі ұлттық құндылықтардың мультикультуралды Қазақстан жағдайындағы сақталуының өзіндік ерекшеліктері мен өркендеуінің парадигмалары құрылды. Ұлттық құндылықтарымыздың тарихи тамыры тереңде жатқандықтан, ол бүгінгі таңда да өркендей беретіндігі туралы тұжырымдар жасалды.

Қазақстандық мультикультурализмнің жалпы келбеті және оның «Рухани жаңғыру» аясындағы даму перспективаларының үлгісі көрсетілді. Қазіргі таңдағы мультикультуралды Қазақстан Елбасы Н. Назарбаевтың Рухани жаңғыру идеясымен келіп орайласатындығы айтылды. Әсіресе, прагматизм, сананың ашықтығы т.б. идеялар осы мультикультуралды қоғам дамуының саяси-идеологиялық іргетасы болып үндесетіндігі туралы тұжырымдарға келдік.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазіргі заманғы өзекті мәселелердің бір болып саналатын «Мультикультурализм қазіргі заманғы Қазақстан қоғамын дамытушы фактор» мәселесін философиялық деңгейде зерттей келе, біз, мынадай қорытындыларға келдік.

1. Жаһандық әлеуметтік жүйеде орын алып отырған мультикультурализм – объективті үрдіс. Одан шет қалу немесе мультикультуралдануды тоқтату мүмкін емес. Объективті үдеріске тек жасанды жолмен және уақытша ғана тосқауыл қоюға болады. Мультикультурализм бүкіл жаһанда сөзсіз іске асады: кейбір қоғамдарда ол ғасырлар бойы қалыптасқан саяси құрылым, басқаларында – белгілі бір дәрежеде ыңғайластырылған, ал үшіншілерінде енді ғана қалыптасып келе жатқан құбылыс. Өйткені, жаһандану жағдайында қоғамдардың гомогенизациясы ыдырайды, «ұлт» категориясының дәстүрлі және қазіргі заманғы мазмұны этникалық белгіге тәуелсіз анықталады.Бұл құбылыс мәдени-әлеуметтік, тарихи-философиялық негіздері бар адамзат дамуындағы болмай қоймайтын құбылыс. Осыған орай, біз, алдымен, оның постмодернизмге қатысты қырларын таразылап өттік. Мультикультурализм – жаһандану дәуірінің постмодерндік парадигмасыекендігіне орай, қортындылар жасадық. Полиэтникалық, мультикультурализмді қоғам тұжырымдамасының мәдени-идеологиялық негіздерінің бірі – постмодернизм. Осылайша, постмодернизм философиясын саралай келе, оның хаосмос, симулякр, номадология сияқты түсініктерінің мультикультурализмдік сипаты ашып көрсетілді. Мәселен, Германияда және Англиядағы – сегрегация, Құрама Штатттарда – ассимиляция т.б. шындап келгенде, постмодернистік мәдениеттің негіздерімен тығыз байланысты екендігі ұсынылды. Сонымен қатар, «Сұхбат» түсінігі арқылы мультикультурализмнің ішкі табиғаты ашылатындығын дәйектедік.

2. Мультикультурализмнің теориялық, саяси, мәдени-әлеуметтік негіздерін таразылай келе, полиэтникалық біртұтастықтың алғышарты – гуманистік құндылықтарға негізделген ұлтаралық ынтымаққа, әлеуметтік мәдениетке, идеологиялық еркіндік қағидасына, мәдени плюрализмге, сөз бостандығы мен жеке құқықтарды құрметтеуге, мәдени және діни толеранттылыққа негізделген ұстаным екендігі туралы тұжырымдар жасалды. Дж. Серлдің, Р. Рортидің, Ч. Тейлордың, Ч. Кукатастың, Б. Бэрридің, В. Кимликаның идеяларын сараптай отырып, мультикультурализмнің өзіндік ерекшеліктері зерделенді. Мультикультурализм – барлық заңды әдістермен өзінің этномәдени ерекшеліктерін, азаматтардың құқығын танитын және қолдайтын, оны сақтауға, жетілдіруге және қорғауға негізделген этноұлттық мәдени саясат қағидасы деген анықтама бердік. Мәдениеттердің өзара қатынастарының түрлерін талдап көрсеттік. Мультикультурализмнің әлемдегі үлгілерін сараптай келе, оның құрылымын туындаттық.

3. Мультикультурал қоғамның шынайы табиғатын философиялық деңгейде саралау үшін «Мен», «Өзге», және «Бөгде» тұжырымдамаларына

сүйендік. Ф. Ницше, З. Фрейд, Э. Гуссерль, М. Хайдеггер, Ж.–П. Сартр, М. Мерло–Понти, Э. Левинас, Ж. Лакан, М. Бубер, М. М. Бахтин сияқты ойшылдардың идеяларын сараладық. Мультикультурализм – саналуандықтан құралған қоғамды білдіреді, тек қоғамда ғана мәдениеттер өзара кірігіп, өзара тату өмір сүретіндігін тиянақтайтындығын жүйеледік. «Бүгінгі мультикультурал әлемде біз басқалармен қалай өмір сүруіміз керек?», «Заманауи еуропалық аймақта тұратын әртүрлі мәдениеттер мен өркениеттік ерекшеліктердің бейбіт қатар өмір сүруі мүмкін бе?» деген сияқты іргелі сауалдарды мәселелік алаңға шығара отырып, нақты оңды түйіндер жасалды. Сонымен қатар, мультикультурализмнің Қазақстандағы үлгісіне жалпы шолу жасалып, оның өзіндік үлгілері әлемдік деңгейдегі нұсқалармен салыстырылды.

4. Қазақстандағы мультикультурализм – күрделі кешенді мәдени-әлеуметтік феномен. Бір жағынан, мәдени біртұтастығы жоқ алуан түрлі этно–мәдени және субмәдени топтар бейбітқатар тіршілік етіп жатқан қазіргі заманғы полимәдениетті қоғамның объективті күйін көрсетсе, екінші жағынан, Қазақстанның білім беру саласындағы, мемлекеттік және құқықтық салалардағы жағдайларды рефлексиялайтын әлеуметтік және мәдени саясат, теория және дискурсивті практика болып табылады. Осыған орай, еліміздегі мультикультурализм тарихи-мәдени, әлеуметтік-саяси негіздері бар қоғамымыздың дамуының объективті факторларымен үндесіп жатқандығы негізделді. Қазақ ұлтының толеранттылық мәдениетінің тарихи-әлеуметтік тамыры – көшпелі өмірсалт барысында қалыптасқан рулық-тайпалық жүйеде екендігі туралы тұжырымдар жасалды. Бүкіладамзат қауымын «Мен» және «Өзге» деп емес, бір атаның балалары ретінде қабылдау – номадтық құбылыс. Осы пікірге сүйене отырып, біз әлеуметтік танымдағы коммуникацияда «Біздікі», «Өзіміз» деген сияқты ұстанымдар бойынша тіршілік еткендігі туралы тұжырымға келдік.

5. Қазақ халқына тән «далалық демократияның» тоқырап, авторитарлы жүйеге көшуі бодандық кезеңнен, КСРО құрамынан басталғанына қарамастан, бүгінгі күні нағыз мультикультурализм Қазақстанда іске асуда. КСРО-дағы өзгенің сезіміне қамқорлық танытпайтын «қоғамдық билік» барлық ұлт азаматтарын шовинистік мәдениетке кіріптар етті. Қазіргі Қазақстанда осыны қайталамау үшін қоғамдық мәдениеттің прогрессивті жетістіктерін қорғауға бағытталған арнайы шаралар қолға алынуы тиіс деп ойлаймыз. Бірінші кезекте, ол өз жерінде диаспораға айналған қазақ этносының ұлттық құқықтарын қалпына келтіруден басталуы тиіс. Осыған орай, мультикультуралды Қазақстан жағдайындағы ұлттық құндылықтардың сақталуы мен өркендеуінің жалпы бағдарлары көрсетілді. Ұлттық құндылықтарды сақтау мен отандық мультикультурализмнің бір-біріне қайшы емес, өзара үндестікті екендігі пайымдалды.

6. Мультикультурализмнің басты мәселесі – мультикультуралды ұлттық мәдениеттің прогрессивті жетістіктерін сақтау. Нағыз мультикультурализм тек ашық қоғамда іске асады. Мәдени және этникалық азшылық өкілдерінің, иммигранттардың, дәстүрлі емес дін өкілдерінің қоғамға қабылдану,

қиыншылықсыз ену мәселесі – мультикультуралды қоғамның өзегі. Елбасы Н. Назарбаев ұсынған «Рухани жаңғыру» бағдарламасы мультикультуралдық қоғамның ұстанымдары мен қағидаларына толықтай сай келетіндігі сарапталып, еліміздегі мультикультурализмнің даму бағдарлары көрсетілді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1 Козлик И.В. Мультикультурализм и методологические проблемы литературоведения // Вестник Томского Государственного университета. – Томск, 2009. – №2(6). – С. 41–58.

2 Мамонова В.А. Мультикультурализм: разнообразие и множество. http://credonew.ru/content/view/606/32/.

3 Каган М.С. Философия культуры. – СПб.: Знание, 1996. – 310 с.

4 Злобин Н.С. Культура и общественный прогресс. – М.:Наука, 1980. – 303 с.

5 Межуев В.М. Культурная политика. http://www.nauteh–journal.ru/index.php/en/—gn–13–01/717–a 26.07.2016.

6 Лотман Ю.М. Ю.М. Лотман и тартуско–московская семиотическая школа. http://www.fedy–diary.ru 26.07.2016.

7 Нурышева Г.Ж., Кошербаев Ж.А., Момбек А.А. Философские основания мультикультурализма // Әл–Фараби атындағы ҚазҰУ хабаршысы. «Философия, саясаттану, мәдениеттану» сериясы. – Алматы, 2017. – №4 (62). – С. 61–66.

8 Маркарян Э.С. Теория культуры и современная наука. М.: Мысль, 1983. – 284 с.

9 Малиновский Б. Избранное*:* Динамика культуры. – М.: Наука, 2004. – 217с.

10 Парсонс Т. Понятие общества: компоненты и их взаимоотношения// THESIS, 1993.– Вып. 2 (англ. The Concept of Society: The Components and Their Interrrelations, 1966). Система современных обществ. — М.: Аспект–Пресс, 1997.–104с.

11 Бергер П. Многоликая глобализация: Культурное разнообразие в современном мире; Бергер П., Лукман Т. Социальное конструирование реальности. Трактат по социологии знания. / Пер. Е. Д. Руткевич. – М.: Медиум, 1995. – 323 с.

12 Бергер П., Хантингтон С. Многоликая глобализация / Пер. с англ. В.В. Сапова. – М.: Аспект Пресс, 2004. – 379 с.

13 Хантингтон С. Столкновение цивилизаций / Пер. с англ. Т. Велимеева. Ю. Новикова. − М: ООО «Издательство АСТ», 2003. − 603 с.

14 Гидденс Э. Социология. – М.: Эдиториал урсс, 1999. – 704 с.

15 Бодрийяр Ж. Симулякры и симуляция/ Simulacres et simulation (пер. А. Качалова. – М.: Рипол–классик, 2015. – 312 с.

16 Жеребкин С.В. Нестабильные онтологии в современной философии. – СПб.: Алетейя, 2013. – 403 с.

17 Дьяков А.В., Феликс Гваттари: Шизоанализ и производство субъективности. – Курск: Изд–во Курск. гос. ун–та, 2006. – 246 с.

18 Фромм Э. Душа человека.–М.: Республика, 1992. – 322 с.

19 Райх В. Сексуальная революция.–М.: АСТ, 1997. – 352с.

20 Жижек С. Щекотливый субъект: отсутствующий центр политической онтологии. –М.: Изд. Дом «Дело» РАНХиГС, 2014.– 528 с.

21 Пантин В.И., Столярова Т.Ф. Вырождение или возрождение? Философские эссе о современной культуре и о творчестве Достоевского, Толкина, Ортеги–и–Гассета.– М.: Мысль, 2006. – 304 с.

22 Хабермас Ю. Философский дискурс о модерне. М.: Весь Мир, 2003. – 411с.

23 НедорезовВ.Г., ПисарчикЛ.Ю. Историязарубежнойфилософии.– Оренбург: ГОУ ОГУ, 2004.–57с.

24 Валлерстайн И. Конец знакомого мира: Социология XXI века / Пер. с англ. под ред. В.И. Иноземцева. − М.: Логос, 2004. − 368 с.

25 Валлерстайн И. После либерализма. Пер. с англ. / Под ред. Б.Ю. Кагарлицкого. М.: Едиториал УРСС, 2003. − 256 с.

26 Лэш С. Постмодернизм как культурная парадигма // Контексты современности – 1: актуальные проблемы общества и культуры в западной социальной теории / Хрестоматия: Пер. с англ., и нем. – 2–е изд. перераб и доп. – Казань: Изд–во Казан., ун–та, 2000. – 402с.

27 Куренной В.Исследовательская и политическая программа культурных исследований//Интелрос «Логос».–№1.–2012.–14–79б.

28 Некрасов С. И., Некрасова Н. А., Платошина В. В. Американиский мультикультурализм. М.: Академия естествознания, 2011.–404с.

29 Борисов А.А. Американские консерваторы и мультикультурализм: дис. канд. истор. наук. –Пермь, 2000. –157 с.

30 Литвиненко Е.Ю. Современный билингвизм как доминанта мультикультурной модели социализации: дис.док.социолог.наук. Ростов н/Д, 2000. – 250 с.

31 Бенхабиб С. Притязания культуры. Равенство и разнообразие /С. Бенхабиб.–М.:Логос,2003.–350с.

32 Глейзер Н. Мультиэтнические общества: проблемы демографического, религиозного и культурного разнообразия// Этнографическое обозрение.– 1998. – № 6. – С. 106–110.

33 Куропятник А.И. Мультикультурализм: идеология и политика социальной стабильности полиэтнических обществ// Журнал социологии и социальной антропологии. – СПб., 2000. – №2. – Т.III. – С. 117–131.

34 Куропятник А.И. Мультикультурализм: проблемы социальной стабильности полиэтнических обществ. СПБ.: СПбГУ, 2000. – 320 с.

35 Малахов В. Скромное обаяние расизма и другие статьи. М.:Дом интеллектуальной книги, 2001.–231с.

36 Дмитриев, Г.Д. Многокультурное образование. – М.: Прогресс, 1999.– 208 с.

37 Уолцер М. О терпимости. –М., Идея–Пресс, Дом интеллектуальной книги, 2000.–214с.

38 Высоцкая Н.А. Транскультура или культура в трансе//Вопросы литературы. – 2004. – № 2. – С. 3–24.

39 Дерябина С.Р. Россия и опыт мультикультурализма: за и против // Этнопанорама. – 2005. – №1–2.– С. 14–18

40 Галецкий В. Критическая апология мультикультурализма// Дружба Народов. – 2006. – №2. – С. 14–22

41 Житнюк П. Мультикультурализм как иллюзия благополучия. http://www.rosbalt.ru 04.12.2005.

42 Қасымжанов А.Х. Пространство и время великих традиций. – Алматы: Қазақ университеті, 2001. – 302 с.

43 Кшибеков Д.К. Национальная идея и идеология. – Алматы: Эверо, 2007. – 280 с.

44 Орынбеков М.С. Предфилософия протоказахов. − Алматы, 1994. − 208 с.

45 Молдабеков Ж.Ж. Қазақтану және жаңару философиясы: Оқу құралы. − Алматы: Қазақ университеті, 2009. − 282 б.

46 Нысанбаев Ә.Н. Қазақстан халқының рухани–құндылықтық әлемі// З.К. Шәукенова және С.Е. Нұрмұратовтың жалпы редакциясымен. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2015. – 178 б.

47 Ержанова А., Нуржанов Б. Культура, коммуникации, медиа: Монография. − Алматы, 2011. − 256 с.

48 Бурханов К., Булекбаев С. Казахстанский путь в дилемме: Восток или Запад? − Астана: Елорда, 2010. − 336 с.

49 Қасабеков А., Алтаев Ж. Қазақ философиясы. Оқу құралы. – Алматы: «Ер–Дәулет», 1996. – 184 б.

50 Мырзалы С. Модернизация общества: взаимосвязь политики и морали. − Костанай. − 1998. − 266 с.

51 Ғабитов Т.Х. Қазақ мәдениетінің типологиясы: Мәдениеттану оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 1998. – 203 б.

52 Нұрмұратов С.Е. Рухани құндылықтар әлемі: әлеуметтік–философиялық талдау. – Алматы: Рауан, 2000. – 180 б.

53 Исмағамбетова З.Н. XX ғасырдағы батыс мәдениеті философиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 132 б.

54 Қазақ философиясы мен өркениетінің мәселелері / жауапты ред. Ғарифолла Есім. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 510 б.

55 Масалимова А.Р. Культурная антропология. – Алматы: «Алла прима», 2006. – 167 с.

56 Шаукенова З.К., Дунаев В.Ю. Идеологическое конструирование в Республике Казахстан: вехи эволюции и траектории развития в контексте Стратегии «Казахстан–2050»: монография. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2013. – 438 с.

57 Сагикызы А. Проблема гуманизма в философии Конфуция//Актуальные проблемы философии и политологии глазами молодых ученых− Алматы: Компьютерно–издательский центр ИФиП МОН РК, 2007.– 256с.

58 Изотов М.З. Человеческий капитал как основа формирования инновационной культуры казахстанского общества (социально–философский анализ) //Аль–Фараби. – 2012. − №3. – С. 3−8.

59 Нұрышева Г.Ж. Өмірдің мәні: философиялық–антропологиялық талдау / Монография. − Алматы: Інжу–Маржан, 2011. − 347 б.

60 Еділбаева С.Ж. Білім беру: модерн және постмодерн кеңістігінде. – Алматы: «Қазақ университеті», 2016. – 310 б.

61 Исмагамбетова З.Н., Карабаева А.Г. Проблема идентичности и толерантности в условиях модернизации казахстанского общества // Вестник калмыцкого университета. – 2016. − №1. – С. 98−103.

62 Сұлтанбаева Г.С., Құлсариева А.Т., Жұмашова Ж.А. Интеллектуалдық әлеуеттен – интеллектуалдық ұлтқа//Ұжымдық монография. – А.: ИП Волкова, 2012. – 316 б.

63 Кадыржанов Р.К. Этнокультурный символизм и национальная идентичность Казахстана / под общ. ред. З.К. Шаукеновой. – А.: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2014. – 168 с.

64 Шайкемелев М.С. Казахская идентичность / под общ. ред. З.К. Шаукеновой. – Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2013. – 272 с.

65 Ремизов, М. Апории терпимости. http:// www.russ.ru.

66 Ильин И.П. Постструктурализм, деконструктивизм, постмодернизм.– М.: Интрада, 1996. – 256 с

67 Автономова Н.С. Деррида и грамматология // Деррида Ж. О грамматологии / пер. с фр. и вст. ст. Н. Автономовой. — М.: Ad Marginem, 2000.– 320с.

68 Интеркультура. https://ru.wikipedia.org.

69 Лекторский, В.А. Христианские ценности, либерализм, тоталитаризм, постмодернизм // Вопросы философии. 2001. – № 4. – С. 3–9.

70 Бахтин М. Эстетика словесного творчества. М.: Мысль, 1980,–356с.

71 Гүлен Ф. Ғұмырлық өлшемдер немесе жол бойындағы оттар. Алматы, 2009.–144б.

72 Гелннер Э. Нации и национализм. М.: Правда, 1991. – 320 с.

73 Кукатас Ч. Теоретическое основы мультикультурализма. http://www.polit.ru.

74 Хомяков М.Б. Брайан Бэрри: либеральный универсализм против мультикультурализма и национализма // Журнал социологии и социальной антропологии. –2007. –Том 10, № 1. – С.71–92.

75 Кимлика У. Либеральное равенство / Современный либерализм. – М.: Дом интеллектуальной книги, Прогресс–Традиция, 1998. –413с.

76 Современный либерализм: Ролз, Берлин, Дворкин, Кимлика, Сэндел, Тейлор, Уолдер / пер. с англ., сост. предисл. Л. Б. Макеевой. — М. : Дом интеллектуальной книги, 1998. –248 с.

77 Гуссерль, Э. Кризис европейского человечества и философия // Культурология. XX век. Антология. М.: Наука,1995.–403с.– С. 297–330.

78 Хайдеггер М. Время и бытие. М: Мысль,1993.– 425 с.

79 Левинас Э. Путь к Другому / Пер. Е. Бахтиной. – СПб.: Изд–во Санкт–Петербургского университета, 2007. – 240 с.

80 Паин Э.А. Между империей и нацией. Модернистский проект и его традиционалистская альтернатива в национальной политике России / Э.А. Паин. М.: Фонд «Либеральная миссия», 2004. – 246 с.

81 Парекх Б. Переосмысливая мультикультурализм: культурное разнообразие и политическая теория (фрагмент) / Б. Парекх // Хрестоматия по дисциплине «Современная политическая философия: либерализм, коммунитаризм, мультикультурализм» / авт.сост.М.Б.Хомяков. –Екатеринбург, 2007. –2012 с.

82 Хабермас Ю. Вовлечение другого. Очерки политической теории. – СПб: Наука, 2001.– 417 с.

83 Хабермас Ю. Авангардистское чутье на релевантное. Роль интеллектуала и дело Европы // Ах, Европа. Небольшие политические сочинения. –Т.XI. – М.: 2012.–106 с.

84 Канунников А.А. Социальное развитие Европы и гражданское общество // Современная Европа– 2017.– №1(73). – С.152–155.

85 Мотрошилова Н.В. Юрген Хабермас о кризисе Европейского Союза и понятии солидарности (2011–2013гг.). // Вопросы философии, 2013.– №10. – С. 22–39

86 Марков Б.В. Другая Европа. http://anthropology.ru.

87 Королев С.В. Библиотека Дидро: опыт реконструкции. – СПб.: Российская национальная библиотека, 2016. – 223 с.

88 Монтескье Ш.Л. О духе законов // Избранные произведения. – М.: 1955.– 203с.

89 Кондорсе Ж.А. Эскиз исторической картины прогресса человеческого разума. – М.: Наука, 1936. – 216 с.

90 Хардт М., Негри А. Империя. – М.:Мысль, 2004. – 128 с.

91 Гидденс Э. Неспокойный и могущественный континент: что ждет Европу в будущем? – М.: Мысль, 2015.– 214с.

92 Тэвдой–Бурмули А. Invarietate Discordia: настоящее и будущее европейского мультикультурализма. // Европейский Союз в XXI веке: время испытаний. – М.: Наука, 2012. – 608с.

93 Марков Б.В. Путешествие как признание другого // Материалы VI Молодежной научной конференции по проблемам философии, религии, культуры Востока. – СПб: 2003. –203 с.

94 Погребняк А.А. К критике евразийской политической экономии // Проблемы современной экономики.– 2015. – №1 (53). – С.58–62.

95 Ясперс К.Общая психопатология /Пер. с нем. Л.О. Акопяна. – Москва: Практика, 1997. – 1056 с.

96 Шелер М.О. Феномен трагического / Проблемы онтологии в современной буржуазной философии. / отв. ред. Т.А. Кузьмина. – Рига: Зинатне, 1988. –403 с.

97 Феноменология духа Гегеля в контексте современного гегелеведения / отв. ред. Мотрошилова Н.В. – М.: Канон, 2010. – 672 с.

98 Сартр Ж.П. Бытие и ничто: Опыт феноменологической онтологии / пер. с фр. предисл., примеч. В.И. Колядко. – М.: Республика, 2000. –639 с.

99 Марсель Г. Трагическая мудрость философии. Избранные работы. – М., 1995. – 187 с.

100 Бубер М. Два образа веры. http://lib.ru.

101 Рикёр, П. Конфликт интерпретаций: Очерки о герменевтике / Пер. с фр. И.С. Вдовина. – М.: Канон–Пресс–Ц Кучково поле, 1995. – 403 с.

102 Абдрасилова Г.З. Толеранттылық матрицасы. А.: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2010. – 144б.

103 Мультикультурализм: История возникновения. http://traditio.ru.

104 Аристов Н. А. Усуни и кыргызы или кара–кыргызы: очерки истории и быта населения Западного Тянь–Шаня и исследования по его исторической географии. – Бишкек, 2001.–122 с.

105 Радлов В.В. Краткий отчет о поездке в Семиреченскую область летом 1869 г. // Известия РГО. – Т.6. – №3.– С.99–104.

106 Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. Алматы: Атамұра, 1999.– 212 б.

107 Қазақстанда бір ғана ұлт бар, қалғаны диаспора. https://qazaquni.kz.

108 Назарбаев Н.Ә. Мемлекеттік тіл мәселесі жөнінде // Президент және халық.– 2008. – №15.

109 Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. http://egemen.kz.

110 Жұмабаев М. Жалпы педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992. –112 б.

111 Кадыржанов Р.К. Этнокультурный символизм и национальная идентичность Казахстана / под общ. ред. З.К. Шаукеновой. – А.: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2014. – 168 с.

112 Изотов М.З. Интегративная миссия казахстанского патриотизма в формировании национальной идеи // Содержание и мобилизующий потенциал общенациональной идеи. Алматы: Ин–т философии и политологии МОН РК, Центр гуманит. исслед., 2008.– 402с.

113 Шайкемелев М.С. Казахская идентичность / под общ. ред. З.К. Шаукеновой. – Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2013. – 272 с.

114 Кондратова О.М. Деструкция этнической идентичности русских как результат информационной политики России // Credonew теоретический журнал. – 2010.– № 2 (62). –82–96 с.

115 Малинин Г.В., Дунаев В.Ю., Курганская В.Д., Нысанбаев А.Н. Теория и практика межэтнического и межкультурного взаимодействия в современном Казахстане. Алматы: Институт философии и политологии МОН РК, 2002. – 305 с.

116 Сужиков М.М., Сапаргалиев Г.С. Некоторые философско–правовые проблемы совершенствования культуры межнациональных отношений. Алматы, 1989. – 126 с.

117 «Окно Овертона» – технология уничтожения человеческих сообществ. http://antimarketing.by.

118 Согомонов А. Глокальность. Очерк социологии пространственного воображения: проект «Глобализация и культура». http://www.globalculture.ru.

119 Ритцер Дж., Степницки Дж. Әлеуметтану теориясы / ауд. Г.О. Әбдікерова, Д.К. Бұрханова, С.С. Серікжанова // Рухани жаңғыру. Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық.– Алматы, 2018.– 830 б.

120 Седова А.Д. Характерные черты постмодернизма в произведении Курта Воннегута «Who am I this time?». Современные научные исследования и инновации. http://web.snauka.ru.

121 Герберт Маркузе. Репрессивная толерантность. https://www.sensusnovus.ru.

122 Сабит М. Философия языка и анализ языковой ситуации в Казахстане // Тіл – рухани құндылық. Язык – духовная ценность. Алматы: «Кие» лингвоелтану инновациялық орталығы, 2008.– 212 б.–103–108 б.

123 Қазақстан президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан Халқы Ассамблеясының XXI сессиясында сөйлеген сөзі. https://assembly.kz.

124 Поппер К.Открытое общество и его враги. / пер. с англ. под общ. ред. В.Н. Садовского. – М.: Культурная инициатива Феникс, 1992.– 318 с.

125 Алфи Х. Жеңімпаз Ерік: толғаныстар және тойтарыстар. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 558 б.

126 Гумилев Л.Н. Ритмы Евразии: Эпоха и цивилизации / Лев Гумилев.– М.: АСТ: САТ МОСКВА, 2005. – 606 с.

127 История КазССР с древнейших времен до наших дней. Алматы: Наука, 1979. – Т.3. –157 с.

128 Турсунбаева А.Б. Из истории крестьянского переселения в Казахстан. А.: Наука, 1950. – 233 с.

129 Абсаттаров Р.Б. Историческое значение казахстанского опыта культуры межнационального общения // Вестник КазНПУ им. Абая. Серия «Социологические и политические науки». Алматы, 2011. – №4. – С.3–12.

130 Назарбаев Н. Ғасырлар тоғысында. – Алматы: Өнер, 1996. – 269 с.

131 Гүлен Ф. Очерктер – мақалалар – пікірлер / ауд. құрастырған А.Фролов, С. Қоңырбаев. – Алматы: «Көкжиек–Б» , 2008.– 212 б.

132 Сатершинов Б.М. Тарихи сана – тәуелсіздіктің рухани тұғыры. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК ФжСИ, 2011. – 291б.

133 Шаукенова З.К., Дунаев В.Ю. Идеологическое конструирование в Республике Казахстан: вехи эволюции и траектории развития в контексте Стратегии «Казахстан–2050»: монография. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2013. – 438 с.

134 Құлсариева А.Т. Модернизация жолындағы ұлт және идентификация мәселесі // «Қазақ елі – жеруйық»: Қазақстан Республикасының 20 жылдық Тәуелсіздігіне арналған халықаралық ғылыми–теориялық конференция материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2011.– Б. 11–14.

135 Ғабитов Т.Х. Қазақ мәдениетінің рухани кеңістігі. – А.: Раритет, 2013. – 400 б.

136 Тасмагамбетов И.Н. Сохранение национальных культур в процессе глобализации // Культурное наследие Казахстана: открытия, проблемы, перспективы: материалы Международной научной конференции. – Алматы: КазНПУ им.Абая. – 2005. – С.17–26.

137 Қазақстанның ел бірлігі доктринасы. https://www.inform.kz.

138 Мұқажанова А.Ж. Қазақстан Республикасы: ұлтаралық қарым–қатынас мәдениетіндегі ұлттық және жалпыадамзаттық (саяси талдау): саяси ғылымдарының док.дисс. авторефер. – Алматы, 2010, – 54 б.

139 Zh. Kosherbayev, A.Mombek, G.Kuzhagulova, N.Kamalova, G.Nurysheva, V.Remizov. Postmodernism: Theory and practice of multiculturalism in Europe // Calitatea vietti. – 2016. – №2, P. 144–159.

140 Момбек А., Кошербаев Ж. Роль музыки в распространении идей мультикультурализма // «Қазақстан мәдениетінің әлемдік мәдениет кеңістігіне кірігуі: серпіні мен бағыттары» атты Халықаралық ғылыми–тәжірибелік конференция материалдар жинағы. – Алматы: ҚазҒЗМИ, 2013, – Б. 248–252.

141 Камалова Н.К., Кошербаев Ж.А. Процесс этнопедагогической идентификации в современных условиях // Абай ат. ҚазҰПУ хабаршысы. «Педагогика ғылымдары» сериясы. – Алматы, 2014. – №4(44), Б. 52–57.

142 Халыков К., Кошербаев Ж., Момбек А. Глобализация как фактор активизации мультикультурализма // Адам әлемі. – Алматы, 2017. – 4(74), Б. 74–86.

143 Рау И. Кошербаев Ж.А. О движении Астаны в сторону мирового города // «Ақпараттық қоғам мәнмәтініндегі Астаналар» атты жыл сайынғы 7–ші халықаралық–тәжірибелік конференцияның баяндамалар жинағы. – Астана: Елорда, 2014. Б. 127–131.

144 Рау И., Кошербаев Ж. Культурные аспекты политико–социального субъекта истории // «Кеден саясаты және ұлттық қауіпсіздік» тақырыбындағы халықаралық ғылыми–практикалық конференция материалдары жинағы, Алматы: 2014, Б. 397–399 .